

Мұрат ӘБУҒАЗЫ

ҚАЗАҚТЫҢ
ДОМБЫРА
ӨНЕРІ



Мұрат ӘБУҒАЗЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРА ӨНЕРІ

Құрметті Бақытжан
Кәкішевтің
135-ші кітабына
Мұрат
20.12.2016 ж.
Әбуғазы
Абы

РГУ «Беларуская нацыянальная акадэмія
інтэлектуальнай культуры і мастацтваў» ІІКС РР
ИНВ № 19197
ІІР МСМ «Т.К. Жұргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ

«НҮРСӨТ» баспасы
Алматы – 2016

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы біліктілікті арттыру және
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу мен насихаттау және
мұрағат ісін іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік мәртебесі туралы баспа шығару»
кеші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Ә 19 **ӘБУҒАЗЫ Мұрат.**
ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРА ӨНЕРІ/Мұрат Әбуғазы. – Алматы: «Нұрсәт»
баспасы, 2016 – 480 бет.

ISBN 979-0-803855-82-2

Қазақ халқының сан саналы өнерінің ішіндегі сан ғасырлық тарихы бар ерекше арнасы – домбыранылық-күйшілік дәстүрі болып саналады. Белгілі домбырашы, музыка зерттеуші Мұрат Әбуғазының бұл еңбегінде домбыра аспабы мен күйшілік өнер жан-жақты, кешенді түрде зерттелген. Кітап үш бөліммен тұрады. Бірінші бөлімінде домбыра аспабының шығу тегінен бастап, күйшілік өнердің қалыптасуы және оның даму кезеңдері тарихи және мәдени тұрғыда қарастырылған. Екінші бөлімде қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі күйшілік мектептер, олардың көркекті күйші-композиторлары және күйші-орындаушылары жөнінде мол мағлұматтармен қатар ең таңдаулы күйлердің ноталары берілген. Үшінші бөлімінде домбыра аспабының жасалу жолдары мен атакты шеберлер, күй өнерін зерттеуші ғалымдар туралы айтылған.

Кітап жоғары және орта музыкалық оқу орындарының студенттеріне, музыка зерттеушілеріне сонымен қатар, жалпы өнерсүйер жұртшылыққа арналады.

1-БӨЛІМ

Бірінші тарау ДОМБЫРАШЫЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Қазақ халқының аспаптық музыка саласы сан ғасырлар бойы қаншама тарихи кезеңдердің рухани мұрасы бойына жинап, өзіндік айрықша үнмен, өзгеше нақышпен, шебер шыңдалып, кемел дамып, ұлттық дара сипатта қалыптасты. Әсіресе домбыра аспабының қазақ халқының руханиятында алар орны ерекше. Қазақ домбырасының түп тамыры көне замандардан бастау алады. Көне түрік дәуірінен бері талай ғасырлардың талқысынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып жеткен домбыра – қазақ халқының баға жетпес ұлттық рухани құндылықтарының бірі болып саналады. Ақлдемин А.Жұбанов: «*Көз дәланы мекен еткен қазақ жұртының ең аулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды жүрекке жақын, оның күмістей сыңғыраған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішектен сан ғасырдың сан алуан сипаты ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көнекөз ішекшесі, көпті көрген қарияның көкірек күйі»* – дейді. Домбыра ерте замандарда пайда болып бүгінгі күнге дейін саф алтындай сақталып, халқымыздың тыныс-тіршілігімен етене қабысып, кенінен қолданылып келе жатқан музыкалық аспаптардың бірі. Алтайдан Анадолыға дейінгі түрік тілдес халықтарда домбыра аспабы кең таралған. Түрік тілдес халықтардағы домбыра тектес шертпелі аспаптарды қазақ – *домбыра*, ноғай – *өзбек*, башқұрт – *домбыра*, тәжік – *домбурак*, бурят – *домбро*, монғол – *домбор*, түрік – *тамбра*, телеут – *қалмыс*, шор – *қобус*, қырғыз – *қамуз*, қырым татарлары – *қобуз*, хакас – *домус*, алтай – *топиур*, тува – *топицур*, түркімен, каракалпак, ұйғыр – *дудар* деп айтады.

Археологиялық қазба жұмыстары мен тасқа тінбалған ескерткіштерге, ғалымдардың зерттеулеріне сүйенер болсақ домбыраның пайда болуы ежелгі түрік дәуірінен бастау алады. Алғаш домбыраның шыққан жері түрік халықтарының алтын бесігі Алтай тауы болып саналады. Белгілі түркітанушы ғалым Сарткожа Қаржаубайұлының зерттеу дерегі бойынша Монғол Алтай тауының сілеміндегі Жарғалант-Қайырман жотасының



1-2 сурет. Жарғалант-Қайырман жотасынан табылған домбыра

бір үңгірінен табылған домбыра тектес көне саз аспабы екі ішекті, тоғыз пернелі (1-сурет). Әрі саз аспабының мойнында ежелгі түріктің руна жазуы бар (2-сурет). (С. Қаржаубайұлы «Ата домбыра», «Дала мен қала» газеті 2010. №47.376). Аспаптың шанағына бұғының, бұданның бейнелері ойылып салынған, пернелері ағаштың қабығынан таспаланым тілініп жапсарылған, басы бұғы мен бұданның басына ұқсас және оның тасқа жазылған ежелгі түрік ескерткіштерінен көп айырмашылығы жоқ. Табылған саз аспабының пішіні бүгінгі күнгі Алтай домбырасына ұқсас болып келеді. Саз аспабындағы жазуы алғаш оқыған Берлиндік түркітанушы ғалым Peter Sieme. К. Сарткожаұлының аудармасы бойынша аспаптың мойнында «Жұпар күй әуені бізді сүйіспеншілікке бөлейді» – деп жазылған. Транслитерациясы: ʒ p r̄ k̄ūy ʔēre: sbʔr̄dʔmz, транскрипциясы: žurap küy ǯere sebit idmis. Саз аспабының жазу үлгісінің негізінде зерттеуші-ғалым К. Сарткожаұлы бұл жәдігерді б. з. 5-6 ғасырына жатқызады. Ежелгі түрік дәуірінде домбыра аспабының кеңінен қолданысқа ие болғандығын осы кезеңнің жәдігерлері саналатын көне ескерткіштерден байқауға болады. Онда балбал тастарға, қылын, қижаң сымды қару-жарақтардың сабына қашалып салынған домбыра аспабын ұстап тұрған адам бейнелерін көреміз. (3-сурет, 4-сурет).



3-сурет

Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі «Қой қырылған» деп аталатын көне қаланың орнынан табылған «Қыш тас мүсін» (домбырашы б. з. 8 ғ.) тасқа қашалып түсірілген ескерткіштегі шанағы дөңгелек, мойыны қысқа, беті жабық аспап ұстап тұрған музыканттың бейнесі домбыраның түркі дәуірінің аспабы екендігін айғақтай түседі (3-сурет). (Садокоев Р.Л. Тысяча осколков золотого саза. – Москва: Советский композитор, 1971. – 170 с. // Жакимова З. Аспаптану (археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақ тарихы, 2012. 256 б). Сол сияқты ежелгі орта ғасырлардағы қанжардың сабына салынған екі бейінен біреуінің домбыра тартып, екіншісінің билеп тұрғандығын қоруге болады (4-сурет). (З. Самашев. Қазақ өнері 1 том. Ежелгі өнер. 189 бет. Алматы. Елгүр баспасы. 2013) Археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, сыбызғы, қобыз аспаптарына қарағанда домбыра кейінірек пайда болған деп топшылауға болады. Себебі сыбызғы,

қобыз аспаптарының болжамсыз табиғатпен етене жақын болып келетіндігі белгілі. Сыбызғы табиғи өсімдік қурайдан жасалса, қобыз аспабының ішегіне жылқының құйрығының қылын, шанағына түйенің терісін пайдалануынан, ысқышаның садаққа ұқсас келуінің өзінен көп нәрсені байқауға болады. Ал, домбыраның құрылысы, жасалу тәсілі күрделірек, қолөнер қалыптасқан заманда, яғни, шебердің қолынан шыққан бұйым деген болжам жасауға болады. Сыбызғы үрлемелі аспаптардың ең көне түріне жатады, әрі адамзатқа ортақ аспап, қобыз ысқышты аспаптардың атасы ретінде дүниежүзіне таралған болса, домбыраның түркі тілдес халықтарына ғана тиесілі болуы, оның ішінде қазақ елінде айрықша өркендеуі осы сөзімізді нақтылай түседі. Қобыз негізінен бақсының аспабы болғандықтан екінің бірі тарта бермеген, ерекше қасиет қонған адамдар ғана ұстаған. Домбыраға оңдай ішектеу болмағандықтан, күнделікті тұрмыста кеңінен



4-сурет

қолданысқа не болуынан да, мейлінше қанат жайып өркендеуіне мол мүмкіндік беріп, барынша дамуына кең жол ашқанға ұқсайды. Домбыра атауының этимологиясына байланысты әртүрлі жорамалдар айтылады. Бірақ осы уақытқа дейін музыка зерттеушілері әлі бір топтамға келе қойған жоқ. Домбыра атауы дом+бұра деген қосарланған сөзден тұратындығы байқалады. Қазақта әлі күнге дейін «ем-дом» деп қосарлана айтылатын сөз тіркесі бар. «Дом» сөзі кәліргі қолданыста ұлғайту, ісіну деген мағынаны білдіреді. Адамның қолы суықтан тонып немесе ісініп кеткенде «домбығайн кетінгі» деп жатады. Сонымен қатар Орталық Қазақстанда Домбыруыл деген тарихи тұлғаға тұрғызылған көне мазір сақталған. «Бұра», яғни, күйге келтір дегенді білдіретіндігі түсінікті жайт. Күйші, музыка зерттеуші А. Тоқтағаннның қобыз аспабына қатысты талдауында да «қобыз атауы» дыбыстың көтерілуі, өрлеуі дегенді білдіретін болуы керек» – дейді. Қобыз аспабының шамандық наным-сеніммен байланысты болғандығын, екі аспапта да орындалатын күй сөзінің «көк аспапмен», яғни тәңірмен байланысты екендігін ескерсек, бір ортақ ұғыммен байланысты екендігін аңғаруға болады. «Домбыра тартшы» немесе «күй тартшы» деген сөз тіркестеріндегі «тарт» сөзі, яғни, тарту, жақындату, демек жаратушы Тәңірмен байланыстыру ұғымымен ұштасады. Бұл нақтылы тұжырым деп кесіп айта алмаймыз, тек жорамал ғана. «Дом» сөзінің көне түрік тіліндегі мағынасы белгілі болған жағдайда домбыра атауының мәнін анықтауға мүмкіндік болатындығын айта кеткен жөн. Домбыраның пайда болуы, шығу тарихы туралы қазақ халқында бірнеше аңыздар айтылады. Соның бірі еліміздің шығыс өңірінде сақталған, тарбиятайлық күйші Бағаналы Саятөлековтың айтуы бойынша: «Ерте заманда тауқұдірет деген құс болған екен. Домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Тауқұдіреттің жалғыз қанаты еркегінің оң жағына, ұрғашысының сол жағына бітеді екен. Домбыраны жасаған шебер, жалғыз ішекпен көсілтіп күй тарта алмайды. Ал, жалғыз қанатты тауқұдірет қалықтап ұша алмайды. Домбыраны не істерін білмей іштен тынады. Тауқұдірет болса күндіз-түні Тәңірге мұңын шығып, қалықтап ұша алатын қос қанат сұрап, «құдірет-ау, құдірет» – деп жалбарынумен болыпты. Күндердің бір күнінде тауқұдіреттің аталығына Тәңір ой салады. «Бүйітін зарлап жүре бергенше талшынын тірік етін көріндер» – деді. Содан аталық тауқұдірет пен аналық тауқұдірет қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде – оң қанат екіншісінде – сол қанат, екі тауқұдірет бір-бірімен қолдасып, қанаттарын кере сернеді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Жер беті дөңгеленіп төменде қалады. Қос тауқұдіреттің қанаттарын жел сүйемелдеп, көк жүзінде рахаттана самғайды. Сонда көңілдері шаттанған қос тауқұдірет қуаныштарын жасыра алмай құдірет-ау, құдірет мұнына да шүкірлік – деп тәңірге ризашылықтарын білдіріпті. Кейін бұл тауқұдіреттен туған балаландарға тәңір қос қанат дарытып еді дейді. Осы оқиғаға куә болған домбырашы «қос қанат бірігіп еді – ұшты, егер домбырада қос ішек болса ше?» – дейді де, екінші ішек тағып көреді. Сонсоң, қос ішекті домбырасын тартып көрсе, ғажайып үн шығады дейді. Домбыраның қуанышында ішек болмайды. Тіптен, риза болғандығы сонша, ең алғашқы күйін тауқұдіретке арнайды. Тауқұдіреттің алғашқыда қалай қоналғанын, «құдірет-ау, құдірет» – деп Тәңірге қалай жалбарынғанын, сонсоң қолдаса ұшып көкке самғағанын күй тіліне салады». Келесі бір күй аңызы Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім ауданының тумасы Арғынбек Құлыбаев ақсақалдың айтуы бойынша домбыра аспабының қалай пайда болуына байланысты айтылады. Ал, күй ел арасында «Қос ішек» деген атпен тараған. «Ертеде бір ащы жігіт болыпты. Сол ащы жігіт биік таудың юксын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етсе керек. Бірае жолы болып, биік таудың юкын юксынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарынын ақтармалап алып тастайды. Содан, арада айлар өткенде, ащы жігіт аң атауға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан


жерге сокса, құлағына бір ызыңдаған дыуыс естіледі дейді. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдан бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызыңдаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Оның өзі бірде үйден, бірде сарнап, енді бірде сыныс жылғағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді. Сол жерде аңшы жігіт «қой мына қос ішекке тіл бітейін дер тұр екен, бір амалын жасайын» – деп, ішекті үйге алып келеді де, бір аспан жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе, панында да қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн аңшы жігіттің ғана жанын жадыратып қоймайды, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша домбыра көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналады» (*А. Сейдімбек. «Қазақтың күй өнері». Астана «Қулетін» 2002 ж.*). Еліміздің Жетісу өңіріне тараған Қамбархан атты күйлердің аңызы да осы сарында келеді. Қамбархан есімін домбыраның пайда болуымен байланыстырады. «Баяғыда елдің мұрын мұрадан, жоған жоқтаған Қамбархан деген бір аңшы жігіт болыпты. Қамбархан бір күні атып алын аңын сойып болып, ішегін ағаш басына қарай лақтырып жіберсе, пұбатылған күйі бір бұтақтан бір бұтаққа ілініп қалыпты. Күндердің күнінде Қамбархан әлгі жерден өтіп бара жатса, құлағына ерекше бір жағымды әуен, құйқылжыған үн, үзілмейтін сарын естіледі. Жан-жағына қараса, бір бұтақтан бір бұтаққа керіліп қалған қос ішекті көреді. Жел сокса ішек ызыңдап қоя береді екен. Қамбархан әлгі ағашты кесіп алып, шауып, жонып, домбыра жасапты да күй шертінгі. Қамбарханнның бұл жаналығы бүкіл қазаққа аңыз болып таралпты». Күй атасы – Қамбархан алғашқы (мифологиялық деректерде) домбыра аспабын жасаушы, күй шығарушы. Жалпы Қамбар ата бейнесі бүкіл түркі жұртына белгілі, есімі аңызға айналған тұлға. Қазақтың, қырғыздың күйшілері мен түрікменнің бахшысы өз күйлері мен саздарын осы Қамбар ата рухына бағыштаған. Домбыра атауына қатысты тұңғыш пікір айтқан ғалым К. Жұбанов өзінің «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы» деген мақаласында: «Еуразия елдерінің бәріне де тегіс тараған, соның бәрінде де музыка иесі болып саналған бір тотемнің аты болуы керек» – дейді. Қазақ домбырасы – жұмсақ, қоңыр үнімен ерекшеленетін, дыбыстық диапазоны 1,5 октавадан 2 октаваға дейін жететін, мүмкіндігі мол, сонымен қатар ел-жер, орындаушылық дәстүр ыңғайына қарай сыртқы пішіні де сан түрлі болып келетін аспап. Осынышама кең таралғандығы себепті, қазақтың дәстүрлі әндері түгелге жуық домбыраның сүйемелімен айтылады. Алайда, домбыра аспабының тембраік, диапазондық мүмкіндіктерін шегіне жеткізе ашқан жанр – көне ықылымдарда қалыптасып, ХІХ ғасырда өз дамуының шырқау шыңына көтерілген күй жанры. «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің ішкі сезім байлығын білдіретін болса, соның ішінде ең таза ауысым, ең сыртысы – күйі», – деп заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай күй – халқымыздың сол ұланғайыр музыкалық қазынасының ең бір мол саласы, құрылымы, мазмұны, басқа да көп сипаттары жөнінен кемел дамып, биік өреге жеткен жанрларының бірі. «Қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрлардың бірі – күйлер. Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өкілдері жағынан қаралғанда да, күйлер халық музыкасының жетістіктері таралуы екендігіне дәлел болмауы керек», – дейді К. Жұбанов. Жоғарғы аспан немесе «Көк Тәңірі» ұғымы «күй» деген сөзбен мағыналас. Ескі жазба үлгілердің ішінде бұл сөз нұсқадан Махмұт Қашқаридың “Дивани Лұғат ат Түрік” деген ХІ ғасырдан қалған кітабында «Қыз – күй, саз дегенді білдіреді» делінген. «Күй деген сөздің арғы тегі «көк» пен байланысты болғанын көреміз. Көк пен су екеуі бір кезде бір ұғым болған. Бірі – жоғарғы, бірі – төменгі аспан болып саналған. Алғашқы адам ұғымында екеуі де космос. Бізде барлық табиғат

адамнан сыртқы күш болып саналған. Музыканың ізгілік шығатын жері адамның сыртқы табиғатымен араласуы, сонымен байланысуы болса, мына сөздің өзінің аспан мағынасында болуы, осы пікірді тағы да дәлелдеп отыр», – дейді Қ.Жұбанов. «Күй» сөзі түркі халықтарының біразында этномұзыкалық термин ретінде пайдаланылады. Түпкі, төркін мағынасы «жал, жағдай, көңіл ауаны» сияқты психо-эмоциялық ұғымды білдіреді. Осы атаудың өзінен-ақ күйдің табиғатына жан толқанысының әуендік баламасы іспетті айқын психологизм тән екендігін аңғарамыз. Жинақтай айтқанда, күй – құрылымы жағынан шағын болғанмен, мазмұны терең, ойлы, сырлы, әуендік бітімі күрделі, музыкалық құрылымы кемел аспаптық шығарма. Күйлер, негізінен, үш аспапта – домбыра, кобыз, сыбығта орындалған. Соның ішінде, дәстүрлі қазақ музыкасының мейлінше кең таралған және аса биік кәсіби өреге жеткен саласы – домбыра күйлері. Қазақ халқының күй өнері өзінің бүгінгі биігіне аз ғана уақыт аясында жете салған жоқ. Қаншама жүздеген жылдар бойы сан қилы тарихи кезеңдерді бастан кешіріп, көптеген ғасырлар сүзгісінен өтіп, шыңдалып, кемелденді. Қазақтың домбырашылық өнерінде сақара аймақтарының тарихи, мәдени және өлкелік ерекшеліктеріне, аспапта орындалу әдіс-амалдарына байланысты жеті түрлі дәстүрлі күйшілік мектептер болып қалыптасты. Олар: Шығыс (Алтай, Тарбағатай), Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Батыс, Маңғыстау күйшілік дәстүрлері деп аталады. Қазақтың домбыра күйлері орындаушылық ерекшеліктеріне, күйдің құрылымына байланысты төкпе және шертпе деп жіктеледі. Қазақтың аспаптық музыка өнері әсіресе ХІХ-ғасырда өзінің шырқау шыңына көтерілді. Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қайрақбай, Мұкей, Қазанған, Байсерке, Қожеке, Абыл, Есір, Есбай, Құлшар, Өскенбай, Мырза, Әлшөкей, Мәмен, Түркеш, Сейтек, Дина, Сүгір т.б. күйші-композиторлар қазақтың күй өнерін бұрын болмаған биік өреге жеткізді. Ал, ХХ-ғасырда күйші-орындаушылардың легі мол болды. Ө. Хасенов, Қ. Жангілеуов, О. Қабножин, М. Өскенбаев, Ж. Айпақов, Р. Омиров, М. Хамзин, Т. Момбеков, Н. Жәлімбетов, С. Балмағамбетов, Ә. Есқалиев, Р. Ғабдиев, У. Бекенов т.б. майталман күйші-орындаушылар кейінгі ұрпаққа күй өнерінің сынын бұзбай табыстады. ХХ-ғасырдың 20-шы жылдары қазақтың ән-күйін жинақтаған А. Затаевич өзінің әйгілі «Қазақ халқының 1000 әні» кітабының алғы сөзінде: «Сырт көзге қарапайым көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде өз шамасынан әлдеқайда асып түсіп, құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз» – дейді. А. Затаевич сонымен қатар егер осы жұмысымыз ары қарай дамытуға, тереңірек айналысуға мүмкіншілік болса сөз жоқ майталман домбырашылардың орындауындағы күйлерді қолға алар едім деген ойында жасырмайды. Қазақтың күй өнерін күйлерін жинақтап, зерттеп, насихаттау жолында академик А. Жұбановтың еңбегі айрықша. Күйшілік мектептер мен күйші-композиторлары туралы «Ғасырлар пернесі», «Ән-күй сапары», т.б. еңбектерінде көптеген деректер жазып, күй өнерінің жандануына өлшеусіз еңбек сіңірді. Сонымен қатар өнертанушы ғалымдар Б. Сарыбаев, Ө. Жанібеков, Т. Бекхожина, Б. Ғизатов, Б. Аманов, Ө. Мұхамбетова, З. Жәкішева, С. Өтегалшева, Г. Омарова, С. Қалиевтердің зерттеу еңбектері құнды дүниелер болып саналады. Күйші, зерттеушілер У. Бекенов, Т. Мерғалиев, М. Айтқалиев, А. Тоқтаған, Б. Ысқақов, А. Жанбыршы, А. Райымбергенов, Б. Мүптекеевтер күй өнерінің жинақталуына атсалысты. Сол сияқты Қ. Жұбанов, С. Бегалин, Т. Әлімқұлов, М. Мағзун, А. Сейдімбеков, Ж. Иманалиев, Т. Әсемқұлов т.б. жалушы, журналист, ғалымдар күй өнері жөнінде құнды деректер жазып қалдырыды.

ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Домбыра құрылысы. Домбыра – екі ішекті, шертпелі аспап. Негізінен оң (қарта) және теріс (киинга) бұрауларға келтіріледі. Домбырада күй шығарушыны күйші, ал орындаушыны домбырашы деп атайды. Домбыра бірнеше бөліктен тұрады. (5-сурет) Олар: басы (алақан деп те аталады) құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетпақпақ, тиек (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек) және ішектер. Домбыра бөліктеріне келетін болсақ, бұлардың да өзіне тән жеке атаулары болған. Мәселен, домбырада үш тиек болады. Біріншісі – ішек бекітілетін, шанақтың түбіне орналасқан «өкіне тиек» («кешіле», «сүйме» деген қосалқы аттары бар). Екіншісі – шанақтың үстінде тұрып, ары-бері жылжытылатын негізгі тиек жай ғана «тиек», Үшіншісі – мойын мен құлақтың ортасында тұрған «табалдырық тиек» («шайтан тиек» деп те аталады). «Алтын асық» деп аталатын қосалқы

тиек және бар. Ол табалдырық тиектің жанында тұрады да керегінен ары-берлі жылжытылып отырады. Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай шайтан тиек аталғандығы жайында былайша айтылады: Бірде жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалқырап келе жатқан батыр қолындай демалуға ақпайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, негіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны алдәбіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған



5-сурет

екен. Бағыр: «Е, бұл шайтанның ісі болды ғой», – деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды.

Домбыра түрлері. Қазақтың домбырасы бұрында тұтас ағаштан шауып жасалған. Ертедегі домбыралардың жасалуы, пішіні әртүрлі болғанға ұқсайды. Оны еліміздің әр аймақтарында сақталған домбыралардан көруге болды. Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспап жасаушы шеберлердің ісмертігіне байланысты әртүрлі пішінде дамытылып, өзгеріп отырған. Домбыра, негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Домбыраның көне үлгілерінің бірі домалақ бүйірлі болып келетіндігі байқалады. Бұған көне түркі дәуірінен сақталған байырғы екі ішекті, тоғыз пернелі Алтай тауынан табылған домбыра тиянақ болады. Бүгінгі таңдағы Алтай тауын мекендейтін түркі халықтарының көбінде, қазақстанның шығыс, батыс аймақтарында, түркімен, өзбек (сурхандария), қарақалпақ, ноғай халықтарында кеңінен тараған домбыраның пішіні осы сөзімізді дәлелдей түседі. Қазақ халқында домбыра аспабында күй тартудың негізгі екі жүйесі қалыптасқан:

1. Төкпе күйшілік дәстүр (Батыс Қазақстан аймағы).
2. Шертпе күйшілік дәстүр (Шығыс Қазақстан аймағы).



6-сурет

Осыған орай қазақтарда домбыраның ең кең тараған екі түрі бар. Олар – Батыс Қазақстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Ауғанстан жеріне кең тараған *қауақ домбыра* (6-сурет) және Алтай-Тарбағатай, Жетісу мен Сарыарқа, Қаратауға тараған *қалық домбыра* (7-сурет). Музыка зерттеуші, күйші, жазушы Таласбек Әсемқұлов: «қауақ» сөзі «қабік», яғни «асқабақ» деген сөзден шықса керек. Себебі, қауақ домбыраның шанағы көз тоқтата қараған адамға ортасынан қысқартылған асқабаққа ұқсайды» – дейді. Сонымен қатар Индия, Пәкістан мен Ауғанстанда кейбір аспаптар (мысалы, гүлджак) әлі күнге дейін асқабақтың аса бір қабығы қатты түрінен жасалатын көрінеді. Батыс Қазақстандық домбыра үлгісі (қауақ домбыра) төкпе күйлер тартуға еліміздің батыс аймағына кең тараған болса, Шығыс Қазақстандық домбыра үлгісі (қалық домбыра) көбінесе шертпе күй тартуға арналған. Қалық домбыра өзінің сыртқы түрімен қалауаққа ұқсас болғандан кейін осылай аталған сияқты. Батыс домбырасының негізгі өзгешелігі, шанағы үлкендеу, мойыны жіңішке, түркі ұзындау келсе, керісінше шығыс



7-сурет

домбырасының мойыны жуандау, әрі қысқарақ болады. Домбыра пішіндерінде түркі халықтарының көршілес, мәдени, рухани байланыстардың да әсерлері байқалады. Жетісу домбырасының пішіні қырғыздардың комузына, Маңғыстау домбырасы түркімен дутарына, Шығыс Қазақстан домбыралары алтай тоңшурына ұқсас келеді. Домбыраның осы екі түрі де күй орындаудағы ерекшеліктерге, дыбыс шығару сапасына байланысты және музыкалық қажеттілікпен туған.



8-сурет

Үш ішекті домбыра. Үш ішекті домбыра Қазақстанның Шығыс өңірлерінде кезінен тараған. Тарихи деректерде үш ішекті домбыраны заманында күй несі атанған Байжігіттің күйлерін жеткізуші мұрагерлерінің бірі – Құлышпашқан тартқана, ұлы Абайдың ұстағаны белгілі (8-сурет). Абайдың баласы Ақылбай мен немересі Исраил күйді үш ішекті домбырада шебер орындаған екен. Исраилдің өзі де бірнеше күй шығарған, бірақ өкініштісі, ол күйлер бізге жетпеген. Қазір Семейдегі республикалық әдеби-мемориалдық Абай музейінде бірнеше үш ішекті домбыра сақтаулы: Олардың біреуін ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев пен оның досы Н. Долгополов Семей өлкегі музейіне 1885 жылы танысартты. Семей өңірінде үш ішекті домбыра тартудың тамаша шеберлері көп болған. Дегенмен түрлі себептерге байланысты жоғала бастаған үш ішекті домбыраны күйші, өнер зерттеуші Жарқын Шәкерім 1970 жылдан бастап қолына алып жаңадан жаңғыртуға үлес қосты. Жарқын Шәкерім үш ішекті домбырадағы күйлерді Семей облысы Таскескен ауылының тұрғыны Байтөлеу Нұрғалиұлынан 1960 жылдары үйренеді.

Жарқын Шәкерім Құрманын атындағы қазақ ұлттық консерваторясында оқып жүрген кезінде Семей облысы Абай ауданына барып, белгілі халық ақылы Шәкір Әбенқошпен жолығып, үш ішекті домбырадағы күй сарыандырының үлгілерін тыңдап, сол юсіден үлгі алған. Сонымен қатар профессор Болат Сарыбаевтың зерттеу еңбектерінің және насихаттау

жұмыстарының арқасында үш ішекті домбыра сақталып қалды.

Құрама шанақты домбыра. Бүгінгі күнгі кең қолданысқа енген он тоғыз пернелік құрама шанақты домбыра. 1932 – 1934 жылдары домбыра аспабын жетілдіру бағытында А. Жубановтың ұйымдастыруымен алғаш қазақ ұлт аспаптар оркестрінің құрылуына байланысты музыкалық аспап жасаушы шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, ағайындаы Э. және Б.Романенколардың жасаған жаңа үлгідегі домбыралары (9-сурет).



9-сурет

Домбыра бұраулары. Домбыраны күйге келтіруде қолданылатын бірнеше бұраулар бар.

Теріс бұрау (квинта). Көне аңыз-күйлер негізінен теріс бұрауда шыққан. Оң бұрауға карағанда теріс бұрау ерте пайда болғанға ұқсайды. Теріс бұраудағы күйлердің саны аса көп емес. Теріс бұрауда үстіңгі ішек көбінесе ашық, жаңғырық (бурдон) іспетті болады.

Оң бұрау (кварта). Домбыра күйлерінің басым көпшілігі оң бұрауда келеді. Оң бұрау домбыраның мүмкіндігін барынша толық көрсетуге, кемел дамуына жол ашқандығын аңғартуға болады.


Тел бұрау (прима). Сыбанкүл Қалбасұлының “Қос келіншек” күйінде де халық ұғымында қалыптасқан домбыраның тембрлік ерекшелігін аңыз қылады. (Б. Мүштекев, С. Медеубекұлы «Жетісу күйлері» 277-бет).

Шалыс бұрау (секунда). Шалыс бұраудағы күйлер санаулы ғана сақталған. Мысалы: Асанқайғының «Желмаж», Сатқалибайдың «Қарлығаш» атты күйлері бар.

Қалыс бұрау (үлкен теріс). Қазіргі кезде осы бұрауда орындалатын күйлер сақталып қалмай, ұмытылуға айналған.

Дәстүрлі перне атаулары. Домбыраға перне байлау үлгілерінің қалыптасуы аймақтық күйшілік орындаушылық мектептердің ерекшеліктеріне, күйлердің

құрылымына, күйшілердің орындаушылық шеберліктеріне байланысты дамып отырған. Кейінгі уақытқа дейін әрбір күйшінің домбыра пернесінің саны, пернелердің домбыра мойнында орналасу жүйесі әр түрлі болғаны белгілі. Домбыра пернелерінің әрқайсысының өзінің атауы және мағынасы болған. Оны Таласбек Әсемқұлов пен Бегімсұл Орынбеков сынды күйшілердің берген мәліметтері мен ел ішіндегі перне атаулары дәлелдей түспек. Қазақтың байырғы музыкалық терминологиясы хақында белгілі домбырашы, музыка зерттеушісі Таласбек Әсемқұловтың Жұлдыз журналының 1989 жылғы №5 санында жарияланған «Домбыраға тіл бітсе» атты мақаласында дәстүрлі перне атауларына байланысты төмендегідей түсініктемелер береді (10-сурет).



10-сурет

Т. Әсемқұлов:

Бірінші перне суропаша «соп-диез» – қазақша «оңыз перне» деп аталады. Бұл перне Дәулеткерейдің «Көрүтпелі» күйінде және оғыз-қыпшақ заманынан қалған сарындарда, түрікмен бахшаларынан қазақ домбырашыларына ауысқан күйлерде жиі кездеседі.

Екінші перне суропаша «сиз» – қазақша «бас перне» деп аталады. Бұл перненің «бас перне» деп аталған себебі, ол көптеген күйдің бірінші позициясында, ал онда болмаса міндетті түрде қайырма тартылған кезде басылады.

Үшінші перне «си бемоль» – қазақша «тылсым перне». Бұл перненің бұлай аталуы да оңай түсіндіріледі. «Тылсым перне» қобызда тартылатын және қобыздан домбыраға ауысқан жалы күйлердің барлығында дерлік кездеседі.

Төртінші перне Халық тілінде ел үшін отқа түскен азаматты «еніреті» деп атайды. Яғни, «еніреті» деген сөз, «ірі» немесе «жемеліне келген» деген мағынаны беруге тиіс.

Бесінші перне суропалық нота жазуында аты да, заты да жоқ, ал қазақша аты «қашаған перне». Бұл перне «си» менен «до» ноталарының арасында тұр.

Алтыншы перне «до» – қазақша «жетім перне». Неге бұлай аталғаны жұмбақ.

Жетінші перне «до диез» – қазақша «жуас перне». Кейбір күйлер мен әндерде ғана кездесетін, сирек қолданылатын перне болғаннан кейін осылай аталған.

Сегізінші перне «ре» – қазақша «көсем перне». Бұл перне, әсіресе, шертпе күй мен қазақ әндерінің көбінде негізгі позиция болып саналады. Көсем перне аталу себебі де содан болса керек.

Тоғызыншы перне «ми бемоль» – қазақша «мұршық перне». Минорлық әндер мен күйлерде көп қолданылғандықтан осылай аталады.

Онның перне «ми» – қазақша «данғыл перне». Бұл перне барлық өндер мен күйлерде дерлік қолданылады. «Бұрыннан бар данғыл жол» дегенді білдірсе керек.

Он бірінші перне «ми» мен «фаның» арасында тұрған екінші қашағын перне.

Он екінші перне «фа» – екінші жетім перне.

Он үшінші перне «фа диез» – қазақша «емірелі перне». Неге бұлай аталғаны жұмбақ. Әлде «емірену» деген мағынаны бере ме, әлде түрікпен дутарындағы «төкілеп перне» сияқты ту, тайша атын бере ме, белгісіз.

Он төртінші перне «соль» – қазақша «шешен перне». Атынан көрініп тұрғандай, ең шешен перне осы болып саналады.

Он бесінші перне «соль диез» – қазақша «үйсіз перне» немесе «шала шағырмақ перне». Неге бұлай аталғаны белгісіз.

Он алтыншы перне «ля» – «шағырмақ перне». Біздіңше «шағырмақ» «жасырынған жалын» дегенді білдіреді. Себебі, күйлердің көбінде шағырмақ перне өзі қолданылуымен қатар, шешен пернеге әр беруші ретінде қолданылады.

Он жетінші перне «си бемоль» – қазақша «құсар перне». Жорамалдауымызша, күйлердің көбінің шнесі осы арада шешілетін болған соң осылай аталған.

Он сегізінші перне «си»-дың арасында «үшінші қашағын» перне орналасқан.

Он тоғызшы перне «си» – «Кетбұғаның пернесі». Атынан көрініп тұрғандай, ұлы күйші Кетбұға қолданған перне.

Жыртасыншы перне «до» – «шыңырау перне». Көне түркі мифологиясында «шыңырау» екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасындағы «шыңырау» үш қабатты дүниенің (трихотомия) ең төменгі қабаты. Екінші мағынасындағы «шыңырау» бүкіл әлемдік ұлы дарактың (великое мировое дерево) үш кезеңінің арасындағы байланысты іске асыратын алып күс. Мысалы, өлген адамның жаны шыңырауға мініп ұлы дарактың жоғары бұтағына жетеді. Біздің ойымызша, «шыңырау перне» бұл арада «төменгі дүние» дегенді білдіреді. Осы пернені таққан адам бұдан кейін перне байланыс, осы ең соңғы перне болар деп шешкен сияқты. Алайда, уақыт өтіп, адам баласының талғамы өскен сайын күй ауқамы одан да төмен пернені керек етеді. Сонымен, домбыра сағасына тағы бір перне – «табалдырық перне» тағылады. Ол қазіргі домбыраның мойны мен шаңағының шегінде тұрған «ре» нотасы. Бірақ бұл да соңғы перне емес еді.

Жырма бірінші перне «ми» уақыт өте домбыраның қақпағына орналасты. Оның аты «тысқары перне» аталды. Тағы бір перне – «Шыңырау перне» мен «табалдырық перненің» арасындағы жартылай ырақ «до диез» – қазақша «кәдесіз перне» деп аталады. Аты «кәдесіз» болғанымен, бұл перне мүлдем қолданылмайды деген пікір тұмаса керек. Себебі, қазақтың музыкалық тұрмысында бұрыннан белгілі түре тартыс, сүре тартыспен қатар «оқлақ шығарып тартысу» мен «есер тартыс» деген болған. Алғашқы айтылған түре тартыс пен сүре тартыста күйдің тереңдігі, күйдің саны, орындаушылық шеберлік сығна түссе, соңғы екі тартыстың жөні мүлдем бөлек. Құлақ шығарып тартысудың мәні мынадай. Екі домбырашы күй санамын де, орындаушылық шеберлікпен, осыдан келіп шығатын күй тереңдігімен де бір-бірінен аса алмаса, жүзде беруде өте саяқтық керек болады. Себебі, өнер бәсекесі өте қаттықыл нәрсе. Сондықтан тартысты жүргізіп отырған жетекші домбырашы белгілі бір әуенді екеуіне береді. Шарт – осы бір әуеннен екі домбырашы бір-біріне ұқсамайтын күйлер шығару керек. Екі күй де осы әуенмен басталып, осы әуенмен аяқталу керек. Кейде тосыннан шығарылған екі күй де әуенділігімен тең тұрып, сарапшылар қатты юниальска түсетін жағдайлар болады екен. Ал, есер тартыс шамамен қазіргі «музыкалық каламбур» немесе «музыкалық масқарампаз» деген ойынға ұқсас. Мысалы, ақидар арасындағы «арсыз» ай-тыс сияқты, үлкен домбырашылар тартысып кеткеннен кейінгі масқарампаздар ойыны. Мұнда күйі неғұрлым ұсқынсыз, музыкалық логикаға неғұрлым қайшы, күлкілі әрі домбырашының қимылы неғұрлым тұрпайы болса – сол жеңіске жетеді. Жоғарыда айтылған кәдесіз перне осы есер тартыста пайдаланылып,

өзінің асқан «әрсіз» дыбысымен жұртты танқалдырып, күлкіге батырады екен». Кейін перне байлау, дыбысты бекіту мәдениеті қалыптасқан кезде осы ширек тон, қашаған перне ұмытылмай байланған. Қашаған перненің домбыра сағасынан көшуі ұлт аспаптар оркестрінің пайда болуымен байланысты. Оркестрленген кезде аспаптың жаңа сапаға көшетіні аяқат. Жеке орындаушылық кезеңіндегі амыл-тәсілдердің бірігіп ойнау кезінде керегі болмай қалады. Аспаптардың ауқымы теңестіріледі, артық-ауыс дыбыстар (мысалы, ширек тондық қашаған пернелер) алынып тасталынады. Бұл ойымызды дұрыс түсінген жөн. Біз оркестраі, оркестрлеу принципінің кінәлап отырған жоқпыз. Ширек тондық дыбыстың қалай жойылғандығын ғана көрсеттік. Кейіннен ғалымдар неше рет өзгеріп, қазіргі оркестрлік қалпын тапқан осы домбыраны «Көне домбыра осындай болған, оның дыбыстық қатары ерте кезде-ақ температураға (ырғақты тездігі) ұшыраған» деген пікірді қуаттады. Перне жайында тағы бір-екі ауыз сөз. Бұдан тыс домбырада «оймауыт перне» деген болған. Бұл, белгілі бір пернелердің арасындағы сағаның ағашын саусақтың басы сияқтындай шұжырып ою арқылы жасалатын перне. Қашаған пернеден де кіші микронинтонацияны, шамамен 1/8 немесе индиялық ситарладағыдай тонды беретін перне» – дейді.

Домбыраға перне байлау үлгісінде жылжымайтын тұрақты пернелер немесе бос немесе жылжымалы пернелер болған. Өнертану ғылымдарының докторы Болат Қарақұловтың пайымдауынша ля, до1, ре1, ми1, соль1, ля1 пернелері барлық аймақта домбыра мойнында жылжымайтын тұрақты перне, ал, домбыраның бас буынындағы ля мен до аралығындағы сиь, си пернелері, орта буындағы фа, фа#1 тартылған пернелері домбыра мойнында аймақтық ерекшелікке байланысты әр күйшінің домбырасында әрқалай тұрақталады. Батыс Қазақстан күйшілік мектебінің ірі өкілдері Құрманғазы, Сейтек, Дәулеткерей күйлерін орындауда кейінгі кезге дейін осы жылжымалы пернелердің орны ерекше болған. Мысалы, А. Жұбанов, П. Аравиннің айтуынша Құрманғазының «Сарыарқа» күйінде «сарыарқа пернесі» деп аталатын жылжымалы пернемен тартқан. Ол туралы А.Жұбанов: «Пернелердің аралығын жарты тон етіп байлаудың нәтижесінде диатоникалық дыбыс қатары хроматикалық болып өзгереді. Рас, бұл өзгеріс «сарыарқа пернесі» деп аталатын пернені мүлдем жойып жібереді. Бұрын «си» және «си бемоль» ноталарының ортасында тұратын бұл перне «ля» мен «до» аралығындағы «бейтарап перне» (нейтральный интервал – П. Аравин) қызметін атқаратын. Соңдай-ақ қазақы тенор домбыраларда «си» мен жоғары регистрдегі «до» пернесінің арасында акустикалық жарты тоннан гөрі молаырақ интервал болатын» – дейді. Өйгілі шертпе күйдің шебері Әбікен Хасенов оң және теріс бұраудағы күйлерге байланысты, сонымен қатар күйдегі тональдіктерге орай пернелерді жылжытып отырып тартқандығы туралы айтылады. Ықылас Дүкенұлы атындағы ұлттық саз аспаптар мұражайында тұрған Әбікен Хасеновтың домбырасына тағылған пернелердің өзі жеке-жеке байланғандығын көруге болады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін «домбыраны жетілдіру» саясатынан 12 тондық хроматикалық перне жүйесі қалыптасты.

Домбыра күйлеріндегі композициялық құрылымдар. Қазақта күй тональдық жағынан екі үлкен топқа бөлінеді. Олар: қоңыр және алқоңыр күйлер. Қоңыр – қазіргі минор әуен, алқоңыр – қазіргі мажор әуен. Күйдің диапазоны екі октавадан тұрады. Домбыра күйлеріндегі ең байырғы композициялық құрылым қара қағыспен орындалатын теріс бұрыу күйлерінде кездеседі. Шығыс Қазақстан шертпе күй дәстүрінде әсіресе Алтай-Тарбағатай өңіріндегі теріс бұрауда тартылатын көне-аңыз күйлерде үстіңгі ашық инектің жаңғырық іспетті келуі түркі-монғол халықтарындағы (бурдондық жүйе) ертеден қалыптасқан комей дауасын қолдану тәсілімен (горловое пение) үндес болып келеді.

ТАУҚҰДІРЕТ

орындаушы Бағаналы Сағатқоюн

Асықпай, сұғымдаты



Оң бұрау күйлерінде негізінен екі түрлі композициялық құрылым кездеседі. Ол – «буынды» және «буынсыз» күйлер. Буынды күйлер жөнінде белгілі музыканатушы Бақдәулет Аманов өзінің «Домбыра күйлерінің композициялық терминологиясы» атты мақаласында әйгілі домбырашы Кали Жантілеуовтен алынған мәлімет бойынша Батыс Қазақстан күйлеріне тән «Бас буын – Орта буын – Кіші саға – Үлкен саға» скендігі жөнінде дерек келтірген. Мысалы: Құрманғазы «Адай»

АДАЙ

Құрманғазы

орындаушы Кали Жантілеуов



Екіншісі ауыспалы тональдік жүйе (транспозициялық).
Мысалы: Құрманғазы «Балбырауын»

БАЛБЫРАУЫН

Құрманғазы
орындаушы Оспан Қабитқажин

Бас буын



Орта буын

Саға

Буында күйлер шертпе күйшілік дәстүрде де кездеседі. Мұндай күйдің құрылымы Шығыс Қазақстанның Алтай-Тарбағатай аймағындағы он бұрау күйлерінде де кездеседі.

Мысалы: Халық күйі «Салкүрең».

САЛКҮРЕҢ

орындаушы Уәли Бекенов

Жүрек, екпінсізге

Бас буын



Орта буын

Саға

Буынсыз күйде қайталау болмайды. Ол үлкен бір әуеннен тұрады. Шертпе күйдің құрылымы негізінен әуеннің біртіндеп даму (вариациялық) негізінде келеді. Буынсыз күйлердің құрылымын күйші, жазушы Т. Өсемқұлов: «Күйдің басы, өрлеуі, шырауы, қайтуы, жусуы» – деп жіктейді. Мысалы: Байжігіт «Азат».

Жүрек, көңілі

Басы, өрлеуі

Шырқауы

Қайтуы

Жуасуы

Шертпе күйшілік дәстүрінің тармақтары Арқа, Қаратау, Жетісу өңірлерінің он бұрау күйлерінде жетінші саты көтеріңкі (фа#) жиі кездеседі. Бұл осы өңірлерге тән әншілік дәстүрлерге де тән құбылыс.

Сонымен қатар күйдің құрылысына және әуендік дамуына байланысты ертеде халық арасында қолданылған дәстүрлі терминологиялар атаулар болғандығы туралы деректер кездеседі. Бұл жөнінде Таласбек Әсемқұлов өзінің «Жұдыз» журналы, 1989, №5 санындағы «Домбыраға тіл бітсе» атты мақаласында «Күйдің ішкі құрылысына байланысты да біршама дамыған терминология болған. Қазірде «күйдің басы», «күйдің ортасы», «күйдің аяғы» деп айтылып жүрген терминдер халық өнерінің профанезацияға, қарабайырлыққа ұшырауынан туған терминдер. «Күйдің басы» терминімен қатар қазақта «күйдің аяқшасы» деген термин болған. Одан кейін ретімен «күйдің құлағы» деген сөз келеді. Бұнда бір айта кететін нәрсе, «құлақ» – күйдегі әуеннің дамуын көрсетумен қатар «жаңа» деген мағынаны да береді. Мысалы, күйдің басындағы әуен аунап түсіп жана сапаға көшкенде «күйден құлақ шықты» дейді. Сондай-ақ жаңадан шығарылған күй де «Пәлешенің құлақ күйі» деп көпке дейін аталынып жүреді. (Домбыраны күйлегенде де «құлақ күйін келтірді» деп айтады). Күйдегі келесі кезең – «күйдің көудесі» деп аталады, яғни орта тұсы деген сөз. Күйдегі кульминация (шарықтап шегіне жету) қазақта «күйдің шнесі» деп аталады. Ал шешілу (развязка) – «күйдің құсар жері» деп аталады. Ең соңындағы тыныш әуен – «солақтану» – дейді. Ал енді буынның ішіндегі ұсақ құрылысты терминдерге байланысты Таласбек Әсемқұлов былайша талдау жасайды: «Күй буынынан тұрса, буынды «айшықтар» құрайды. Айшық өз кезегінде «бұрма» деп аталатын бөлшекке бөлінеді. Ал бұрмадан кейінгі ең кіші өлшем – «өңірі», қазіргі музыкалық (фразға) пара-пар. Енді күй тарту кезіндегі тиектің қалпына келейік. Тиектің негізгі орны (табалдырық перненің даусымен тексерілетін) «тиектің тағы» деп аталады. Сондай-ақ тиектің тағы бір орны болады. Кейбір, шнесі табалдырық пернеге жетпей тоқтайтын күйлерде тиек алға қарай, дәлірек айтқанда, негізгі тон мен қашаған перненің арасындай немесе одан азырақ қашықтыққа жылжытылады. Бұл не үшін керек? Бұл арада адамның құлағы, көкірегі, эстетикалық мақсат үшін

алдын ала алданылады. Қазақ тыңдаушысы ширек тондық дыбысты (кашаған перне) есті алады деп жоғарыда айттық. Ал ширек тоннан аз дыбыс кашаған перненің дыбысына жетпейді. Сонымен қатар бұл таза тон да емес. Яғни, болар-болмас асып тұрған дыбыс әдеткі әуеннен өлшеусіз таза болып шығады. Бұл амал «тнекті оздырып қою» немесе «тнекті біге шығар» деп аталады. Бұл тәсіл тек қазақ сахарасында ғана емес, Еуропада да қолданылған сияқты. Мария Тибальди-Кьезавини «Паганини» атты кітабында ұлы скрипкашының бір құпиясы ретінде осы артық бұрау мен тнекті оздырып қою айтылған. Оркестрмен бірігіп ойнағанда солист аванспенаға шығып қалыққа қанша жақын тұрса да оркестр жалғыз скрипканы басып кетеді. Паганини жоғарыдағы тәсілді қолданған кезде оркестрдің фонында бұрауы сал көтеріні скрипка ерекше үн шығарған» – дейді.

Шертне күй дәстүріндегі теріс бұрау күйлерінде кездесетін әдістердің бірі табиғи флажолет. Бұл орындаушылық тәсіл он және теріс бұрауда кеңінен қолданыла береді. Басқа шертне күйшілік дәстүрде табиғи флажолет әдісімен тек теріс бұраудағы күйлерде кездеседі. Сонымен бірге, мысалы, Тәттімбеттің теріс бұраудағы «Алшағар», «Бестөр» немесе М.Хамзиннің орындаушыдағы Әшімтайдың «Қоңыр қаз» атты күйлерінде осы табиғи флажолет күй құрылымында тек «орындаушылық әдіс» ретінде пайдаланса, Жетісу өңірінде бұл тәсіл «бұлбұлдың сайрағанын», «айғырдың азынағанын», «адамның жылап, өксігенін» т.б.келтіретін дыбыстық бейне болып келеді. Мысалы: «Аңшының зары»

АҢШЫНЫҢ ЗАРЫ

орындаған Уәли Бекенов



Қағыс атаулары. Домбырадағы күй орындаудағы негізгі әдістің бірі оң қолдағы қағыстар болып табылады. Домбыра тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Бұлардың пайда болуының өзі көптеген ғасырлар бойы күйшілік өнердің дамуымен тығыз байланысты болған. Қазақ даласында қалыптасқан күйшілік-орындаушылық дәстүрлер мен мектептерге байланысты қағыстардың да алуан түрлері ерекшеліктері бар. Негізінен қағыстардың ерекшеліктері қазақтың күйшілік өнерінде қалыптасқан екі үлкен бағыт және шертне күйшілік дәстүрлерге байланысты болып келеді. Академик А. Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде мына төкпе күй орындауға қағыстардың атаулары мен оған берілген түсініктемелері: «Тентек қағыс» – Құрманғазы дәстүріндегі кейін Дина дамытқан кең ауқымды қағыс; «Төре қағыс» – Төре күйлеріндегі ішектің екі жағынан аса алыс кетпейтін қағыс; «Сүйретпе қағыс» – Абылдан жалғасын келе жатқан қағыстың түрі; «Шұбыртпа қағыс» – бес саусақты кезегімен жоғары-төмен сілтеген қағыс; «Сипай қағыс» – саусақтың ұшымен жаяй өтетін қағыс. 1981жылғы «Жалын» журналының бірінші санындағы профессор Б.Сарыбақтың «Күй нотаға толық түссін» деген мақаласындағы қағыстардың түрлері және оларға берілген түсініктемелері: «Төкпе дәстүрі» – оң қолмен тұтас (барлық саусақпен) құлаштан тарту. Батыс Қазақстан дәстүрі; «Шертне дәстүрі» – жеке саусақпен шертін тарту. Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан дәстүрі; «Сұқпа күй» – Органы және сұқ саусақтармен қатар шерту әдісі; «Ілме күй» – ішекті сұқ саусақпен жоғары қарай іліп шерту тәсілі; «Жапта қымта күй» – бұл күй тек сол қолмен орындалады – ашық ішектердің үні шығарылған соң перне басылады; «Саулама қағыс» – мұнда ішектер төрт саусақпен төмен қызылға

да, бес саусақпен жоғары қағылады; «Шалдіріш қағыс» – төрт саусақпен екі рет төмен, бес бармақпен және сұқ саусақпен жоғары қағу; «Іліме қағыс» – бүкіл қолды домбыраның шапағы мен мойны үстінен үйіре қағу; «Тырнама қағыс» – төрт саусақпен домбыраның бетінен (тырнағанды) күштеп қағу; «Шапырама қағыс» – төрт саусақты ішектерге тиер-тимес етіп жеңіл қағу; «Шалу қағысы» – бүкіл қолмен жоғары қағу; «Дікен қағыс», «Ұрлық қағыс», «Науша қағыс», «Слікпін қағу», «Жалап қағу», «Түйдек қағыс», «Тіреп қағыс» – ішектерді қағып қалып оң қолмен баса қою; «Біржелкі қағыс» – ішектің бір тұсынан ғана қағу; «Орама қағыс» – бір рет төмен және бірнеше рет жоғары қағу; «Алма-көзек қағу» – жоғары-төмен кезекпен қағу; «Шапқан қағыс» немесе «Толқындама қағыс» – бас бармақпен бірнеше рет жоғары қағу. Сол сияқты белгілі күй зерттеуші, профессор А. Токтағанның «Күй тәжірдің күбірі» атты зерттеу еңбегінде мынандай қағыс атауларын көрсетеді: «Нақты қағыс», «Іліме қағыс», «Тұтпа қағыс», «Бөгеме қағыс», «Бұқтырма қағыс», «Бүгіліме қағыс», «Абыл қағыс», «Манғыстау қағыс», «Бапас қағыс», «Жалап қағыс», «Мүкіс қағыс», «Ақсақ қағыс», «Іркіп қағыс», «Оқише қағыс», «Қара қағыс», «Қақпалы қағыс» (Қақпалы Науайы), «Шалдіріш қағыс» (Шалдіріш Аюжелен). Ал, шертпе күйлерге байланысты қағыс атаулары белгілі күйші Таласбек Әсемқұловтың айтуы бойынша оң қолдың қағыстары мынандай ретпен жүйеленеді. Домбыра қағыстары үлкен екі тонка бөлінеді. Олар: 1. Қара шертпе. 2. Іліме. Сансыз көп қағыс осы екі тәсілдің көптеген вариациялары ғана. Бізге белгілі қағыстар: 1. Таза қара шертпе. 2. Таза іліме. 3. Тебеген қағыс (немесе тепкілей тарту). 4. Жап та қымта. 5. Түйдек қағыс. Таласбек Әсемқұлов қағыстарға байланысты мынандай анықтама келтіреді: «Қара шертпе қадімгі оңды-солды және төмен қарай қағыс. Іліме – жоғары қарай қағыс, кейде «теріс қағыс» деп те аталады. Сондай-ақ, іліме деп кейде екі шектің әрқайсысын жеке-жеке іліп тарту тәсілін де атайды. Тебеген қағыс – шектің үстінен қағып ойнау тәсілі. Ал негізінен келетін болсақ, тебеген қағыс қадімгі теріс қағыстың бір түрі (мысалы, «Көкейкесті» күйінің байырғы аты «Терісқақпай»). «Жап та қымта» қағысы – саусақпен қақпақтан кейін ішекті алақанмен жабу тәсілі. Домбырадан бындайдағы еліктеуіш дыбыстар шығару үшін қолданылады. Түйдек қағыс деп сілтеп қағу, айқыл-ұйқыл тәсілге бай, жылдам қағысты атайды».

Ендігі кезекте күй тартудағы сол қолдың ішек басудағы тәсілдері мен саусақтардың орналасу тәртібіне келетін болсақ. Әр аймақта қалыптасқан күйшілік мектептерге орай саусақ басу тәртібіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Төкпе күй дәстүрінде сол қолдағы үстіңгі ішекті қолдану ретінде негізінен бес бармақ пайдаланылса, шертпе күйде көбіне сұқ саусақ қолданылады. Төкпе күйді орындауда негізгі тәсіл оң қолдағы қағыста шығтақ арқалы шапаққа әсер етіп дыбыстың созылынды шығуы фортепiano аспабындағы педаль қолдану тәсіліне келіңкірейді және осыған орай сол қолдағы дыбыстың тербелісін саусақтарды қолбеу тербеп шығару қажет болса, шертпе күй тартқанда қағыс қағатын қолдың алақанын қақпаққа басу арқылы дыбыс көркемдігін реттеп отырады, ал басытын қолда тербелісті қиғаш тербеу арқылы алу негізгі әдістердің бірі болып саналады.

Орындаушылық тәсілдерге және интервалдық арақатынастарға байланысты байырғы халықтық терминологиялар болғандығы жөнінде мәліметтер бар. Осы туралы Таласбек Әсемқұлов: «Бізге әзірге сол қолдың саусақтарының арақатынасынан «қаз табан», «бөрі табан» және «байтақ» деген арақатынастар белгілі. «Қаз табан» қазіргі квартаға пара-пар. «Бөрі табан» – квинта. Ал «байтақ» осы екеуінен үлкен арақатынастардың (мысалы, квинтадан октаваға дейін) барлығын белгілеу үшін қолданылған болу керек. Сол қолдың күй тарту кезіндегі тәсілдеріне келейік. Ең жиі кездесетін тәсіл «аттау». Бір нәрседен екінші нәрсеге жай қошу осылай деп аталады. Одан гөрі күрделілеу тәсіл «қарғыту» және «кері қарғыту». Мұнда саусақ пернені жай баспайды, тиесілі пернеге қарғып жетеді. Күрделілігі жағынан қарғытумен шамалас тәсіл – «жаба тастау». Әдетте,

оң қолдың қағысынсыз, сол қолдың қағысынсыз, сол қолдың саусақтарының күшімен жасалатын тәсіл. Ішекті тербету, вибрацияға (тербеліс) келейік. Домбыра күйінде ішекті тербетудің үш түрі бар. Біріншісі, әсіресе домбыраны алғаш үйреніп жүрген шәкірттер көп қолданатын «дiрлек» тәсілі. Мұнда ішек механикалық түрде тербетіледі. Шеберліктен ада, домбырамен әлі тұтаспаған адамның қолданатын тәсілі. Дiрлек – кейде көптеген флажолеттердің нәтижесі де болуы мүмкін. Тербеудің екінші түрі шеберлікке жеткенде пайда болатын машық – «алғаш көбе» немесе «кесе тербеу» деп аталады. Тербеудің үшінші түрі, домбырашының шеберлігі аса биік өреге жеткен кезде, бүкіл өнерімен марқайған кезде пайда болатын машық – «тайғанақ көбе» немесе «сауын тарту» деп аталады. Бұл қазіргі қолданылып жүрген «глюссандо» тәсілінің аса қысқа түрі» – дейді.

АҢЫЗ – КҮЙЛЕР

Көне аңыз-күйлер негізінен ежелгі дәуірлердегі наным-сенімдерімен астасып жатыр. Қазақтың күйшілік өнерінде аңыз-күйлердің шығу тегі (генезис) және бурдондық жүйедегі күй құрылым көпшеңді түркі-монғол халықтарының музыкалық дүниетанымымен шектесіп, ұштасады. Қара қығыспен ойналатын бурдондық жүйедегі күйлер – негізінен аңыз-күйлерден бастау алған домбыраның теріс бұрауында орындалады. Теріс бұрауда орындалатын бурдондық екі дауысты күйлер тобы ең көне архаикалық күй құрылымдық жүйеге жатады.

Таукүдірет

Есте жоқ ескі заманда домбырада жалғыз ғана ішек, таукүдіретте жалғыз ғана канат болыпты. Таукүдіреттің жалғыз канаты еркегінің оң жағына, ұрғашысының сол жағына бітеді екен. Домбыраны жасаған шебер, жалғыз ішекпен көсілітпін күй тарта алмайды. Ал, жалғыз қанатты таукүдірет қалықтап ұша алмайды. Домбырашы не істерін білмей іштен тынады. Таукүдірет болса күндіз-түні Төңірге мұның шағып, қалықтап ұша алатын қос канат сұрап, «күдірет-ау, күдірет» – деп жалбарынумен болыпты. Күндердің бір күнінде таукүдіреттің аталығына Төңір ой салады. «Бүйтін зарлап жүре бергенше талпынып тірілік етіп көріңдер» – деді. Содан аталық таукүдірет пен аналық таукүдірет қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде – оң канат екіншісінде-сол канат, екі таукүдірет бір-бірімен қолдасып, канаттарын кере серпеді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Жер беті дөңгеленіп төменде қалады. Қос таукүдіреттің канаттарын жел сүйемеден, көк жүзінде рахаттана самғайды. Сонда көңілдері шаттанған қос таукүдірет қуаныштарын жасыра алмай «күдірет-ау, күдірет, мұнына да шүкіршілік!» – деп Төңірге ризашылықтарын білдірті. Кейін бұл таукүдіреттерден туған балапандарға Төңір қос канат дарытып еді дейді. Осы оқиғата куә болған домбырашы «қос канат бірігіп еді – ұшты, егер домбырада қос ішек болса ше?» – дейді де, екінші ішек тағып көреді. Сонсоң, қос ішекті домбырасын тартып көрсе, ғажайып үн шығады дейді. Домбырашының қуанышында шек болмайды. Тіптен, риза болғандығы сонша, ең алғашқы күйін таукүдіретке арнайды. Таукүдіреттің алғашқыда қалай қиналғанын, «күдірет-ау, күдірет» – деп төңірге қалай жалбарынғанын, сонсоң қолдаса ұшып көкке самғанын күй тіліне салады.

*Күйді тартып, аңызын айтушы домбырашы Бағаналы Саитөлеков.
А. Сейдімбек. «Қазақтың күй өнері».
Астана «Құзтөгіні» 2002ж, 193 бет.*

1. ТАУҚУДІРЕТ

орындаушы Бағаналы Саятөлеков

Асықпай, сұңқылдата

The image displays a musical score for a piece titled "1. Тауқудірет" (1. Tauqudiret), performed by Baganalı Sayatolekov. The score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a key signature of one flat (B-flat) and a 3/4 time signature. The tempo and mood are indicated as "Асықпай, сұңқылдата" (Moderato, with a light and graceful touch). The score consists of eight staves of music, each containing six measures. The melody is characterized by a steady eighth-note pulse, often beamed in pairs, with occasional quarter notes and rests. The overall feel is that of a traditional, rhythmic folk or instrumental piece.

This image shows a page of musical notation consisting of eight staves. Each staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music is written in a style that suggests a common time signature, likely 4/4. The notation includes quarter notes, eighth notes, and chords, with many notes beamed together in pairs. The first seven staves follow a similar rhythmic and melodic pattern, while the eighth staff concludes with a final cadence, including a double bar line and a repeat sign.

Шыңырау

Осындай аңыз күйлердің бірі – «Шыңырау» деп аталады. Еліміздің шығыс өңірінде сақталған «Шыңырау» күйінің аңыз домбырашы Бағаналы Саятөлековтың айтуы бойынша былайша сыр шертеді: «Бір жолаушы адам бір бұлақтың жағасына келіп, жалғыз түп бөйтеректің саясында аттың аяғын суытып, өзі демін алып отырса, ағаштың басында бір құс шырылдап айналып ұшып жүр екен дейді. Жолаушы адам қасына таяп барса, алғі шыңырау деген құс екен, бөйтеректің басына ұя салыпты. Сол ұлдағы балапандарға бір жылдан өрмелеп шығып бара жатса керек. Сол мезетте жолаушы адам жыланды өлтіреді де, шыңырау құс балапандарын бауырына басып тыныш табады. Осы оқиғаға байланысты «Шыңырау» күйі шыққан екен» – дейді. «Шыңырау» аз нұсқада кездескенімен қазақтың ең көне күйлерінің қатарына саналады. Бұлай деудің екі үлкен себебі бар: біріншіден, күйдің фактурасы, әуені ескі; екіншіден, бұл күйдің аңызы қазақтың көне мифологиялық «Ертөстік» (қырғыздың «Ертістік» жыры) ертегісімен толығымен сәйкес келеді. Осы аңыздың желісі «Самұрықтың зары» күйінде айтылады. Самұрық – аңыз, ертегілерде кездесетін алып кара құс. Бұл жөнінде қазақтың мифологиялық «Ертөстік» ертегісінде былайша баяндалады: «Ертөстік бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бөйтерек тұрады. Бір мезгілде сол бөйтеректің басынан шуылдаған аңыз дауыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен. Бұларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен. Ертөстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәл тартып қалады. Айдаһардың жерге құлағанын көрген соң балапандар шуылып тоқтады. Ертөстік жайланып ұйқыға кіріседі. Ертөстік бір дауыстан шошып ояна, қатты дауыл тұрған екен, дауылдың артынан бұршақ аралас жанбыр жауады, жанбырмен қабат суылдаған дауыс естіледі, соның артына ұзамай-ақ бір дәу кара құс көрінеді. Бұл кара құс – Самұрық екен. Алып кара құс жылына бір-ақ балапандайды екен. Балапандарына жем іздеп кеткенде, бір айдаһар жыл-сайын балапандарын жеп кетеді екен. Алып кара құс содан запы болып, қайтқанда осыған жылпай қайтады екен. Бағаналы дауыл құстың қанатынан тұрған жел екен, жанбыр соның жылпаған көзінің жасы екен». Әлем халықтарының мифологиясында үш қабаттан тұратын әлемді үлкен әулім ағаш түрінде суреттеу кең орын алған. Бөйтерек үш қабатты, яғни аспанды, жерді, жерастың тік бағытта жалғастырып тұрады. Ғылымда оны әлемдік ағаш деп атайды.

2. ШЫҢЫРАУ

орындаушы Бағаналы Саятөлеков

Жүрек, боздата

The image shows a musical score for the piece 'Shyngyrau'. It consists of two staves of music in 8/8 time. The notation is primarily rhythmic, with notes grouped in pairs. Above the notes, there are markings 'm' and 'v' indicating specific rhythmic patterns or accents. The first staff has a key signature of one flat (B-flat) and a common time signature of 8/8. The second staff continues the rhythmic pattern. The score is presented in a clean, black-and-white format.

The image displays a page of musical notation for a piano piece. It consists of ten staves of music, each beginning with a treble clef. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music is characterized by a complex rhythmic pattern, primarily using eighth and sixteenth notes, with some measures containing triplets. The notation includes various rests and dynamic markings. The piece concludes with a double bar line and repeat signs.

This page of musical notation is for guitar, written in treble clef with a key signature of one flat (B-flat) and a 12/8 time signature. The music consists of ten staves of notation. The primary rhythmic motif is a sequence of eighth notes, often beamed in groups of six, which is characteristic of a 12/8 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, including triplets and sixteenth-note runs. There are several instances of triplets and sixteenth-note runs. The piece concludes with a double bar line and a final chord marked with a '2'.

Ақсақ марал

Аяғына оқ тиіп, ақсақтай қашқан маралдың жүрісі, осы күйдің әуезінде суреттеледі.
«Бани-Әлсей қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері»
Әлсей. 1977ж, 103 бет

3. АҚСАҚ МАРАЛ

орындаушы Габдылхак Барлықов

Орташа, сұңқылдата

The image displays a musical score for the piece 'Aqsak Maral' (3. АҚСАҚ МАРАЛ). The score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a key signature of one sharp (F#) and a 2/4 time signature. The melody is characterized by a rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes, often grouped in pairs or fours. The score consists of 16 measures, with various rests and dynamic markings (such as 'v' and 'vv') indicating phrasing and articulation. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

This image shows a page of musical notation, likely for a guitar or piano, consisting of ten staves. The notation is written in a single system across the staves. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several measures with a 'V' above them, possibly indicating a vibrato or a specific performance technique. The notation is arranged in a way that suggests a sequence of chords and melodic lines. The page is numbered 27 at the bottom.

The image displays a musical score for a piece, likely a piano or guitar accompaniment. It consists of six staves of music. The top staff is the most prominent, featuring a melodic line with eighth and sixteenth notes, some marked with 'x'. The lower five staves provide a harmonic accompaniment with chords and bass lines. The music is written in treble clef and includes various time signatures such as 3/4, 3/8, and 4/4. The notation is clear and professional, typical of a published musical score.

ХАЛЫҚ КҮЙЛЕРІ

Қазақтың домбыра күйлерінің бір парасы халық күйлері деген атпен сақталған. Халық күйлерінің мазмұнынан халықтың басынан өткен тарихи кезеңдерді, тарихи оқиғаларды көреміз. Сонымен қатар халық күйлері арқылы біз сол дәуірлердің тыныс-тіршілігін, салт-санасын, арман-мұраттарын сезінеміз. Күйді шығарған адамның аты ұмытылғанымен күйдің халық жадынан өшпеуі осыны дәлелдейді. Халық күйлері деген туындыларды біз XVIII ғасырдан ары қарай қарастырған жөн. Халық күйлерінің көбінде күйді шығарушы адам сол дәуірде болған бір оқиғаға байланысты туындап, кейін авторы ұмытылғанмен күйдің өзі халықпен бірге жасап жүре беретіндігінде. Халық күйлерінің шығу тарихы мен қосарлана жүретін аңыз-әңгімелерінен түрлі оқиғалар мен күнделікті өмірде болатын тосын жағдайлардың барлығы күйдің туындауына арқау екендігін байқаймыз. Аспаптық музыканың сан ғасырлық тарихында дамуында ауыз екі фольклормен тығыз байланысты болуында. Күй әңгімесімен біртұтас, яғни сәйкестік күйі (Ә. Мұхамбетова) болып қалыптасуы байқалады. Қазақ халқының ертеден қалыптасқан дәстүрі бойынша кез келген күй тартылмас бұрын домбырашы сол күйдің шығу тарихы жайында әңгімесін айтып алады. Көшпенділер табиғатпен тіл табыса жүріп, қоршаған орта туралы, айналадағы құбылыстар жөнінде мейлінше терең білім мен тәжірибе жинақтады. Табиғат құбылыстарын, жан-жануарлар дүниесін әңкүйге қосты. Көшпенділер әлемінде ат жарыстыру, балуан күрестіру, ақындар айтысы және күй тартыс (күй айтыс) тағы сол сияқты рухани бәсекелестік үлкен орын алады. Күймен айтысу, өнер жарыстыру ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл жөнінде белгілі ғалым Акселеу Сейдімбек: «Күй тартыстар әсем сазды күйлерді ғана дүниеге әкеліп қоймайды, сол күйлердің қалай дүниеге келгенін бақыдайтын тамаша аңыз-әңгімені де туындатып отырады. Мұндай аңыз-әңгімелер өзінің деректілігімен, шыршақан оқиғасымен ерекшеленеді» – дейді. (А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана, 2002). Әсіресе айтыс барысында тың күйді төгіп тастайтын арқалы өнерпаздың шеберлік-шалымы күй тартыстарына қатысты аңыз-әңгімелердің негізгі арқауы болып отырады.

Нар идірген

Қазақ даласына кең тараған осындай көне күйлердің бірі «Нар идірген» деп аталады. Барлық көшпенді елдер өзін қоршаған табиғатпен сырласып, оның бір бөлшегі деп білген. Осыған байланысты қазақ елінің дәстүрлі музыкасы мен басқа өнерлерінде өзін қоршаған табиғат тіршілігімен біте қайнасып, дүниетанымдарын, тұрмыс-тіршілігін ұштастырғандығы анық аңғарылады. Әсіресе төрт түлік малдың тілін қазақ халқы терең білген. Соның ішінде қазақта түйе малына арналған күйлер көптеп саналады. «Бозінген» қазақ ауыз екі мәдениетінің барлық саласында әнде де, күйде де, жырда да көрініс тапқан кейіпкер. Түйе малын сахара жұрты аса қадірлейтін айтулы төрт түліктің бірі. Ежелден қазақ көші-қонын түйесіз елестету мүмкін емес. Сол себепті адамға ғана тән жүрек елжірететін сезім күйлері «Бозінгенге» телінген. «Нар идірген» атты күй түркімен де де бар.

Ол төрт тарау болып тартылады. Соның «Ақсақал» деп аталатын бір тарауын А.В. Затаевич әйгілі домбырашы Науша Бөкейхановтың орындауында жазып алған. Белгілі күйші, зерттеуші Т. Мерғалиев осы күйдің бір нұсқасын 1963 жылы маңғыстаулық домбырашы Орлыбай Борашевтан жазып алған. Сыр бойының күйшісі Нәби Жәлімбетовтың тартуында тағы бір нұсқасы сақталған. Бұл нұсқасы домбыраның теріс бұрауында тартылады және шал мен жігіттің күй тартысынан тұрады. Әйгілі күйші-композитор Сарымалайдың сыбығында тартылатын «Нар идірген» атты күйі бар. Осыған карағанда ертеде болған осы бір оқиға негізінде күйлердің көптеген нұсқалары пайда болған тәрізді.

4. НАР ИДІРГЕН

Ертеде бір кісінің түйесі боталап, қос киңдік болғанда ботасы өледі. Қазақтың әдеті бойынша, оны сойып, терісін тұлып қылып қойса да тұмса түйе ыныранып ботасын іздей береді. Иесі бір күні сыртқа шығып қараса, түйенің екі көзінен жас парлап ағып тұр екен. Сол ауылда Әуелбек деген бір адам болады. Иесі сол адамға барады. Сонда Әуекен: «Оны тек сазбен ғана нитуге болады». Бұл шебер домбырашы-сазгершінің ғана қолынан келеді. Сен елге жар сал. «Маяны ниткен адамға үлкен сый-тарту бересің» – деп ақыл-кеңес береді. Содан әлгі адам: «Маяны сазбенмен ниге алатын өнерпаз табылса, тарту берумен қатар жалғыз қызымды да соған қосар едім», – елге жар салады. Қыздан үміткер болып өздерінің бақтарын сынамақшы оймен, хабар жеткен жерден талай домбырашылар келеді. Бірақ мая нисейді. Бірақ маяны нитуге келген домбырашылар бірінші кезекті жасы үлкен шалға береді. Шал домбыраның үнін «кәуіс-кәуіс» деп келтіріп түйенің ботдағанын келтіріп тартқанда, маяның алпыс екі тамыры босап ий бастайды.

The image shows a musical score for the piece "Nar Idirgen". It consists of six systems of music written on a single treble clef staff. The first system contains six measures of music, primarily using eighth and quarter notes. The second system also contains six measures. The third system contains six measures and includes the text "Екісалам, иртіп" written below the staff. The fourth system contains six measures. The fifth system contains six measures. The sixth system contains six measures and ends with a double bar line and repeat dots. The key signature has one flat (B-flat), and the time signature is 2/4.

Нардың нігенін сезген қыз оның емшегін қатты қысып ұстап тұра береді де, күйінің ортасына аса бергенде: «Німеді, Домбыраны келесіге беріңіз», – дейді. Бұл шалға бармау үшін істеген әрекеті екен. Кезек жас жігітке келеді. Қыз өз ісін сол жерде отырғандарға сездірмес үшін, жігіт күйін біраз тартқаннан кейін түйенің емшегін босатып, сауа бастайды.

Сондағы жігіттің тартқан күйі:

The musical score is written in a single system with ten staves. It begins with a treble clef and a 2/4 time signature. The melody is characterized by eighth-note patterns, often beamed in pairs. The first staff has a 'p' (piano) dynamic marking and the letters 'Y V' above it. The second staff has 'V' above it. The third staff has a '3' (triple) marking above it. The fourth staff has 'V V' above it. The fifth staff has a '3' (triple) marking above it. The sixth staff has a '3' (triple) marking below it. The seventh staff has a '3' (triple) marking above it. The eighth staff has '3' (triple) markings above it. The ninth staff has '3' (triple) markings above it. The tenth staff has a '3' (triple) marking above it. The piece ends with a double bar line and repeat dots.



Қыздың бұл қылығын сезген шыл көрілігінің келтірген кеселіне қайғырып,
«Өттің қайран күнім» деп әлгі жерде күй тартады.



Kumbhakar

This musical score is written for a piece titled "Kumbhakar". It consists of a melody and an accompaniment, both in 3/4 time. The key signature has one flat (B-flat). The melody is written in a treble clef and features a series of eighth-note patterns, often beamed in pairs. It includes several triplet markings (indicated by a '3' above the notes) and some notes with fingerings (1, 2, 3). The accompaniment is written in a bass clef and consists of a steady eighth-note accompaniment, with some chords marked with a 'V' above them. The score is divided into measures by vertical bar lines, with repeat signs at the end of several phrases.

10 staves of musical notation in a key with one flat and 3/4 time. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. There are several measures with repeat signs (double bar lines with dots). Fingering numbers (1, 2) are placed above certain notes. A dynamic marking 'p' (piano) is present in the eighth staff. The piece concludes with a double bar line and repeat dots at the end of the tenth staff.

11. 12.

Күй тартып болған соң өз өнеріне сенімі мол шал қызға қарап: – Шырағым, маяны нiткен менмін, сен зорлық жасап отырсың. Егер осы айтқаным бекер десен, бiз алғi күйлерiмiздi екеумiз екi жерде тұрып тарталық. Сонда осы тұрған жануар кiмге емiренiп келер екен», – дейдi. Қыз маяны кiм нiткенiн бiле тұрса да, шалдың талабын орындауға мәжбүр болады. Шал бағанағы күйiн тағы да тартады. Айтқандай-ақ, түйе шалдың шапанын нiскеп, ере берiптi. Мұны көрген халықтың маяны кiм нiткенiне көзi жетедi. Шал: – Қарағым бұдан былай өтiрiк пен қулыққа үйiр болма. Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты өмiр сүр», – деп батасын берiп, қызды домбырашы жiгiтке қосады.

*Күйдi тартып, аңызын айтушы, домбырашы Нәби Жәлiмбетов
А. Райымбергенов «Күй кайнары» «Өнер»
Алматы. 1990. 101 бет*

Салкүрең

Бұл күйдiң шығу тарихы жөнiнде нақтылы дерек жоқ. Көшпендiлер өмiрiнiң салтанаты да, тiршiлiгiнiң көзi де, ең алдымен жылқыда болғаны мәлiм. Халқымыз ежелден төрт түлiк малдың iшiнде жылқыны ерекше қадiрлеген. «Ер қанаты – ат» деген сөз тегiн айтылмаса керек. Қазақта осы тектi жануарға арнап шығарған күйлер баршылық. «Салкүрең» күйi жылқы малына арналған тамаша туындылардың бiрi. «Күрен» сөзi жылқының түсiне байланысты айтылған (қазiргi қолданыстағы қозыр түс) «Сал» деген аттың мiнезiне орай қосарланып айтылған болуы керек. Күйдiң ырғағына қарағанда, аяғын әдемі басқан, кербез жүрiстi атты суреттегендей әсер бередi.

5. САЛКҮРЕҢ

Орындаушы Әблiкәрім Кiшiкбаев

Жүрек, екпiндете



This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in ten horizontal staves, each containing a line of music. The notation includes various musical symbols such as notes, rests, and bar lines. The first two staves appear to be vocal lines, while the remaining eight staves are likely instrumental accompaniment. The music is written in a standard musical notation style, with a treble clef on the first staff. The page is numbered 37 at the bottom center.



Науайы

Қазақ даласында дәлірек айтқанда еліміздің батыс өңіріндегі Маңғыстау өлкесіне тән күйлер шоғыры. «Науайы» көршілес түркімен халқының музыкалық мұрасында кең орын алған тақырыптардың бірі болып саналады. Атақты ақын, ойшыл, мемлекет қайраткері Өлішер Науан (1441-1501) есімімен байланысты болып келеді. Ақынның өлеңдеріне жазылған әуезді әндердің саз-сарыны кейін келе аспаптық музыкаға айналғандығы туралы Орталық Азия халықтарының музыкалық мұрасын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде көптеген деректер сақталған. Оның шығармашылығы түрік және иран халықтарының музыкасының дамуына мол әсер еткендігі жөнінде айтылады. Түркімен халқының дәстүрлі музыкасын зерттеуші, ғалым Шахым Гудышев өзінің «Өлішер Науан және Орталық Азия халықтарының дәстүрлі музыкасы» атты мақаласында былай дейді: «Ертеде жарышылдар ауыл-ауылды аралап Науандің өлеңдерін айтып жүреді екен. Осы сарындарды түркімен бақпаны дутарға салып тартқысы келеді. Бірінші пернеден бастап тартып көреді, келмейді, басқа пернелерден бастап көреді, келтіре алмайды. Ақыры екінші пернеден бастап тартып көрсе орайы бірден келе кетеді. Осыдан бастап осы перне «Науан пернесі» деп аталып кетеді» – деп, қызылжықты деректер келтірген. Қазақтың күйшілік өнеріндегі «Науайы» атты туындылар да домбыраның екінші пернесінен бастап тартылатындығын айтуға болады. Маңғыстау өңірінде сақталған «Науайы» атты күйлер көршілес түркімен халқының музыкасының әсерінен пайда болуы мүмкін. Себебі осы аттас күйлерде көршілес түркімен, иран халықтарының музыкасының әсерлері байқалады. Маңғыстау өңірінде сақталған көне күйлердің бір шоғыры «Науайы» әйгілі күйші Өскенбайдың орындауында алтыс тараудан тұрады екен. Ал Өскенбайдың баласы майталман домбырашы Мұраттың орындауында «Қарт Науайы» «Бала Науайы» «Тел Науайы» «Шар Науайы» «Тамшы Науайы», «Қақпалы Науайы» – деп аталатын алты күй жеткен. Дәулескер домбырашы Қали Жантілеуовтың орындауында халық күйі «Қарт Науайы», сол сияқты Сабыр Мұқатовтың жеткізуінде Құрманғазының «Жетім Науайы» деген күйлері де осынау дәстүрдің сабақтастығы деп айтуға болады.

6. ҚАРТ НАУАЙЫ

Халық күйі
орындаушы Қали Жаңгілеуов

Байсалды, асықпай

mf

V

V

V

V

V

V

V

V

V

V

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece in G major and 3/4 time. The notation is arranged in 12 staves, each containing a single melodic line. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The key signature is one sharp (F#), and the time signature is 3/4. The notation includes various musical symbols such as stems, beams, and rests, indicating a complex melodic structure. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all written in treble clef. The music is characterized by a variety of rhythmic patterns and chord progressions. The first staff features a sequence of chords: G4, A4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4, Bb4. The second staff begins with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by a series of chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The third staff starts with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The fourth staff begins with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The fifth staff starts with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The sixth staff begins with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The seventh staff starts with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The eighth staff begins with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The ninth staff starts with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5. The tenth staff begins with a melodic line: G4, A4, B4, C5, followed by chords: G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5, G4, A4, B4, C5.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single system with a key signature of one sharp (F#) and a time signature of 3/4. The music features a variety of textures, including chordal accompaniment and melodic lines.

- Staff 1:** Begins with a treble clef and a 3/4 time signature. It features a melodic line with eighth notes and a bass line with chords. A dynamic marking of *p* (piano) is present.
- Staff 2:** Continues the melodic and harmonic development with similar rhythmic patterns.
- Staff 3:** Shows a change in texture with more frequent chordal accompaniment.
- Staff 4:** Features a melodic line with eighth notes and a bass line with chords. A dynamic marking of *p* is present.
- Staff 5:** Continues the melodic and harmonic development.
- Staff 6:** Shows a change in texture with more frequent chordal accompaniment.
- Staff 7:** Features a melodic line with eighth notes and a bass line with chords. A dynamic marking of *p* is present.
- Staff 8:** Continues the melodic and harmonic development.
- Staff 9:** Shows a change in texture with more frequent chordal accompaniment. A dynamic marking of *p* is present.
- Staff 10:** Features a melodic line with eighth notes and a bass line with chords. A dynamic marking of *p* is present. The piece concludes with a fermata on the final note.

Additional markings include a *V* (accents) marking above the first staff, a *p* (piano) marking below the first staff, and a *p* (piano) marking below the second staff. The word *Andante* is written above the eighth staff.

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

КҮЙ АТАСЫ – КЕТБҮҒА

Кетбұға (шамамен 1195-1260) 1195 жылдары қазіргі Ертіс өзенінің бойында дүниеге келген. Ол 1260 жылы қыркүйек айының 3-і күні Палестин жерінің солтүстігіндегі Айван-Жалут деген жерде соғыста қаза болған. Қазақ тарихында Кетбұғаның есімі қабырғалы би, ержүрек батыр, дәулескер күйші ретінде белгілі. Әйгілі «Ақсақ құлан» күйінің авторы. Осы уақытқа дейін Кетбұғаның өмір сүрген кезеңі жөнінде әртүрлі деректер айтылып келеді. Белгілі ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» атты еңбегінде: «Атадан балаға жалғасып жеткен ауыз әңгімеде де, жазба деректерде де Кетбұға Шыңғыс ханның замандасы ретінде мәлім. Яғни, шамамен 1150-1230 жылдар аралығында тұмыр кешкен адам. Ауызша-жазбаша деректерде Кетбұға ұлы жырына, дәулескер күйші, көріпкел бақы, тіптен Шыңғыс ханның хат таныған шежірешісі ретінде баяндалады» делінген. Осы мәлімет энциклопедияда, басқа да дереккөздерде жиі ұшырасады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтархан Оразбайдың «Қазақ әдебиеті» газетінің 2007 жылдың қараша айының №45 санында «Кетбұға күйшінің тарихи суреті табылды» атты мақаласы жарық көрді. Кетбұға түрік текті найман руынан шыққан аса ірі тұлғалардың бірі. Ол Шыңғысханның сүйікті немерелерінің бірі Құлағу ханның ең жоғары әскери қолбасшыларының бірі болған. Шыңғысхан ұрпақтарының батысқа жасаған ұлы жорығында көзге түскен



Көрнекті қолбасшы, атақты күйші Кетбұға (XIII ғ.)

дара әскери қолбасшы, күдіретті батыр». Бұл деректерге қарағанда екі Кетбұға болған ба деген сауал еріксіз туындайды. Себебі бұл келтірілген екі мәліметтерде Кетбұғаның өмір сүрген уақытында недәуір алшақтық байқалады. Шыңғыс ханның 1162-1227 жылдар аралығында өмір сүргендігі тарихтан аян. Бірінші дерекке қарайтын болсақ Кетбұғаның жасы Шыңғыс ханнан үлкен болып шығады. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ 1202 жылы Шыңғысхан Найман мемлекетін жаулағанда Кетбұға жеті жастар шамасындағы бала болған көрінеді. Тарихи тұрғыдан қарағанда екінші келтірілген дерек шындыққа жанаспайды. Кетбұғаның 1260 жылдың қыркүйек айының 3-ші жұлдызында Палестин жерінің солтүстігіндегі Айып-Жалут деген жерде соғыста қаза болғандығы жөнінде Египет, Араб және Парсы елдерінің тарихында да айтылады. Кетбұғаның тарихи суретін Иран мемлекетінің Тегеран қаласының тарихи мұражайларының қорларының бірінен тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтархан Оразбай тауып әкелген болатын. Тарихи мұрағаттар ішінде «ресім Кетбұға Найман» деген көне парсы жазылған құжатта қазақтың үкілі домбырасымен отырған бейнесі салынған. Кетбұғаның суреттегі жас мөлшері Парсы елін бағындырған кезде сәйкес келетіндігін профессор М.Оразбай тарихи дәйектерге сүйене отырып дәлелдеген. Осы уақытқа дейін Кетбұға Шыңғыс ханның баласының өлімін домбырамен, кейбір кезде қобызбен күй тартып естірткен деп айтылып келсе, ендігі табылып отырған тарихи деректер Кетбұғаның домбырашы екендігін айғақтай түсті. Ал, қазақ даласында сақталған аңызда Кетбұғаның есімі әйгілі «Ақсақ құлан» күйімен тығыз байланысты болып келеді. «Ақсақ құлан» десе Кетбұғаның, Кетбұға десе «Ақсақ құланның» қосарлана айтылатындығы белгілі. Қаһарлы Шыңғыс ханның заманының жанды куәсіндей болып жеткен «Ақсақ құлан» қазақтың күй тарихындағы ескі күйлердің бірі болып саналады. Күйдің аңызы бойынша Шыңғыс ханның баласы Жошының қазасын естіртуге байланысты болса, кейде Жошы ханның баласы аң аулап жүріп мерт болғанда осы қайғылы хабарды күймен естірткен болып айтылады. Көршілес Қырғыз халқында «Кетбұқа» деген елдік күй бар және күйдің аңызында Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның өлімін күймен естірткен деп келеді. «Ақсақ құлан» күйіне қыстағы маңғастаулық күйші Мұрат Өскембаевтың айтуы бойынша аңыз былайша баяндалады: «Бұрынғы өткен заманда Жошы деген хан болатын. Оның сенімді бас уәзірі бар екен. Жеті жыл жер бетін шарлап, алыс сапардан оралған оны Жошы хан шақыртып алып, көрген-білгенін сұрапты. – Саруалдың арығы деген жерде көп ордалы құландар жатыр екен. Соның ішінде киелі ақсақ құлан бар екен, оған ешкім жоламайды. Өзіне тиген адамды құлан не теуіп, не таптап өлтіреді, әйтеуір, ажал қармайды екен. Сол ордалы құланды көрдім, – дейді уәзірі. – Оу, ақсақал, мен адамды жылқы не құлан теуіп өлтіреді дегенге сенбеймін, – дейді сонда Жошы ханның қасында отырған баласы. Содан ол қырық жігітке келіп: – Уәзірдің айтқан жеріне біз де барып, көзімізбен көріп қайтайық, – дейді. Қырық жігітті көндіріп, дінтеген жерге келсе, құлан жайылып жүр екен. Ханның баласы қызыл шекпенін киіп, садағын қолына алады да, құландарға қарай жүреді. Сонда көп құланның ішінен бір ақсақ Құлан үйірінен бөлініп шығып, одағайлап келіп жер тебініп, тысқырып қалғанда айналаны қап-қараңғы тұман басып кетеді. Мергендер бір-бірінен көз жазып қалады. Бір кезде тұманның арасынан: «Қу шақайлыдан қаппа жүріндер, қызыл шекпендінің үстін баса жүріндер» деген бір дауыс естіледі. Жігіттер тұман сейілгеннен кейін қараса, құландар да, ханның баласы да тім-тайым жоқ болып шығады. Олар үш күн бойы іздеп жүріп хан баласының жалғыз шынашағын

тауып алады. Үстінен шұбырып өткен көп құлан оны таптап кеткен екен. Мергендер елге келеді. Баласын жоғалтқан хан қайғыдан қан құсып, басын көтермей жатып қалады. «Кімде-кім менің алдыма балаң өлді деп келетін болса, соның құлағына қорғасын құямын», – деп жарлық етеді. Мұны естіген халық ханға баласының өлімін естіртуге қорқады. Сөйтіп, ел-жұрт мұның еш амалын таба алмай, дал болады. Сонда ноғайлыдан шыққан Кербұқа деген домбырашы тәуекелге бел буып, хан сарайы-на келеді. Ол келе домбырасын тарта бастайды. Сонда домбыраға алғаш салғаны құланның жүрісі екен. Хан басын көтерместен жата береді. Домбырашы әрі қарай толғайды. Домбыра «Балаң өлді, Жошы хан» деп күніренеді. Сонда хан басын көтеріп алып: – Әй, сенің тартар күйін емес, менің естір күйім емес екен бұл, «Балаң өлді, Жошы хан» деп тұр ғой мына күйі, – дейді. Сол уақытта Кербұқа: – Таксыр-ай, балаңыздың өлгенін өзіңізден естіп тұрмын, – дейді. – Өз қолымнан өлтірер едім, әттен, мынау сөз тауып кетті-ау. Бөлен жерде айдаһар жалын бар. Домбырашыны соның алдына апарып тастаңдар, – деп әмір етеді хан. Кербұқа: – Таксыр, оған да құлдық, тек домбырамды өзіме беріңіз, – дейді. Ханның вөкерлері оның қолына домбырасын беріп, аяғына кісен салып, айдаһардың алдына апарып тастайды. Айдаһар адамды көріп, жұтайын деп қасын келгенде, Кербұқа оның алдына отыра қалып, күй тартады. Сонда айдаһар күй біткенше тыңдап жатқан екен. Күй аяқталған соң ініне кіріп, ат басындай алтынды домбырашының алдына домалатып әкеліп тастайды. Кербұқа алтынды құшақтап еліне қайтады. Ол ханның қаһарынан да, айдаһардың аузынан да осылайша аман құтылып, мұратына жеткен екен». Мұндағы күйшінің айдаһардың алдына барып күй тартып, ат басындай алтын алып қайтып, мұратына жетуі қазақтың ежелгі аңыз-әңсаналарында кездесетін мифологиялық сарындармен астасуынан, оқиғаны әсірелеп айтудан туындаған болуы керек. Тарихи деректер бойынша «Алтын топшы» кітабында «1223 жылдан Орта Азия елдерін Шыңғысхан өзіне түгелдей қаратып Самарқанд қаласында тұрады. Үш ұлын жинап, ақылын айтып, Монғол үстіртіне қайтып кетудің қамына кіріседі. Сол кезде, үлкен ұлы Жошы қайтып келмей қояды. Шыңғысхан ашу шақырып, Жошыны шақырып келуге үш дүркін шабарман жібереді. Бұл арада Жошы аң аулап жүріп тосыннан мерт болады. Жошының өлімін ешкімнің Шыңғысханға естіртуге жүрегі дауаламайды. Осы кезде атағы жер жарған күйші Кетбұға «мен Жошының өлгенін ұлы ханға естіртем» дейді. Сол бойынша, Қаһарлы Шыңғысханның алдына барып «Ақсақ құлан» атты күйін шертіп береді. Шыңғысхан күйді әбден естіп болып, ауыр күрсінеді «ең, Жошы өлген екен ғой» деп басын салбыратып, қамығайды» – деп жазады. Демек күй аңызында да, тарихи деректің арасында аса ашықтық жоқ, ортақ сарын Шыңғыс ханның баласы Жошының қазасын естіртуге байланысты болып келеді. «Ақсақ құлан» күйі Қазақстанның Алтай мен Маңғыстау түбегіне дейінгі байтақ далада дерлік тартылып күні бүгінге дейін жеткен. Монғолияның Баян-Өлгей қазақтарында, еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Сыр бойы, Ақтобе, Орал, Атырау, Маңғыстау өңірлерінде «Ақсақ құлан» күйінің бірнеше нұсқалары бар. Күй теріс бұрауда (квинта) орындалады. Кетбұғаның өзінің тартқан нұсқасы дәл сол калпында жетті деу қиын. Қазақ күйлеріне тән импровизациялық үрдіс тән екендігін ескеретін болсақ 800 жылда күйдің түрлі нұсқаларының пайда болуына табиғи құбылыс деп қараған жөн. Бірақ бір нәрсенің басы ашық, ол «Ақсақ құлан» күйін алғаш шығарып, орындаған Кетбұға екендігі анық. Тарбағатайлық домбырашы Бағаналы Саятолековтың, Сыр бойының күйшісі Нәби Жәлімбетовтың, Маңғыстаулық

күйші Мұрат Өскенбаевтың орындауындағы «Ақсақ құлан» күйіндегі ортақ сарын «Балаң өлді, Жошы хан» – деп кезегін естірту ретінде домбыраның сөйлейтін тұсы. Дей тұрғанмен де, домбыршы Қамбар Медетовтың жеткізуіндегі нұсқасын айрықша айтуға болады. Біріншіден бұл көне жәдігердің қазақ арасындағы төрелерде сақталуы. Төрелер Шыңғысханның ұрпақтары болып саналатындығы белгілі. Екіншіден басқа күйлерге карағанда бітімі, құрылымы, әуені жағынан оқшау сарындағы туынды. Күйдің әуенінен түркі-монғол сарыны байқалады. Әсіресе үстіңгі ішектегі бұрдон тәрізді күдіретті, күбіренген сарынан ескіліктің лебі еседі. Күйдің шығу тарихына, әуеніне карағанда «Ақсақ құлан» түркі-монғол халқында ертеден келе жатқан адам қазасын естірту жанрында шыққандығын байқаймыз. Бүгінгі күні «Ақсақ құлан» домбырашылардың репертуарынан берік орын алған күйлердің бірі. Кең тарағандығы соншалық, бұл күйді орындамаған домбырашы некен саяқ деп айтуға болады және бірнеше озық варианттары бар. Қазақстанның Халық артисі, майталман домбырашы Рүстембек Омаров, КСРО Халық артисі, дирижер, күйші-композитор Нұрғиса Тілендиев, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі домбырашы Қошқарбек Тасбергеновтың орындауындағы нұсқаларын айрықша атауға болады. Кетбұғаның «Ақсақ құланның» басқа «Нараду», «Терісқақпай» деген күйлері болғандығы жөнінде деректер бар. «Нараду» атты күй әйгілі күйші Абылда да бар. Бұл жөнінде академик А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде: «Нараду күйі туралы тағы мынадай аңыз бар. Онда бұл күйді шығарған Абыл емес Кербұқа деген күйші дейді. Нараду жаудың қолының көптігін көріп сескенейін дегенде Кербұқа «Нараду» күйін тартып оның рухын көтерсе керек. Айта кетуіміз керек, Кербұқаның «Нарадуы» Абылдың «Нарадуынан» тіпті өзге күй» – дейді. Осыған карағанда Кетбұғаның «Нараду» деген күйі кейінгі заманға дейін тартылып келгенге ұқсайды, өкініштісі бүгінгі күнге жетпей қалуында. Кетбұғаның аты көршілес қырғыз, қарақалпақ фольклорында да кездеседі. XV ғасырда өткен Доспамбет жыраудың, XIX ғасырда өмір сүрген Махамбеттің

«Кетбұғадай билерден

Кенес сұрар күн қайда» – деп жырға қосуы, «Ақсақ құлан» күйінің 800 жыл бойы халық жадынан өшпеуі Кетбұғаның қазақ халқының сан қатпарлы тарихында орны айрықша екендігін байқауға болады. Әлемді дүр сілкінген Шыңғысхан құрған империяның ең ірі әскери қолбасшысы дәрежесіне жеткен тарихи тұлғалардың бірі, күй атасы – Кетбұғаның есімі ел есінде мәңгі жасай бермек.

7. АҚСАҚ ҚҰЛАН

орындаушы Мұрат Әбугазы

Жүрдек, жігерлі

The musical score is written for a single melodic line on a grand staff. It consists of ten staves of music. The time signature is 3/4. The key signature has one flat (B-flat). The music features a complex rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes. The first staff includes rhythmic markings 'm v m v m v m v' above the notes. The sixth staff includes markings 'm v m v m v' above the notes and 'f' below the notes. The seventh staff includes markings 'f' below the notes. The eighth staff includes markings 'f' below the notes. The ninth staff includes markings 'f' below the notes. The tenth staff includes markings 'f' below the notes.

* Бұл күйді алғаш жеткізгені Қамбар Медетов

This page of musical notation consists of ten staves of music, likely for guitar. The notation is written in a single system with ten staves. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and is heavily marked with triplets. Dynamic markings such as *p* (piano) and *mf* (mezzo-forte) are present throughout. The notation includes many slurs and accents, indicating complex phrasing and articulation. The overall style is that of a technical or contemporary guitar piece.

The image displays ten staves of musical notation, likely for guitar. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, chords, and melodic lines. The first staff has a treble clef and a key signature of one flat. The second staff has a bass clef. The remaining staves have treble clefs. The music includes many chords, some with accidentals, and rhythmic patterns such as triplets and sixteenth notes. There are also some melodic lines with bends and slides. The notation is dense and detailed, typical of a guitar score.

This page of musical notation consists of ten staves of music, likely for guitar. The notation is complex, featuring many beamed notes and intricate rhythmic patterns. The music is written in a key with one flat (B-flat). The time signature starts as 3/4, changes to 3/8, and then to 6/8. The notation includes various clefs (treble clef) and includes some markings such as '1', '2', '3' above the notes, possibly indicating fingerings or measures. The page number 50 is centered at the bottom.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The music is written in a single melodic line on a treble clef staff. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. There are several measures with a double bar line, indicating the end of a phrase or section. The music appears to be a single melodic line, possibly for a flute or violin. The page is numbered 51 at the bottom.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system across the staves. The music features a complex rhythmic pattern, primarily consisting of eighth and sixteenth notes, often beamed together. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The notation includes various musical symbols such as stems, beams, and slurs. There are also some dynamic markings, including 'p' (piano) and 'f' (forte), and some phrasing slurs. The overall style is that of a technical exercise or a short piece of music.

This page of musical notation consists of nine staves of music. The first seven staves feature a complex rhythmic pattern of eighth notes, often grouped in pairs or triplets. The eighth staff introduces a key signature change to three flats (B-flat, E-flat, and A-flat) and includes a 3/4 time signature. The final staff concludes the piece with a final chord and a fermata.

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ КҮЙЛЕР

Тарихи деректерге карағанда, ноғайлы ұлыстың тарих арнасына шыққан мерзімі XV-XIV ғасырларда Алтын Орда құлағанынан кейін бұрынғы рулар мен ұлыстар ұсақ хандықтарға бөлініп кеткендігі белгілі. Ноғайлы Ордасы Алтын Орда мен Ақ Ордадан бөлініп шыққан көшпелілердің қуатты хандығы болды. Ал Өзбек хандығынан XV ғасырда Жәнібек, Керей іргесін бөліп алған. Қазақ хандығының құрылуынан көшпелілік пен отаршалдықтың жіктелуін байқауға болады. Бұлармен қатар Қазақ, Қазан, Қырым хандықтары да өз алдына бөлініп шықты. Ноғай Ордасының Алтын Орда хандығымен іргесін алшақтата бастаған кезеңі XIII ғасырдың соңы. Бұл тұста XIV ғасырда Алтын Орда Ақ Орда бөлініп шыққан тұста да әрі қарай жалғасты. Ал Ноғай ордасының айналаға кең таныла басталуы – XV-XVI ғасырлар. Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының бірлік құруы жайлы Ш. Уәлиханов: «Жәнібек билік құрғанда, туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп қонғанда, туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп қонған, ол кез қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталады». Белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Ноғайлар төрт түрлі: «1) Сары ноғай. Бұлар 1380 жылдан соң ислам дініне келіп, Қазан, Қырым, Касимов (Еділ) хандықтарын жасайды. І. Қара ноғай. XVI ғасырда бұлар он сан ноғай хандығын орнатқан. Ноғай, қазақ бүтінде, оны он ханы Орманбетті қазақтар өлтірген (1560 ж.). Олардың елі – баярабы татарлары. Маңғыт ноғайлары. Бұлар Маңғыстау жерінде тұрып, көп заман қазақтармен жерлес, тілдес болған. Едіге, Орақ, Қарасай, Қазы маңғыттан шыққан Ә-Жәнібек тұсында Ноғай ұлысы жауласады (XVI ғасыр). Қоныс Маңғыстау, батыста Дағыстан, Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Ұлыс, Өзбек ханы Әбілхайырдан (1428 – 1468 ж.) кейін туған. Ресей патшасы Иванның 1552 жылы Қазанды, 1556 жылы Астраханды жаулап алуы салдарынан ішкі рулық талас-тартыс күшейіп, Ноғай Ордасы ыдырап, бірте-бірте ұлыс ретінде күшін жойып, ел ішінің тынышы кетеді. Аспыттық музыка саласында қазақ пен ноғайдың тарихына ортақ кезеңде пайда болған бірқатар домбыра күйлері кездеседі. Осы дәуірлердің айғағы ретінде біздің заманға «Ноғайдың зары» атты таңғажайып терең толғаулы, мұңлы күйі жетті». Осы күйді шығарушы ретінде Қарт Ноғай деген күйшінің есімі де тарихи деректерде кездеседі.

Ноғайдың зары

*Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бұлған күн.
Айқай-айқай, айқай күн,
Айғайлап жауға тіген күн.*

Қара ноғай босып көшкенде, оның Орманбет би деген үлкен басшы ақсақалы дүние салады. Сонда: «Ахалтөгісіз, басышысыз қалған ендігі күніміз не болады?» – деп қайғырған халықтың мұңын Қарт Ноғай деген күйшісі күй етіп тартса керек.

*Күйді тартып аңыздың айтуына Бақыт Басығаров
А. Райымбергенов. Күй қайнары. 1990. 107 бет.*

8. НОҒАЙЛЫНЫҢ ЗАРЫ

Халық күйі

орындаушы Бақыт Басығариев

Үстемді, толғана

The musical score is written for a single melodic line on a grand staff. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 7/8 time signature. The piece is marked with a forte *f* dynamic. The notation consists of a series of eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. There are several dynamic markings throughout, including *mp* (mezzo-piano) and *mf* (mezzo-forte). The score includes various musical symbols such as slurs, accents, and fermatas. The piece concludes with a final forte *f* marking.

This page of musical notation consists of ten staves. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The second staff includes a dynamic marking of *mf*. The third staff has a dynamic marking of *f*. The notation includes various rhythmic values, including eighth and sixteenth notes, and rests. The piece concludes with a double bar line and repeat signs.

АСАНКАЙҒЫ СӘБИТҮЛЫ (15-ғасыр) Асанкайғы 1361 -1370 жылдар аралығында Еділ бойында туған. Асанкайғы Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болған. 15-ғасырдың 20-жылдарында Ұлығ-Мұхамед Ордадан қуылғанда Асан әміршісімен бірге кетеді. Көп ұзамай Қазанда билік құрған Ұлығ-Мұхамедтің ақылгөйлері қатарында болған, хан өлген соң Дешті-Қыпшаққа қайтып оралады. 1450-жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456-жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Ел ішіндегі шежіре сөздер күй аңыздарына қарағанда Асанкайғы халық қамын ойлаған ақылгөй би, арқалы жырау, дәулескер күйші болған. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған «дала философы», осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін «қайғы» сөзі қосылып аңыздалып кеткен. Шежіре-аңыздардың айтуынша Асанның әжесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көрінкел әулие, атақты саятшы болса керек. Ол баласы Асанды ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқының қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосысады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақыдық-жыраулық, күйшілік, шешендік, танықорлық өнерді жете меңгереді. Ел дауын, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді. Асанкайғы гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған. Ноғай, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халықтары арасында Асанкайғы есімі ітіншпатпен аталып, құрмет тұтылады. Оның ақыдық ойы мен жыраулық философиясы өзінің танымдық құдіреттілігімен ерекшеленеді. Асанкайғының нақ жерленген жері белгісіз. Екі дерек бар: біріншісі бойынша, Жезқазған облысының Ұлытау ауданында, ал екіншісі бойынша, Қызылорда облысының Шнелі ауданындағы Шнелі ауылынан 16 шақырым жерде жерленген екен. Өкініштісі, бүгінгі күнге Асанкайғының «Ел айрылған», «Желмая» сияқты санаулы ғана күйлері жеткен.

9. ЕЛ АЙРЫЛҒАН

Асанкайғы

орындаушы Тымат Мерғалиев

Асықпай, қайғылы
асықпай, қайғылы

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in 12 staves, organized into six pairs. Each staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and chords. A circled 'C' is visible at the end of the fifth staff, possibly indicating a section or measure. The notation is dense and complex, suggesting a piece of music with intricate harmonic and rhythmic structures.



КАЗТУҒАН СҮЙІНШҮЛЫ (15-ғасыр) Қазтуған жырау шамамен 15-ғасырдың 20-30 жылдарында Еділ бойында, қазіргі Астрахань облысының Красный Яр қаласының маңында туған. Көшпенді шоңжарлар әулетінен шыққан Қазтуған Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы батыры болады. Халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Қазақ пен Ноғайдың айрылғанын, ата қоныстың артта қалғанын Қазтуғанның көзі көріп отырсада көңілі сенбейді, жан жүрегі бұл сұмдықты мойындамайды. Осынау тарихи оқиғалар Қазтуғанның бүкіл өмірінің мазмұнына айналған сияқты. Міне, осы жағдайлар тек жыр түрінде ғана емес, Қазтуғанның көкірегінен күй болып төгілген. Қазтуғанның ел-жұртың сағынғанда тартқан «Сағыныш» күйі бес ғасыр белесінен өтіп, біздің заманға жетті. Бұл күйді Қазанғаштың шәкірті Кәдірәлі Ержановтың орындауында жатып алып, нотаға түсірген – Т.Мерғалиев.

10. САҒЫНЫШ

Қазтуған Сүйіншіұлы
орындаушы Қадірәлі Ерсанов

Жүрекс, толғана

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef. It begins with a key signature of one flat (B-flat) and a 3/4 time signature. The first staff contains the initial melody, marked with a fermata over the first note and a 'V' (vibrato) marking. The subsequent staves continue the piece with various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The score concludes with a final cadence in the twelfth staff.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a keyboard instrument. It consists of 14 staves of music. The notation is written in a single system, with each staff containing a line of music. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/8. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and chords. The notation is arranged in a multi-staff format, typical of a score for a keyboard instrument. The music is written in a single system, with each staff containing a line of music. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/8. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and chords. The notation is arranged in a multi-staff format, typical of a score for a keyboard instrument.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ КҮЙЛЕР

Қазақ халқының сан қатпарлы тарихында жоңғар басқыншыларына қарсы соғыс үлкен орын алады. Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, 15 ғасырдың 50-жылдарынан 18 ғасырдың 50-жылдарына дейін оның аумағына ойраттардың бірде өршелеве, бірде беті қайта жасаған шапқыншылықтары. Үш ғасырға созылған қиян-кескі соғыс нәтижесінде қазақ халқының жеңіске жетуі ел өміріндегі айтулы кезеңдердің бірі. Қазақ халқы ойраттарды алғашқыда қалмақтар, кейін жоңғарлар деп атаған. Осы бір қилы кезең жыраулар поэзиясында айқын көрініс тапса, аспаптық музыкада да елеулі орын алады. Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы аласапыран заманда туындаған кейбір күйлердің шығарған авторлары әлдебір себептермен ұмытылып халық күйлерінің санында болып кеткендігін аңғаруға болады. Бұны біз күйлердің қосарлана айтылатын аңыз-әгіміелерінен байқай аламыз. «Ашы күй» бұл күй жаугершілік заманынан жеткен көне жәдігерлердің бірі. Жалпы «Айрауықтың ашы күйі» деп аталатын туынды қобыз күйлерінде сақталған. Айрауықтың ашы күйінің шығу тарихы қобызшы Дәулет Мықтыбақтың айтуы бойынша быдайша баяндалады: «Ұлы жүзде Тайлақ деген кісі өтітті. Тайлақ батыр асқан сымбызғышы адам болыпты. Тайлақ батыр «Айрауықтың ашы» күйін өзінің Шекер мен Барақ дейтін екі ұлына арнап шығарған деседі. Тайлақ батыр сексенге келіп, әбден қартайған кезінде жылқысын жау шауып кетеді. Шекер мен Барақ атты екі баласы қарт әкесін үйде қалдырып, жау соңынан қуады. Сол жолда Шекерге оқ тиіп, қаза табады. Барактың жылқыдан айрылып, жаралы қайтқанда, үй сыртында төбеле отырып күні-бұрын осы оқиғаны жаны сезіп, күніреінін тартқан күйі екен. Бұл күйді жиналған елі-жұртына тарту арқылы үйде отырған келініне естіртеді. Сонда үйде отырған келіні: «Әкем тартар күй емес, өзім естір күй емес, сакта құдай, сактай көр!» – деп үйден шыға алмай отырып қалады деп аңыз қылады.»

Ел айрылған

1723 жылы жоңғар шапқыншылығы кезінде болған «Ақтибан шұбырыңдыда» ел босып, Қаратауды басып бет-бетімен көшкенде халық:

*«Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бас келеді.
Туған жерден айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.»* –

деп «Елім-ай» әнін шығартында, халық күйшілері домбыраның көмейінен «Ер айрылған» күйін күніреңткен. Сөйтіп, «Ел айрылған» күйі осылай дүниеге келітті.

Т. Мерғалиев. Домбыра сазы. 1972, 299 бет.

II. ЕЛ АЙРЫЛГАН

Халық күйі
орындаушы Айса Шаріпов


Жүрек

mf

p

f

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piano or similar instrument. The notation is organized into ten horizontal staves. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music consists of a series of chords and rhythmic patterns. The first three staves feature a complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes, often beamed together. The fourth staff introduces a dynamic marking 'v' (pizzicato) and a fermata over a chord. The fifth staff has a dynamic marking 'c' (crescendo) and a fermata. The sixth staff has a dynamic marking 'n' (normal) and a fermata. The seventh staff has a dynamic marking 'v' (pizzicato) and a fermata. The eighth staff has a dynamic marking 'f' (forte) and a fermata. The ninth staff has a dynamic marking 'p' (piano) and a fermata. The tenth staff continues the rhythmic pattern. The notation includes various musical symbols such as beams, slurs, and dynamic markings.



БАЙЖІГІТ (шамамен 1705 жылы туған) өзіне дейінгі күйшілік, домбырашылық өнердің озық қасиеттерін бойына сіңіре отырып, оны жаңа белеске көтерген бірегей тұлға. Абылайхан заманында өмір сүрген Байжігіт 300 күй шығарып күй перісі атанған. Белгілі жазушы, тарихшы Мұхтар Мағауиннің «Жұлдыз» журналының 1976 жылы № 9 санында жарық көрген «Күй несі – Байжігіт» атты көлемді мақаласындағы Байжігіт күйшінің жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі күйлеріне қатысты деректерін беруді жөн санадық. «Байжігіт өмір табалдырығын аттаған кезең – қазақ тарихындағы ең қиын, күрделі дәуірлердің бірі еді. Бұл кезде қазақтардың ежелден ит-жығыспен келе жатқан ескі көрінісі, төрт ұлыстың одағы аталатын Ойрат мемлекеті де қиын халді басынан кешіруде еді. Өлмесіктен бері терістіктен батыс тараптағы көшпенділерге көз аларта қарап келген, өз көріністерінің есебінен жерін кеңейтуге ниет еткен Қытай жоңғар халқын тықсыра түседі. алденеше сәтсіз соғыстардың нәтижесінде ойраттар шығыс беттегі жайлы мекендерінің біразын тастап шығады. Қалған қоныс мал шаруашылығымен айналысушы халыққа тарлық ете бастайды. Жоңғар феодалдары тығырықтан шығар жалғыз-ақ жол бар деп біледі: ол – дәл осы сәтте береке, бірліктен айрылған қазақтарды қырып жою, атаме-кеннен бездіру арқылы жаңа қоныс табу еді. Еуропа офицерлерінен әскери кеңесшілері бар, бірлі-жарым болсада зеңбірекпен қаруланған ұшан саны жүз мыңға қарайлас жоңғар қолы 1723 жылы сәуірде қазақ еліне лап қояды. Тұтқиыл шабуылды күтпеген қазақтар ауыр жеңіліс табады. Ел ішіне енген жоңғар әскері бала-шағаны да, қарі-құртан, қатын-қалашты да аямайды. Қылыштың жүзіне, найзаның ұшына ілінбей қалған жұрт жауұлы-жалшылы шұбырып ата мекенінен безеді, тарихта «Ақтабан-шұбырынды» аталатын босқыңға ұшырайды. Бұл кезде Байжігіт 18 жасар жігіт екен. Елмен бірге үрей кешеді, елмен бірге азап шегеді. Бірақ домбырасын тастамапты. Осы кезеңде «Ақтабан» атты күй шығарады. Күй әуені зарлы. Бығырай босып, берекесі кеткен ел, әлі құрыған, сүлдерін сүйреткен аш-жалаңаш адамдар көз алдыңызға

келгендей. Байжігіт «Ақтабанда» өзінің шұбырыншылық кезінде табаны тесіліп, арып-аршып, жыталып-тұрып, қалтақтап келе жатқанын бейнелеген екен дейді, ел өнгімесі. Шынында да күй бүкіл халықтың басына түскен ауырталпақты жеке адамның түйсінуі тұрғысынан берілген. Байжігіттің юлы кезенге арналған ең елеулі туындысы – «Қайың сауған». Анда-санда обын кететін үлкен жұттардан соң, немесе алыстан, я жақыннан шыққан дұшпан мал атаулыны айдап әкететін жаугершілік пен барымтадан соң, жоқшылық кезінде жеміс-жидек, жуа теріп, ботташық, түйетабан, биешпек, шәушымалдық қазып жеу, қайыңның сөлін тосып ішу – қазақ арасында көне замандардан бастап ұшырасқан жәйт. Халық тілінде бірақ ауыл анықтамамен берілген «қайың сауған» сөзі тек азық-түлік тапшылығын ғана бейнелемейді, қорлықтың, рухани және материалдық азып-тозудың, езгіге түсудің шегі деген ұғым береді. Және жоңғар шапқыншылығынан соң «қайың сауған» халге бір-жарым үй, бірлі-екілі ру емес, бүкіл қазақ халқы ұшырағанын ескерсек күй атауында қанша салмақ жатқанын аңдаймыз. Байжігіт «Қайың сауғанды» азамат ретінде ақал-ойы марқайып, өнерпаз ретінде таланты толысқан кезде шығарғынға ұқсайды. Күй бүкіл халықтық трагедияны сипаттайтын симфония тәрізді. Азынаған армен басталған домбыра үні, бірте-бірте салқын сабырға толы бау ағыс арнасына түседі де, сырлы сазға ауыса бере тыншыды. Күй әуенінде қайғыдан көрі мұң басым, түңіліс жоқ, үміт бар. «Қайың сауған» Байжігіттің есімін бүкіл елге әйгілейді. Жана өрлеп келе жатқан жас сұлтан Абылай, күйшіні ордаға алғызды. Байжігіт өмірінің бірталай уағы осы Абылай төңірегінде өтеді. Ханның ақылшы бні, аруақты жырауы Бұқар, жорық жыршысы Тәтікара өз тұсында сөз өнерін дамытып ұстартып түссе, Байжігіт қазақтың музыка өнерін дамытады. Өзінен бұрынғы халық әуендерін, күйші-композиторлар туындыларын сақтау-шы тірі қазына болумен шектелмейді, өз жанынан көптеген жаңа күйлер шығарады. Өлең-жырдың кеніші Бұқар «көмекей әулие» атанса, замандастарына сырлы әуенді домбырасы сиырлы тәрізді болып көрінген Байжігіт «күй перісі» атанады. Байжігіт дулы жолын, алкалы кеңестерде домбыра шертіп өнер жолын ғана күйттеген жадағай талант емес еді. Ол өз тұсындағы елеулі тарихи және әлеуметті оқиғалардың ешқайсысынан сыртқары қалмаған. Сондықтан күйші творчествосы қашанда өз заманының көкейкесті мәселелерінің үдәсінен шығып отырады. «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан алғашқы соққыдан соң ес жиған халық жау табанында қалған атамекен – Сыр бойы мен Жетісуді, Шығыс аймақты қайтарып алу жолында бірнеше сәтті ұрыстар жүргізгені мәлім. Өйткенмен, ойраттарды біржола талқандауға хан-сұлтандар мен ірі феодалдардың алауыздығы кесел келтіреді. Бірақ ақыр түбінде, қыркызы жылдардың аяғына таман қазақтар бел ала бастайды. Шешуші айқас 1750 жылғы шамасында, қазіргі Семей облысы Аягөз ауданының шегінде болған. Абылай хан мен Қабанбай, Бөгембай батырлар бастаған қазақ қолы Ақ Шаулі тауының етегіне жиналады. Ұрыс Нарын дейтін жерде болады. Өз заманындағы ұрыс-соғыстардың талайына қатысқан Нарын шайқасына да куә болған Байжігіт жеңісті жорыққа арнап «Нарын» (төрт тарау) күйін шығарады. Эпикалық сипаттағы бұл туынды «Баталасу», «Аттанас», «Соғыс», «Оралу» атты төрт күйден құралған. Байжігіт ежелгі сойқанды жауды талқандау, ата-қонысты босату оқиғасына орай «Азат» атты екі бөлімді күй шығарады. «Азатта» алақайлаған айқай жоқ, салқын сабырлы қуаныш әуені бар. М.Мағзун: «Жалпы, Байжігіттің жоңғар шапқыншылығы дәуіріне арналған тоғыз күйін («Ақтабан», «Қайың сауған», «Нарын») (төрт бөлімнен тұрады), «Азат» (1,2 түрі), «Арман») қилы кезең симфониясы, тайпақ кешулі жаугершілік заманның музыкалық шежіресі деседі болғандай» дейді.

Қайың сауған

Байжігіттің қылы кезенге арналған ең елеулі туындысы – «Қайың сауған». Аңда-санда обып кететін үлкен жұттардан соң, немесе алыстан, я жақыннан шыққан дұшпан мал атаудыны айдап әкететін жаугершілік пен барымтадан соң жоқшылық кезінде жеміс-жидек, жуа теріп, ботташық, түйетабан, биешшек, шаушымылдық қазып жеу, қайыңның сөлін тосып ішу – қазақ арасында көне замандардан бастап ұшырасқан жәйт. Халық тілінде бірақ ауыз анықстамамен берілген «қайың сауған» сөзі тек азық-түлік тапшылығын ғана бейнелемейді, қорлықтың, рухани және материалдық азып-тозудың, езгіге түсудің шегі деген ұғым береді. Және жоңғар шапқыншылығынан соң «қайың сауған» халге бір-жарым үй, бірлі-екілі ру емес, бүкіл қазақ халқы ұшырағанын ескерсек күй атауында қанша салмақ жітқаннан аңдаймыз. Байжігіт «Қайың сауғанды» азамат ретінде ақыл-ойы мырқайып, өнерпаз ретінде таланты толысқан кезде шығарғанына ұқсайды. Күй бүкіл халықты трагедияны сипаттайтын симфония тәрізді. Азынаған армен басталған домбыра үні бірте-бірте салқын сабырға толы бауу ағыс арнасына түседі де, сырлы сазға ауыса бере тыншиды. Күй әуенінде қайғыдан көрі мұң басым, түңіліс жоқ, үміт бар.

*Мұхтар Мағамин. «Күй иесі Байжігіт»
«Жұлдыз» журналы.
1976ж. № 9 саны. 181 бет.*

12. ҚАЙЫҢ САУҒАН

Байжігіт
орындаушы Таласбек Әсемқұлов

Жүрек, сүйемелдегі



The image displays ten staves of musical notation, likely for a guitar or piano. The music is written in G major (one sharp) and 3/4 time. The notation includes various rhythmic patterns such as eighth and sixteenth notes, often beamed together, and chords. The piece features a variety of time signatures, including 3/4, 3/8, and 6/8, which are indicated by the number of flags on the stems. The overall style is melodic and rhythmic, with a focus on chordal accompaniment and melodic lines.



**АБЫЛАЙХАН (ӘБІЛМАНСУР)
УӘЛИУЛЫ (1711–1780)**

Абылай қазақ халқының әйгілі ханы. Абылай 1711 жылы арғы тегі Шыңғыс ханның ұлы Жошының ұрпақтарынан тарайды. Абылайдың шын аты – Әбілмансұр. Бір ұрыста атасының аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» шабады. Осыдан бастап ол Абылай атанып кетеді. Абылай Қазақ мемлекетінің саяси бірлігін қалпына келтіріп, ірі мемлекетке айналдырды. Әсіресе жонғарларға қарсы күресте қазақ халқының жеңіске жету жолында Абылай ханның сіңірген еңбегі орасан зор. Ресей мен Қытай арасында жүріп, қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуға көп күш жұмсады. Абылай хан 1881 жылы 70 жасында өмірден қайтты. Тарихи ұлы тұлғаның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылған. Абылай қаншалықты алапат-айбары асқан хан болғанымен, ол да ең әуелі өз заманының, өз қоғамының перзенті. Оның арман аңсары, ой сезімі, әрекет тірлігі сол кездің көлденең тартқан тарихи-әлеуметтік жағдайымен сабақтасып жатуы заңды. Жокқа жүйрік жетпейді, бүгінгі күнге жұқанасы ғана жеткен Абылай күйлері XVIII ғасырдағы күйшілік дәстүрдің айғағы ретінде қамбит. Соңдықтан да, Абылай күйлерінің дүниеге келуіне жаугершілік заманның шаңды жорықтары, ел қамын жеген ерлердің күлдіай істері, қан жұтқызған қасірет сәттері мен еңсе көтерер жеңіс салтанаттары себепші болып отырады. Бұл жөнінде Абылайдың шөбересі, әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Қазақтың аңыз-әңгімесінде Абылай ерекше бір аруақты данққа бөленген. Олар үшін Абылай заманы ерлік пен серілік заманы. Оның жорықтары, батырларының ерлік істері эпикалық жыр-шежіреге айналған. «Шаңды жорық» деген күй шапқыншылық кезде ержүрек Баян батырдың қаза табуына орай шығыпты. Қазақтар Еділ

бойындағы калмақтарға қыстың көзі қырауда жорыққа аттанып, қанша олжа түсіргенше жеті күн бойы ашығады. Осы оқиғаға байланысты «Қоржыққақпай» күйі туған. Қазақ күйшілері күні бүгінге дейін тартатын бұл күйлер Абылай ұрпақтарының есіне дансты күндерді түсіреді». Абылай хан күйлерін ең алғаш нотаға түсірушілердің бірі А. В. Затаевичтің: «Менің ойымша, «Абылайдың кара жорғасы» күйін осы тектес күйлердің ішіндегі тәуірі деуге болады. Оған жау тұтқынынан босаған Абылай ханның алып ұшқан көңіл күйін, астындағы аттың желдей ескен жүрісін бейнелейтін осынау мамыражай күйдің сұлу суреті және бел буындағы әсем ырғағы жарқын айғақ бола алады» – дейді. Абылай ханның «Қара жорға» күйін А. В. Затаевич 1926 жылы Қарқаралыда Майтасов Асылбек деген домбырашыдан жазып алған. 1934 жылы халық өнерпаздарының Бүкілқазақстандық байқауында Арқадан келген домбырашы Ілияс Әубәкіров Абылайдың «Садақ қақпай» күйін және «Орақ зары» атты халық күйін тартып, екінші орынға ие болғанын айта кеткен жөн. Өйгілі ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің орындауында нотаға түсірген «Терісқақпай» күйі туралы А.В. Затаевич былай дейді: «Маған қазақтардың түсіндіруінде, бұл маршты Орта жүздің ханы Абылай (1781 жылы өлген) салтанатты шеруге шығарда салт атты домбырашылар ойнайды екен». Белгілі күй зерттеуші ғалым Ақселеу Сейдімбек Абылай хан күйлерін мынандай екі кезенге бөліп қарайды: «Абылай ханның күйлерін тақырыбы жағынан болсын, әуен-сазының ерекшелігі жағынан болсын екі кезенге бөліп қарауға болатын сияқты. Біріншісі – Жоңғар шапқыншылығы қабылдап тұрған кезде нақтылы өмір құбылыстарына арналған күйлер. Мұнда негізінен жаугершілік кездің жорықтары, соғыс зардабы мен жеңіс салтанаттары, батырлардың ерен ерліктері күй тіліне көшіп отырады. Екіншісі – тура шапқан жаудың беті қайтып, көшпелі өмірдің қалыпты ырғағы қайта жаңданып, Абылай ханның байсал тарта бастаған кезде туған күйлері. Бұл күйлерінде өмірдің мәні мағынасы туралы ойлаған, ел қамы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойлы сезім бел алып жатады. Оған «Дүние қалды», «Қайран елім» сияқты күйлері жарқын айғақ. Маясар ақынның баласы Тұрабай ақсақалдың айтуында, «Дүние қалды» күйін Абылай хан 1781 жылы Түркістан сапарында көрген жайсыз түсіп Бұқар жырауға жорытқан соң шығарып елі» дейді.

13. ҚАРАЖОРҒА

Абылайхан
орындаушы Асылбек Майтасов

Жүрек

The musical score for "Жүрек" (Heart) is composed of 14 staves. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. The piece starts with a forte (*f*) dynamic. The melody is highly rhythmic, featuring numerous triplets and sixteenth notes. The dynamics fluctuate, with sections of piano (*p*), forte (*f*), and fortissimo (*ff*). The score includes various musical notations such as accents, slurs, and dynamic markings. The piece concludes with a double bar line and a final chord.

ДӘСТҮРЛІ ДОМБЫРАШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕР

Бүгінгі таңда музыкатуанушы ғалымдардың пайымдауына қазақ даласында ғасырлар бойы аймақтық, тарихи-мәдени, күйлердің әуендік, құрылымдық, орындаушылық ерекшеліктеріне тағы да басқа сипаттарына байланысты жеті түрлі күйшілік дәстүрлер мен мектептер болып қалыптасқан және олар сол аймақтардың, өңірлердің атымен аталады. Олар: Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Батыс және Маңғыстау күйшілік дәстүрлері. Сонымен қатар домбырада күй тартудың негізгі екі жүйесі қалыптасқан. Шығыс Қазақстандық шертпе күй дәстүрі және Батыс Қазақстандық төкпе күй дәстүрі. Қазақ халқының этногенездік, этностық қалыптасуын тарихи тұрғыдан қарағанда шертпе күй түркі-моңғол, төкпе күй оғыз-қыпшақ мәдениеті аясында қалыптасқанға ұқсайды. Шертпе күйшілік дәстүр Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу өңірлеріне тән. (Шығыс Қазақстан, Семей, Орталық Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары.) Төкпе күйшілік дәстүр Батыс, Сыр бойы, Маңғыстау аймақтарында қалыптасқан. (Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстары.) Кейбір музыка зерттеуші-ғалымдарымыз шертпе және төкпе деген атаулар кейін пайда болған, күйдің тартылуына байланысты туындаған болуы керек дегенде пікір айтады. «Шертпе» атауына байланысты жағдайлар туысқан түркі халықтарының біразында кездесуі, бұл ойды тереңдете түседі. Мұндай күйлердің үлгілері бауырлас қырғыз, өзбек (көшпенді) халықтарында да кездеседі. Қырғызда «чертиш» деп айтылса, өзбектер бұл тәсілді «ғариби чертиш» деп атайды. Қырғыздың комузын кейде шертмек деп те айтады. Түріктің қос ішекті көне аспабының бірі «шертмек» деп аталып, сонымен қатар бұл аспаптың бес саусақтың саласымен шертіп тартылатындығы, қазақтың көне аспаптарының бірінің «шертер» деп аталуы және бұл аспаптың құрылысының өзі шертпе күй домбырасына ұқсас болуы «шертпе» атауының ертеден бар екендігін байқатады. Шертпе күйдің негізгі тәсілі оң қолдағы бес саусақтың саласымен шертіп тарту болып табылады. Бұл атау тек орындаушылық әдіске ғана қатысты емес сияқты. «Шертпе» сөзінің түбірі «шер» дегеннен шыққанға ұқсайды. Асанқайғы жырарудың:

«Су түбінде жатқан сөз

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады» – дегендегі «шер» сөзі адамның ішкі жан-дүниесімен байланысты екендігін білдіріп тұрғандығы айқын. Қазақта «домбыра шертші» немесе «күй шертші» деген сөз тіркестерінің жиі қолданылатындығын ескерсек немесе бір жақсы күйді естіген тыңдаушының «іштегі шерім тарқады» деуі әуеннің адам жанының ең бір нәзік сезімдеріне, ой түйсігіне әсері мол екендігі анық. Демек, бұның өзі «күй» сөзімен сабақтасып жатқандығын байқаймыз. «Шерту» деген тек бір орындаушылық әдіске ғана байланысты емес, жалпы күйге қатысты қолданылатын сөз болып шығады. Бұл кейіннен «шертпе күй», «төкпе күй» деген жіктеулерге байланысты бір жақты қолданысқа ие болып қалғанға ұқсайды. Төкпе күй дәстүрінің басты ерекшелігі оң қолдағы қағыс бас бармақ және сұқ саусақ арқылы төмен жоғары білезік буынымен тартылады. Төкпе күйлердің барлығы тек тоғіліп, жылдам ғана тартылады деп түсінуге болмайды. Төкпе күйлерде де асықпай, баяу екініде тартылатын күйлер де жеткілікті. Бұл атаулар тек шартты түрде ғана. Екі орындаушылық дәстүрлерге анықтауыш ретінде қолданылады.

ШЫҒЫС КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Домбыра аспабының пайда болуы және шығу тегі, сонымен қатар күйшілік өнердің де көне бастаулары да түркі жұртының алтын бесігі ітанған Алтай өлкесі болып табылады. Ежелден келе жатқан арханкалық аңыз күйлердің осы аймақта бүгінге дейін тартылуы осы сөзіміздің бұлтартпас айғағы тәрізді. Алтай тауы Азия құрлығында орналасқан, ұзындығы батыстан шығысқа қарай екі мың шақырымға созылып жатыр. Алтай таулары төрт мемлекеттің шекараласқан аумағына орналасқан: Шығыс Қазақстан облысының Алтай өлкесі, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы, Ресейдің Алтай Республикасы, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы өлкесінің Алтай аймағы. Осыған орай шығыс өңірінің күйшілік, домбырашылық дәстүрі де аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Осы орындаушылық дәстүрге еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Алтай, Тарбағатай, Шығыстау, Шұбартау, Аякөз өңірлерінің, сонымен қатар Қытай халық Республикасының Шығыс Түркістан, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтарының күй мұралары жатады. Шығыс Қазақстан өңірінде көне арханкалық үлгідегі аңыз күйлер мольнан сақталған. Әсіресе теріс бұрауда тартылатын «Шыңырау», «Ащының зары», «Самұрдың зары», «Ақсақ қаз», «Ақсақ марал» т.б. күйлер аңыз-әңгімелермен астасып жатқан көне жәдігерлер. Күй аңыздары көбінесе табиғат туралы, сол табиғат аясындағы жан-жануарлар жайында болып келеді. Ал, XIII ғасырдан жеткен тарихтан белгілі ескі күйлердің бірі - «Ақсақ құлан». Қаһарлы Шыңғысханның заманының жанды куәсіндей болып жеткен «Ақсақ құлан» күйі сол кездегі қазақ тайпасынан шыққан ержүрек батыр, ақылгөй би, дәулескер күйші Кетбұға есімімен тығыз байланысты. «Ақсақ құлан» күйі Қазақстанның Алтайның Маңғыстау түбегіне дейінгі кең байтақ далادا дерлік тартылып күні-бүгінге дейін жеткен. Баян-Өлгей қазақтарында, еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Сыр бойы, Ақтобе, Орал, Маңғыстау өңірлерінде «Ақсақ құлан» күйінің көптеген нұсқалары тартылады.

Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің тағы бір бөлігі қазақ пен қалмақ шапқанышылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи туындылар. Оған «Қорамжан», «Ащы күй», «Ана зары», «Сары өзен», т.б. күйлер жатады. Сонымен қатар авторлары ұмытылып халықтық туындылар болып кеткен «Беласар», «Бұлған-Сусар», «Балжанкөп», «Жалқы жігіт», «Салқұрен», «Телқоңыр» сияқты аңыз-әңгімесімен, шығу тарихымен ерте замандардан жеткен халық күйлері өз алдына бір төбе.

Қазақстанның шығыс өңірінде күйшілік өнердің арналы мектебі қалыптасқан. Шығыс күйшілік, домбырашылық дәстүрінің, жалпы қазақ күй өнерінің шертпе күй саласының дамуына, көркісүйне мұрындық болған күйші - Байжігіт (шамамен 1705 жылы туған) өзіне дейінгі күйшілік, домбырашылық өнердің озық қасиеттерін бойына сіңіре отырып, оны жаңа белеске көтерген бірегей тұлға. Артына мол мұра қалдырған өнер иесі Байжігіттің тәлім алған ұстаздарының бірі - Сары Нияз төре деген күйші адам екен. Байжігіттің Қуандық деген шәкірті болған. Ел ішінде оны Қызылмойын Қуандық дейді екен. Байжігіттің күйлерінің барлығын түгел тартып, өз жанын да күй шығарған Қызылмойын Қуандықтан заманында Кеңкөбай деген шәкірті болыпты және атакты Тәттімбетте күй үйреніпті. Сонымен қатар "Арқа күйшілік дәстүрі" деп аталатын ұланғайыр орындаушылық дәстүрдің қалыптасуына мұрындық болған күйші-Байжігіт.

Шығыс Қазақстан күйшілік өнерінің бір бөлігі Шығыс Түркістан өңірінде дамыған. Алтай-Тарбағатай, Іле аймағына дейінгі аралықты қамтиды. Шығыс Түркістан күйшілік дәстүрі екі мекенттен тұрады. Алтай күй мектебінің өкілдері Бейсенбі, Шақабай Шалап, Мүкей, Тайыр Белгібайұлы. Ал, Тарбағатай күйшілік мектебіне Қайрақбай, Бозалам, Бейісбай, Кәсімбай тағы басқа күйші-композиторлар жатады.

Шығыс Қазақстан күйлерінің ескі нұсқаларынан сақталған аймағы Шығыстау өңірі – Абай елі. Белгілі ақын, композитор, әнші Шәкір Әбеновтың орындауында халық күйлерін кезінде Б. Ерзакович, Т. Бекхожина сияқты музыка зерттеушілері жазып алып, «Қазақ музыка фольклоры» атты жинаққа бірқатарын жариялаған болатын. Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың «Торы жорға», «Май түні» деген күйлерін белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов, Ғайса Сармурзиннен жазып алып жариялап, сонымен қатар орындап, насихаттап та жүрді. Сол сияқты Абайдың немере інісі болып келетін Шәкәрім Құдайбердіұлының да күйлері бар екендігі жөнінде кейінгі кездері айтылып жүр. Абайдың ақын шәкірттерінің бірі әнші – композитор Әсет Найманбайұлының «Кертолғау» деген күйін бізге Қытай Халық Республикасынан келген күйші Мұқаш Таңызтұлы жеткізіп отыр.

Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрі күні бүгінге дейін үзілмей жалғасын тауып келе жатыр деп айтуға болады. Бағаналы Саятолеков, Мәсіғүт Тәтенов, Тайыр Белгібайұлы, Кәсімбай Құсайынұлы, Уәли Бекенов, Қазен Әбугазыұлы тағы басқа күйшілердің шығармалары осы орындаушылық дәстүрдің ізімен туындаған күйлер.

Шығыс Қазақстан күйлерін жинақтап, зерттеп, тартып насихаттау жолында күйші, зерттеуші Уәли Бекеновтың сіңірген еңбегі айрықша. Осы орындаушылық мекенттің күйлері мен күйші-композиторлары туралы «Күй табиғаты», «Күй керуені», «Шертпе күй шеберлері», атты еңбектерінде көп деректер жазып, бірқатар күйлердің ноталық нұсқасын беріп көп еңбек сіңірген. Сонымен қатар өнертанушы, ғалым Талина Бекхожина да бұл жөнінде көп еңбек етті. Зерттеуші, ғалымның еңбектерінде жазып қалдырған мәліметтері құнды дүниелер болып саналады. Күйші, зерттеуші, профессор А. Тоқтағанның «Күй керуені», «Күй кастерлі әуез», сондай-ақ домбырашы А. Райымбергеновтың «Күй қайнары» күй жинақтарында осы аймақтың бірнеше күйлері жарияланған болатын. Сол сияқты С.Бегалин, М. Мағауин, А. Сейдімбеков, Т. Әсемқұлов сынды жазушы, ғалымдар осы орындаушылық мектеп жөнінде құнды деректер жазып қалдырған.

БАЙЖІГІТ

Байжігіт (шамамен 1705 жылы туған). Абылайхан заманында өмір сүрген Байжігіт 300 күй шығарған күй перісі атанған. Байжігіттің тәлім алған ұстаздарының бірі – Сары Нияз төре деген күйші екен. Байжігіт 13-14 жас шамасында кінәз үйдің сыртында отырып, іштегі отырған, сол кезде елге атақты Сары Нияз төремен күй тартысқа түседі. Өзімен күй тартысқа түсіп отырған күйшінің орындаушылығына тәңгі болып сыртқа шықса, жап-жас бала екендігін көріп қайран қалады. Осыдан бастап Сары Нияз Байжігітті шәкірт қылып домбырашылық өнердің барлық құпия сырына қанықтырапты. Байжігіттің он-солан танып білген кезеңі жан беріп, жан алысқан жаугершілік заманға тұспа-тұс келген. Қазақ пен жоңғарлардың бір-бірімен жауласуының әбден шиеленіскен кезі болатын. Сондықтан Байжігіт күйлерінің көп сандысы осы жаугершілік заманнан сыр тартады. Байжігіттің күйшілік өнері ел арасына кең тарап, дақпырты шыға бастағанда өңіріні Абылайхан өз ордасына алдырады. Содан бастап Байжігіт Абылайханның орда уәзірлерінің

бірі, әрі сенімді серігі болады. Байжігіттің осы жаугершілік заманда шығарған туындыларын жазушы, тарихшы Мұхтар Мағауин «Ақтабан», «Қайың сауған», «Нарын» (төрт бөлімнен тұрады), «Азат» (1,2 түрі), «Арман») қилы кезең симфониясы, тайғақ кешуді жаугершілік заманның музыкалық шежіресіне теңейді. Сонымен қатар М. Мағауин Байжігіт күйлеріне байланысты былай сипаттама береді: *«Байжігіт күйлері көңіл пернесін дөп басар сырлы, сезім тереңіне бойлар әуенді, кейде қуаныш, кейде мұң шақырар, түңілімге батырар толқымасты. Әйткенмен Байжігіт күйлерінің өзіндік сипаты, өзгек қасиеті-философиялық тереңдігінде. Күйшінің қай туындысын алмайыз туп негізінде байсалды ой, шынайы толғаныс жатқанының аңғарамыз» - дейді. (Мұхтар Мағауин. Күй несі Байжігіт. «Жұлдыз» журналы, 1976ж № 9 саны. 182 бет).*

Байжігіт күйлерінің тақырыбы бай, сан-салалы. Күйші шығармашылығына жаугершілік заман тынысын ғана емес, бейбіт-тұрмыс кезіндегі тынас-тіршілікте арқау болған. Байжігіттің шығармашылығында ықпалды күйлер кен орын алады. Осындай күйлердің қатарында ерекше орын алатын «Аған ат» (5 күйден тұрады). (1. Жұмағұлдың әйелімен қолтасуы. 2. Жұмағұлдың ағасының зары. 3. Жұмағұлдың шешесінің жалағаны. 4. Қарындасы мен жегесінің қолтасуы. 5. Марш.) Шағын оқиғаға құрылған топтама күйлер аңыз-әңгімесімен біртұтас болып келеді.

Көшпенді өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыздың негізгі тіршілік көзі болып саналған төрт түлік мал болса, осының ішінде қазақ халқы жылқыны ерекше қасиет тұтып, оған айрықша көңіл бөлген. Байжігіттің жылқыға арналған күйлері көп. Оның «Алмайай», «Әлден сұр», «Кербалаш», «Көкбала», «Қаражорға», «Жекей торы», «Қарақою», «Салғара», «Сылаң торы», «Тепең көк» сынды күйлерінде осы жылқы жануарының мінезін бейнелесе, сол сияқты «Жылқыда», «Көксерке», «Ерке атан», «Бозінген» атты күйлерінде олардың әсем жүрісін суреттеген. Байжігіттің «Бөкен жармақ», «Қосайдар», «Қылаң батыр» сияқты күйлері тарихи оқиғалардың желісінде туындаса, «Келіншек», «Бытқылдақ», «Тоғыз тоты» күйлерінде қоршаған орта, өмір құбылыстары бейнеленген. Бір сөзбен айтқанда «Күй атасы-Бәжен» атанған дәулескер күйшінің артына мол мұра қалдырған өнер несі екендігі анық. Байжігіт күйлері бірнеше ғасыр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сақталып келгендігі белгілі. Байжігіт күйлерін жеткізуші, ол туралы құнды деректер айтушы атақты домбырашы Мүсәпірхан Доғалұлының аузынан естіл қалған Омар Хаймолдиннің айтуы бойынша Байжігіт жас кезінде күйшілік өнерінің арқасында өзі ғашық болған байдың сұлу да ерке қызын әйгілі «Қоңырқаз» деген күйі арқылы қалыңсыз алған екен. (У. Бекенов. Күй керуені. Алматы. Өнер, 2002. 8-бет).

Байжігіт мұрасының молынан сақталған жері қазіргі Семей облысының Шұбартау, Аяғөз өңірі болса, сол мұраны жеткізушілер Қызылмойын Қуандық, оның күйеу баласы Кенжебай, Байжігіттің өз ұрпағы Мүсәпірхан, Бекжан, Боду, Қызыай, Шонтай сияқты күйші-домбырашылар. Семей облысының Шұбартау ауданында Байжігіттің күйлерін орындайтын домбырашылар 1931 жылға дейін көп болған. Байжігіт күйлерін ел арасына таратып келген домбырашылардың бірі- Жүнісбай Стамбайұлы. Бүгінгі күнгі тартылып жүрген Байжігіт мұрасының көпшілігі Жүнісбай домбырашы арқылы жеткен. Жүнісбай Байжігіттің күйлерін Боду, Қызыай деген атақты домбырашылардан үйренген. Жүнісбай жалғыз Байжігіттің өзінен 40 тан астам күй шерткен екен. Оның репертуарында Байжігіттен басқа Қызылмойын Қуандық, Кенжебай, Бейсенбі, Нұрғыз сияқты күйшілер мұрасы, көне замандарда жасыған Кетбұға мен Сыймақ, Қорқыт пен Асанқайғы сарындары, жұртшылыққа белгісіз көптеген күйлер болған. Жүнісбай күйші болашағынан үміт күткен жөнені Таласбекті он жасынан бастап домбыра шертуге үйретеді. Байжігіт күйлерін біздің заманымызға жеткізген Таласбек Әсемқұлов Жүнісбай күйшінің тікелей мұрагері болып қалды.

Байжігіттің өмірі мен өнерін зерттеп, оның елдің игілігіне айналуы үшін елеулі еңбек етіп, көп үлес қосқан жалушы ғалым Мұхтар Мағауин, өнер зерттеуші Омар Хаймолдин, домбыраны Таласбек Әсемқұлов.

Көкбалақ

Байжігіттің қас тұрпарға арнаған екі туындысының бітімі бөлек. Бұлар «Кербалақ» пен «Көкбалақ». Кербалақ – алдымен ауыздығымен алмаса жер тартып, шыр-көбелек ай-нала ойқастан, тізгін босасымен сурыла жөнелген қаз мойын арғымасты, ал Көкбалақ – бірден-ақ жер топылта, ырғи зымыраған және көмбеледен қарақшыға дейінгі аралықта әуелгі қарқынынан таңбаған, тегеурінді тұлпарды сипаттайды. «Кербалақта» салтанатты шеру лебі, «Көкбалақта» серпінді қайрат сарыны басым, әйткенмен көс күйдің тоғысар арнасы ортақ. Ауыздығын қарыш-құрыш шайнап омыраулай, ұмтыла орғыған ит шабысының аясына құрылған күй әуені, самал жел ескен сары арқаны, оның тұзғынақ көк аспаны мен қызал ізен, боз жусанды кең даласын көзге елестеді, сол ашық аспан аясында, сайын сахара төсінде тіршілік кешкен, көптенді қазақтың рухани әлемін алға тартады. «Көкбалақ» пен «Кербалақтан» жаугершілік заманда жасаған бабамыздың өр көңілімен дархан жаны, оның бойындағы сарқылмас жігер мен болашақ жарық күнге ұмтылған өшпес үміт көрініс тапқан.

*Мұхтар Мағауин «Күй иесі Байжігіті»
«Жұлдыз» журналы. 1976ж № 9 саны. 183 бет.*

14. КӨКБАЛАҚ

Байжігіт
орындаушы Таласбек Әсемқұлов

Жылдам, екпіндете

The musical score for 'Kokbalak' is written in 2/4 time and consists of five staves. The melody is characterized by a fast, rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes, often with accents. The first staff includes several 'V' markings above the notes, indicating accents. The piece concludes with a double bar line at the end of the fifth staff.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system across all staves. The first staff begins with a treble clef. The music is composed of rhythmic patterns, primarily consisting of eighth and sixteenth notes, often grouped in pairs or fours. There are several instances of beamed eighth notes and sixteenth notes throughout the piece. The notation includes stems, beams, and note heads, with some notes having flags or beams. The overall style is that of a rhythmic exercise or a short piece of music. The page is numbered 77 at the bottom center.

This image displays a page of musical notation, consisting of ten staves of music. The notation is written in a single system, with each staff containing a series of notes and rests. The notes are primarily eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. The rests are also eighth and sixteenth notes. The music is written in a treble clef. The notation is dense and rhythmic, suggesting a fast tempo. The page is numbered 78 at the bottom center.

ҚЫЗЫЛМОЙЫН ҚУАНДЫҚ (XVIII – XIXғ.)

Байжігіттің мол мұрасын негізінен оның ізбасар шәкірті, әрі дәулескер домбырашы, әрі арқалы күйші, Қызылмойын Қуандық дейтін адам иеленіп қалады. Ұстазының 300 күйін түгел тартатын Қуандық өз жанынан 90 күй шығарыпты дейді ел әңгімесі. Біздің заманымызға Қуандықтың «Қоскөмей-Терісқақпай», «Шыңырау» сияқты күйлері ғана жетті. Бұдан соңғы жерде Байжігіт күйлерін Қуандықтың күйеу баласы Кенжебай домбырашы сақтайды. Қуандықтың тағы бір қызын әйгілі Тәттімбет алған екен. Халық аузында Кенжебай мен Тәттімбеттің күй айтысы туралы әңгіме сақталған. Кәрі қайын ата мен жас күйеу бала әуелі өз күйлерін тартсады. Жетісе алмапты. Тәттімбет «Қосбасармен» (қайсысы екенін кім білсін), Қуандық «Қоскөмей-Терісқақпаймен» түйіндейді. Бұдан соң екеуі де көне күйлерге ауысқан екен. Қуандық қолы қыза келе Байжігітке көшкен кезде Тәттімбет «Ата жол сіздікі» деп тоқтапты. Әлде ақсақалды сыйлады, әлде бұрын естімеген, немесе жете білмеген Байжігіт күйлерінің ерекше әуеніне бас ұрды. Әлде кәрі жүйріктің алафасы артты ма. Әр ауыл өзін көтереді, кім білсін, тіпті. Тәттімбет басым түскен шығар. Мәселе онда емес, біздің назар аударарымыз Байжігіт мұрасымен Тәттімбеттің жақсы таныстығы. Және Тәттімбет Байжігіт күйлерімен жай ғана таныс болмаған, оны үлгі тұтқан, одан көп үйренген сияқты. Біздің заманымызға Қуандықтың «Қоскөмей-Терісқақпай», «Қызылмойын Қуандық» сияқты күйлері ғана жетті.

*Мұхтар Мағауин. «Күй иесі Байжігіт»
«Жұлдыз» журналы.
1976ж. № 9 саны. 185 бет.*

15. ҚОСКӨМЕЙ-ТЕРІСҚАҚПАЙ

Қызылмойын Қуандық
орындаушы Жүнісбай Стамбаев

Орташа, байсалды



The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. It consists of ten staves of music, arranged vertically. The notation is written in a single system across ten staves. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several instances of notes with a 'v' above them, which could indicate vibrato or a specific articulation. The overall style is that of a traditional musical score, possibly for a string ensemble or a similar instrument.

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in seven horizontal staves, each beginning with a treble clef. The music is written in a single system, with various rhythmic values and chordal structures. The first staff features a melody with quarter and eighth notes, including a half note with a fermata. The second staff contains a series of chords, some with beamed eighth notes. The third staff shows a rhythmic pattern of eighth notes. The fourth staff continues with eighth notes and quarter notes. The fifth staff has a mix of quarter and eighth notes. The sixth staff features a sequence of chords and eighth notes. The seventh staff concludes the piece with a final chord and a double bar line.

БЕЙСЕНБІ ДӨНЕНБАЙҰЛЫ (1803–1872)

Алтай күй мектебінің өкілдерінің бірі Бейсенбі Дөненбайұлы 1803 жылы өр Алтайда, Буыршын ауданының Оймак ауылында дүниеге келген. Домбыраны алғаш әкесінен үйренеді. Бейсенбінің жас кезінде аулына Боздақ деген күйші келеді. Боздақ күйші қайда барып күй тартса, сонда барып тыңдаған Бейсенбі аузымен күй ырғағын келтіре жүріп үйренеді. Бейсенбінің болғалы тұрғанын сезген сезімтал өнерпаз балаға бағасын береді. Бежен (ел арасында осылай атаған) күмбірлетіп күй шерткен композитор ғана емес, сол кездегі қазақ сахарасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта сияқты дау шарларды бітіруде әділетті жақтап билік жүргізген. 1836 жылы Алтайдағы алғашқы төрт бидің бірі болып сайланған. Бейсенбі шығыс күйшілік өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі. Артына көптеген інжу-маржан күйлерін қалдырған бірегей күйші-композитор. Жүйрік атты көргеннен танытқан сыншылық, атбегілік, құсбегілік өнері де болған. Дәулескер домбырашы, атакты композитор, әділ би, әйгілі қайраткер Бейсенбі Дөненбайұлы өзінің сан-қырлы талантымен ел есінде мәңгі қалды. Күйлерінің тақырыбы; кеңес күйлері, ой-толғау, көркем табиғатқа, жан-жануарларға, арнау күйлер болып келеді. Бейсенбі 60 жас тұмырында жүзден астам күй шығарған. Бейсенбінің күйшілік мұрасын жалғастырушы ізбасарлары: Байақын Әлімбекұлы, Дәулет Халықұлы, Тұрсын Кадейұлы, Бекарыс Дікеұлы, Еркінбек Ахашұлы. Бейсенбі күйлері Қытай халық Республикасының Алтай аймағында, Монғолияның Баян-Өлгей өңірінде және Қазақстанның шығысында кеңінен тараған.

Кеңес

Атакты күйші, әділ би, Бейсенбі келелі кеңес, зор жыын топтарда әділ қазылық істеген кезде, күй арқылы кеңес қозғап, бірер іске шешім жасар алдында терең толғанып, жан-жақтылы ой жүгіртіп әсем әуенді, қоңыр сазды, тәтті күйлер арқылы жұртшылықты баурап, күй тілі арқылы ойын жеткізіп, қорытынды жасап, өзі қатынасқан үлкенді-кіші оқиғаларды өзекті идея етіп талай күйлер шығарған. Еліне жөн сілтеп, ақыл айту сарынында шертілген осындай күйлерін Бейсенбі «Кеңес күйі» деп атаған. Ел ішінде Беженнің «Кеңес күйі» делінетін қырық шақты күйі бар.

*«Бейсенбі күйлері» құрастырған Қабылалды Абдоллаұлы.
«Шығжаң» халық бастамы 2006 ж. Үрімжі. 24 бет*

16. КЕҢЕС

Бейсенбі Доңенбайұлы
орындаушы Уәли Бекенов

Орташа, сазлы

The musical score is written on ten staves. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The first staff contains a melodic line with several accents marked with a 'v'. The second staff continues the melody with similar rhythmic patterns. The third and fourth staves show a more complex rhythmic structure with some notes beamed together. The fifth and sixth staves continue the melodic development. The seventh and eighth staves feature a more active rhythmic pattern with many eighth notes. The ninth and tenth staves conclude the piece with a final melodic phrase and a double bar line.

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece in G major. The music is arranged in ten staves, each containing a single melodic line. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. There are several repeat signs (double bar lines with dots) interspersed throughout the score, indicating repeated rhythmic or melodic phrases. The overall style is characteristic of a traditional folk or classical melody. The key signature is one sharp (F#), and the time signature is not explicitly shown but appears to be common time (C) based on the phrasing.

ҚАЙРАҚБАЙ ШӘЛЕКЕНУЛЫ (1828–1877)

Қайрақбай Шәлекенұлы 1828 жылы қазіргі Тарбағатай тауының теріскей бетіндегі Терісайырық деген жерде дүниеге келген. Қазақтың XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі күйшісі, Тарбағатай күйшілік мектебінің қалыптасуына ықпал еткен біртуар дарынды өнер иесі. Қайрақбай домбырашы, әрі сыбызғышы болған. Өз өмірінде Тарбағатайдағы Найман еліне болыс болған. Шығыс Түркістанда қазақтардың саяси әлеуметтік өміріне сергек араласқан адам. Өмірінің соңына дейін төбе би болып, өз жанынан 40-тан астам күй шығарған. Қайрақбай заманында дәулетті бай адам болған. 1877 жылы қайтыс болған. Сүйегі Қытай халық Республикасы Тарбағатай аймағы Дорбілжін ауданының, Орқашар тауының бөктеріндегі Шошқа атқан деген жерде жерленген. Қайрақбайдың күйлері, баласы Әнжан арқылы жеткен. Әнжанның баласы Заманбек заманында дәулескер күйші адам болған. Қайрақбай мұрасын жеткізушілердің көрнектісі Заманбек күйшіден Жұмажан деген домбырашы Қайрақбай күйлерін үйренген. Жұмажаннан Қайрақбай күйлерін көптеген домбырашылар үйренген, солардың ішінде Қайрақбай күйлерін қазақ ел-жұртына жеткізуші Мұқаш Таңғытұлы ерекше айтуға болады. Қайрақбайдың күйлері: «Молқоңыр», «Мұзды қоңыр», «Майда қоңыр», «Күр ойнақ», «Кенес», «Бұтабай кенес», «Жұмағұл жалғыз», «Төребиксе», «Емен толқын» т.б.

Молқоңыр

Қайрақбай дәулеті шалқыған бай болып, ылғи сарыала жылқы біткен екен. Ал өзі, мінске қоңыр түсті атты мінгенді ұнатты. Қайрақбайдың «Молқоңыр» күйі атқа арналған. Қайрақбай еңгезердей, салмақты, денелі кісі екен. Кез келген ат көтеріп жүруге бәлі шыдамай, болдырып қала берсе керек. «Молқоңыр» Қайрақбайдың топқа мінер, тивдаулы аты болған. Жылқыға бітер барлық жақсы қасиет бір «Молқоңырдың» бойынан табылған екен. Әлді, жуан, жуас, мінсе берік, шапса жүйрік ат екен. Бес күндік жолды бір-ақ күнде басытын әлеуетті және аса жүйрік жануар болғандығы жөнінде ел арасында көп айтылады.

*Күйді тартып, шығу тарихын жеткізуші,
домбырашы Мұқаш Таңғытұлы.*

17. МОЛҚОҢЫР

Қайрақбай
орындаушы Мұқаш Таңғытұлы

Жүрдек, ойнақы



This page of musical notation consists of ten staves of music, all in G major (one sharp) and 3/4 time. The notation is as follows:

- Staff 1:** Treble clef, melody with eighth and sixteenth notes, including a fermata over a quarter note.
- Staff 2:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes.
- Staff 3:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes.
- Staff 4:** Treble clef, melody with eighth and sixteenth notes, including a fermata.
- Staff 5:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes, featuring 'v' markings above some notes.
- Staff 6:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes, featuring 'v' markings above some notes.
- Staff 7:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes, featuring 'v' markings above some notes.
- Staff 8:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes, featuring 'v' markings above some notes.
- Staff 9:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes.
- Staff 10:** Treble clef, accompaniment with chords and eighth notes.

A page of musical notation consisting of ten staves. The notation includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings. The key signature is one sharp (F#). The time signature changes from 2/4 to 3/4 and back to 2/4. The music features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. There are also some longer note values and ties. The notation is arranged in a standard Western musical format with a treble clef and a key signature of one sharp.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The music is written in G major (one sharp) and 3/4 time. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The music features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several measures with rests, particularly in the second and fourth staves. The notation is clear and legible, with standard musical symbols and clefs.



АБАЙ ҚУНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)

Абай Құнанбайұлы 1845 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шығыстау өңірінде дүниеге келген. Қазақ халқының мәдени, рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Абай – қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын. Қазақтың жаңа реалистік әдебиетінің негізін салушы. Бір басына сан-қырлы өнер қонған Абай қазақтың музыка тілін абайлық стильмен байытқан, көптеген әндер тудырған жаншыл композитор. Абайдың күйлері жөнінде белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов алғаш зерттеп жазған болатын. Абайдың композиторлық юры оның тамаша әндер туындатып, олардың қазақ музыка өнерінің інжу-маржандарының қатарында тұрғандығын ескерсек, ақынның

күй шығаруы да кездейсоқ құбылыс емес. Абайдың домбыра шерткендігі бізге белгілі, үш ішекті домбырасы ақын мұражайында сақталған. Абай күй өнерінің соңына түсіп қумаса да өзіндік стиль, өзіндік мәнермен азана туындылар шығарғанға ұқсайды. Абай күйлерінің әндерімен өзара үндестігі анық байқалады. Абайдың «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абай желдірмесі» сияқты күйлері белгілі.

Май түні

Күйдің шығу себебі жайында нақтылы дерек әзірге біздің қолымыз жоқ. Күй сарыны, жыл мезгілінің жаз айындағы жайма шуақтығы, күннің мамыражайлығын, айшықты бейнелейді. Абай әндерінің әуезді, лирикалық интонациялары күймен бірге ұштаса қабысып жатады. Күйді Ғайса Абайдың немересі Исрайылдан, ал Исрайыл ақынның өзінен тікелей үйреніпті. Ғайса Сармурзиннің орындауынан 1983 жылы Уәли Бекенов нотаға түсірген.

18. МАЙ ТҮНІ

Абай
орындаушы Ғайса Сармурзин



This page of musical notation consists of 11 staves, all in G minor (one flat). The notation is as follows:

- Staff 1:** A single melodic line with eighth-note patterns.
- Staff 2:** A rhythmic accompaniment consisting of a steady eighth-note chordal pattern.
- Staff 3:** A melodic line with eighth notes, followed by a section with dotted rhythms.
- Staff 4:** A rhythmic accompaniment with eighth-note chords, followed by a section with dotted rhythms.
- Staff 5:** A melodic line with eighth-note patterns.
- Staff 6:** A rhythmic accompaniment with eighth-note chords.
- Staff 7:** A melodic line with eighth-note patterns.
- Staff 8:** A rhythmic accompaniment with eighth-note chords.
- Staff 9:** A melodic line with eighth-note patterns.
- Staff 10:** A melodic line with eighth-note patterns, featuring some slurs.
- Staff 11:** A bass line with chords and eighth-note patterns.



БӘЗҒАЛАМ АЙҚЫНБАЙҰЛЫ (1860–1932)

Бәзғалам Айқынбайұлы 1860 жылдары Шығыс Қазақстанның Зайсан өңірінде туып, 1932 жылы сол жерде дүние салған. Маңдыған ауқаты болмағандықтан етік тігіп, өрімшілік істеп, ер-тұрман жасап және аңшылықты тіршілік өзегі еткен көрінеді. Кейбір деректерге қарағанда Бәзғалам Алтайда өткен Бейсенбі Дөненбайұлының туған жиені екен дейді. Уақ елі Тарбағатайдағы Жайыр тауына келіп қоныстанғаннан кейін он бес жасқа іліне қоймаған Бәзғалам жолашушыларға ілесіп Алтайға барады. Ел шетіне жетіп, сұрастыра жүріп ымырт жабыла, нағашысы Бейсенбінің ауылын табады. Үлкен ақ орда да ән айтылып, күй шертіліп жатқанын сырттай ұғады. Бірақ нағашысы отырған ордаға

кіруте батылдығы жетпей, іргеде жатып домбырасын тыңдайды. Алыс жолдан арып-шаршап, арық құнанмен келген Бәзғалам сол жатыста ұйықтап қалады. Ертеңгісін таң намазына тұрған Бейсенбі, іргесінде ұйықтап жатқан жіенін танып, оятып алып мән-жайды ұғысып, баланың келген жағына хабар жіберіп, алаңсыздандырады. Бәзғаламды қамқорлығына алып үш ай шамасы қасына ертіп жүріп, той-жындарда домбыра шертікізіп, өресін байқап, оның домбыраға деген құштарлығына және алғырлығына риза болып, батасын беріп, ат-көлігін жабдықтап, қасына адам қосып, еліне жеткізіп салады. 1920 жылдары Таңғыт үкірдай сауын айтып арғы бет, бергі беттен ел шақырып той жасайды. Бұл тойға Уак елінен Әбеуолла қажы бастаған, Маужырбай, Бәзғалам, Мұстарин қатарлы он жеті адам барған. Бұл тойда Таңғыт үкірдай ел басылар мен игі жақсыларды арнайы күтіп, сауық – сайран құрғанда Бәзғалам күй шертіп, Өрпінжан ақын ән салған. Арғы бет, бергі беттен әнші-күйші балуан, бәйге алдырып жарты айға жуық сауық құрған кезде, әр елдің игі жақсылары Бәзғаламды айрықша бағалаған екен. Бәзғаламның «Жолаушы» күйі алақтың күй мұрасындағы сарыны, құрылымы жағынан оқшау туынды. Бұл күй өзінің өмір жолын суреттейтін туынды болса керек. Бәзғаламның күй мұрасын біздің заманымызға сыннан бұзбай табыстаған майталман домбыраны Қызат Сейітқазин.

Жолаушы

Күйшінің қысқаша өмір дерегіне қарап отырсақ, үнемі бір жерден, екінші жерге тұрақтай алмай жолаушылап көшіп жүргенге ұқсайды. Салт атты жолаушының сайын дала төсінде, көз ұшында сағымдай бұлдырап бара жатқан көрінісін, еріксіз көз алдыңызға әкеледі. Ел аралап, көрген-білген әңгімелерін айтып жүрген шежіре адамның әңгімесі іспетті.

19. ЖОЛАУШЫ

Бәзғалам
орындаушы Қызат Сейітқазин

Жүрдек, желдірге

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The music is written in G major, indicated by one sharp (F#) on the treble clef. The notation includes a variety of rhythmic values such as eighth, sixteenth, and quarter notes, as well as rests. Some notes are beamed together, and there are several instances of slurs and ties. The overall texture is that of a multi-voice setting or a complex instrumental piece. The staves are arranged vertically, and the music flows from top to bottom.

This page of musical notation consists of 11 staves, all in a key signature of one sharp (F#). The notation includes various rhythmic patterns and melodic lines. The first two staves feature a complex, multi-measure rest followed by a series of eighth and sixteenth notes. The subsequent staves show a variety of rhythmic textures, including eighth-note runs, sixteenth-note patterns, and chords. The notation is presented in a clear, black-and-white format, typical of a printed musical score.

This image shows a page of musical notation consisting of 12 staves. The music is written in G major, indicated by one sharp (F#) on the treble clef. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several instances of slurs and ties. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The music progresses through various rhythmic patterns across the staves, including some more complex rhythmic figures in the later staves. The overall style is that of a classical or early modern instrumental piece.

This page of musical notation is written for guitar in a key signature of one sharp (F#). It consists of 12 staves of music. The notation includes a variety of rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. The music is arranged in a vertical sequence of staves, with some staves containing complex chordal textures and others featuring more melodic lines. The notation is clear and legible, with a consistent layout throughout the page.

МҮКЕЙ (XIX–XX ғ.)

Шығыс күйшілік дәстүріне жататын Алтай күйлері өзінің тосын әуен-нұсқаларымен, қағыс, тартысымен ерекшеленеді. Алтай күйшілік дәстүрінің басында тұрған, тұтас бір орындаушылық мектепке мұрындық болған күйшілердің бірі – Мүкей. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы табан тірейдің деректері өте аз. XX ғасырдың бас кезінде Кеңес үкіметінің қыспағынан қашып шығып өмірін Шығыс Түркістанда өткізген. Барқолден топырақ бұйырған. Мүкейдің күйлері орындаушылық және шығармашылық әдістерінің ерекшелігімен көзге түседі. Мүкей қалыптастырған күйшілік мектептің негізгі ерекшелігі оң қолдағы қағыстың алуан-түрлі болып келуі мен қатар екі ішекке алма-кезек ауысып, іліп тарту, теріп тарту сияқты әдіс-тәсілдерді кезінен қолдануы болып табылады. Оның күйлері өз басынан өткен шытырман оқиғалармен байланысты туындап отырған. Мүкей шығармашылығында тармақты болып келетін топтама күйлер кең орын алады. Солардың бірі – күй жанрының ең күрделі түрлерінің бірі тартыс күйлері. Мүкейдің домбырашы қызбен күй тартысы кезінде туындаған «Қос қағу» (бес күйден тұрады) өзінің қызықты аңыз-әңгімесімен баяндалып, тартымды болып келеді. Сонымен қатар осы күні тартылып жүрген Мүкейдің «Қосбасар», «Қосбасқан», күйлері ұлттық шертпе күй дәстүріндегі өзіндік жеке дара сыр-сипаттарымен кескін келбеті жарқын да жайдары қызықты, айрықша өз қолтаңбасы айқын, әуені мол сырлы шығармалар. Мүкей күйлері өкінішке қарай біздің заманымызға толық жетпеген. Оның замана көшінде шан басып қалмай кейінге ұласқан қадау-қадау туындыларын орындап жеткізушілер қатарында Тайыр Белгібайұлы, Ғабдылхак Барлықұлы, Бақытбек Яхиұлы майталман домбырашылардың есімдерін құрметпен атаймыз.

20. ҚОСБАСҚАН

Мүкәй
орындаушы Мұрат Әбугазы

Ақшарық, бәтмен

Бұрылса, жүргізіл

жылдам

жылдам

Бұрылса, жүргізіл

The musical score is written on ten staves. The first staff contains the melody, marked 'Ақшарық, бәтмен'. The second staff begins the accompaniment, marked 'Бұрылса, жүргізіл'. The piece features several changes in tempo and dynamics, indicated by markings such as 'жылдам' (allegro) and 'жылдам' (allegro) in different parts of the score. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The score concludes with a final cadence on the tenth staff.

This page contains 12 staves of musical notation. The notation is written in a single system across the staves. The key signature is one flat (B-flat) and the time signature is 3/4. The music includes various rhythmic values, rests, and dynamic markings such as accents (v) and slurs. The notation is complex, featuring many sixteenth and thirty-second notes, as well as rests and ties.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single system with various time signatures and key signatures. The staves are arranged vertically, and the music is written in a standard staff format with a treble clef. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as accents and slurs. The time signatures change throughout the piece, including 3/4, 2/4, 3/8, 6/8, and 4/4. The key signatures are also varied, with some staves showing a key signature of one flat and others showing a key signature of two flats. The music is written in a clear and legible style, with a focus on rhythmic and melodic development.

ЗАМАНБЕК ӘНЖАНҰЛЫ (XIX–XX ғ.)

Заманбек әйгілі күйші Қайрақбайдың немересі болып келеді. Қайрақбайдан Әнжан, Әнжаннан Заманбек туады. Қайрақбайдың күйлері негізінен баласы Әнжан, немересі Заманбек арқылы кейінге жеткен. Қайрақбайдың күйшілік мектебін Заманбек күйшіден Жұмажан деген домбырашы меңгеріп қалады. Жұмажаннан Қайрақбай күйлерін көптеген домбырашылар үйреніп бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тапты. Заманбек күйшінің өмір дерегі туралы мәліметтер жоқтың қасы деуге болады, ешбір жерде мардымды ештеңе жазылмаған, сол себепті табан тірейдің тиянақ аз. Өз дәуірінің дәулескер күйшісі Заманбектің күй мұрасы да өкінішке орай толық жетпеді. Біздің қолымызда әзірше Заманбектің “Зар” атты жалғыз туындысы сақталып қалды. Осы күйді орындаушы әрі шығу тарихы туралы деректі жеткізуді Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылының тұрғыны Айтқали Нұрмоллаұлы. Күйдің шығу тарихы былайша: “1931 жылы Найманның Мұрып-Назар, Қыржа, Байбігіт болыстары Тарбағатай өңірінен арғы бетке ағанда Заманбекте осы көшпен бірге өтеді. Осынау дүрмектің ішінде атақты Мүрсәлім болыстың баласы Заманбекте елмен бірге қытай жеріне ауып бара жатады, жол-жөнекей болған қызыл қарғында халықтың басым көпшілігі оққа ұшып қырылып қалады. Осынау тарихи оқиғаға куә болған қос Заманбек кейінгі ұрпаққа осыдан бір белгі қалдырайық дегенде, домбырашы Заманбектің тартқан күйі екен”. Бұл күйді 1941 жылы Заманбектен Юсуф деген домбырашы үйреніп қалады, одан 1959 жылы Айтқали Нұрмоллаұлы арғы беттің Тарбағатай аймағының Шығу ауданында үйренеді.

21. ЗАР

Заманбек Әнжанұлы
орындаушы Айтқали Нұрмоллаұлы

Орташа, сойзете

This page of musical notation consists of ten staves of music in G major. The notation includes various rhythmic patterns, time signature changes, and articulation marks. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The music features eighth and sixteenth notes, with some notes marked with a 'v' (accents). The second staff continues with similar rhythmic patterns. The third staff introduces a 3/4 time signature. The fourth staff features a 4/4 time signature. The fifth staff returns to 2/4. The sixth staff has a 3/4 time signature. The seventh staff has a 4/4 time signature. The eighth staff has a 3/4 time signature. The ninth staff has a 4/4 time signature. The tenth staff has a 3/4 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, time signature changes, and articulation marks.

Sheet music for a piece in G major, 3/4 time. The score consists of seven staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. The music consists of eighth and sixteenth notes, with some measures containing beamed eighth notes. The second staff continues the melody with similar rhythmic patterns. The third staff features a change in time signature to 3/8. The fourth staff returns to 3/4. The fifth staff has a 3/8 time signature. The sixth and seventh staves feature block chords and sustained notes, providing harmonic support for the melody. The notation includes various musical symbols such as stems, beams, and clefs.

ӨШІМ ДҮНШУЛЫ (1896–1962)



Іле аймағындағы күйшілік мектептің ең көрнекті тұлғаларының бірі Өшім Дүңшұлы. Ол 1896 жылы Қытай Халық Республикасының Іле аймағының Күнес ауданындағы Талды деген ауылында дүниеге келген. Өшімнің Әкесі Дүңші аздап домбыра шерте білетін, асқан өрімші, ағаштан түйін түйген шебер адам болыпты. Жастайынан зерек, қағілез болып өскен Өшім 13-14 жасқа келгенде әкесінің ұсталық өнерін меңгеріп домбыра жасауға ден қоя бастайды. Күй тартудың алғашқы әліптесін әкесінен үйренген Өшім кейін ауыл өнерпаздарынан біраз күйлерді меңгеріп шертетін болады. Дүңші баласының домбыраға деген ерекше

құштарлығын байқаған соң, сол кездегі аты шыққан күйшілердің бірі Қонқайдың үйіне ертіп барып шәкірттікке береді. Талайты жас Қонқайды ұстаз тұтып, одан тағылым алады. Осылайша күйшілік өнердің үлкен мектебінен өткен Өшім ұстазы Қонқайдың «Қоңыр», «Арман-ай» деген күйлерін нақышына келтіре орындап, шебер күйші болып қалыптасады. Ол: «Өнердің қайнар бұлағы – халық» - деген ұғымды санасына түйіп, бүкіл Іле өңірін екі рет аралап, көптеген майталман өнерпаздармен кезігеді. Бұл Өшімнің орындаушылық қабілетінің артуына, өзіндік қолтаңбасының қалыптасуына зор ықпал етеді. Мұңғұл-Күредегі домбырашы Мазак ақалақы, Текестегі атақты қырғыз қозғалысы Асанәлі, Тоғызтараудағы домбырашы Тілемістің баласы Өкпар ақалақы, Көкжымырдағы атағы шыққан Әуелбек сияқты өнерпаздармен кезігіп, олардың күйлерін, күй тарту шеберліктерін үйреніп орындаушылық өнерін шыңдап, күй қорын молайта түседі және өзі де күй шығару өнеріне ден қояды. Арыдағы Қызылмоың Қуандық, берідегі Мазак, Тілеміс, Тергеусізден бастап өз заманына дейінгі аты белгілі, белгісіз күйшілердің мұраларын үйреніп, ел ішіндегі ғасырлар бойы тартылып келе жатқан әуендерді меңгереді. Өшім өз күйлерін оң және теріс бұрауларда шығарған. Өшімнің жас кезіндегі шығарған күйлерінің бірі «Таң бұлбұлы», «Терме күй» болып саналады. Күйші бұл тырнақалды туындыларын Іленің барлық жерін аралап жүрген кезінде шығарған. Өшім күй шертіп, күй шығарумен бірге ел ауызындағы, халық арасындағы күй аңыздарын жинақтап, жүйелеп тартқан күйші. Сондықтан болар оның күйлерінің біразы ертедегі аңыз, әңгімелерге құрылған. Мысалы: «Самұрықтың зары», «Желмағның желісі», (Асанқайғыға арналған) «Бөктергі», «Қос келіншек» т.б. Өшім күй шертердің алдында тиртағын күйінің аңыз, әңгімесін баяндап тыңдармандарын өзіне баурап алады екен. Ол өнерпаз бен тыңдаушы арасындағы рухани байланысты жете меңгерген күйші болған деседі. Ол өзі өмір сүрген кезіндегі елеулі тарихи, әлеуметтік оқиғаларға да сергек қараған көкірегі ояу, қайраткер адам болған. Сондықтан да оның күйлерінің көп сандысы өзі жасаған замандағы, өзі көріп білген оқиғаларға құрылып қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғайды. Күйші шығармашылығында елеулі орын алатын кеңес тақырыбындағы күйлер. Өшім заманында кеңестен жеті бұтақ күй шығарып шерткен. Олар «Алмалы кеңес», «Қарыз қайтарғанда», «Салықшылар», «Үш бұлақ», «Кедей зары», «Мұңды қыз», «Ана зары» деп аталады. Қоғамдағы саяси өмірге байланысты туындаған

бұл күйлер туған жер, туған елге арналған және солардың мұң зарын, арман, мұратын бейнелеуге талынған.

Әшім қазақтың күй өнеріне, оның ішінде шертпе күй саласына өз үлесін айтарлықтай қосып, оны диапазон жағынан кеңейтіп, түр және мазмұн жағынан байыта түсті. Ел арасындағы аңызда Әшім 360 күй шерткен дейді. Заманында Әшімнің тәтті күйлерін естігендер оны «Алтын бармақ» деп атаған. Әшім халқымыздың күй мұрасының інжу-маржандарының қатарында тұратын небір гажайып күйлер шығарып, оны орындап кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырып кеткен.

Кенес

Әшімнің ауылы келей ауыл болса керек. Жаз жайлауға ел көшкен кезде, Әшімнің аулы елмен бірге көншей, қыстауда егін егіп қалады екен. Жұрт «Салықшылар ауылы» деп атапты. Жазда ел жайлауға кеткенде, Әшімде солармен бірге жайлауға шығады екен. Ара-тұра Әшім аулына қайтып келген кезде, ел болып жиналып жайлаудағы аминшылықты біліп, жөн сұрасып, кеңес құрады екен. Осы көрген-білген жағдайларды әңгімелей отырып оны, күй тіліне сыйғызған екен. Осыған орай күй «Кенес» деп аталыпты.

*Күйдің тартып, шығу тарихын айтушы,
домбырашы Камал Мақайұлы.*

22. КЕҢЕС

Әшім Дүнишұлы
орындаушы Камал Мақайұлы

Орташа, сазды



This page of musical notation consists of ten staves of music, all in treble clef and a key signature of one sharp (F#). The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns and dynamic markings. The first staff begins with a 3/4 time signature and includes a fermata over a group of notes. The second staff has a 3/4 time signature and features a series of eighth-note chords. The third staff starts with a 3/4 time signature and includes several slurs and dynamic markings such as 'V'. The fourth staff continues with eighth-note patterns and slurs. The fifth staff has a 3/4 time signature and includes a fermata. The sixth staff begins with a 7/8 time signature and features a series of eighth-note chords. The seventh staff has a 3/4 time signature and includes a fermata and dynamic markings. The eighth staff starts with a 3/4 time signature and includes a fermata and dynamic markings. The ninth staff has a 3/4 time signature and includes a fermata and dynamic markings. The tenth staff has a 3/4 time signature and includes a fermata and dynamic markings.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in the key of G major (one sharp). The notation is as follows:

- Staff 1:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 2:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 3:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 4:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 5:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 6:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 7:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 8:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 9:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.
- Staff 10:** Treble clef, 4/4 time signature. Features a melody of quarter notes and eighth notes.

The image displays a page of musical notation consisting of seven staves. The music is written in G major, indicated by one sharp (F#). The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, and rests. The time signatures vary across the staves, including 3/4, 2/4, 3/8, 4/4, and 6/8. The music features a variety of textures, from simple eighth-note patterns to more complex sixteenth-note runs and chords. The notation is presented in a clear, black-and-white format on a white background.

МӘТКӘРІМ ЕСЕНҚУЛОВ

(туған жылы белгісіз,
1975 жылы дүниеге келген)



Мәткәрім Есенқұлов Тарбағатай өңірінде, дәлірек айтсақ бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданында Лаба деген жерде туып өскен. Мәткәрімнің үлкен әкесі, атасы Балғожа би, өз әкесі Есенқұл би де дарынды домбырашылар болған. Есенқұл би баласының домбыраға қабілеті барын ерте байқап 5-6 жасында домбыра үйретіп, күй тартқызған. Өзі кісілері ел сыйлайтын би елдегі, көрші елдердегі атын естіген домбырашыларда шақыртып әкеліп баласына күй тыңдитады екен. Содан баланың қабілеті жылдан – жылға арта түсіп, жастайынан алты жасында домбыра тартатын болды. Бірде баласы алты жасқа

толғанда, жол жүріп асығыс кетіп бара жатқанда бір күйшіні үйіне ертіп келіп, ат үстінде тұрып бір күй тартып беруін қолқалайды. Күйшінің ат үстінде тұрып бір рет қана тартқан күйін баласы күйші кеткен соң айнытпай тарттады. Сол күйдің аты «Шынырау» екен. Әкесі Мәткәрімді жастайынан еркелетіп, бетінен қақпай, сері етіп тәрбелейді. Дарынды жас жақсы ат мініп, ел аралап, ойын- тойларда домбырамен күй тартып, өлең айтып сал серілерше жүреді. Өзі сері бидің баласы күйді қалай болса солай тартпай, өнерлі адамдармен кезіккенде, үлкен адамдар қолқалағанда талғампаздықпен, домбыраны кербез тартатын болған.

Мәткәрім күйшінің көзін көріп, күйлерін тыңдаған, бір жағынан жамағайын жақын інісі болып келетін көп жылдар Ақсуат ауданында оқу бөлімін басқарған Қализадә Қалеловтың "Мәткәрім күйші" атты мақаласындағы деректерге сүйенетін болсақ 1936 жылы композитор Ахмет Жұбанов өзі ұйымдастырған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрімен Семей облысына келіп, аудандарды аралап концерттер берген. Осы сапарында келесі жылы 1937 жылы Алматы қаласында өтетін халық таланттарының байқауына өнер адамдарын іздеп, тауып қатыстыруды мақсат еткен. Ахмет Жұбанов Ақсуат ауданына келіп, Көкжыра ауылында концерт бергенде Мәткәрімді шақыртып алып, домбыра тартқызады. Мәткәрімнің күйлерін ұнатып, келесі жылы өтетін Алматы қаласындағы халық таланттарының байқауына қатысуға кеңес береді. 1937 жылы Мәткәрімге арнайы шақыру қағазы келіп, Ахмет Жұбановтың қамқорлығымен халық таланттарының Алматыдағы байқауына қатысады. Байқауда Мәткәрім арнайы дипломмен марапатталып, сыйлыққа патефон алып келеді.

Мәткәрім Есенқұлов 1945 жылы Абайдың 100 жылдығына ауданнан барған делегация құрамында күйші болып барады. Ұлы Абайдың 100 жылдық тойынан Ақсуат ауданынан барған делегация олжалы оралған.

Мәткәрім Амангелді атындағы колхозда сныр фермасының бастығы болып жүрген елуінші жылдарда арбадан бір флаг сары майды түсіремін деген кезде флаг қолынан түсіп кетіп сол қолының перне басытын сүк, ортаңғы, аты жоқ үш саусағын екінші буынан сындырып кетеді, саусақтары бүгілмейтін болып қалады. Содан домбыра тарта алмай нағыз кемеліне келген шағында, шығарған күйлері жария болмай, немесе жазылып алынбай, домбырамен хош айтысады. Бұл жағдай ел серісі болып, домбыра тартып, халық арасында еркелеп жүрген

азаматқа қатты соққы болып, өмірінің соңғы кездерінде тұқ білмейтін адамдай, адамдармен ашылып сөйлеспей, әсіресе домбыра туралы ешнәрсе айтпай, тұңғық адам болып кетті.

23. ӘСЕМ ТОЛҒАУ

Мәткерім Есенқұлов
орындаушы Біләл Ысқақов

Жүрек, еркелеге

The musical score is written in G major (one sharp) and 3/4 time. It consists of ten staves of music. The first staff begins with a dynamic marking of *mp*. The second staff has a *mf* marking. The third staff has a *mf* marking. The fourth staff has a *mf* marking. The fifth staff has a *mp* marking. The sixth staff has a *p* marking. The seventh staff has a *mp* marking. The eighth staff has a *mf* marking. The ninth staff has a *f* marking. The tenth staff has a *f* marking. The score includes various articulations such as accents and slurs, and dynamic markings like *mp*, *mf*, *p*, and *f*.

This page of musical notation consists of 12 staves. The music is written in a key signature of one sharp (F#) and features a variety of time signatures: 3/4, 3/8, 6/8, and 9/8. The notation includes treble clefs, dynamic markings (*p*, *mp*, *mf*, *f*), and performance instructions such as accents and slurs. The first staff begins with a melodic line in 3/4 time, marked *p*. The second staff is a piano accompaniment in 3/8 time, marked *mp*. The third staff continues the piano part in 6/8 time, marked *p* and *mf*. The fourth staff is a piano accompaniment in 9/8 time, marked *p*. The fifth staff continues the piano part in 3/4 time, marked *f*. The sixth staff is a piano accompaniment in 3/8 time, marked *mp*. The seventh staff continues the piano part in 6/8 time, marked *p* and *mf*. The eighth staff is a piano accompaniment in 3/4 time, marked *p*. The ninth staff continues the piano part in 3/8 time, marked *mp*. The tenth staff is a piano accompaniment in 6/8 time, marked *p*. The eleventh staff continues the piano part in 3/4 time, marked *mf*. The twelfth staff is a piano accompaniment in 3/8 time, marked *p*.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The key signature is G major (one sharp). The music is characterized by intricate rhythmic patterns, often using sixteenth and thirty-second notes, some of which are beamed together. The time signatures vary throughout the piece, including 6/8, 3/4, and 2/4. There are several dynamic markings: a piano (*p*) marking appears in the sixth and tenth staves, and a mezzo-forte (*mf*) marking is in the seventh staff. The notation includes many beamed notes, rests, and some slurs. The overall texture is dense and rhythmic.

БЕЙІСБАЙ ШАБАНБАЙҰЛЫ (1898–1947)

Бейісбай Шабанбайұлы Қытай Халық Республикасы Тарбағатай аймағының Толай ауданында қарашайым отбасында дүниеге келген. Бейісбай есейе келе әртүрлі өнерге талпынады. Сонымен бірге, сыбызғышылық өнерді де меңгерген. Бейісбай Шабанбайұлы Қайрақбай, Сайлыбайлардан келе жатқан күйшілік дәстүрді жалғастырушылардың бірі. Өз өмірінде «Шыңырау», «Ақсақ арқар» т.б. сол қатарлы 20-ға жуық күй шығарған үлкен домбырашы болған. Күйлері ұрпақ санасына ұлап, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Күйшіліктен тыс алтын, күміс ұстаған зергер, күсбегі, асқан мерген, ағаштан түйін түйген шебер ұста болған. Бейісбай жасаған күміс ер-тұрманды көрмеге қойған кездер де болған. Күйші өзі туған жерінде 1947 жылы дүние салады Бейісбайдың күй мұрасын сақтап, оның кейінге жеткізуші өзінің баласы Айттыкен Бейісбайұлы және Әнуаш Сүлейменұлы, Мұрат Ыбырайұлы, Мұқаш Таңғытұлы, Еркін Ерген сынды күйші орындаушыларды айтуға болады.


Шыңырау

Шығыс өңірінде «Шыңырау» деп аталатын бірқатар күйлер бар. Жалпы шыңырау сөзі биіктік пен тереңдікті және де, шексіз тұнғықты білдіретін ұғым. Күйді «Шыңырау» деп коюуына қарағанда, күй мазмұны мен табиғатына қарай терең ойлылықты аңғартады. «Шыңырау» философиялық дүниетанымнан құрылған, ойлы туындылардың бірі.

24. ШЫҢЫРАУ

Бейісбай
орындаған Айттыкен Бейісбайұлы

Орташа, салмақты



This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system across the staves. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. There are several measures with triplets indicated by a '3' over the notes. Above the first staff, there are numerous 'v' marks, likely indicating vibrato or breath marks. The piece concludes with a double bar line and repeat dots. The overall style is that of a classical or romantic-era instrumental piece.

The image displays ten staves of musical notation. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, accidentals, and dynamic markings. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat. The music consists of several measures of eighth and sixteenth notes, some with slurs and accents. The second staff continues the melodic line with similar rhythmic patterns. The third and fourth staves show a more rhythmic accompaniment with repeated eighth-note patterns. The fifth staff features a melodic line with a 'V' marking above a group of notes. The sixth staff has a treble clef and a key signature of one flat, with a 3/4 time signature. The seventh staff continues the melodic line with a 'V' marking. The eighth staff has a treble clef and a key signature of one flat, with a 3/4 time signature. The ninth staff has a treble clef and a key signature of one flat, with a 3/4 time signature. The tenth staff has a treble clef and a key signature of one flat, with a 3/4 time signature. The notation is dense and detailed, with many slurs and accents throughout.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system across the staves. The music is primarily in treble clef. The first two staves feature a complex, rhythmic melody with many beamed eighth and sixteenth notes. The third staff continues this melody with some rests. The fourth staff shows a change in the melody, with more sustained notes and some rests. The fifth staff continues with a similar rhythmic pattern. The sixth staff has a more melodic line with some rests. The seventh staff features a complex, rhythmic melody with many beamed eighth and sixteenth notes. The eighth staff continues this melody with some rests. The ninth staff has a more melodic line with some rests. The tenth staff continues with a similar rhythmic pattern. The notation includes various musical symbols such as clefs, notes, rests, and bar lines.

ЖҮНІСБАЙ СТАМБАЕВ
(1891–1973)



XIX аягымен XX ғасырдың бас кезінде Байжігіт күйлерін күйшінің өзінің ұрпағы Мүсәпірхан және Бекжан, Бодау, Қызай, Шонтай дейтін атақты домбырашылар тартады. Өрқайсысы Бәженнің 40-50-ден күйлерін сақтаған деседі. Ал, атақты Бодау мен Қызайдың көкірегіне қонған мол қазына іссіз кетпеген. Шың мәнісінде, қазір ұрпақ алдында тарты-лып отырған Байжігіт мұрасының дені Жүнісбай домбырашы арқалы жетіп отыр. Жүнісбайдың әкесі Стамбай білікті адам екен. Жалғыз баласының домбыраға ерекше құмар-лығын аңдаған соң, ел аралап, өмірін сауық-сайранмен өткізіп жүрген салт атты, сабыу қамшылы Бодауды үш жыл үйіне

сақтап, кішкене Жүнісбайға ұстаздық еткізеді. Бұдан соң Жүнісбай бес жыл бойы атақты домбырашы Қызайдан тағылым алады. Сөйтіп, көне шеберлердің үлкен мектебінен өткен, олар сақтаған мол қазынаны көкірегіне тұта алған Жүнісбай арқаның бұрынғы, соңғы туған күй мұрасының кенішіне айналады. Жүнісбай жалғыз Байжігіттің өзінен 40 тан астам күй шерткен екен. Ал, жадына түйген, ауыл арасында тартып жүрген күйлерінің ұзын саңы – 200 ден асыпты. Бұлардың ішінде Байжігіттен басқа есімі қалып қауымға бейтаныс Қызылмойын Қуаңдық, Кенжебай, Бейсенбі, Нұрқыз сияқты күйшілер мұрасы, көне замандарда жасаған Кетбұға мен Саймақ, Қорқыт пен Асанқайғы сарындары, жұртшылыққа белгісіз ондаған халық күйлері болған. Сонымен қатар Тәттімбеттің бірнеше күйін, «Қоңырдың» бірі белгілі, бірі белгісіз екі түрін және елге мәлім көптеген халық күйлерін тартыпты және солардың бәрін ерекше нақыш, өзгеше мәнермен шертеді екен. Бауырына салған жиегі Талас ес білгеннен-ақ нағашысына тартып туғанын аңғартқанды. Енді Жүнісбай өзінде барды тегіс Таласқа тастап кетуді мұрат тұтады. Талас он жыл бой өз аулындағы орта мектептен білім, ал өз үйіндегі домбыра мектебінен тағылым алады. 1973 жылы нағашысы көз жұмғанда Талас он жылдық мектепті жана ғана бітірген еді. Бірақ Жүнісбайдың домбыра мектебін толық тәмамдап үлгермейді. Соның өзінде Таластың атасынан алып қалғаны ұшан теңіз. Ешкімге ұқсамайтын, көне заман шеберлерінің перне басыс, ішек шертіс мәнерін, әдісі мен машығын жете меңгерген. Байжігіт – Қуаңдық – Тәттімбет, Кенжебай – Бодау, Қызай – Жүнісбай сияқты өнерпаздар дәстүрін жалғастырушы Таластың домбырашылық таланты өз алдына бір төбе.

*Мұхтар Мағауин. «Күй иесі – Байжігіт»
«Жұлдыз» журналы, 1976ж., № 9 саны, 185 бет.*



БАҒАНАЛЫ САҢТÖЛЕКОВ (1895–1986)

Бағаналы Саятөлеков Семей облысының Ақсуит ауданына қарасты Көкжыра ауылында 1895 жылы дүниеге келген Жас кезінде даусы зор, әрі әнші, әрі домбырашы болған. Бағаналы 1937 жылы бүкіл қазақстандық өнер слетіне қатысып күй тартып сахнаға шыққан. Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін алғаш орындаушылардың бірі болған. Сол слетте Бағаналы атақты күйшілер

Дина Нұрпейсова, Әбікен Хасеновтермен диалдасып өз өнерін ортаға салып, олардың өнерін тамашалаған. Сондай-ақ Бағаналы Жамбылдың 95 жасқа толу тойына да шақыртылып, шертпе күйлер тартқан. Күйші Бағаналы Саятөлеков өле-өлгенше домбырасы қолынан түспеген адам. Бағаналының репертуарында халыққа белгісіз 40-қа тарта күй болған. Оның репертуарында «Қорамжан», «Ашы күй», «Көктөбет», «Шынырау», «Беласар», «Қара жорға», «Аңыратпа», «Бозайғыр», «Таукүдірет», «Кел торы», «Сарқырама», «Бұлғын, Сусар», «Қара атты мен торы атты» т.б. күйдің ескі нұсқаларын бізге тартып жеткізген. Бағаналы Тәттімбеттің бірнеше күйлерін орындаған. Ол дарынды домбырашы болумен бірге «Қос ішек», «Барина-Сударина», «Шопан тойы», «Гагаринге сүйінші», «Ой толғауы», «Қосбасар» сияқты бірнеше күйлер шығарған. Домбырашы Бағаналы Саятөлеков жөнінде алғаш қалың жұртшылыққа таныстырып жазған белгілі күйші-ғалым Уәли Бекенов болды. (*У. Бекенов. Күй табиғаты. А., 1981. 64-67-беттер*). Кейінірек 1984-85 жылдары Қазақ теледидарының редакторы, белгілі журналист Жаулыбай Иманалиев Алматыға алдырып, оның орындаушылығын теледидар арқылы қалың жұртшылыққа көрсетті.

ШАЙХЫ ҚҰСАЙЫНОВ (1897–1970)

Өз дәуірі мен ортасының дәулескер домбырашысы Құсайынов Шайхы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының түлегі. Сүйегі Саржомарт ішіндегі Сәйке руынан. Арнайы музыкалық білімі болмаса да, Құсайынов Шайхы табиғи қабілетімен домбыра аспабын, күй өнерін шебер меңгерген өнерпаз болған. Халық күйлерін жанымен сүйіп, үйреніп, бойына сақтап, арттағы ұрпақтарға аманат етіп, қалдырған күйші. Замандастарының айтуынша Шайхының репертуарында 50-60-тай халық күйлері болыпты. Мысалы



«Балжандар», «Ақсабанның толқыны» күйлері Марқашың көлі мен өзенінің аттарымен, «Бейсенбінің кеңес күйі», ХІХ ғасырда атақты Бейсенбі бидің есімімен байланысты, сондай-ақ Сыдық, Мәди сынды Катон-Қарағай жерін мекендеген күйшілердің күйлерін жеткізуші.



ШӘКІР ӘБЕНОВ

(1900–1994)

Шәкір Әбенov (азан шақырып қойған аты — Мұхаммедшәкір) 1900 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Құндызды ауылында туысып, 1994 жылы туған ауылында қайтыс болды. Шәкір Әбенov халық ақыны, фольклоршы, сазгер. Мұсыманша сауат ашқан соң, Семейдегі “приходская школада” үш жыл оқыған. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндермен жақын таныс болған. Сейфуллинге атқосшы болып, ақынмен бірге Қазақстанның көп жерлерін аралаған. Ш.Әбенovтың халықтық дастанды жаңаша толғаммен жырлаған “Қоны Көрпеш — Баян сұлу” поэмасы 1937 жылы “Әдебиет және искусство” журналында жарияланған соң ақындық атағы шықты. Сол жылы “халық жауы” атанып, ақыры көрші қырғыз еліне асып кетеді. 1939 жылы Алматыға

қайтып оралып, Жанак, Сабырбай, Түбек, Дулат, Байқоқиен ақындардың әдеби мұраларын алғаш қағаз бетіне түсіріп Қазақстан ғылыми-зерттеу ордаларына тапсырды. Маман-зерттеушілер Әбенovтың орындауында оңдаған ән-күйді нотаға түсірді. 1940–41 жылдары Жамбылдың әдеби хатшылық қызметін атқарып жүргенде жалған айыптау негізінде ұсталып, Семей түрмесіне қамалады. Ұлы Отан соғысы басталған соң өз еркімен соғысқа аттанып, Сталинград майданында ауыр жарақат алып, елге қайтып келеді. 1945 жылы саяси қуғын-судтану қайта басталып, Әбенov Сібірге, Александров абақтысына айдалады. 1955 жылы түрмеден босап, 1961 жылы толықтай ақталды. Абайдың әдеби мектебінің Кеңес дәуіріндегі белді өкілдерінің бірі ретінде танылған. Әбенovтың тарихи-танымдық тақырыптарды қозғайтын “Кейпін батыр” (1939), “Таңшыбер — Жапал” (1962), “Ортақ арал” (1968), “Қорқыт қобызы”, “Пәрмен”, “Алданған қыз”, “Патша мен байғыз”, “Ана махаббаты”, “Төктамас батыр” атты дастандары “Шыңғыстау” (1980), “Шыңғыстау сазы” (1985), “Дастандар” (1991) деп аталатын жыр жинақтары баспалымдарға енген. Айтас ақыны ретінде кеңінен танымал. “Алтай аруы”, “Дауа” т.б. 20-дан астам төл ән-күйлері бар.



ӘТІХАН ИСАУЛЫ (1900–1973)

Әтіхан Исаұлы 1900 жылы Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ автономиялық облысы Мұнғұдкүре ауданына қарасты Ақаяз деген жерде дүниеге келген. Әкесі Иса сол өңірдегі айтулы күйші болған. Жастайынан әке жолын қуған Әтіхан қолына домбыра алып, ел көзіне түсе бастайды. Халық күйлерін нақышына келтіре орындаған Әтіхан өз жанынан көптеген күйлер шығарған. Күйшінің «Қайран шешем», «Күй шақыртқы», «Бесқарағай», «Жолболды кенесі», «Ойжайлау», «Ақаяз толқыны», «Мұзды қыз» күйлерін өз баласы Бекдәулет, Бақдәулет және оның ұрпақтары Омарәлі, Мерекәлі, Ғымырәлі, Матай, сонымен қатар, Мыңбай Есберханұлы сияқты домбырашылар бүгінге жеткізген.

Бесқарағай

Әтіханның туған жері Сарқобының басындағы Дайырбек сайы деп аталатын кең қыстаулық еді. Өзеннен өрлегенде, жотаның ең биігінде өзгеше өскен біртөп қарағай бар еді. Жұрт оны «Жалқарағай» немесе «Бесқарағай» деп атайтын. Әтіхан әрдайым осы Бесқарағай биігіне шығып туған жердің табиғатын тамашалайтын. 1960 жылдары қоғамдық жағдайларға байланысты, Әтіханды Бесқарағайдан, Шат-Қайыңды деген алыс ауылға жер аударады. Туған жеріне ұзақ жылдар бойы келе алмай, Бесқарағайдың тамаша табиғаты күйшінің көкірегінде сағыныш болады. Осы сағыныштан «Әттең шіркін! Бес қарағай» деген күйі туады.

*Деректі айтып жеткізуші Мыңбай Есберханұлы,
жазып алған Ардаби Мәулетұлы.*

25. БЕСҚАРАҒАЙ

Әгіхан Исаұлы
орындаушы Ғымыналі Беқаулетұлы

Орташа, сазлы

The image displays a musical score for the piece 'Besqaragay'. It consists of ten staves of music, each containing a single melodic line. The notation is written in a standard Western staff with a treble clef. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, as well as rests. There are several measures with dynamic markings such as 'f' (forte) and 'p' (piano). The score concludes with a double bar line and repeat dots.

This page of musical notation consists of eight staves of music, all in 3/4 time. The notation is arranged in a single system. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music is primarily composed of chords and dyads, with some melodic lines. The second staff features a more active melodic line with eighth and sixteenth notes. The third staff continues with a similar chordal texture. The fourth staff shows a mix of chords and moving lines. The fifth staff has a more rhythmic feel with eighth notes. The sixth staff returns to a chordal texture. The seventh staff features a melodic line with some grace notes. The eighth staff concludes the piece with a final chord and a fermata.

РАЗДЫҚ АХМЕТЖАНҰЛЫ (1905–1949)

Раздық Ахметжанұлына Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өңіріндегі Еренжабырғының Сарышоқы тауын мекендеген асқан дарынды домбырашы болған. Раздық белгілі домбырашы, өнер жетітуші Уәли Бекеновтың немере ағасы болып келеді. Уәлидің атасы Бекен мен Раздықтың әкесі Ахметжан ағайынды адамдар болған. Раздық күйші жайында алғаш рет



жазып, қалың жұртшылыққа таныстырған да Уәли Бекенов болатын. Раздық өзіне дейінгі Шотайбай деген күйшінің есімін әрдайым құрметпен айтып жүреді екен. Шотайбайдың тартуындағы әйгілі «Шынырау» күйі кейінгі ұрпаққа Раздықтың орындауында жеткен. Ол халық күйлерін нақышына келтіріп шерту мен қатар өз жанынан да күйлер шығарған. Раздық Ахметжанұлы өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, жан-жақты білімді адамы болған. Ол мектеп директоры болып қызмет істеген. Уәли Бекеновтың айтуы бойынша Раздық байлық қуып, мал жинауға құлқы болмаған. Оның жалғыз жүйрік аты, қыран бүркіті мен тазысы болған. Есесіне балаларды оқытып өнерлі етіп шығаруға белсене атсалысқан. Оқушыларына өз қолымен домбыра жасап беріп, күй үйреткен екен. Ол ұйымдастырған домбыра үйірмесінен көптеген пәкірттер домбыра тартуды меңгеріп шығады. Солардың қатарында Уәли Бекенов те болған. Раздық күйші 1949 жылы 44 жасында қайтысыз қазаға ұшырап қайтыс болған. Оның «Аңшының зары», «Салқурец» күйлерін асқан орындаушылық шеберлікпен жеткізген домбырашы Уәли Бекенов.

Аңшының зары

Аңшылықты кәсіп қылған екі жігіт бір себеппен елден кетіп, таудың шатқалын мекендейді. Күндердің күнінде олар екі қыркада аң аулап жүргенде, ағасы бір құлан атын алады. Құланның етін қапқа салып, терісін күнге дегдітіп отырғанда, аспанды аяқ астынан бүлт торлап қалың нөсер бүріпак құйып кетеді. Аңшы құлан терісін тастың қуысына күркелеп, соны паналатуға мәжбүр болады. Міне, осы шақта, қырқаға шыға келген інісінің көз ұшында құлан көсіліп жатқандай болады. Ойланбастан садақ тартқан інісі, құланды бауыздап ала қойып деп жақындап келсе, өліп жатқан өзінің ағасы болып шығады. Ағасын келмеске жөнелткен бейбақ, ауыр қайғыға душар болып, еңіреп жүріп ағасын арқалап қосына қайтады. Бірден қосқа келуге бағылы бармай, сүйекті жақын бір жерге жайғастырып, ауылға келеді. Алдынан шыққан жеңгесі, қайынысын қаннен қаперсіз қарсы алады. «кешіктіңдер ғой, аған қайда?» - деген сұраққа қайынысы айтарға жауап таппай, жол сылтау айтып қосына кіреді. Сол кезде керегеді тұрған қоңыр домбыра қолына түсіп, бір мұңлы күй шертеді. Сезімтал жеңгесі: «ой, пірім-ай!, мына күйің бұрын-соңды естілмеген зар ғой! Не сұмдықты бастан отырсың!, осы ағадан айрылып қалып отырғаннан сауамсың?»- депті, сонда аңшының қолынан домбыра түсіп кеткен деп аңыз қалады.

*Күйді тартып, аңызды айтушы, домбырашы Уәли Бекенов.
«Күй табиғаты» Алматы.
«Өнер» 1981ж, 60 бет.*

26. АҢШЫНЫҢ ЗАРЫ

орындаушы Уали Бекенов

Орташа, тебіренге

The musical score is written on ten staves. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. The music is characterized by a dense, rhythmic texture, primarily using eighth and sixteenth notes, with some thirty-second notes in the later staves. There are several dynamic markings, including 'v' (piano) and 'f' (forte), and some phrasing slurs. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. It consists of ten staves of music, arranged in a system. The notation is written in treble clef and includes various note values, rests, and dynamic markings. The music is complex, featuring many beamed notes and rests. The notation is arranged in a system of ten staves, with some staves containing multiple systems of notes. The notation is complex, featuring many beamed notes and rests.

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The top staff is a single melodic line. The remaining nine staves are arranged in pairs, with the upper staff of each pair being a single melodic line and the lower staff being a chordal accompaniment. The notation includes various rhythmic values, rests, and dynamic markings like 'v'. The page number 126 is centered at the bottom.

МӘСІҒҮТ ТӘТЕНОВ (1907–1991)



Мәсіғүт Сейітханұлы Тәтенов 1907 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, тоғызыншы болыс ауылында дүниеге келіпті. Жасынан мұсылманша және орысша хат танып, ән-күйге, өлең-жырға бейім болып өскен. Мәсіғүттың әкесі Сейітхан өте дәулетті адам болады. Жаз – жайлау Тарбағатай таулары, қыстауы Көкбекті, Ақсуат маңайы болған. Атақты Кемпірбай ақын, Әсет әнші, Абайдың інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы, Өріп Тәңірбергеліұлы, Балта ақын көптеген қазаққа белгілі адамдармен сыйлас болған. Мәсіғүттың үлкен ағалары Мұхаммәди, Махмұт Сейітханұлдары домбырада, скрипкада, мондалинада жақсы ойнаған. Ол кезде қазақ даласында скрипка, мондалина сияқты

аспаптар сирек болса да тарай бастаған.

Адамбек Тәтенов әкесі Мәсіғүт жайлы былай деп еске алады: «Әкеміз Мәсіғүт Сейітханұлы Тәтенов Шәкәрім қажы Құдайбердіұлымен дос болған, кездескен сәттерін еске алып әңгімелеп отыратын. Біздерге кішкентай бала кезімізден Шәкәрімнің әндерін үйретіп, үйге қонақ келгенде балаларына «Бұл ән бұрынғы әнінен өзгереке», «Ал, жаз шығар жаманшылық жоғалғанда», т.б. әндерін айтқызатын. Бұл Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталмаған кезі, 1956 жылдары болған. Шәкәрімнің философиялық қолжазбаларын оқыған әкеміз, «Тән мен Рух», «Жаратушы хақ», т. б. тарауларын аузымызды аштыра әңгімелейтін. Абайдың әндерін бәрін дерлік үйретіп, бала кезімізден сол Абай, Шәкәрім поэзиясы, әндері, философиясы арқылы тәрбиеленіп өстік. Абайдың қара сөздерін оқытып, Шәкәрімнің философиялық көзқарастарын айтып пікір таластыратын».

1955–1959 жылдары Қазақтың Жамбыл атындағы филармониясында артистердің гастрольдік тобына администратор болып қызмет атқарады. Атақты әншілеріміз Жүсіпбек Елебеков, Жамал Омарова, Рабиға Есімжанова, күйші, домбырашы Мағауия Хамзин, т.б. өнер адамдарымен бірге республикамыздың облыстарында, аудандарында гастрольдік сапармен бірге болады. Кейін денсаулығына байланысты, мұғалім болып мектепте жұмыс істеген. Сонда да, домбыра шертуін әрдайым тастамайды. Өзі шығарған күйлерін нотаға түсіру жағын ойластырады. Оның бұл ойын белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов іске асырды және «Салтанат» күйін орындап күйтабаққа жазады. Бұл шығарма Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрінің репертуарына енген.

Қосбасар

«Қосбасар» деп күй шығару ертеден келе жатқан дәстүрдің бірі. Мәсіғүтта осы үрдісті жалғастырып өз «Қосбасарын» шығарып, үлесін қосып, байыта түскен. Мәсіғүт бұл күйінде негізгі әуенді кезек-кезек бес түрлі тональдікке ауыстыра отырып, сол арқылы шығармаға ерекше әр беріп, жанашылдық танытқан.

*Күйді тартып, жеткізуші домбырашы,
зерттеуші Уәли Бекенов.*

27. ҚОСБАСАР

Мәсіғүт Тәтенов
орындаушы Уәли Бекенов

Орташа ескініле

The musical score is written for a single melodic line on a grand staff (treble clef). It begins with a key signature of one sharp (F#) and a 2/4 time signature. The tempo is marked 'Орташа ескініле' (Moderato). The piece consists of ten staves of music. The first staff starts with a treble clef and a key signature of one sharp. The music is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. There are several rests and dynamic markings, including 'v' (accents) on certain notes. The piece concludes with a double bar line and a repeat sign.

This image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system across the page. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The second staff continues the melody with similar rhythmic complexity. The third staff introduces a more complex rhythmic structure with sixteenth-note runs. The fourth staff shows a change in the melodic line, with more frequent rests. The fifth staff features a prominent sixteenth-note pattern. The sixth staff continues with a similar rhythmic motif. The seventh staff shows a change in the melodic line, with more frequent rests. The eighth staff features a prominent sixteenth-note pattern. The ninth staff continues with a similar rhythmic motif. The tenth staff concludes the piece with a final melodic phrase. The notation is clear and well-organized, with a consistent layout throughout the page.



КАМАЛ МАҚАЙҰЛЫ (1925)



Камал Мақайұлы Қытай Халық Республикасының Іле аймағының Тоғызтарау ауданында дүниеге келген. Әшімнің күй мұрасын негізінен оның шәкірті, майталман домбырашы Камал Мақайұлы ұстап қалады. Устазының күйлерін түгелдей тартып өз жанынан көптеген күйлер шығарған Камал ақсақалды, күй өнерінің шежіресі десе болғандай. Бүгінгі тартылып жүрген Әшім күйлерінің басым көпшілігі Камал Мақайұлы арқылы жетіп отыр. Әшімнің төл күйлерімен қатар бізге белгісіз болып келген

Іле аймағында сақталған күйші-композиторлар мұраларымен қоса, көптеген халық күйлерін жадына түіе білген Камал ақсақал осы күйлердің барлығын ерекше нақышпен, асқан шеберліктен орындап жеткізуші. Бұлардың ішінде

Қызылмайын Қуандық, Малак, Тілеміс т.б сияқты күйшілер мұрасы, сонымен қатар ерте замандардан жеткен халық күйлері өз алдына мол қазына. Тұтас бір орындаушылық мектепті кейінгі ұрпаққа жалғаған бірегей домбырашы, көне заман күй шеберлерінен келе жатқан перне басыс, шертпес әдісін жете меңгерген Камал Макайұлының өзгеге ұқсамайтын айрықша орындаушылық өнері өз алдына бөлек дүние. Өшім күйші өзінің тартқан домбырасын бірден-бір шәкірті Камал Макайұлына мұра етіп қалдырған. Күйшінің шығармашылығына байланысты 1981-ші жылы «Өшім күйлері», 1989 жылы «Күй күмбірі», 2005 жылы «Күй пірі» атты күй жинақтарын Камал Макайұлы баспадан шығарған. Сонымен қатар күйші жайлы мақалалар жариялап елге насихаттау жолында көп еңбек еткен. Камал Макайұлы орындаушылық өнерімен қатар өз жанынан көптеген күйлер шығарған сазгер де.



УӘЛИ БЕКЕНОВ (1934–2004)

Бекенов Уәли Қалнақбарұлы 1934 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, Үрімжі ауданы, Еренқабырғаның Сарышоқы өңірі Ақтерек аулында дүниеге келген. Уәли алты жасынан домбыра тартуға әуес болып, он жасында күйші бала атанған. Оны күйшілік өнерге баулыған немере ағасы Еренқабырға төсіндегі атакты күйші Раздық Ахметжанұлы еді. Раздық күйшіден «Аңшының зары», «Салкүрен», «Шыңырау» сынды күйлерін үйренеді. 1951 жылы Үрімжідегі мұғалімдер гимназиясын бітірген. 1955-1956 жылдары Семейдің М. Төлебаев атындағы музыка училищесінде оқыған. 1965 жылы Құрманғазы атындағы

Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. У.Бекенов көп жылдар бойы Қазақстан оқу министрлігінің ғылыми-методикалық кабинетінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол саналы өмірін қазақтың күй өнерін зерттеуге, оны кенінен насихаттауға арнады. Әсіресе У.Бекенов шертпе күйдің шебер орындаушысы ретінде Тәттімбет, Тоқа, Әбді, Өшімтай, Ақмыс, Раздық, Сүгір, Төлеген тағы басқа мұрасын зерттеп, нотаны түсіріп, республика көлемінде орындаушылар репертуарына, оқу бағдарламаларына енгізуде ерен еңбек етті. 1970-76 жылдары консерваторияда тұңғыш шертпе күй класын ашып, дәріс берген. 1981 жылдан өмірінің соңына дейін Күләш Байсейітова атындағы республикалық арнайы музыка мектебінде ұстаздық еткен. Еңбектену нәтижесінде «Күй көтерер көңілдің көкжиегін» (1975ж), «Шертпе күй шеберлері» (1977ж), «Өркен жайған қобыз өнері» (1980ж), «Күй табиғаты» (1981ж), «Аспаптану» (1989ж), «Күй күмбезі – Тәттімбет» (2002ж), «Күй керуені» (2002ж) кітаптарын жарыққа шығарды. Қазақтың күй өнеріне оның ішінде шертпе күй саласының жандануына сіңірген еңбегі орасан зор. Уәли күйші-композитор ретінде «Женгем сүйер», «Ерен толғу», «Күй аңсаған», «Бөзбағым» атты күйлердің авторы.

Күй аңсаған

Қазақтың аюық ақыны Мұқағали Мақатаев, күйші Уали Бекеновпен өмірде қадірлес, сыйлас болған. Мұқағали ақын күй әуесін, қоныр домбыраның үнін сағынған кезінде үнемі Уалиді іздеп күйін тыңдап, бір уақыт шерін таркатады екен. У. Бекеновтың «Күй аңсаған» шығармасы Мұқағалидай біртуар дарын несі, абзал азаматқа арнаған жүрекжарды туындысы.

28. КҮЙ АҢСАҒАН

Уали Бекенов
орындаушы Уали Бекенов

Орташа, сизғыншыпен

The musical score consists of seven staves of music. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The melody starts with a quarter note G4, followed by quarter notes A4, B4, and C5. The second staff continues the melody with eighth notes and quarter notes, including a triplet of eighth notes. The third staff features a more complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes. The fourth staff continues with similar rhythmic patterns. The fifth staff shows a melodic line with many notes marked with a 'V' above them. The sixth staff features a series of chords, mostly dyads and triads, with many notes marked with a 'V'. The seventh staff concludes the piece with a final cadence on a quarter note G4.

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece in G major and 3/4 time. The music is written on ten staves, each beginning with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, as well as rests. There are several measures with repeat signs (double bar lines with dots) and some measures with fermatas. The music appears to be a single melodic line, possibly for a violin or flute. The overall style is that of a classical or romantic-era piece.

The image displays ten staves of musical notation, likely for a piano or guitar. The music is written in G major (one sharp) and 3/4 time. The notation includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings such as accents and slurs. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The music features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. The second staff continues the melodic line with similar rhythmic patterns. The third staff shows a change in texture, with some chords and rests. The fourth staff introduces a more complex rhythmic pattern with sixteenth notes and accents. The fifth staff features a mix of eighth and sixteenth notes with accents. The sixth staff has a more rhythmic, chordal texture with eighth notes and rests. The seventh staff continues with eighth notes and rests. The eighth staff has a mix of eighth and sixteenth notes with accents. The ninth staff features a mix of eighth and sixteenth notes with accents. The tenth staff concludes the page with eighth notes and rests.

The image displays a page of musical notation consisting of seven staves. The music is written in G major (one sharp) and features a variety of time signatures and rhythmic patterns. The staves are as follows:

- Staff 1: Treble clef, G major. Time signatures: 3/4, 6/8, 3/4, 3/4, 6/8, 3/4.
- Staff 2: Treble clef, G major. Time signatures: 3/4, 6/8, 3/4, 3/4, 6/8, 3/4.
- Staff 3: Treble clef, G major. Time signatures: 6/8, 3/4, 3/4, 6/8, 3/4.
- Staff 4: Treble clef, G major. Time signatures: 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4.
- Staff 5: Treble clef, G major. Time signatures: 3/4, 3/4, 6/8, 3/4, 3/4, 3/4.
- Staff 6: Treble clef, G major. Time signatures: 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4.
- Staff 7: Treble clef, G major. Time signatures: 6/8, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4.



ҚАЗЕН ӘБУТАЙҰЛЫ (1936)

Қазен Әбутайұлы 1936 жылы Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағының Дорбілжін ауданында дүниеге келген. Жасынан ән мен күйге құмар, өнерге әуес болып өседі. Алғаш домбыраны өз әкесі Әбутайұлыдан үйренеді. Кейіннен сол аймақтағы Оразғали деген домбырашыдан күйдің қыр-сырына қанығады. Жас кезінде ән салып, төңірегіне әншілігімен таныла бастайды. Жасынан есепке жүйрік болып

өскен Қазен ауылда бухгалтер болып қызмет атқарады. 1962 жылы атамекені Семей облысының Ақсуат өңіріне оралып, көп жылдар Ақсуат кәсіптік техникалық училищесінің ағаш шеберханасында, ағаш ұстасы болып жұмыс істеген. Атамекенге оралғаннан кейінде бойға біткен өнерді тастамайды. Аудандық мәдениет үйінің оркестрі құрамында домбырашы және жеке әнші ретінде аудандық, облыстық деңгейдегі концерттерге қатысып өнер көрсетеді. 1986 жылдан өзі де күй шығару өнеріне ден қоя бастайды. Қазен Әбутайұлының күйшілік, шығармашылық өнері сан қырлы тақырыптардан тұрады. Жан-жануарларға арналған; «Ерке күрен», «Қызыл жебе», «Жылғыз аққу», «Қара қаз», дүниетанымдық ойға құрылған; «Ой толқыны», «Қайран әке», «Қосбасар», болған оқиғаларға, тыныс-тіршілікке байланысты; «Ана зары», «Серіні», туған жерге; «Қуаныш», «Бейбіт», т.б. жер атауы, сұлу табиғатқа; «Егіз қызыл», «Нарын» т.б. Қазен Әбутайұлы 2002 жылы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми зерттеу лабораториясына өз орындауында 20-ға жуық күйлерін жаздырды. Қазен Әбутайұлының күйлері сарыны, құрылымы, орындалу мәнері жағынан Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебінің ізімен туындаған күйлер.

Жалғыз аққу

Ақсуат өңірінде Қарғыба деген өзен бар. Күйші сол өзеннің маңында жүргенінде көлге бір жалғыз аққу келіп қонады. Қасына барса аққудың сұңқылдап, зарлап отырғанын естиді.

– Бұл бекерге зарлап отырған жоқ, сынарынан айрылған ғой, – деген аяныш сезім, күйші көкірегіне толқу ұлатады. Осыдан кейін күйші «Жалғыз аққу» күйін шығарады.

29. ЖАЛГЫЗ АҚКУ

Қазен Әбугазы
орындаушы Мүріт Әбугазы

Орташа, сұқымдаты

The musical score is written on ten staves. It begins with a treble clef and a 3/4 time signature. The first staff contains a melodic line with eighth and sixteenth notes, some marked with 'v' (accents). The second staff continues the melody with similar rhythmic values. The third and fourth staves feature a more complex rhythmic pattern with many sixteenth notes. The fifth staff shows a change in tempo or feel, with a 2/4 time signature indicated. The sixth staff returns to a 3/4 time signature and includes some notes with slurs and accents. The seventh and eighth staves continue with a steady eighth-note pattern. The ninth and tenth staves conclude the piece with a final melodic phrase and a 2/4 time signature.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in treble clef and includes various time signatures such as 3/4, 3/8, 6/8, and 9/8. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Some notes are marked with accents (^) or slurs. The key signature changes throughout the piece, including sections in G major, D major, and C major. The notation is arranged in a single system across ten staves.



ГАБДЫЛХАҚ БАРЛЫҚОВ (1938–2006)

Габдылхак Барлықов 1938 жылы ақпан айында Қытай Халық Республикасының Шәуешек қаласында дүниеге келген. Әкесі Барлық домбыра шертіп, әрі ел ішіне кең тараған жыр-дастандарды, киссаларды нақашына келтіріп айтатын өнерлі адам болған екен. Габдылхак Барлықовтың дәулескер домбырашы болуына

оның әкесі Барлықтың ел ішіне танылған өнерпаздығы әсер етсе, екінші жағынан Шыңғожа батырдың тікелей ұрпағы болып келетін Тума деген елден тараған нағашы жұртынан да дарыған екен. Габдылхактың анасы Оралканның туған нағашысы Қаракерейдің тумасы руынан шыққан Сейіт-Сері өз тұсында әйгілі әнші-композитор Әсет Найманбаевпен бірге жүріп ән шыққан, өз жанынан ән шығарған елге танымал өнерпаз болған. Габдылхак шешесі Оралхан Есенәліқызы тамаша әншілігі мен қатар айтыскер ақын болыпты. Осындай өнерлі отбасында өскен Габдылхак жасынан домбыраға әуес болады. Габдылхакты домбыра үйретуге баулыған алғашқы ұстазы Токтасын деген күйші екен. Габдылхак мектепте оқын жүргенде қарт домбырашы Токтасыннан «Жорға аю», «Майдажал», «Беласар», «Телқоныр» тәрізді күйлерді үйреніп, ел алдына шығып өнер көрсетеді. 1956 жылы Шәуешек гимназиясын үздік аяқтаған Габдылхак Алтай аймағында тіл-әдебиет пәнінің мұғалімі болып 1960 жылға дейін ұстаздық етіп, кейін «Алтай» газетінің редакциясына ауысады. Ол жақта да бойына біткен ерекше дарынды дамытып, домбырашылық, күйшілік өнерін ары қарай шыңдай түседі. Алтайдың Қаба ауданында әйгілі күйші Мүкейдің баласы Рахметолламан кезігіп, одан Мүкейдің «Қосбасар», «Аққабанның толқыны» тағы басқа бірнеше халық күйлерін үйренеді.

1962 жылы атамекені, қазақ жеріне Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Үржар ауданы, Тасбұлақ елді мекеніне қоныстанады. Осы жерде Мақашпы ауданының мәдениет үйіне жұмысқа орналасып, көркемөнерпаздар үйірмесін басқарады, оған қосымша мектепте ән-күй сабағын жүргізіп мұғалім болады. 1964 жылы Семей қаласында сырнайшылардың 8 айлық курсып бітіріп музыкалық білім алады. 1972 жылы КСРО Халық әртісі, әйгілі дирижер Шамғон Қажығалиевтың назарына ілігіп Құрманғазы атындағы оркестрі құрамына домбырашы болып жұмысқа қабылданады, кейінгі жылдары КСРО Халық әртісі, дирижер, композитор Нұрғиса Тілендиевтің жетекшілігіндегі «Отырар сазы» оркестрінде домбырашы ретінде жұмыс істейді. 1978 жылы қазақ радиосының музыкалық қорына бірнеше күйлер жаздырады. 1986 жылы Бейсенбі, Қайрақбай, Мүкей күйлерін күйтабаққа түсіріп, жарыққа шығарады.

2005 жылы «Мәңгілік сарын» атты республикалық күйшілер фестивалінде өнер көрсетіп, қалың жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленеді. Осы шара аясында жарық көрген «Мәңгілік сарын» атты күйлер жинағына Габдылхак Барлықовтың орындауында бірнеше күйлер енеді. Сол сияқты 2009 жылы жарық көрген «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жинағына да Г.Барлықовтың тартуында

Алтай-Тарбагатай өңірінің көптеген күйлері енді. Ғабдылхақ Барлықов Алтай-Тарбагатай күйшілік дәстүрін кейінгі ұрпаққа жеткізген, өзгеге ұқсамайтын айрықша орындаушылық мәнері бар, бірегей домбырашы. Ол Алтай-Тарбагатай аймағында өмір сүрген Қайрақбай, Бейсенбі, Мүкей, Шақабай Шалап тәрізді күйші-композиторлардың мұраларымен қоса, көптеген халық күйлерін ерекше нақышпен, асқан шеберлікпен орындап жеткізуші. Ғабдылхақ Барлықов Алтай-Тарбагатай күйлерінің шебер орындаушысы, кейінгі ұрпаққа жеткізушісі, әрі насихаттаушысы болды. Оның репертуарында ел арасына тарай қоймаған жүзге тарта күйлер болған. Олардың ішінде ерте замандардан бері келе жатқан «Ақсақ марал», «Бұлғын-сусар», «Мергеннің мұңы», «Шеруші құлан», «Өрелі кер» сынды халық күйлері, Қайрақбайдың «Қайрақбай», Бейсенбінің «Кенес», «Көк дөнен», «Таңсаңшы», Мүкейдің «Қосбасар», «Аққабаның толқыны» тәрізді күйлер бар.



КИЗАТ СЕЙТҚАЗИН (1942–2012)

Қизат Сейтқазин 1942 жылы 15-қыркүйекте Тобы ауданының Жайыр өңіріндегі, Қыту деген тауда, үш атасынан дін жолын қуған молла отбасында дүниеге келген. 1959 жылы Шығыс өнеркәсіп қатынас мектебінің тас жол кәсібіне оқуға түсіп, 1962 жылы орта техникумды тәмамдап, Тобы аудандық тас жол мекемесіне техник болып жұмысқа орналасады. 1981 жылы аудан басшыларының ұсынысымен аудандық радио-телеарна мекемесіне редактор, әрі тілші болып ауысып, 1984 жылы жоғары білім дәрежесін алып, орта дәрежелі редактор деген ғылыми атақпен істеп, 1999 жылы мамыр айында құрметті демалысқа шыққан. Қизат Сейтқазин 1962 жылдан домбыра өнерімен айналысып ән-күй шығара бастаған. 1986 жылы алғашқы туындысы – «Дуылпаз» бүкіл мемлекеттік кезекті байқауында бірінші дәрежелі сыйлықты жеңіп алады. 1992 жылы Түркия елінің Анкара қаласында халықаралық «Қарта» он бірінші кезекті фестивалінде «Дуылпаз» тағы да үздік туынды болды. Қизат шығармашылығында 97 ән, 21 күй, 50-ден астам ән-өлең, толғаулары түрлі басылымдарда жарияланған танымал өнерпаз. Сонымен қатар Қизат Сейтқазин Шығыс Түркістанда өткен дәулескер күйші Бәзғаламның күйлерін бірден-бір орындап – жеткізуші болып саналады.

САПАРЖАН ТОРСЫҚБАЕВ (1942–2011)

Сапаржан Байдахметұлы Торсықбаев 1942 жылы 15 мамыр айында Қытай Халық Республикасының Тарбагатай аймағының Шағантоғай ауданында дүниеге келген. Домбыраны алғаш нағашы атасы Түсіпбек Шөкебайұлы, одан кейін Нұрсәлім Мұсабаевтардан үйренген.



Сапаржан 1962 жылы мектепте 10 шы сыныпта оқып жүрген кезінде ата-анасымен біткенге Қазақстанға оралып, Семей облысы Уржар ауданы Таскескен ауылына көшіп келеді. Сапаржан Торсықбаев арғы беттегі қазақтардың күйлерін алғашқылардың бірі болып халқымыздың күй қорына әкеліп қосқан дарынды домбырашы. «Салқурен», «Ақарал», «Манғабұл», «Арнау», «Көктем шуағы», «Көктебел», «Шағантоғай», «Жалқы жігіт» тәрізді және тағы басқа бас-аяғы қырықтан астам күйлерді орындап жеткізуші. Ол жиырма жасында Семей қаласының радиосының алтын қорына Қытай қазақтарының 41 күйін орындап, ұнтаспаға жаздырған. Атақты Ахмет Жұбанов, Ғабидолла Тастанов, Уәли Бекеновтар сынды өнер тарландарының назарына ілігіп, олар Сапаржанды Алматыға шақыртады. Олар Қытай қазақтарының күйлерін Сапаржан Байдахметұлының орындауында тыңдап зор баға береді.

С. Торсықбаев 1969 жылы Алматы қаласындағы П.И. Чайковский атындағы музыка училищесіне оқуға түседі де оны 1972 жылы аяқтайды. 1979 жылы Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваторияны домбыра мамандығы бойынша профессор Хабидолла Тастановтың классынан бітіріп шығады.

1972 жылдан бұрынғы Талдықорған облысы Сарқан қаласында ашылған «Мәдени ағарту училищесінде» еңбек жолын бастап, өмірінің соңына дейін сонда жұмыс жасайды.

Сапаржан Байдахметұлы өзінің саналы ғұмырын халқымыздың өнері мен мәдениетінің дамуына, ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз. Оның алдын көріп, тәлімін алған шәкірттерінің ішінен бүгінде есімдері елімізге белгілі Жарқын Шәкерім, Біләл Ысқақов сынды өнер майталмандарын айтуға болады.

Сапаржан Торсықбаев 2011 жылдың қыркүйек айында Шығыс Қазақстан облысы Таскескен ауылында дүние салды.

ЖАРҚЫН ШӘКЕРІМ (1947)

Жарқын Шәкерім 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет орденінің иегері, музыка зерттеуші, Қазақстан жазушылары одағының мүшесі. Жарқын Шәкерім ұмытыла бастаған көне саз аспабы – үш ішекті домбырада және шертерде шебер орындаушы, насихаттаушы. 1973 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны бітірген. 1973–76 жылдары Мәскеудегі Бүкілодақтық “Мелодия” фирмасының күйтабаққа (грампластинка) жазу сту-



диясында аға редактор, 1976–80 жылдары “Жалын” бастпасында редактор, 1980 жылы “Сазген” фольклорлық ансамбліні ұйымдастырушы, 1980 – 83 жылдары Республикалық музыка аспаптары мұражайының іргетасын қалаушы, тұңғыш директоры, 1983 – 2010 жылдар аралығында Қазақ теледидарының музыкалық редакторы сияқты өнер саласында түрлі қызметтер атқарған.

1983–2010 жылдар арасында Қазақ теледидарында “Замана бұлбұлдары”, “Домбыра сазы”, “Терме”, “Шапу”, “Музыкалық киножурналға”, “Күй-шежіре”, “Інжу-маржан”, “Жетісаз”, “Күй-аманат”, “Сағындырған дауыстар” тәрізді және басқалар да жүздеген концерттер мен хабарлардың авторы және теледидар жүргізушісі болды.

Жарқын Шәкерім 1974 жылы Мәскеудегі КСРО Мемлекеттік Орталық мұрағатынан фонографқа жазылған қазақтың ұлы әнісісі Әміре Қашаубаевтің дауысы үнтаспасын тауып, 1975 жылы күйтабағын (грампластинка) ретінде жарыққа шығарды.

Жарқын халық жадынан ұмытыла бастаған қазақтың көне музыкалық аспаптарының бірі - үш ішекті домбыраны және шертерді ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан бергі уақыттарда, қайтадан қалпына келтірген бірден-бір жаңғыртушы, орындаушы және күйші. 1985 жылы Мәскеуде өткен ХІІ Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестиваліне қатысып домбыра мен шертерде жоғары кәсіби деңгейде күй орындағаны үшін фестивальдың дипломанты атанған. 1988 жылы музыка зерттеу саласына қосқаны елеулі үлесі үшін КСРО (СССР) Бүкілодақтық “Білім” қоғамының “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталған.

Жарқын Шәкерім – 9 кітаптың авторы. 1977 жылы “Әміре”, 1978 жылы “Өн жұлдызы”, 1980 жылы “Амре Қашаубаев” (орыс тілінде), 1997 жылы “Малайсары биден Шәмілге дейін”, 1998 жылы “Өн аскары”, 1998 жылы “Құрманғазы” (ғылыми кеңесші), 2003 жылы “Нұрғиса Тілендиев” (Дарига Тілендікелінімен бірлесіп жазған), 2006 жылы “Әміре Қашаубайұлы”, 2013 жылы «Көне дүние күмбірі» атты кітаптары жарыққа шыққан. Оның репертуарында “Жорға аю”, “Көктөбел”, “Кенес”, “Үзбе”, “Толғау”, “Қыз мұны”, “Қабанбай”, тәрізді халық күйлерімен қатар Нұрғали Қалдырбекұлының “Көк қаршыға” және автор ретінде өзі жанынан шығарған “Таскескен”, “Абыралыдағы Ата зары”, “Дүние-кезек” тағы басқа күйлері бар.

БІЛӘЛ ЫСҚАҚОВ (1954)

Ысқақов Біләл Алпанұлы 1954 жылы 20 қазанда кәзіргі Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Таскескен ауылында туып, өскен. Жастайынан нағашы атасы Қасқырбайдан домбыра тартуды үйренген ол оқушы кездерінде Шығыс өңіріне әйгілі Мәткерім, Бағаналы, Сапаржан күйшілерден тәлім алған. Ол әсіресе Аягөздегі ұлы күйші Тәттімбеттің туған немересі Шайхыдан күй тарту өнерінің қыр-сырын үйренеді.

1978 ж П. Чайковский атындағы Алматы музыка училищесін, 1983 ж Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын (профессор А.Жайымовтың класынан) бітірген. 1978 жылдан П.Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінде, 1987 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында күй өнерінен дәріс беріп келеді. Ұлағатты ұстаз атанған Біләл Алпанұлы консерватория қабырғасында 100 ден астам домбырашы шәкірттер даяндылды. Олардың ішінде оның астам Халықаралық және Республикалық конкурстардың лауреаттары бар.

Ол – «Домбыра үйрену мектебі» (1992ж), «Салтанат» (1995ж), «Музыка оқулығы» (1999ж), «Музыка хрестоматиясы» (2000ж), «Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы» (2001ж), «Домбыраны тез үйрену тәсілі» (2001ж), «Музыка оқыту әдістемесі» (2005ж), бес томдық «Қазақ күйлерінің антологиясы» тәрізді

еңбектердің авторы. Сонымен қатар оның 2007 жылы «Сарыарқа саздары» атты көлемді ғылыми еңбегі жарық көрді. Б.Ысқақов «Атамұра» баспасынан шыққан 7 томдық «Алтай-Тарбағатай өңірінің ән-күйлері» атты еңбектердің жауапты шығарушы редакторы болды. Осы аталған еңбектерінде қазақтың мыңнан астам көне ән-күйлерін нотаға түсіріп, дәстүрлі өнерді бүгінгі ұрпақтың зерлесіне қондыруға және келешек ұрпаққа рухани мұра етіп қалдыруға өлшеусіз үлес қосып келеді.

I-ші Республикалық күйшілер конкурсының лауреаты (1978ж.), I-II Республикалық «Күй тартыс» бәйгелерінің (2000-2005жж.) екі дүркін бас жүлдегері, Халықаралық «Халық музыкасы» фестивалінің лауреаты (Сеул, 2004ж.). Біләл Алпанұлы Ысқақов 2014 жылы ел Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» мемлекеттік атағымен марапатталды.



ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ (1955-2014)

Таласбек Әсемқұлов 1955 жылы I-ші тамызда Семей облысы, Аякөз ауданына қарасты Ақтоғай станциясында дүниеге келген. Таласбектің туған өлкесі домбырашылық өнердің мектебі ертеден қалыптасқан аймақ. Әсіресе Байжігіт күйлерінің молынан сақталған жері де осы Шұбартау, Аякөз өңірі. Таласбектің нағашы атасы

Жүнісбай Стамбаев күй қоры өте бай, дәулескер домбырашы болған. Домбыра тартуды алғаш нағашы атасы Жүнісбайдан үйренеді. Сонымен қатар сол өңірдегі Ғазиз, Мырзахан, Бағаналы, Атығай сияқты күйшілерден Байжігіт, Қуандық, Тәттімбет, Сақбике, тағы басқа күйші-композиторлардың күйлерін менгеріп, тәлім алып күй қорын кеңейтіп, шеберлігін шыңдайды. Т.Әсемқұлов 1980 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының қазақ филологиясы факультетін бітірген. Таласбек Әсемқұлов қазақ күй мәдениетінің алтын қорына көптеген белгісіз болып келген күйлерді қосып байыта түсті. Әсіресе Байжігіт күйлерін бүгінгі күнге жеткізіп, күйтабақ пен ұнтаспаға жаздырып елдің рухани игілігіне айналдыра алаулы еңбек сіңірді. Ұмытылуға айналған Байжігіттің күй мұрасын кейінгі ұрпаққа жалғады. Сонымен қоса Тәттімбеттің белгісіз болып келген бірнеше күйлерін жарыққа шығарды. Таласбек Әсемқұловтың орындауында 1975 жылы Байжігіт күйлері жеке күйтабақ болып шықты. 2005 жылы «Мәңгілік сары» қазақ күйлері антологиясына Таласбек Әсемқұловтың орындауындағы Байжігіт, Тәттімбет, Сақбике т.б. күйшілердің көптеген күйлері енген. Таласбек Әсемқұлов күйлерді орындап қана қоймай, олар туралы деректерді жеткізуші. Байжігіт заманында қалыптасқан домбырашылық дәстүрдің тарту үлгісімен, домбыраның жасалу тәсілінен бастап, перненің дәстүрлі көне атауларына дейінгі көптеген мәліметтерді айтушы. Жазушы ретінде Таласбек Әсемқұловтың қыл қаламынан «Талтүс» (роман), «Шымдаю» (повесть) сияқты көркем-әдеби шығармалар туындады. Сонымен қоса көптеген ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы.

АРҚА КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Көшпенділер мәдениетінің құтты мекені Сарыарқа төсінде күйшілік өнердің гажайып дәстүрі орныққан. Сарыарқа географиялық жер атауы, көлемі жағынан үлкен аумақты алып жатыр. Қазақстанның негізінен орталық аумағын қамтиды. Батысы – Торғай даласымен, шығысы – Сауыр, Тарбағатай тауларымен, солтүстігі - солтүстік жазығымен, оңтүстік батысы – Тұран ойпатымен шектеседі. Қазақ халқының ұлт болып ұйысуында Сарыарқа өңірінің маңызы зор. Себебі, қазақ хандарының атасы саналатын Жошының мазары, жаугершілік замандарда елге қорған бола білген Алаша хан кесенесі Сарыарқаның төсінде қасиетті Ұлытау жерінде орналасқан.

Еліміздің шығыс, солтүстік, орталық аймақтарын алып жатқан байтақ өңірде қалыптасқан қазақ күй өнерінің үлкен бір саласы «Арқа күйшілік дәстүрі» деп аталады.

Ғасырлар бойы шыңдалған шертіле күй саласының дамыған биік шыңы- Арқа күйлері болып саналады. Арқа күйлері философиялық терең ойға құрылған, қазақтың ұлттық болмыс-бітімін, дүниетанымын, ақыл-ой тереңдігін, парасатын-пайымын ашып көрсететін бай рухани қазына болып табылады. Табиғаттың тылсым сәттерін, адамзат ой-өрісінің шексіздігін музыка тілімен жеткізетін кемел туындылар. Арқа күйлеріне көбінесе сабырлы, салмақты сұлу шертіс тән. Адамның жан дүниесінің тереңіне бойлап, тәтті мұңға батырып, адам қиялын тербеп, биік арман мұраттарға жетелейді.

Арқа күйшілік мектебінің ең көрнекті тұлғасы – Тәттімбет Қазанғапұлы болып саналады. Шертіле күй саласында екі ішекті алма-көзек даралап қағу, бір ішекті бойлай шерту әдістерін көбірек қолданып, бұл тарапта жанашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған Тәттімбет күйлері терең толғанасқа, сырлы сезімге, адам жанын тербейтін толғауға толы болып келеді. Оның күйшілік-орындаушылық үлгісіндегі жоғары жетістігі кең тынастылық, нәзіктерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы болып саналады. Тәттімбет әртүрлі тақырыптарда қырықтан аса күйлер шығарған.

Тәттімбеттің ізін баса шыққан күйшілердің бірі – Тоқа Шоңманұлы. Ел ішінде Сайдалы сары Тоқа атанған күйшінің шығармашылығы сан-салалы тақырыптардан тұрады. Тоқа шығармашылығында «Төрт толғау» (төрт күйден тұрады) шикі күйлер айшықты орын алады. Өз кезегінде осынау ұланғайыр күйшілік дәстүрдің жалғасы болып табылатын Тоқаруын өзені бойының күйшілік мектебі назар аудартады. Қыздарбек, Әбди, Сембек, Ақмолда, Мақаш, Кәрібек, Аюқыз, Бегімсал сынды күйшілерге ұласқан осынау байтақ орындаушылық дәстүр күйшілік өнердің қайнар бұлағы іспетті. Арқа күйшілік дәстүрінде «Қосбасар» деп аталатын күйлердің орны бөлек. 62 тармақты болып келетін Қосбасарлар

адам жүйесінің 62 тамырымен байланысты, өмірдің күнгейі ме қоленкелі тұстарын бірдей толғайтын терең философиялық мәні бар шығармалар. Тәттімбет шығармашылығында үлкен орын алатын «Қосбасар» атты тармақты күйлер арқа күйшілік дәстүрінің өрісін ұзартуға үлес қосқан күйші-композиторлар Тоқа, Әбді, Қыздарбек, Сембек, Сатан күйшілер шығармашылығында өз жалғасын тапты. Олар: «Бастау Қосбасар», «Сән Қосбасар», «Мұң Қосбасар», «Тәубе Қосбасар», «Наз Қосбасар», «Өткізші Қосбасар», «Шер Қосбасар» деп аталады.

Қазақ күй өнерінде бір күймен ғана аттары тарихта қалған Дайрабай, Әшімтай сынды күйшілерде осы өлкеде тұрмыр кешкен дарынды өнер иелері.

Арқа күйлерін біздің заманымызға жеткізуші Аққыз Ахметова, Әпке Әбенова, Әбікен Хасенов, Бегімсал Орынбеков, Мағауия Хамзин сынды майталман күйші-домбырашылар да күй өнерінде орны бар кесек тұлғалар. Әсіресе, арқа күйлерінің сынын бұзбай, асқан орындаушылық шеберлікпен жеткізген дүлдүл күйші Әбікен Хасеновтың есімін ерекше айтуға тиіспіз. Арқа күйлерін орындаудағы негізгі сүйенетініміз Әбікен Хасеновтың орындаушылық үлгісі болып табылды. Ал, арқа күйлерін сахналық орындауға лайықтап, жанашырлық танытқан күйші Мағауия Хамзин. Арқа күйлерін алғаш жеттген академик А. Жұбанов. Ол өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде Тәттімбет шығармашылығына тоқталған болатын. Осы орындаушылық дәстүрді тереңдей зерттеген күйші, ғалым Уәли Бекенов болды. Оның «Күй табиғаты», «Шертпе күй шеберлері» еңбектерінде Арқа күйшілері жайында мол деректер бар. Сол сияқты С.Бегалин, Т.Әлімқұлов, С.Ләмбеков, М.Мағауин, А.Сейдімбеков, Т.Әсемқұлов тағы басқа жазушы, ғалымдар құнды еңбектер жазып, зор үлес қосты.



ТӘТТИМБЕТ ҚАЗАНБАУЛЫ (1815-1860)

Тәттімбет Қазанбаұлы 1815 жылы бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы өңірінің Мыржақ тауының етегіндегі Қызылжал қыстауында (қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы) дүниеге келген. Күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, қазақтың күй өнерінің классигі. Әкесінің інісі Әлі асқан күйші болмағанымен, өз төңірегіннің назарына іліккен домбырашы болған. Тәттімбетке домбырашы бала кезінде осы Әлі үйретеді. Тәттімбеттің күйшілік өнері жөнінде академик А.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» еңбегінде: «Тәттімбеттің күй шығаруды кімнен бастап үлгі алғаны жайлы біздің қолымызда дерек жоқ. Халық аузындағы аңыздарда бұл мәселелерге соқпай өте береді» – дейді. (А. Жұбанов. *Ғасырлар пернесі*. Алматы. 1975.) Кейінгі табылған деректерге сүйенсек, Тәттімбет өмінен бұрын өткен, Байжігіт күйшінің

орындаушылық дәстүрін үлгі тұтып, оны одан әрі дамытып, биік өреге көтерген бірегей тұлға. Бұл жөнінде белгілі жазушы, тарихшы М. Мағауинның «Күй несі – Байжігіт» атты мақаласында: «Байжігіттің мол мұрасын негізінен оның ізбасар шәкірті, әрі дәулескер домбырашы, әрі аркалы күйші, Қызылмоён Қуандық дейтін адам иеленіп қалады. Халық аузында Қуандық пен Тәттімбеттің күй айтысы туралы әңгіме сақталған. Біздің назар аударарымыз Байжігіт мұрасымен Тәттімбеттің жақсы таныстығы, және Тәттімбет Байжігіт күйлерімен жай ғана таныс болмаған, оны үлгі тұтқан, одан көп үйренген сияқты» – деп айтылған. (М. Мағауин. *Күй несі Байжігіт. «Жұлдыз» журналы. 1976ж № 9 саны. 185 бет*). Музыкалық тұрғыдан зер салып қарайтын болсақ, Байжігіт күйлерімен Тәттімбет туындылары сарындас сәнділігі байқалады. Байжігіттің күй мұрасы молынан сақталған жер Шұбартау өңірі Тәттімбеттің туған ауылымен іргелес жатқандығын ескерсек, Байжігіт күйлерімен Тәттімбеттің таныс болуы заңды құбылыс.

Тәттімбет ел арасында сері атағына ие болған өнерпаз. Бұл туралы Ахмет Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде: «Тәттімбеттің жасынан «сері» атануы да, тек талантының ерте көрінуінен емес, бір жағынан әдемі күйші, атының ер-тұрманын, нокта-жүгенін, құйысқан-өмілдірігін әшекейлетіп, күміс шаптырып, ал аттың жабуын кестелетіп, зерлетіп – осындай неше алуан сахара жигдайында «қызылды-жасылды» болып жүруі, оны әртіс етіп көрсету. Бірақ ол кездегі қазақ даласының сөздігінде «әртіс» деген сөздің болмағандығынан, халық «сері» деген. «Сері» – шын мәнісінде тек әдемі кюноші, ала-құла ер-тұрманды ат мінуші, тек осылар арқалы көзге түсуші емес, бір жағынан үлкен өнер несі «адамдарға халықтың, жазба жарғысыз берген құрметті өнерге еибегі сінген» деген атағы да», – деп жазды. (А. Жұбанов. *Ғасырлар пернесі. Алматы. 1975.*) Тәттімбет — өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының дәулескер күйшісі. Ол мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, күйшілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын несі. Тәттімбет талай-талай додалы күй айтыстарына түсіп, қарсыласын тосылату үшін, домбырада қалыс, шалыс, теріс, қосақ бұрауларын көп қолданған. Абайдың анасы Үлжанға ана болып келетін Малжара қыз, Шұбыртпашыдан шыққан Итаяқ, Найман ішіндегі Шапақ сияқты дәулескер домбырашылармен Тәттімбет күй айтысына түскенде домбыраны бірде башпайымен қиғып, еңді бірде пернеселерін қиып тастап тартып өнер көрсеткені туралы қызықты деректер сақталған. (А. Сейдімбек. *Қазақтың күй өнері. Астана. 2002*). Тәттімбет негізінен лирикалық композитор. Оның асқан талаптының, тамаша дарынның өзіндік ерекше қырын танытатын шығармаларының бірі- «Сылқылдақ» күйі. Бұл күйді композитор өзімен өнер сайысына күй төгілген домбырашы қызға арнап тартқан.

Тәттімбет тек асқан күйші ғана емес, сонымен бірге сөзге шешен, шыншыл, әділетті жақтаған адам болған. Тәттімбет 20 жасынан бастап билікке араласқан, әлеуметтік мәселелерге сергек қараған, ел мұңын жоқтаған, би, болыс, саяси қайраткер де болған. Тарихи құжаттарға қарағанда, 1855 жылғы 24 наурызда Ресей патшасы II Александрдың таққа отыруымен байланысты болған тойға Тәттімбет өнерпаз ретінде Арқа қазақтарының өкілдерімен бірге Петербургке барады. Осы сапарында қос шекті домбырада өзінің тамылжыта тартқан күйлері арқылы Тәттімбет өнер сүйген қауымның назарын ерекше аударып, сыйлық ретінде күміс медальға ие болған.



Тәттімбет Қазанғапұлы екінші қатарда сол жақтан екінші тұрған, Арқаның би-вольтыстарының арасында. Оңыға барған сатырында тұскен суреті

Тәттімбет шығармашылығында үлкен орын алатын «Қосбасар» деп аталатын тармақты күйлер. Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің бір түрін алғаш рет нотаға түсірген белгілі этнограф, музыка зерттеушісі А.В.Затаевич. Композитор шығармаларының ең биік шыңы – «Сарыжайлау» күйі. Күйші аңсаған мұратымен көкейіндегі арманын күй сазымен ақтарады, күй арқылы адам жанымен сырласып мұңдасады. Бұл күйді Тәттімбет өмірінің соңғы жылдарында шығарған. Тәттімбет қазақтың шерте күй өнерін жаңа белеске көтерген ірі тұлға. Дарықды композитор, асқан күйші Тәттімбет көп жасамаған. Ол 1860 жылды қырық бес жасында дүние салған. Бірақ ол өзінің қысқа өміріне қарамастан, артына өшпес мұра қалдырып кеткен өнер иесі. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдык биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасап кеткен. Шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал көңіл-күй және махаббат лирикаларында тағайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулар шынайы да шымыр қатар өріліп жатады. Тәттімбет күйлерінің қай-қайсысын алсаңда өзінің қайталанбас үн-өрнегімен, өзгеше бітіммен, сырлы сазымен дараланып тұрады. Тәттімбет әртүрлі тақырыптарды қамтитын қырықтан астам күйлер шығарған. Мысалы: лирикалық сырлы сезімге толы; «Сылқылдақ», «Қош жанған», туған жер табиғатына арналған; «Былқылдақ», «Сары қамыс», тарихи оқиғаларға орай «Бозайғыр», «Азаматқожа», «Алшағыр», «Айдос», саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты; «Бес төре», «Жазғы қайғы» философиялық терең ойға құрылған; «Көкейбесті», «Саржайлау», «Қосбасар» (9 түрі), т.б. күйлер. Тәттімбет күйлері иісі Жақсымбет, өз баласы Мұсатай арқылы халыққа тарылған. Тәттімбет күйлерін біздің заманымызға, музыка мәдениет ортасына алғаш жеткізуші Әбікен Хасенов. Одан кейінгі уақытта Тәттімбет күйлерін тартып, насихаттау жолында домбырашылар М. Хамзин мен У.Бекенов көп еңбек етті. Тәттімбет жөнінде академик А.Жұбанов, күйші У.Бекенов, жатушылар С. Бегалин, Т. Өлімқұлов, А. Сейдімбек, Т. Әсемқұлов, С. Ләмбеков т.б. жазып қалдырған.

Қосбасар

Тармақты күйлердің ішінде негізінен қоныр күйлер болып келетін, ой мен сезім қатар өрілген «Қосбасар» атты күйлер тізбегі қазақтың музыкалық мәдениетінде елеулі орын алады. «Қосбасар» деп келетін тармақты күйлердің майталман шеберлері Тәттімбет, Тоқа, Мүкей, Қышқарбек, Әбди, Сембек, Сүгір сияқты дәулескер күйшілер болған. «Қосбасар» деген күйлер, әдетте, домбыраның бел пернелерінен басталып, қос ішекті қатар сойылету арқылы тартылады. Мұның өзі дананың ақылды сұхбатындай немесе өмірдің күнгейі мен көлеңкесіндей санаңды сабырлы сезіммен баурап, көбіне сарабдал ойларға жетелейді. Содан да болу керек, «Қосбасарлар» тармағы өзінің саз-сарынана, бітім құрылысына орай «Зар Қосбасар», «Шер Қосбасар», «Мұң Қосбасар», «Наз Қосбасар» деп аталып отырады. «Қосбасар» Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан, Жетісу мен Қаратау жеріне кең тараған күй. Аңыз бойынша бұл күйдің алғашқы үлгісін шерткен Тәттімбет екен. Өңірінің желісі былай өрбиді: Арғында өзінің кісілігімен, ізгілігімен, жомарттығымен аты шыққан Күшікбай деген бай болыпты мыс. Күндердің күнінде Күшікбайдың мұрагері — жалғыз ұлы кенеттен қайтыс болады. Қатты күйінген Күшікбай «бұл Құдайға не жаздым, өмірімде ешкімге қиянат қылмадым, ешкімнің ала жібін аттамадым. Өмір бойы жетім мен жесір, қаріп пен қасерге көмектескеннен басқа не істедім. Қай қылығымнан таптым. Қой, Құдайда шындық жоқ екен. Оды да өлейін,» — дейді. Алдымен у ішек болады. Ауыл адамдары ұшын бәрін тығып, байдың бәкісін де тығып тастайды. Бұны көрген Күшікбай «мен ендеше аштан өлемін» деп теріс қарап жатып алады. Көп күн өтеді. Күшікбай нәрінен арылып, қатып-семе бастайды. Абыржыған жұрт «ашырау, не істедік, мына кісі шанында да өлер болды ғой, бұны қайтін орнынан тұрғызамыз, қайтін сейілтеміз», — дейді. Сонда басқалардан ақылдылау, өрлеу бір адам, «бұны бір тұрғызса Қазанаттың Тәттімбеті ғана тұрғыза алады», — дейді. Сонымен қос аттап кісі шаптырып Тәттімбетті алдырады. Күйші киіз үйдің табалдырығына келіп бір тізерлеп отырып күй тартады, жылжып ішке кіреді. Домбыраның көмейінен үдіксіз төгілген күй ақырында Күшікбайдың тас болып қатқан жүрегін жібітеді, кірлеген көңілін тазалайды. Өз бетімен ажалға мойынсұнған адамды Тәттімбет осылайша түзеткен екен. Домбырашы, музыка зерттеушісі Т.Әсемқұловтың айтысына қарағанда алпыс екі тармақтан тұратын Тәттімбеттің бұл күйі алты топқа бөлінегін болған: 1) Табалдырық Қосбасар; 2) Зар Қосбасар; 3) Жайсары Қосбасар; 4) Сейіл Қосбасар; 5) Сырнайлы Қосбасар; 6) Қырмызы Қосбасар. 62 тармақтан тұратын бұл күй тобы адамның қайғысына ортақтасу, жұбату ыңғайында келеді. (1 + 12 + 12 + 12 + 12 + 12 + 1)

30. ҚОСБАСАР

Тәттімбет Қазанатұлы
орындаушы Әбікен Хасенов

Органа, екімақты

The image shows a musical score for the piece 'Qosbasar' on organ, arranged in two staves. The notation includes treble clefs, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. The score is marked with dynamics such as *p* (piano), *mp* (mezzo-piano), and *mf* (mezzo-forte). The music features a mix of chords and melodic lines, with some notes marked with accents or slurs. The piece concludes with a final chord in the key of B-flat.

This page of musical notation consists of 12 staves of music. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings, and articulation marks. The staves are arranged in a single column. The first staff begins with a treble clef and a 3/4 time signature. The music features a variety of note values, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings such as *mf* (mezzo-forte) and *mp* (mezzo-piano) are used throughout. Accents are placed over many notes. The notation is presented in a clear, legible format.

This page of musical notation consists of ten systems of staves. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, dynamic markings, and articulation marks.

- System 1:** Features a melody in the upper voice with dynamic markings *mp* and *mf*.
- System 2:** Continues the melodic line with various rhythmic values.
- System 3:** Includes articulation marks (accents) over the notes.
- System 4:** Shows a change in dynamics with *mp* and *mf* markings.
- System 5:** Features a more active rhythmic pattern in the lower voice.
- System 6:** Continues the rhythmic pattern with dynamic markings.
- System 7:** Shows a melodic line with dynamic markings *mf*.
- System 8:** Features a melodic line with dynamic markings.
- System 9:** Continues the melodic line with dynamic markings.
- System 10:** Ends with a dynamic marking *p* (piano).

ӘШІМТАЙ ҚАРЫМСАҚУЛЫ (1820–1918)

Әшімтай Қарымсақұлы Қарағанды облысы, Балқаш қаласынан 35 шақырымдай «Орта-Дерсін» деген жерде туып-өскен. Әшімтай – домбыраны жастайынан үйреніп, ел арасында атағы шыққан. Халық күйлерін орындап қана қоймай, өзі де күй шығарған. Күйлерінің көпшілігі өкінішке қарай кейінгі ұрпаққа жетпей қалған. Оның соңында қалған бір ғана күй «Қоңырқаз» деп аталады. Әшімтай өз күйлерін биласы Хамзаға үйретеді. Хамзадан оның билесы, заманымыздың атакты салгер-күйшісі Мағауия Хамзин үйренеді.

31. ҚОҢЫРҚАЗ

ӘШІМТАЙ

Орындаушы Мағауия Хамзин

Жүрдеп, сұңқымадата

НАЛЗАН, ТОЛЭТЭ
 СА, БАЛУЛГА
 СКИНДЭТЭ

f *mf* *f*

This musical score consists of several systems of staves. The first system includes a treble clef and a key signature of one flat. The notation is highly rhythmic, featuring many beamed notes and rests. Above the first staff, there are markings: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 385, 386, 387, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 412, 413, 414, 415, 416, 417, 418, 419, 420, 421, 422, 423, 424, 425, 426, 427, 428, 429, 430, 431, 432, 433, 434, 435, 436, 437, 438, 439, 440, 441, 442, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449, 450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 457, 458, 459, 460, 461, 462, 463, 464, 465, 466, 467, 468, 469, 470, 471, 472, 473, 474, 475, 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 491, 492, 493, 494, 495, 496, 497, 498, 499, 500, 501, 502, 503, 504, 505, 506, 507, 508, 509, 510, 511, 512, 513, 514, 515, 516, 517, 518, 519, 520, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 535, 536, 537, 538, 539, 540, 541, 542, 543, 544, 545, 546, 547, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555, 556, 557, 558, 559, 560, 561, 562, 563, 564, 565, 566, 567, 568, 569, 570, 571, 572, 573, 574, 575, 576, 577, 578, 579, 580, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 589, 590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 604, 605, 606, 607, 608, 609, 610, 611, 612, 613, 614, 615, 616, 617, 618, 619, 620, 621, 622, 623, 624, 625, 626, 627, 628, 629, 630, 631, 632, 633, 634, 635, 636, 637, 638, 639, 640, 641, 642, 643, 644, 645, 646, 647, 648, 649, 650, 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662, 663, 664, 665, 666, 667, 668, 669, 670, 671, 672, 673, 674, 675, 676, 677, 678, 679, 680, 681, 682, 683, 684, 685, 686, 687, 688, 689, 690, 691, 692, 693, 694, 695, 696, 697, 698, 699, 700, 701, 702, 703, 704, 705, 706, 707, 708, 709, 710, 711, 712, 713, 714, 715, 716, 717, 718, 719, 720, 721, 722, 723, 724, 725, 726, 727, 728, 729, 730, 731, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745, 746, 747, 748, 749, 750, 751, 752, 753, 754, 755, 756, 757, 758, 759, 760, 761, 762, 763, 764, 765, 766, 767, 768, 769, 770, 771, 772, 773, 774, 775, 776, 777, 778, 779, 780, 781, 782, 783, 784, 785, 786, 787, 788, 789, 790, 791, 792, 793, 794, 795, 796, 797, 798, 799, 800, 801, 802, 803, 804, 805, 806, 807, 808, 809, 810, 811, 812, 813, 814, 815, 816, 817, 818, 819, 820, 821, 822, 823, 824, 825, 826, 827, 828, 829, 830, 831, 832, 833, 834, 835, 836, 837, 838, 839, 840, 841, 842, 843, 844, 845, 846, 847, 848, 849, 850, 851, 852, 853, 854, 855, 856, 857, 858, 859, 860, 861, 862, 863, 864, 865, 866, 867, 868, 869, 870, 871, 872, 873, 874, 875, 876, 877, 878, 879, 880, 881, 882, 883, 884, 885, 886, 887, 888, 889, 890, 891, 892, 893, 894, 895, 896, 897, 898, 899, 900, 901, 902, 903, 904, 905, 906, 907, 908, 909, 910, 911, 912, 913, 914, 915, 916, 917, 918, 919, 920, 921, 922, 923, 924, 925, 926, 927, 928, 929, 930, 931, 932, 933, 934, 935, 936, 937, 938, 939, 940, 941, 942, 943, 944, 945, 946, 947, 948, 949, 950, 951, 952, 953, 954, 955, 956, 957, 958, 959, 960, 961, 962, 963, 964, 965, 966, 967, 968, 969, 970, 971, 972, 973, 974, 975, 976, 977, 978, 979, 980, 981, 982, 983, 984, 985, 986, 987, 988, 989, 990, 991, 992, 993, 994, 995, 996, 997, 998, 999, 1000.

mod. allegretto
 mf
 f
 allegretto
 allegretto
 allegretto
 allegretto

ТОҚА ШОҢМАНҰЛЫ (1830-1914)

Тоқа Шоңманұлы 1830 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жанаарқа ауданындағы Көкстал өзенінің бойында дүниеге келген. Тәттімбеттің күй тарту мектебін даралап, оны толықтырушы. Ел аузында Сайдалы Сары Тоқа атанған. Тоқа өз төңірегіндегі ел-жұртқа қара қылды қажарғандай әділдігімен де, жағынып-жарамсақтануды білмейтін бір беттілігімен де танылған. Өу, бастан дәулетті, ел ішінде беделді болған. Дәулетімен қоса, ақыл-парасатымен, өнердің сан саласын құрметпен, түсіне біткендігімен де беделді, дәуірі жүрген кісі болған. Байлығына байлық қосуды мақсат етпеген, айналасына өнердің қадір-қасиетін тағылым етіп отырған. Күйші жөнінде сақталған деректеріне қарағанда Сары Тоқаның бір бет, тік мінезділігі, ешкімнің байлық-беделіне қарамай іреп айтатын уытты тілі, өз кезінің әділетсіздігіне қарсы шығуынан өз тұсында оның дұшпандарында қобейткен сынайы. Белгілі жазушы, күй зерттеуші, ғалым А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» атты зерттеу монографиясында осыған қатысты «Тоқаның екі жылдай жер ауып, айдауда жүріп қайтуы да өз заманының торлық-зомбылығымен көп беттескенін көрсетеді» – дейді. (А. Сейдімбек. *Қазақтың күй өнері. Астана. 2002. 477 бет*). Тоқа сазгер ретінде жырмаға тарта ел ішіне кеңінен тараған мазмұны терең, сұлу сазды, ырғақты шертпе күйлер шығарған. Оның идеялық мазмұны терең, ойлы, сұлу ырғақты "Сары жайлау", "Ерке қыз", "Бел шешер", "Жалғыз ишек", "Қосбасар" (3 нұсқасы), "Боз торғай", "Теріс қақпай", "Аққу", "Сары өзен", "Боз айғыр", "Төрт толғау", ("Естірту", "Арнау", "Зарлау", "Жоқтау" деген 4 бөлімнен тұрады) атты күйлері халық арасына кең тарады. Тоқа күйлерінің халық арасына таралып, сақталуына оның туысы, әрі шәкірті Ұлмағамбет домбырашының үлесі зор болған деседі. Тоқа күйлерінің қазіргі күндегі негізгі орындаушысы – Мұхаметжан Тілеуханов.

Төрт толғау

Бұл төрт күйден құралған циклды шығармалар. Тоқаның қартайған шағында ел-жұртқа қадірлі болып танылған Жалмағамбет дейтін үлкен ұлы 46 жасында (1912 ж.) дүние салыпты. Сол жылдың қары қалып түсіп, көктемде Жалмағамбеттің бейіті су астында қалса керек. Бұған Тоқан қатты күйініп, ұлының сүйегін қайтадан донес жерге қоюды ниет етсе, ауылдың молдасымақ діндар адамдары: «Жаназа шығарарда «Аманат!» деп жерленбеген мұсылман баласының мүрдесін қазу күтірлік, кітап сөзінде орнынан қозғалған пенде о дүниеде пейіштің қарасын көре алмақ емес», – деп наразылық білдірді. Сонда Тоқан: «Сол кітабыңда өлген адамды сұта ағытып жібер деген жазу барма екен, соны тауып берші, мен-ақ райдан қайтайын. Ал, бейіш дегенің шынымен бар болса, оған Жалмағамбеттей жампозым кірмегенде, сныр қамар деймісің», – деп жауап берген екен дейді. Тоқаның әйгілі «Төрт толғау» дейтін күйі осы бір қасірет шектірген оқиғаға орай шыққан. Жай шықпаған, көкірекке кептелген шер тарқамай, қайта-қайта толқып-лықсып, төрт күй болып шыққан. Ер жетіп, елге қадірлі болған баласының өлімі- бір қайғы, төңірегіндегі күйреп қалған ет жақындарының қасірет шегуі- екінші қайғы, күтпеген жерден Жалмағамбеттің дене топырағының сұта қарық болуы- үшінші қайғы, осынау жағдайда неше түрлі қаңқу сөзді қолдырып, әйкәсір атандырмақ болған дүмше молдасымақтардың әрекеті – төртінші қасірет... Қысқасы, әрбір күзеліс сәтінде Тоқа домбырасына ғана мұның шағып, домбырадан ғана күйзелген жанына жәрдем тілеп, «Төрт толғау» атты тізбекті күйін

дүниеге әкелген. Бұл күй өз ішінде «Естірту», «Арнау», «Ана жүрегі», «Немере зары» деген бөлек-бөлек атаулармен белгілі.

Осы жолы қожя-молданың қарсылық жасағанына қарамай, Тоқа Жалмағамбеттің сүйегін дөнес жерге қайта жерлеткен. Өзінің жанын түсіментін ел азаматтарына арқа сүйеп, соларға жүрек жазабын шағым еткендей, сауға сұрағандай: «Дүниенің тұтқасы “Аманат” деген жалғыз ауыз сөзде тұрса, қылша мойын талша, көтердім бәрін де. Болмаса көктем шыққан сайын баламның су астында қалғанын көріп, пенде болып отырмай-ақ қойың... Уа, ағайын, Жалмағамбетімнің басына барыңдар... жерді жырып су ағызыңдар... бесікшесін қайта ашыңдар... өлгеніне көнгенде, өзгесіне көнбейтін несі қалды, егер Жалмағамбетімнің денесі бұзылмаса, маған сүйінші сұрап хабар беріңдер!» – деген екен.

Қыста жерленген мәйіт бұзылмайды ғой, ұйықтағандай болып жатқан Жалмағамбетті Тоқа мен бәйбішесі Көрік келіп көреді. Сол жерде көрік дауыс салып, былай деп жоқтау айтыпты дейді:

*Айналайын құдай-ау!
Қапалық салдың басыма,
Толтырып көзі жасыма,
Болдағымнан айырып,
Қабырғамды майырып,
Қамалдым қайғы қосыма,
Көресім менің осы ма!
Қара бір таудың алқымы-ай,
Болғанда қаңтар салқыны-ай,
Жаннатқа жаның қосын деп,
Жауып еді торқа топырақ,
Жылдауы болған халқың-ай!
Құданың ісі жөн болар,
Жылдаусыз күнім кем болар,
Наурыздың туған айында
Сел ағып сала-сайында,
Жамбасыңа су тисе,
Көкірегіме шер төзар!
Бұл істі сазса құдайым,
Ақсарбас тағы сойып,
Көзімді жастың өйіп,
Ағарған шашты жастың,
Торқа деп қойған жеріңнің,
Топан су алса майың
Қалайда ғана шыдайың!*

Осы жоқтау өзінің ерекше сазды, мұңды сарынымен күні бүгінге дейін ел арасында айтылады. Көз көрген қарттардың айтуында, Токаның ақындық ың-лымы да ешкімнен кем болмаған. Жаңғы жоқтау мен оның мұңды сарыны бәйбішесіне Токаның өзі шығарып беріп еді деген сөз бар. «Төрт толғау» күйінің соңғы «Немере зары» деген бөлігі Токаның немересі, Жалмағамбеттің баласы Хамнатқа қатысты. Сол кезде Хамнаттың есі жіріп қалған кезі екен, әкесінің суық тәнін мұраден шығарып, қайта жерлерде «көкелеп!» өліктің үстіне құлап, үлкен кісінің сай-сүйегін сырқыратып еді дейді. Бұған Тоқада бейтарап қарап қалмай, кейін «Немере зары» деп күй толғаған.

Ақсұтұ Сейдімбек. «Күй шежіре», 310-312 беттер.

32. ТӨРТ ТОЛҒАУ (Есіту)

Тоқа Шоңманұлы
орындаушы Мұхамеджан Тілеухан

Жүрек, біркелкі

The musical score is written for piano and consists of ten staves. The first staff includes a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. The music is marked 'mf' (mezzo-forte). The score features a steady eighth-note accompaniment in the right hand and a more complex, rhythmic bass line in the left hand. The piece concludes with a final cadence on the tenth staff.

This page of musical notation consists of 11 staves. The notation is written in a single system with a common time signature. The first staff features a series of eighth notes with accents. The second staff continues with eighth notes and includes a measure with a double bar line and a key signature change to one flat. The third staff shows a mix of eighth notes and chords. The fourth staff contains eighth notes with accents. The fifth staff features eighth notes with chords. The sixth staff has eighth notes with accents and dynamic markings 'v' and 'V'. The seventh staff continues with eighth notes and accents. The eighth staff shows eighth notes with accents. The ninth staff features eighth notes with chords. The tenth staff contains eighth notes with accents. The eleventh staff concludes with eighth notes and accents.

The image displays ten staves of musical notation. The first staff begins with a treble clef and a 3/4 time signature. The second staff changes to a 3/8 time signature. The third staff changes to a 6/8 time signature. The notation consists of eighth and sixteenth notes, frequently beamed in groups. There are several instances of slurs and accents. A 'V' marking is present above a note in the fourth staff. The overall style is that of a classical or early modern manuscript.



33. ТӨРТ ТОЛҒАУ (Арнау)

Тоса Шошманұлы
орындаушы Мұхамеджан Тілеухан

Орташа, тебірене



10 staves of musical notation in treble clef, key signature of two sharps (F# and C#). The notation includes various time signatures (3/4, 2/4, 3/8, 4/4, 5/4, 6/4, 7/4, 9/4) and dynamic markings (f, p, mf). The music features complex rhythmic patterns, including sixteenth and thirty-second notes, and rests. Some notes have accents (^) and slurs.

34. ТӨРТ ТОЛҒАУ (Зарлау)

Тоқа Шоңманұлы
орындаушы Мұхамеджан Тілеухан

Орташа, зарлата

mf

үстінгі шығарып зарлата

f

mf

The image displays ten staves of musical notation in G major. The notation includes various rhythmic patterns such as eighth and sixteenth notes, and rests. A dynamic marking 'f' is present on the fifth staff. The staves are arranged vertically, and the music is written in a single system.



35. ТӨРТ ТОЛҒАУ (Жоқтау)

Тоқа Шошманұлы
орындаушы Мұхамеджан Тілеухан

Орташа, толғана

Five staves of musical notation in treble clef. The piece is in a minor key and features a variety of time signatures including 3/4, 2/4, 3/8, and 4/4. Dynamics include *mf* (mezzo-forte), *p* (piano), and *mf* (mezzo-forte). Articulations such as accents and slurs are used throughout. The notation includes many sixteenth and thirty-second notes, as well as rests and fermatas.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single melodic line on a treble clef staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings such as *mf* (mezzo-forte) and *p* (piano) are used throughout. There are also several accents and slurs. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music is organized into measures, with some measures containing multiple notes beamed together. The overall style is that of a classical or romantic-era piece.



ҚЫЗДАРБЕК ТӨРЕБАЙҰЛЫ (1850–1922)

Арқа өңірінде қалыптасқан күйшілік мектептің дарынды өкілдерінің бірі Қыздарбек Төребайұлы 1850 жылы Қарағанды облысынан Шет ауданында дүниеге келген. Ол бала жасынан домбыра тартуға құштар болады. Баласының домбыраға деген ынтасын байқаған әкесі Төребай оның өнерпаз болып қалыптасуына жол ашады. Қыздарбектің күйшілік өнердегі алғашқы ұстазы атағы арқаға мәлім Итаяқ күйші болған. Қыздарбек өзінен бұрынғы және өзімен замандас күйшілердің күйлерін толық игеріп, отыздан асқанша шеберлігін шыңдап, өз жанынан да көптеген күйлер шығарып ел арасына танымал күйші болып қалыптасады. Қыздарбек Арқа күйлерін мейлінше көп білген. Оның орындауында жүзден астам күйлер болған. Арқаға аты шыққан Әбли, Сембек, Ақмола, Мақаштар Қыздарбектің маңында жүріп, шәкірт болған. Оның соңғы буын шәкірттері – Әбікен Хасенов, Рысқұлбек, Бегімсал, Әбдіғали, Ішис, Тәттімбеттен жалғасқан «Қосбасарлардың» да Қыздарбек күйшіде бірнеше түрі болған. Дарынды күйшінің «Сылқым қыз», «Өткіш Қосбасар» күйлері қазір жиі орындалады. Қыздарбек күйшінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, қалың жұртшылыққа танытуға көп еңбек еткен жазушы Кәміл Жүнісов екендігін айта кеткен жөн.

36. СЫЛҚЫМ ҚЫЗ

ҚЫЗДАРБЕК

Жүрден, көңілі

Орындаушы Жанғали Жүзбаев

The musical score is written in G major (one sharp) and 2/4 time. It consists of ten staves. The first staff is the vocal line, starting with a treble clef and a key signature of one sharp. The accompaniment is spread across the remaining nine staves, featuring a variety of rhythmic patterns including triplets, sixteenth notes, and eighth notes. The piece ends with a double bar line and repeat dots.



ДАЙРАБАЙ ЕРНАЗАРҰЛЫ (1860-1937)

Дайрабай Ерназарұлы – казак күй өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар дарынды күйші. Дайрабай 1860 жылы Жезқазған облысына қарасты Жаңарқа ауданында дүниеге келіп, 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданына қарасты Шілікті деген қыстауда дүние салған. Дайрабай күйші туралы мәліметтер өте аз сақталған. Дайрабайдың өз атымен аталатын «Дайрабай» атты туындысы қалың жұртшылыққа кең таралғанымен күйші өмірі жөнінде сақталған деректер өте аз. Дайрабайдың өмір тарихына қатысты күйтанушы ғалым Ақселлеу Сейдімбек: *«Дайрабай жүйрік ат, қыран құсқа құмар, сері көңіл жеті бозған. Бұған қоса оның бойына әншілік, ақындық, күйшілік сияқты бірнеше өнер дарыған. Дайрабайдың есімі Ақмола, Қараөткел, Қорғалжын төңірегіне жақсы таныс болған. "Шұбартау", "Қараторғай", "Келіншек" деген әндер шығарған. Дайрабай Кобен дейтін баймен бас араздығы салдарынан қуғын көріп, ақыры Қараөткел түрмесіне түседі. 1904 жылы түрмеден қашып шығып, ағайындарымен қоштасып, оңтүстікке бет түзейді. 1937 жылғы репрессия суреті басталғанда Дайрабайға "ескілікті дәріптейді" деген айып тағылады. НКВД-ның қызметкерлері оны тұтқындауға келер аяғында ғана әйгілі күйші қаз жазмады»* – деген. (А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана, 2002. 588-594-беттер). Дайрабай күйлері бітім-құралысының мінсіздігімен, әуен-сазының мейлінше бай нақыштарымен, сондай-ақ, айтар ойының сертек те сезімталдығымен дараланады. Ең алғаш «Дайрабай» күйін республика

жүртшүлүгүна таныстырган адам караңдылык Байсейитов Ыбырай. Бұл кісінің тартуында Караңды облыстык радиосы жазып алган «Дайрабай» күйі республикалык радиодан отызыншы жолдары беріліп келген. Кейін «Дайрабай» күйінің әртүрлі нұсқалары Ә.Хасенов, М.Хамзин, Ә. Өбенова, М.Тілеуханов сияқты белгілі домбырашылардың тартуында хатқа түсті. Оның «Дайрабай», «Қошпаеу», «Қыр», «Сыр», «Сыраны суы», «Шәуілдір», «Өттеген-ай», т.б. күйлері бар. «Дайрабай» күйінің төрт нұсқасы белгілі.

37. ДАЙРАБАЙ

Жұран, жолдирте

Орындаушы Мағауия Хамзин

The musical score for "Dairabay" is written in G major (one sharp) and 2/4 time. It consists of ten staves of music. The piece is characterized by a dense, rhythmic texture of eighth and sixteenth notes, often beamed together. The score includes various dynamic markings such as *p* (piano), *f* (forte), and *mf* (mezzo-forte), as well as articulation marks like accents and slurs. The tempo/style is indicated as "Жұран, жолдирте" (Moderato, with a steady pulse). The key signature remains G major throughout, though there are some chromatic alterations in the lower register. The piece concludes with a final cadence in G major.

This page of musical notation consists of ten staves, each containing a complex rhythmic pattern. The notation is written in a single melodic line on a five-line staff, with a key signature of one sharp (F#) and a time signature of 2/4. The patterns are highly rhythmic, often featuring sixteenth and thirty-second notes, and are frequently grouped with slurs. Dynamic markings are used throughout the piece, including *p* (piano), *f* (forte), and *mf* (mezzo-forte). The notation is dense and intricate, typical of a technical exercise or a piece of music designed to challenge a performer's rhythmic precision.

This page of musical notation consists of nine staves of music, all in the key of G major (one sharp). The music is characterized by dense, rhythmic patterns, primarily consisting of eighth and sixteenth notes, often grouped in beams. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The second staff includes a dynamic marking of *f* (forte). The third staff features a dynamic marking of *mf* (mezzo-forte) and several accents. The fourth staff has a dynamic marking of *p* (piano). The fifth staff begins with a dynamic marking of *mf*. The sixth staff includes a dynamic marking of *f* and a *p* marking later in the staff. The seventh staff continues with dense rhythmic patterns. The eighth staff features several accents. The ninth staff concludes the piece with a fermata over the final note. The notation is clean and professional, typical of a printed musical score.



Сейфолла күйші Жезқазған облысы Жанарқа ауданының Орғау деген жерінде дүниеген келген. Сейфолла ақын, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің әжесі. Сейфолла өз заманында шертпе күйдің шебері ретінде елге аты шыққан өнер иесі болған. Кеңес үкіметі кезінде Қазақ елінің ревкомының төрағасы болып тұрған Сәкен Сейфуллин әйгілі Созак көтерілісіне қатысқан біраз беделді адамдарға көмектесіп құтқарып жіберген екен. Осы Созак өңірінің Мәлік төре деген балуан әрі әнші-күйші сері жігіті ел аралап жүріп, Сәкеннің ауылына келіп, ақынның әжесі Сейфолладан «Қос шертпе» атты күйін үйреніп, оны кейін өз ауылындағы күйші інісі Файғолла Үрмізовке үйреткен екен. Сейфолла «Қос шертпе» күйін баласы Сәкен Қолчак түрмесінде жатқанда шығарыпты. Осы күйдің

тарихына байланысты белгілі журналист Жаулыбай Иманалиев: "Ертеректе кзіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созак ауданының «Құмкент» деп аталатын совхозына қарасты «Қызыл көл» деген ауылында Мәлік төре деген балуан әрі сері өткен екен. Мәлік төре құралайды көзден ататын мерген де әрі әнші-күйші де болса керек. Мәліктің аты елге тарап, нағыз серілікке салынып жүрген кезінде, қолдан-қолға тимей, той қуып жүріп Жанарқаның жеріне жеткен екен. Сонда бір ауылдың той думанында Мәлік төреге Сейфолла айналы кісі жіберіп, үйіне қонаққа шақырыпты.

– Батыр сізді Сейфолла шақырады. Өңіңді бір көруге құштар – деп хабар жеткізеді.

Мәлік төре Сейфолланың шақыруын қабыл алып барыпты – дейді.

– «Мәлік батыр атанған төре сенбісің?» – деп сұрапты Сейфолла.

– «Болсақ болармыз» – деп Мәлік қысқа жауап береді.

Сейфолла елуден асқан аз сөйлеп, көп тыңдайтын, қысқа мойнаңды домбырасын жабылап шертіп отыратын кісі екен. Қаратау ел жұртының әдет құртын, салтын, кәсібін және ел ішіндегі жақсыларын сұрап Мәліктің әңгімесін тыңдаумен отырады. Мәліктіңде бірқалыру домбыра шерту өнері болатын. Сейфолланың сымқым да сұлу шертісі Мәлікке қатты ұнайды. Осылайша екі-үш күн сырласып, әңгіме тыңдасып, Мәлік төре Сейфолламен дәм-тұзлас болған.

...Таңертен шайға отырар алдында Сейфолла мен Мәлік төре далаға шығады. Аңдай жерде он шақты адам үлкен бір кесілген ағашты арбаға сала алмай, қара терге түсіп жатыр екен. Осы жағдайды аңғарып байқаған Мәлік төре әлгілерге қайта-қайта жалтақтап қарай береді. Мұны аңғарған Сейфолла:

– Немене, төрем, көтеріп салысып жібергің келіп тұр-ма?–дейді.

– «Сөйтсем, сөйтпейін» – дейді де, Мәлік әлгілерге жегіп барады.

Байқап қараса, жаңадан кесілген, кісі құшағы жетпейтін, ұзындығы бес-алты құлаш шамасындағы жас ағаш екен.

– Былай тұрыңдар–деп Мәлік төре әлгі ағаштың бір басын қос қолдап көтеріп алып арқасына ырғап-ырғап теңеп салып алады. Палуан емес-пе, мақтаншылығы асып, «өнеде болса арбаға салмай-ақ, осы күйі үйдің алдына апарып тастайын» деген ой туады. Өз салмағы әрі ағаштың салмағы бар, Мәліктің табаны жалпайып, мәсі мен кебісі жартылып, аяғының саусақтары көрінген. Сонда да болса

ағашты есік алдына дейін апарып «әуіп» деп бірақ тастаған-дейді. Мәлік төре 1953 жылы қартайып өз елінде дүниеден өтеді. Ол өлер алдынан бірер жыл бұрын, мектепте мұғалім болып істеп жүрген бір жас інілеріне Сейфолланың екі шертпесін үйреткен – «шырағым, бұл күйлердің қадірін қартайғанда білесің. Қолының ебі бар бала едің, өзіңше дурыстап, әрлеп тартып жүр» – десе керек Мәлік төре. Сейфолла деп айтып отырғанымыз қазақтың белгілі ақыны – Сәкен Сейфуллиннің әжесі еді де, мектептің мұғалімі деп отырғанымыз – күйші Файзолла Урмізов еді. Файзолла жасы 95-95 келіп, 2015 жылы дүниеден өтті, – дейді журналист Жаулыбай Иманалиев.

38. ҚОСБАСАР

Сейфолла
орындаушы Жанғали Жүзбаев

Асықпай, толғана

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a key signature of one sharp (F#) and a 2/4 time signature. The piece is marked 'pizzicato' and 'arco' at various points. The notation includes eighth and sixteenth notes, rests, and dynamic markings such as 'p' (piano) and 'f' (forte). The score is divided into measures by vertical bar lines, with some measures containing repeat signs. The overall style is characteristic of traditional Kazakh folk music.



СЕМБЕК АЙДОСУЛЫ (1864-1931)

Арқадің байтақ домбырашылық дәстүрдің тағы бір майталманы Сембек күйші. Ел арасында Айдостың Сембегі деген атпен белгілі болған дәулескер домбырашы. Сембектің өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтер жоқтың қасы деп айтуға болады. Бар деректердің өзі мардымсыз, тек Тоқаруын бойындағы күйшілік мектептің өкілі ретінде Әбді, Қыздарбек, Баубек сынды күйшілердің қатарында ғана аты аталады. Әйгілі шертпе күйдің шебері Әбікен Хасеновтың үлгі алған күйшілерінің бірі болған, 1931 жылы халық жауы жеген жалған жаламен ату жазасына кесілген. Сембек күйшінің біздің заманымызға жетіп, әзірше белгілі болып отырған "Наз Қосбасар", "Отбасы" деген туындылары ғана.

39. НАЗ ҚОСБАСАР

Сембек Айдоғұлы
орындаушы Дәулетбек Садұқасұлы

Орташа, салмақсыз

mf

f

mf

f

mf

f

mf

f

mf

f



ӘБДИ РЫСБЕКУЛЫ (1868-1931)

Арқада Тәтгімбет, Тоқа, т.б. күйшілердің дәстүрін жалғастырушылардың бірі Әбдидің өмірі мен күйшілік өнері жайлы дерек те өте аз. Әбди Рысбекұлы - Қарағанды облысының Шет ауданына қарасты Аюлы елді мекенінде туып өскен, дәулескер күйші-домбырашы. Ол атақты Қыздарбек күйшінің шәкірті, майталман домбырашы Әбікен Хасеновтың ұстазы болған. Әбди әрідегі Итаяқ, Тәтгімбет, Тоқа күйлерін, өз замандастарынан Қыздарбек, Ақмолда, Сембек, Мақаш, Ахметжан, Кәрібек күйлерін ниқашына келтіріп тарататын шебер домбырашы болған. Әбди өз жанынан көптеген сахы күйлер шығарған. Алайда, бүгінгі күнге оның «Қосбасар», «Зар қосбасар» атты

екі ақ күй жеткен. Белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек Әбди күйші жөнінде: *«Мұның себебі, Әбди Рысбекұлы ескілікті, социализмге жат өнерді насихаттағаны үшін»* деген айыптан 1931 жылы атылады. Дәл осындай айыптан сол жылдары бірінен-бірі өткен әйгілі күйшілер Сембек пен Ахметжан да озбыр саясаттың құрбаны болған. Мұнан кейін іле-шала 1937-38 жылдардың репрессия сүргіні басталады. Әбди атылар алдында өзінің «Зар қосбасар» күйін оқиша басар інісі Әбікен Хасеновке үйретіп кетуді өтінген. Бұл күйді Әбікен Хасенов 1957 жылы өлерінен бір жыл бұрын ғана Қазақ радиосына жаздырады. Әбдидің әйгілі «Қосбасары» замана талақысынан өтіп, бүгінгі күнге осылай жеткен. (А. Сейдімбек "Қазақтың күй өнері". Астана. 2002. 790-791 бет.). Әбди атылған соң оның артында қалған жанұясы мен жақын туыстары да қуғын-сүргін көп көрген екен. Әбдидің әйгілі Өлімжан деген баласы мен Күләш есімді келіні жан сауғалап, жер ауып, өмірлерін Бішкек қаласында өткізген.

40. ҚОСБАСАР

Әбді Рымбекула
орындаушы Әніке Әбенова

Асықтай, мұңды

The musical score consists of ten staves of music. It begins with a treble clef, a key signature of two flats (G minor), and a 4/4 time signature. The first staff starts with a dynamic marking of *mf*. The piece is characterized by frequent changes in meter, including 3/4, 2/4, 3/8, 6/8, and 7/8. The notation includes a variety of note values, rests, and dynamic markings such as *f* and *mf*. The score concludes with a double bar line and repeat dots.

A page of musical notation consisting of 14 staves. The notation is written in a single system across multiple staves. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 2/4. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings such as *mf* and *f* are present. The notation includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings such as *mf* and *f*. The music is written in a single system across multiple staves, with some staves containing chords and others containing melodic lines.

Арка өңіріне атағы шыққан майталман күйшілердің бірі Ахметжан Сармантайұлы. Ел ішінде Сармантайдың Ахметжаны деген атпен белгілі болған өнерпаз. Ахметжан сыншы дәулескер күйшінің есімі көп уақытқа дейін аталмай, ұмыт болуға айналған. Мұның себебі өткен ғасырдың жанырмасыншы жылдардың соңына қарай бай дәулетті адамдарды тәркілеу науқаны басталғанда алғашқы болып іліккендердің қатарында Ахметжан Сармантайұлы болған. Күйшінің шығармашылығына, өміріне қығысты белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек: *"Ахметжан өзінің алдында өткен Тәттімбетке, көзін көрген Тоқаға ғзіктен олардың биік өнерін пір тұта жүріп, өзі де тамаша күйлер шығарған. Осы өңірдің әйелі тумалары Әлихан Бөкейханов, Жақын Ақбаев жол түскенде арнайы ат басын бұрып келіп, Ахметжанның күйлерін тыңдайтын болған. Әйелі күйші-композитор Әбікен Хасенов пен Манарбек Ержановта кезінде Ахметжанның алдын көріп, арқазы өнерінен тағылым алған. Әбікен: "Мен көрген күйшілердің ішінде Сармантайдың Ахметжанына жететіні жоқ-ау!" – деп отырады екен. Тоқырауын бойында тек қана күй тартқаны үшін айыпталып, солақай санаттың құрбаны болған төрт күйшінің (Кәрібек, Әбді, Селбек) ең алғашқысы Ахметжан болған."* – дейді. (А. Сейдімбек *"Қазақтың күй өнері"*. Астана. 2002. 794 бет). Дәулескер күйші-композитор Ахметжан Сармантайұлының осындай қилы заман талқысынан аман өтіп, кейін ұрпаққа жеткен "Қосбасар", "Елу сегіз" атты туындылары ғана.

Елу сегіз

Қарқаралы түрмесінде Ахметжанға "халық жауы", "социализмге жат өнерді насихаттаушы" деген айып жазасын кеседі. Ахметжанның ең соңғы күйі "Елу сегіз" деген атпен түрмеде тартылған. Тоқырауынның құйма құлақ домбырашылары Қарқаралы түрмесіне тамақ әкеліп жүріп, "Елу сегіз" күйін үйреніп алып, елге жаяды.

*А. Сейдімбек "Қазақтың күй өнері".
Астана, 2002.
790-791 бет*

41. ЕЛУ СЕГІЗ

Ахметжан Сармантайұлы
орындаушы Базаралы Мүнтекеев

Асықпай, ойлы

The musical score is composed of 12 staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings such as accents and slurs. The music is written in a style characteristic of traditional Kazakh folk music.

* тұтып алу керек

Голосная

Музыкальный фрагмент, состоящий из 12 систем нот. Первая система содержит ноты для голоса (Голосная) и фортепиано (пиано). Вторая система имеет надписи "Музыкальный фрагмент" и "Музыкальный фрагмент". Музыка написана в тональности с двумя flats (B-flat and E-flat) и включает различные метры: 2/4, 3/4, 4/4, 5/4, 6/4, 7/4, 8/4, 9/4, 10/4, 11/4, 12/4, 13/4, 14/4, 15/4, 16/4, 17/4, 18/4, 19/4, 20/4, 21/4, 22/4, 23/4, 24/4, 25/4, 26/4, 27/4, 28/4, 29/4, 30/4, 31/4, 32/4, 33/4, 34/4, 35/4, 36/4, 37/4, 38/4, 39/4, 40/4, 41/4, 42/4, 43/4, 44/4, 45/4, 46/4, 47/4, 48/4, 49/4, 50/4, 51/4, 52/4, 53/4, 54/4, 55/4, 56/4, 57/4, 58/4, 59/4, 60/4, 61/4, 62/4, 63/4, 64/4, 65/4, 66/4, 67/4, 68/4, 69/4, 70/4, 71/4, 72/4, 73/4, 74/4, 75/4, 76/4, 77/4, 78/4, 79/4, 80/4, 81/4, 82/4, 83/4, 84/4, 85/4, 86/4, 87/4, 88/4, 89/4, 90/4, 91/4, 92/4, 93/4, 94/4, 95/4, 96/4, 97/4, 98/4, 99/4, 100/4. Музыкальные знаки включают ноты, паузы, динамические обозначения (f, mf, sfz), артикуляционные знаки (acc., stacc.) и различные виды аккордов.

This page of musical notation is for a piece in G minor, indicated by the key signature of two flats. The music is arranged in 12 staves, with the first five staves likely representing the vocal line and the remaining seven staves representing the piano accompaniment. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, as well as rests. Time signatures change throughout the piece, including 3/4, 2/4, 3/8, and 4/4. The piece concludes with the instruction *ad libitum* above the final staff.

ӘБІКЕН ХАСЕНОВ
(1897-1958)

Әбікен Хасенов 1897 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келіп, 1958 жылы Алматыда қайтыс болды. Қазақтың күйші-домбырашысы, шертпе күйдің шебері, актер, Қазақстанның еңбегі сіңген артисі (1945). Домбырашылық өнерге баулыған әкесі Хасен, немере ағасы Мақаш



Садуақасұлы және Ақмолда Дүйсенұлы болды. Кейіннен ол белгілі күйші-домбырашылар Баубек пен Қыздарбектен Тәттімбеттің күйлерін үйренеді. 1934 жылдан қазіргі Қазақ академиялық драма театрында қызмет етті. Тәттімбеттің "Сарыжайлау", "Көкейкесті", "Сылымдақ", "Бес төре", "Азамат кожа", «Сылымдақ», "Секіртпе", "Азамат кожа", "Алпағыр" "Қосбасар" (бірнеше түрі), т.б. күйлерін күйтабаққа түсірді. Оның орындауында ерекше нақышпен жеткен Тәттімбет күйлері қазақ музыка мәдениетіндегі баға жетпес асыл мұралар болып табылады. Әбікен Хасенов Арқа өңірінің босқа да күйші-композиторларының шығармаларын ел ішіне кеңінен насихаттады. Қалың жұртшылыққа шертпе күйдің құдіретін танытып кеткен дәулескер күйші Әбікен Хасенов болатын. Оның "Қоңыр" атты туындысы шертпе күйдің биік шыңы. Әбікеннің "Қоңыр" күйінің шығу тарихына қатысты ел арасында әртүрлі деректер айтылады. Күйшінің көзін-көрген, аралас-құрылас болған адамдардың айтып кеткен мәліметтеріне қарағанда "Қоңыр" күйі қазақ халқына аса ауыр қырғын әкелген ашаршылық, құлматты жылдардың кәсіретін сипаттайды. 1932-1933 жылдардағы ашаршылықта Әбікеннің бала-шағасы аштықтан одан қала берді сүзектен тегіс қырылып қалады. Іле-шала Сталиннің асыра сілтеушілігінің алғашқы науқаны 1933-1934 жылдары болған емес-пе. Осы жылдары Әбікеннің құлағына құпия түрде біреулер елден тез кетіңіз, әйтпесе сізді де ұстағалы жатыр –деп сыбырап үлгерген. Сонау Қарағанды облысының Шет ауданының Ақсу-Аюлы елдімекенінен Алматыға қашып келеді. Әбден арып-аршып, шаршап-шалдығып туысы Сәкеннің үйіне жетеді. Елдегі болып жатқан жағдайларды естіп білген Сәкен Сейфуллин: «енді бұл әңгімелерді тісіңізден шығармаңыз», – дейді. Сәкен ол кезде мемлекеттік жауапты қызметте жүрген кезі еді. Әбікенді жуандырып-шайындырып тап-таза етіп киіндіреді...

– Қазаныңа етті молырақ салып, жаса. Кешкісін үйге біраз жігіттер келеді –дейді де Сәкен қызметіне кетеді. Сәкеннің келіншегі түкте түсінбесе де, оның айтқанын орындайды.

Кешкісін жұмыстан шыққан соң, Сәкен ағаның қасында екі-үш адам ілесіп үйіне келеді.

– Мына кісі менің елден келген жақын ағам еді, – деп Әбікенді елеусіз ғана таныстырады.

Қонақтар тамақ жеп, шай ішіп болған соң, Сәкен өзінің үйде тұрған домбырасын қолға алып, бір-екі шертеді де, домбыраны Әбікеннің қолына ұстатады.

Шерлі, мұзлы Әбікен домбыраны тартты келіп. Табын астына мұндай байлыққа кенелеміз деп ойламаған қонақтар аң-таң, бәрінде үн жоқ.

– Оу, жігіттер неге үндемейсіңдер? – дейді Сәкен.

– Мынадай байлықты алдымызға шашу етіп қоя салдыңыз. Мұнда әңгімеге не жорық, – дейді олар. Сәкен өз жолдастарымен ақылдаса келе Әбікенді жаңадан ұйымдастырылған драмалық театрдың жәй қатардағы артисі етіп қызметке орналастырады.

– Әзірге күй тартып көзге түспей-ақ қойыңыз. Көпшілік тоғыздың ішінде жүре беріңіз. Кейінірек жағдай өзгереді, сосын көре жатармыз, – дейді де қояды Сәкен.

Содан Әбікен аға сахнаға шығып күй де тартпайды, немесе қойылымдардың жауапты ролдерінде ойнамайды. Көпшілік массовканың қарасын көбейтіп жүре береді. Сталиндік асыра сілтеудің екінші науқаны 1937-1938 жылдары Сәкен, Бейімбет, Мағжан, Ілияс тағы басқалар «халық жауы» болып ұсталып кете барды.

Әбікен уаде бойынша күй тартпайды, ешқандай ролде ойнамайды. Көпшіліктің бірі болып жүре береді. Ұлы отан соғысы аяқталып 1950-1951 жылдары ғана қолына домбыраны алып, өз өнерін көпшілікке жасқанбий көрсете бастайды.

Әбікеннің орындауындағы тоғыз күйдің нотасын алғаш рет қазақтың белгілі композиторы Латиф Хамиди жазған. Композиторға Әбікеннің өзі барып, оңаша отырып әңгімелесіп, Тәттімбеттің күйлерін орындаған.

– Осы уақытқа дейін мынадай асыл дүниелерге жасырып, қайда жүргенсің? – дейді композитор Әбікенге.

– Мен Сәкенге уаде беріп едім. Сол уадеме тұрдым. Тәттімбеттің күйлерін бұзып орындаушылар көбейіп барады. Ендігі үндемей жүргенім болмас деп, сізге келіп отырмын ғой, – дейді Әбікен. Латиф Хамиди қазақ радиосының қызметкерлеріне звондап хабарлайды. Ондағы жігіттер бұл істі тезінен қолға алып:

– Ол күйшінің ертіп қазақ радиосына келіңіз, – дейді. Сонымен Латиф Хамиди, Әбікенді жетектеп радиоға барады. Сондағы жазылған күйлердің нұсқасы қазақ радиосының «Алтын қорында» күні бүгінге дейін сақтаулы.

42. ҚОҢЫР

ӘБІКЕН ХАСЕНОВ

Орындаушы Әбікен Хасенов

Сабырам, терең оймен

This page of musical notation consists of ten staves of music. The key signature is two flats (B-flat and E-flat). The time signatures vary across the staves, including 8/8, 2/4, 3/4, 4/4, 5/8, 7/8, and 12/8. The notation includes chords, single notes, and rests, with dynamic markings such as *mf* and *p*.

This page contains ten staves of musical notation, likely for a guitar or piano accompaniment. The notation is written in a single system with a key signature of one flat (B-flat). The time signatures vary across the staves, including 2/4, 3/4, 4/4, 5/4, 6/8, 7/8, and 8/8. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, as well as chords and rests. Some notes are marked with a 'v' above them, possibly indicating a vibrato or a specific articulation. The notation is arranged in a vertical sequence of ten staves, with some staves containing multiple measures of music.

This page contains ten staves of musical notation. The key signature is two flats (B-flat and E-flat). The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns and articulation.

- Staff 1:** Starts with a dynamic marking of *f*. It features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together.
- Staff 2:** Continues the rhythmic patterns with various note values and rests.
- Staff 3:** Shows a change in rhythm with some dotted notes and eighth notes.
- Staff 4:** Includes a dynamic marking of *f* and features a prominent sixteenth-note pattern.
- Staff 5:** Labeled **MARRAN** above the staff. It begins with a dynamic marking of *ff* and features a very active sixteenth-note texture.
- Staff 6:** Continues the *ff* section with dense sixteenth-note passages.
- Staff 7:** Shows a dynamic marking of *f* and features a mix of eighth and sixteenth notes.
- Staff 8:** Continues the *f* section with similar rhythmic motifs.
- Staff 9:** Features a dynamic marking of *f* and includes a final measure with a fermata.

АҚҚЫЗ АХМЕТОВА (1897-1987)

Аққыз (Мүгілсін) Ахметова кәзіргі Жезқазған облысының Балқаш қаласына жақын Қонырат өңірінің Есалы деген жерінде дүниеге келген. Аққызды әжесі 9 қыздың ішінде ерекше жақсы көріп, еркін ұстайды. Аққыз ұзатылғанға дейін ұл балаша киініп, атқа мініп көкпар тартып, сайысқа түсіп сауық-сайранға араласады.

Бұл кездерде Аққыз өнерімен жұрт назарын аударып, ел ішіндегі айтулы әнші, елдегі ауыл күйшілерінің үйретуімен Тәттімбеттің «Қосбасар», «Саржайлау», «Сылқылдақ», Саймақтың «Сары өзен», Токанын «Жалғыз ішек», «Белшешер» күйлерін және Арқанын тамылжыған сұлу әндерін айтуды меңгереді. Оның ау бастағы азан шақырып қойған аты Мүгілсін екен. Бетінен қақпай өсірген әжесінің ықыласына қық төңіреті Аққыз атап кетеді. Алайда өнерді қуып, созына түсуге Аққыздың мүмкіндігі жол бермейді. Жат елге келін болып түскен кезде «Жетім қыз» күйін шығарады. Кейінірек атақты домбырашы Әбікен Хасеновтен Тәттімбеттің «Бес төре» күйін үйренеді. Аққыз күйшінің қолынан домбыра үйренген күйші Қазақстан Республикасының халық әртісі Мағауия Хамзин. Сондай-ақ, Әптке Әбенова, Жаксылық Омашев сияқты ел ішіндегі күйшілік дәстүрдің туын ұстап жүрген азаматтар да тікелей Аққыз күйшінің алдын көрген, тәлім алған. Аққыздың «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қайран елім» деген күйлері ел арасында танымал.



43. ҚОСБАСАР

АҚҚЫЗ

Орындаушы Әптке Әбенова

Орташа, салмақты

Бірвоқал

This page of musical notation consists of ten staves. The first two staves feature a melodic line with eighth and sixteenth notes, including some grace notes. The remaining eight staves provide a complex accompaniment, primarily using chords and rhythmic patterns. The notation includes various note values, rests, and dynamic markings.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. It consists of ten staves of music. The first two staves feature a melodic line with eighth and sixteenth notes, including some grace notes. The remaining eight staves contain a complex accompaniment, primarily consisting of chords and moving lines in the lower register. The notation includes various musical symbols such as beams, slurs, and dynamic markings. The overall style is that of a classical or early modern manuscript.

БЕГІМСАЛ ОРЫНБЕКҰЛЫ (1911–1985)

Бегімсал Орынбекұлы күйші-домбырашы. Қарағанды облысының Шет ауданына қарасты өңірде туып-өскен. Бегімсалдың туып өскен жерінде ертеден күйшілік өнердің гажайып дәстүрі орныққан. Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай сияқты дәулескер күйшілердің ұлы мұрасын жалғастырушылар Қыздарбек Төрбайұлы, Әбді Рысбекұлы, Сембек Айдосұлы, Мақши Садуақасұлы, Баубек Жарылғапұлы, Ахметжан Сармантайұлы, Әбікен Хасенұлы сияқты майталман домбырашылар да осы өңірде дүниеге келген. Осылардың қатарында Бегімсал Орынбекұлының есімі де құрметпен аталады. Арқаның күйшілік дәстүрін жеріне жеткізе игерген Бегімсалдың репертуарында жетпіске тарта күй болған. Солардың ішінде Абылай ханның, Тәттімбеттің, Токаның, Дайрабайдың, Қыздарбектің күйлерін нақышына келтіре тартқан. Бегімсал Орынбекұлы дәулескер домбырашылығына қоса, өз жанынан «Бес перне», «Мырза шертпек» атты күй шығарған.

А. Сейдімбек "Қазақтың күй өнері". Астана. 2002. 809 бет.



ӘПІКЕ ӘБЕНОВА
(1915–1999)

Аққыз күйшінің ізбасар шәкірттерінің бірі әрі жиен сіңлісі Әпике Әбенова Жезқазған облысының Шет ауданына Қарабұлақ ауылында туған. Әкесі Кәріп өзі домбырашы болғандықтан оны кіпжентайынан өнерге баули бастайды. Әпикенің талабына риза болған Аққыз

оны өз қолына алып, домбыра үйретеді. Ол бала жасынан Тәттімбет, Тоқа, Әбді, Аққыз сияқты атақты домбырашылардың күйлерін бойына сіңіріп өседі. Әпике шертпе күйдің майталман орындаушысы әрі біздің заманымызға Дайрабайдың, Әбдідің, Аққыздың күйлерін орындап жеткізугіші. Ол көп жылдар Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында, «Қазақконцерт» бірлестігінде домбырашы болып қызмет атқарған.

44. МҮҢДЫ ҚЫЗ

Әніке Әбенова
орындаушы Әніке Әбенова

Орташа, салмақты

The image displays a musical score for the piece "Mundy Qyz" (The Maiden of the Mountain). The score is written for a single melodic line on a treble clef staff, with a key signature of one sharp (F#) and a 3/4 time signature. The music is characterized by a steady, rhythmic accompaniment of eighth notes, often in a descending or ascending pattern. The melody consists of eighth and sixteenth notes, with some measures featuring triplets. The score is divided into measures by vertical bar lines, and some measures contain rests. The overall style is traditional and folk-like, typical of Central Asian music.

This page of musical notation consists of 12 staves, each containing a different rhythmic exercise. The exercises are written in treble clef with a key signature of one sharp (F#). The time signatures vary across the staves, including 2/4, 3/4, 4/4, 5/4, 6/4, 7/4, 8/4, 9/4, 10/4, 11/4, and 12/4. The notation includes various rhythmic figures such as eighth notes, sixteenth notes, and dotted rhythms, often grouped with beams and slurs. Some staves feature rests and dynamic markings like *mf* and *f*. The exercises are arranged in a sequence that demonstrates a variety of rhythmic patterns and their application in different time signatures.

МАҒАУИЯ ХАМЗИН (1927–2000)



Мағауия Хамзин – домбырашы, композитор – күйші, Қазақстанның халық артисі. 1927 жылы Жезқазған облысында туған. Алматы музыкалық училищесін бітірген. Мағауияға домбырашылық өнер үлкен атасы Әшімтайдан, өз әкесі Хамздан мұра болып дарыған екен. Әшімтайдың «Қоңырқаз» күйін кезінде Хамза шерткен. Әкеден үйренген бұл күйді өнерлі күйші Мағауия да тартып кеткен. Баласының тума дарынның кем еместігін білген әке оны қамқорлыққа алып, сол төңіректегі Аққыз, Сатан күйшілердің ізімен өнерге баулиды. Өз бетімен ізденип, ел ішіндегі атақты күйші Аққыз әжемізге жәні барып, болашағына бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие алады. Хам-

зин репертуарында Тәттімбеттің "Саржайлау" күйі, Токаның, Дайрабайдың, Аққыз бен Қазақстанның басқа халық композиторлардың күйлері бар. Шертпе күйдің ғажайып үлгілерін, сондай-ақ батыстың классикалық музыкасымен халықтық өнерді ерекше байланыстырған виртуоз домбырашы. Моцарттың, Брамстың, Рахманиновтың классикалық шығармаларын тұңғыш рет домбырада орындаушы. Сонымен қатар М. Хамзин өз жанынан «Белгісіз солдат», "Қосбасар 1-2 түрі", "Қосмонавт", "Жайлау", "Жарыс", "Жас қазақ" тағы басқа көптеген күйлер шығарды. Мағауияның бүгінгі күнгі тақырыптарды арқау еткен, мазмұнды күйлері шертпе күйдің үздік үлгілері қатарында тұрады. Мағауия Хамзин өзінің көпжарлы сан-салалы күйшілік таланты арқылы отандық музыкалық мәдениетіміздің тарихына өлшеусіз үлес қосты. Ол халқымыздың күй өнерінің сонбейтін жарық жұлдызына айналып, оның атак-даңқын биікке көтерген өнер тарлауы.

45. ЖАЙЛАУ

МАГАУНИЯ ХАМЗИН

Орындаушы Магауния Хамзин

Жүрдөк, шалкыта

* 2, 1 — бұл сандар оң қолдың саусақтарына катысты.

This page of musical notation is for a piece in G major, consisting of ten staves. The notation is written in a single melodic line with a bass line indicated by a slash and a dot below the staff. The piece is characterized by frequent changes in time signature, including 2/4, 3/4, 5/6, 7/6, 9/6, 10/6, 11/6, and 12/6. The music is written in a single melodic line with a bass line indicated by a slash and a dot below the staff. The notation includes various rhythmic patterns, chord voicings, and dynamic markings such as *mf* and *f*. The piece is characterized by frequent changes in time signature, including 2/4, 3/4, 5/6, 7/6, 9/6, 10/6, 11/6, and 12/6.

ЕРАЛЫ ТОҚАНҰЛЫ (1931)

Ералы Тоқанұлы Жезқазған облысы Жанарқа ауданы Ақтүбек ауылы Келтетал елді мекенінде 1931 жылы дүниеген келген. Мамандығы дәрігер. Қарағанды дәрігерлік институтын бітірген соң, көп жылдар туған ауылында дәрігер болып қызмет етті. Денсаулық сақтау саласының үздігі. Бірақ бойға біткен табиғи дарынның арқасында домбырамен күй тартуға жастайынан әуес болып, күйшілік өнерді өмір бойы жанына серік еткен. Дарынды шертпе күйші Ералы Тоқанұлы радиодан, күйтабактардан әйгілі күйші Әбікен Хасеновтың орындауындағы күйлерді тыңдап, үйренеді. Әсіресе Тоқаның күйлерін ерекше орындаушылық нақышпен жеткізушілердің бірі. Ол сонымен қатар «Сарыжайлау», «Қосбасар», «Алшағырдың ашы күйі», «Дайрабай», «Қонырқаз», «Көкейкесті» сияқты Арқа өміріне кең таралған күйлердің өте шебер орындаушысы болған. Ералы Тоқанұлы өзінен бұрын күйші-композиторлардың күйлерін ғана орындап қоймай өз жанынан бірқатар күйлер шығарған сазгер де. Оның «Дүние-ай», «Ықпаласқа», «Қосбасар», «Қайласың», «Толқын», «Сәкен», «Шертгер», «Сұр жорға» сынды күйлерінің арқайсысы өзіндік мазмұны бар, көркем туындылар.

ОРАЛ ИСАТАЕВ (1943–1999)

Қыздарбек күйші мен оның шәкірттерінің мұрасын сақтап, біздің дәуірге жеткізген орындаушының бірі Орал Исатаев 1943 жылы қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданындағы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтын бітірген соң туған өңірінде мұғалім, мектеп директоры болып қызмет еткен. Күйшілік өнерді алғаш әкесі Исатайдан үйреніп, кейін Рысқұлбек күйшіден тәлім алған Орал – Арқа күйшілік дәстүріндегі көптеген туындылардың, соның ішінде Қыздарбектің «Жұбағу», «Қосбасар» бірнеше түрін бүгінге жеткізуші.



ДӘУЛЕТБЕК СӘДУАҚАСҰЛЫ (1938–2009)

Күйші Дәулетбек Сәдуақасұлы 1938 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келген. Ол, бала кезінде атақты күйші Қыздарбекке еріп жүріп күй үйренген Шырын деген домбырашыдан тәлім алады. Арқаның күйші дәстүрін жастайынан құлағына сіңіріп, оған мытыға ден қойып, төнірегіне дәулескер домбырашылығымен танылады Есейге келе әйгілі Әбікен, Бегімсал тәрізді шебер күйшілерді көзімен көріп, көптеген күйлерін тыңдап, мол тағылым алады. Әсіресе, Қыздарбек, Әбди, Сембек күйлерінің бүгінгі күнге жетуіне күйші Дәулетбек ақсақалдың сіңірген еңбегі ұланғайыр. Бүгінгі тартылып жүрген Қыздарбек және Сембек күйлері негізінен Дәулетбек Сәдуақасұлы арқылы жетіп отырғандығын айрықша айтуға тиіспіз.

Қыздарбектің «Қосбасар», «Мұң Қосбасар», «Өткініш Қосбасар», «Сылқым қыз», Сембектің «Наз Қосбасар» күйлерін ерекше нақышпен, асқан шеберлікпен орындап жеткізуші.

ФАЗЫЛ ТҮТҚАБЕКОВ (1942)

Фазыл Қасымұлы Тұтқабеков 1942 жылы Жезқазған облысы Жаңарқа ауданына қарасты Ескене ауылында дүниеге келген. Әкесі Қасым шебер күйшілігімен Арқа аймағына атты шыққан айтулы өнерпаздардың бірі болған. Әйгілі күйші Әбікен Хасеновпен күй тартысып, өнер сайысына түскен адам. Ел арасында «Майдақасым» деп атаған. Оның себебі асқан шеберлікпен, домбыраның қақпағынан соқпай өте майда шертеді екен. Фазылдың домбыраға әуестенуіне әкесі Қасымның ықпалы зор болған. Фазыл күйші домбыраны алты жасынан ұстатты. Мектепті тәмамдағаннан кейін, өнер жолына бет бұрғысы келгенде әкесі рұқсат бермейді.

Сөйтіп, әке көңілін қимаған Фазыл Алматы ауылшаруашылық институтына түседі. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақ радиосының «Алтын қоры» бірнеше күй жазып қалдырды. 1990 жылы ұлы күйші Тәттімбет Қазанғабұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған мерейтойға шақырту алады. Алматы қаласының орталық концерт залында Мағауия Хамзин, Генерал Асқаров, Уәли Бекенов сынды дәулескер күйшілермен қатар өнер көрсетіп, ел ризашылығына бөленеді.

2005-2007 жылдары Алматы қаласында өткен «Мәңгілік сарын» атты күйшілер фестиваліне қатысып өз өнерін ортаға салып, қалың тыңдарманның ыстық ықыласына бөленіп, талғампаз тыңдарманның жоғарғы бағасына ие болады. Осы пара аясында шыққан күйлер жинағына бірнеше күйлері енді. Сондай-ақ 2009 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жинағына да Фазыл ақсақалдың орындауында бірнеше күйлер бар.

Фазыл Тұтқабеков күй күдіретін жете түсініп, оны жан серігіне айналдырған, өткен ғасырдағы атақты күйшілердің мұраларын зерделеп, Тәттімбет негізін салған Арқаның шерте күйшілік дәстүрін жалғастырып келе жатқан тамаша күйшілердің бірі. Ол Тәттімбеттің «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Көкейкесті», «Қосбасарлары» т.б. күйлерін мәнерін бұзбай, байыбына келтіре орындайды. Әсіресе, Әбікен Хасеновтың «Қоңырын» ерекше нақышпен, асқан шеберлікпен тартады. Фазыл ақсақалдың орындауындағы Сүгірдің «Қобыз сарыны» қазақтың күй өнеріне өзіндік үн-өрнегі дара ғажайып мұра болып қосылды. Сонымен қатар өз жанынан шығарған «Сағыныш сазы» атты күйі бар.



МУХАМЕДЖАН ТІЛЕУХАНОВ (1946)

М.Тілеуханов 1946 жылы Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Мұхамеджан алты жасынан бастап домбыра тартуды әкесі Тілеуханов Ғайнидиннен үйренеді. Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай күйлерін немере ағасы Сарбас Бақмағамбетұлынан меңгереді. Сарбастың әкесі Бақмағамбет Тоган (ел арасында Токаны осылай атап кеткен) мектебінен шыққан күйші болған. М.Тілеухан есейе келе Токпан, Қойбағар деген домбыраншылардан дәріс алып, күйшілік шеберлігін шаңдай түседі. М.Тілеуханның негізгі мамандығы бухгалтер. Алматы халық шаруашылығы институтын бітіріп, Жаңаарқа ауданының орталығы Атасуда мамандығы бойынша көп жылдар қызмет атқарған. Бала жастан күй өнеріне сусындап өскен

Мұхамеджан атадан келе жатқан арқалы өнердің арқасында жұртшылыққа дәстүрлі күйші ретінде танылды. 1964 жылы Жаңаарқадағы Иманак баурайында Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық тойында, жатушы академик Сәбит Мұқановтың алдында күй тартып, батасын алады. 1972 жылы Алматыға Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық торқалы тойына арнайы шақырылып, Токаның «Төрт толғау» (төрт күйден тұрады) күйін алғаш орындап, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов, Р.Қошқарбаев, Р.Бердібаев секілді зиялы қауымның көңілінен шығып, ризалығына бөленеді. 1973 жылы Жезқазғанда құрылған «Ұлытау» ансамблінің құрамында жүріп еліміздің үлкен қалаларында, Москва, Германия, Франция, Индия т.б. шет мемлекеттерде өнер көрсетеді. 1975 жылы «Қазақстан Республикасының мәдениет қызметкері» атағына ие болады. 1972-1975 жылдары Токаның, Дайрабайдың күйлерін орындап, күйтабаққа жазады.

Мұхамеджанның, әсіресе, Тоқа күйлерін насихаттаудағы еңбегі орасан зор. М.Тілеухан Тоқа, Дайрабай күйлерін жеткізумен қатар өз жанынан бірнеше туындылар шығарған дарынды күйші-композитор. М.Тілеуханның «Арман-ай», «Аңсағаным», «Тағдыр-ай» атты төл туындылары бар.



ЖЕТІСУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікір бар. Жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақеу, Бүйен, Қызылағаш, Қарағал, Көксу өзендері енген. Археологтар, тарихшылар мен географтар Жетісуды Солтүстік-шығыс Жетісу (солтүстікте Балқаштан Кетпен және оңтүстікте Іле Алатауы жоталарына дейін, солтүстік-шығыста Алақөзден оңтүстік-батыста Шу-Іле су айрығына дейінгі жерлер) және Оңтүстік-батыс Жетісу (Шу және Талас алқабы) деп екіге бөледі.

«Жер жанның Жетісу» атанған қазақтың осынау құтты өлкесінде ертеден күй өнерінің айрықша дәстүрі қалыптасқан. Жетісу аймағының күйшілік өнері қазақтың шертпе күй саласының бір тармағы болып саналады. Жетісу өнерінің аспаптық музыкасы тақырыптық жағынан сан-алуан болып келеді. Қазақтың ежелгі жыр, ертегі сюжеттерінің желісіне құрылған күйлер кең орын алады. Ол күйлердің басым көпшілігі – теріс бұрауда. Осындай көне күйлердің бірі «Ақжу» үш күйден тұрады. (1. «Атамекеніне қайтқаны», 2. «Бидайық құс қуғаны», 3. «Балапандарын аймалауы».) Ежелгі аңыз, ертегілердегі басты кейіпкерлерге айналған «Жалғыз көзді әулие» (үш күйден тұрады), «Көк серке», Жиренше шешен» (үш күй), «Жетім бала», «Мұзлық – Зарлық», «Тазша бала» т.б.

Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз. Бұл күйшілік мектептер дәулескер күйші-композиторлар Қожекке Назарұлы және Байсерке Құлышұлы есімдерімен тығыз байланысты.

Жетісу күйшілік дәстүрінің ірі өкілдерінің бірі күйші-композитор Қожекке Назарұлы. Шымжаң өлкесі күйшілік дәстүрімен сабақтас болып келетін жетісу өнеріндегі оқшау күйшілік мектептің бірі осы Қожекке бастаған домбырашылық үрдіс. Оның артында қалған күй мұрасы мейлінше молдығымен, тақырып аясының кеңдігімен назар аудартады. Қожекке тек қана күмбірлетін күй шерткен дәулескер домбырашы ғана болып қоймай өзі өмір сүрген дәуірдің ірі саяси қайраткері екендігі белгілі. Ол елдің әлеуметтік саяси тағдырына белсенді араласқан, көкірек көзі ашық, әрі елге қорғаған болған батыр адам ретінде белгілі.

Жетісу күй мектебінің негізін салушылардың бірі Байсерке Құлышұлы. Байсерке күйлері өзінің өзгеше әуен-сазымен, нақышты ырғағымен ерекшеленеді. Ол өзі куә болған тарихи оқиғаларды, табиғат құбылыстарын, күнделікті тіршілікте орын алатын жағдайларды өз шығармашылығына арқау етіп отырған.

Сонымен қатар жетісу өлкесінде өмір сүрген Бөліткір Атыханұлы, Сыбанқұл Қалбасұлы, Мергенбай Ерденеұлы, Қосдәулет Нұрмағанбетұлы, Тұраш Әбеуов сынды күйші-композиторлар мұралары мол рухани қазына болып табылады.

Жетісу күйлерін бүгінгі ұрпаққа жеткізушілер қатарында Темірбек Ахметов, Қатшыбай Таубаев, Нұрғиса Тілендиев, Ыбырайымхан Мергенбайұлы, Омар-

хан Керімқұлов, Елемес Таласбай, Сөйімбек Қолтықбайұлы сияқты дәулескер домбырашыларды айтуға болады.

Жетісу күйшілік өнері жөнінде алғаш зерттеп, ғылыми айналымға түсірген академик А. Жұбанов болатын. Сонымен қатар осы күйшілік мектепті зерттеуге белгілі күйші, ғалым У.Бекенов көп үлес қосты. Соңғы кездері Жетісу аймағының күйшілік дәстүрін зерттеу, жинастыру жұмыстары кезінен қолға алына бастады. Бір кездері ұмытылуға айналған Жетісу күйлерінің ел игілігіне айналып қайта жандануына жұмыла кіріскен филология ғылымдарының кандидаты, жазушы Сағатбек Медеубекұлы, өнертану ғылымдарының докторы, музыкатанушы Гүлзада Омарова, өнертану кандидаты, күйші Базаралы Мүттекекевтердің еңбектері зор. Осындай кешенді зерттеу нәтижесінде «Жетісу күйлері» (1998) атты еңбек жарық көрді. Сол сияқты осы домбырашылық дәстүрге байланысты домбырашы Ербол Тұңғышұлының «Атадан мұра» (1999) атты зерттеу еңбегі бар.

ҚОЖЕКЕ НАЗАРҰЛЫ (1823–1881)

Қожеке күйші Жетісудың төрі Қарқара жайлауында дүниеге келген. Қожекенің әкесі Назар сөзге шешен, төнірегіне ықпалды адам болған. Ел арасында Қожекенің күйшілігі мен батырлығы қатар танылған адам екендігі айтылады. Қожеке өз күйлерін оң және теріс бұрауларда шығарған. Оның күйлерінің тақырыптық аясы кең, сан қырлы болып келеді. Қожеке ел аузындағы, халық арасындағы ежелгі жыр аңыздарды мол білген сынайлы. Осыған орай оның күйлерінің біразы ертедегі аңыз, әңгімелердің желісіне құрылған. Мысалы: «Мұңдық-Зарлық», «Қамбархан», «Жиренше шешен» т.б. Қожеке өзі куә болған өмір құбылыстарының әсерлі сәттерін күй тіліне түсіріп отырған. Оның табиғат тылсым-тіршілігіне арнаған күйлері көп. Солардың бірнешеуі күз атаулының әншісі – бұлбұлға арналған. «Сарбары бұлбұл», «Бұлбұл», «Бұлбұл торғай» деген күйлері осының жарқын айғағы бола алады. Қазақтың күйшілік өнерінде үлкен үрдіске айналған «Кенес», «Кертөлғау», «Күй шақыртқы» деп аталатын туындылар да Қожеке шығармашылығында елеулі орын алады. Қожеке домбырасын қолына алып, құлақ күйін келтірген соң ең әуелі тартатын күйлері “Күй басы” немесе “Күй шақыртқы” деп аталады екен. Қожеке өзінің күйлері арқылы өмір сүрген заманда музыка тілімен бейнелеп, сол ортаның қызғы мен қуанышын, қайғысы мен мұңын күй тіліне түсіріп отырған. Оның күйлері көбінесе өзінің басынан кешкен оқиғаларға құрылып, өз дәуірінің жырын-жырлайды.

Қожекенің оң – солын танып толысқан шағы аумалы-төкпелі қиын кезенге тұспа-тұс келді. Жетісу өңірін отарлай бастаған Ресей саясатына бағынбаған Қожекенің аты елге батыр ретінде танылады. Отаршыл империяның отыр саясатына бас иемеген Қожеке 1862 жылы жиырма бес үй шолғыншы көшті бастап арғы бетке Қытайға удере көшеді. Алғашында Алтай өлкесіне, одан кейін Үрімжі аймағына, сонан кейін Тарбағатай өңіріне көш басын тірейді. Артынан ерген еліне жайлы қоныс таба алмай, ақыры кері қайтып Іле, Текес өзендерінің бойына келіп біржолата қоныс тебеді. Қожеке бастаған рулы елдің көшіп келуіне Қытай өкіметі де жай қарамаған сынайлы. Күйшінің осы кезеңдегі өмір тарихына қатысты жазушы Сағатбек Медеубекұлы: «Елдің ертеңіне бей-жай қарап қалмай, қам-қарметке қоныс Қожекеге шен-шекпен беріп, өздерінің айтқанына

көндірсе келеді. Бірақ Қожасеке көнбейді. 1865-1866 жылдары бұрқ ете қалған шаруалар көтерілісінің жеңілісінен кейін жаппай қуғын-сүргін басталғанда, Қожасекені түрмеге қамайды. Ақыры күйшіні айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізе алмаған Қытай өкіметі оны азаптап өлтіреді. Ел намысына жаралған қайран батыр, дүлдүл күйші Күре елді мекенінің Жанбұлақ деген мазарына жерленеді» - дейді. (Базаралы Мүптекеев, Сағитбек Медеубекұлы. Жетісудың күйлері. Алматы, 1998. 116-бет). Ол өз кезіндегі елеулі тарихи, әлеуметтік оқиғаларға да сергек қараған көкірегі оғу, қайраткер адам болған. Сондықтан да оның күйлерінің көп сандысы өзі жасаған замандағы оқиғаларға құрылып қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғайды. Қоғамдағы саяси өмірге байланысты туындаған бұл күйлер сол кездегі халықтың мұң зарын, арман, мұратын бейнелеген. Заманының әділетсіздігіне, зорлық-зомбылығына деген наразылығы, өкінішті үні оның өмірінің соңғы кезеңінде шығарған “Қолға алынар алдыңда”, «Ойбай, жаным», “Түрмеде қинау”, “Қинау”, “Шалқайма”, “Арман”, “Тарту”, «Арыздасу» деп аталатын трагедиялық күйлерінде айқын бейнеленген.

Қаншама аумалы-төкпелі заман болып, уақыт өтседе өнерді қалір тұтқан көзі қарақты жандардың арқасында Қожасекенің күй мұрасы күні бүгінге дейін ұмытылмай жетіп отыр.

Күйші мұрасы бүгінге өзінің ұрпақтары ұлы Рақым, немерелері Шаңия мен Тұрсынғазы, Ясып, жиегі Орыанбек арқылы жетті.

Күй шақыртқы

Халқымыздың күйшілік өнерінде қалыптасқан үрдістердің бірі “Күй шақыру” деп аталады. Кейде «Күй басы» немесе «Күй шақырғыш Ақжелен» деп аталатын күйлер арқалы күйшілердің күй тартысқа түскен кездерінде немесе алқалы топ алдында өнер көрсеткенде шабыт шақыру үшін тартылатын болған. Мұндайда күйшілер табан астында шығарып немесе арнайы дайындап әкеліп тартатын болған. Бұған атақты күйші-композиторлардың талай дүбірлі жаныдарда шығарған күйлері тарихтан аян. Ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының Хиуада өткен бір әйдіңгір күй тартыста өзінің «Бас Ақжелен» деген күйін тартып бас жүлдені еншілеп кеткендігі айтылады. Әйгілі күйші-композитор Қазанған Тілепбергеноұлы өз күйлерінің жиынтығы ретінде «Күй басы» күйін шығарған және тыңдаушы халыққа домбыра тартарда күйлерінің беташары іспетті «Күй басы» туындысынан бастайтын болған. Атақты энци-композитор Әсет Найманбайұлының да ән айтардың алдында өзінің «Ән шақыру» деген күйін тартатын болған. Миңғыстаулық күйші Қартбайдың «Күй басы», Сыр бойының дәулескер күйші –композиторы Мырза Токтаболатұлының «Күй шақыру» немесе «Алпыс екі Ақжеленнің бауыр шешпесі» деп аталатын күйлердің барлығынан тақырыптарының негізгі өзегі бір бір арнаға тоғысады. Мұндай мысалдарды көп келтіруге болады, соның бірі дәулескер күйші Өшім Дүңшіұлының «Күй шақыру» деп аталатын күйінің шығу тарихы осы сөзімізге жарқын айғақ бола алады. Сол сияқты жетісулық күйші-композитор Қожасеке Назарұлының домбырасын қолына алып, құлақ күйін келтірген соң ең әуелі тартатын күйлері “Күй басы” немесе “Күй шақыртқы” деп аталады екен

46. КҮЙ ШАҚЫРТҚЫ

Қожек Назарұлы
орындаушы Омархан Керімқұлов

Асықпай, салмақты

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins in the key of G major (one sharp) and 3/4 time. The tempo and mood are marked as 'mf' (mezzo-forte). The piece consists of seven staves of music. The first staff contains the initial melodic phrase, starting with a quarter note G4, followed by eighth notes A4, B4, and C5, then a series of sixteenth notes. The second and third staves continue the melodic development with similar rhythmic patterns. The fourth and fifth staves show a change in the melodic contour, with some notes tied across bar lines. The sixth staff features a dynamic marking of 'f' (forte) and a more active melodic line. The seventh staff concludes the piece with a final cadence.

This page of musical notation consists of 12 staves of music. The notation is written in treble clef and includes various rhythmic patterns, dynamic markings, and time signature changes. The music is organized into several measures across the staves. Key features include:

- Staff 1:** Features a series of eighth-note patterns.
- Staff 2:** Includes a dynamic marking of *mf* and shows time signature changes from 3/4 to 2/4 and back to 3/4.
- Staff 3:** Continues with eighth-note patterns.
- Staff 4:** Shows a change in rhythm with some notes beamed together.
- Staff 5:** Features a dynamic marking of *f* and includes a fermata over a note.
- Staff 6:** Continues with eighth-note patterns.
- Staff 7:** Shows time signature changes from 3/4 to 2/4 and back to 3/4.
- Staff 8:** Includes a dynamic marking of *mf* and features eighth-note patterns.
- Staff 9:** Shows time signature changes from 3/4 to 2/4 and back to 3/4.
- Staff 10:** Features a dynamic marking of *f* and includes a fermata over a note.
- Staff 11:** Continues with eighth-note patterns.
- Staff 12:** Shows time signature changes from 3/4 to 2/4 and back to 3/4.

БАЙСЕРКЕ ҚҰЛЫШҰЛЫ (1841–1906)

Байсерке Құлышұлы 1841 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу өзені бойында туған. Байсеркенің әкесі Құлыш он саусағынан өнері тамған шебер, әрі өнерді қадір тұтқан жан болған. Академик А. Жұбановтың жазып қалдырған деректері бойынша жасынан ерекше талантымен күйшілігімен елге танылған Байсерке 16-17 жастар шамасында Жетісу өлкесі мен көрші қырғыз елінің күйлерін емин-еркін игерген екен. Байсерке домбырадан басқа гармон, мондоллина, балалайка сияқты музыкалық аспаптарды да жақсы меңгерген деседі. Байсерке күйшінің алғашқы тәлім алған ұстаздары Есім, ұржарлық Сарша деген елге танымал домбырашы-күйшілер болған. (А.Жұбанов. *Ғасырлар пернесі. Алматы, 1975. 229 бет*). Байсерке алғашы бас қосуларда дәулескер күйшілермен күй тартысына түсіп, атак абыройы алыс-жақынға таныла бастаған. Алғашқы күйлерінің бірі – «Ат ойыны» өзінің ойынақы ырғағымен ел ішіне тез тарап үлгереді. Байсеркенің күй тартып оған астындағы атын билетуінің өзінен оның ерекше талант иесі екендігін байқауға болады. Ол өзі куә болған, өзін толандырған өмір құбылыстарынан баршасын күй тілінде баяндап отырған. Күйші шығармашылығына ден қойған зерттеуші-ғалым Акселеу Сейдімбек «Байсерке себепсіз күй шығармаған. Ұдайы белгілі бір өмір құбылыстары, тіршіліктің әсерлі сәттері күй тіліне түсіп отырған» - деп талдау жасайды. (А. Сейдімбек. *Қазақтың күй өнері» Астана, 2002. 778 бет*). Байсерке күйлерінің бір парасы өзі өмір сүрген заманының белгілі оқиғаларынан көрініс береді. 1890 жылы Жетісуда үлкен жұт болып ел қатты күйзеледі. Далдада көзге түсетін мал жоқ, жемтік жеп семіріп жүрген тек қарға ғана. «Дүние деген осы, төрт қарғадан басқа дәннен қалмады», – деп күрсінеді. Оған күй шығарып «Төрт қарға» – деп ат қояды. Ресей отаршылдығының кеудемсөк өктемдігіне наразылығын білдірген “Ұран күй”, бауыр еті баласынан айрылғанда егіліп шығарған “Солқылдақ”, жетісу өңіріне мәлім болған Далабек бағырдың басынан өткен оқиғасына байланысты «Қалпа – Қалыш» сияқты туындалары өзі ғұмыр кешкен ортасы мен заманының шежіресі сияқты.

Байсерке күйшінің көп мұрасынан, өкінішке қарай, кезінде жинақталып, жазылып алынбағандықтан, көз жазып қалып отырмыз. Осы бір ұлан-ғайыр күйшілік мекентің жұқанасындай болып оның «Қоңыр», «Бұлжілдек», «Жетпіс бұтақ», «Жекпе-жек», «Келіншек», «Ат ойыны», «Кездесу», «Көш тоқтатқан», «Қалпа-Қалыш», «Төрт қарға», «Толқататын күй», «Ұран» сынды күйлері жеткен. Байсерке күйшінің шығармашылығына қатысты «Ғасырлар пернесі» еңбегінде алғаш А.Жұбанов сөз қозғаған болатын. Байсерке күйлерін орындап жіткізушілер қатарында Бердібек Мықтыбайұлы, Қожабек Жапбаров, Сатқынбай Өлмесұлының бойларындағы асыл өнерін жалғастырған Қатшыбай Таубаев, Темірбек Ахметов, Нұрғиса Тілендиев, Малғаждар Әубәкіров сияқты біртуар күйші-домбырашылардың есімдерін айта аламыз.

Көш тоқтатқан

Байсеркенің «Көш тоқтатқан» күйін біздің заманымызға орындап жеткізуші әйгілі энци-композитор Кенен Әзірбаев. Күйдің шығу тарихына қатысты Кенен атамның қызы Төрткен апамыздан сұрағанымызда, «Байсеркенің осы күйін атам жиі орындаушы еді. Жастықтың әсеріме әйтеуір кезінде күйдің әңгімесін атамнан толық сұрап қалмапшын. Бірақ атамның: «Байсерке осы күйін тарқанда кетіп бара жатқан көш еріксіз тоқтап қалып бір сәт сілтідей тынып тыңдаған екен деген әңгімесі есімде қалыпты» – дейді. Осы оқиғаға байланысты күй «Көш тоқтатқан» – деп аталып кеткен сынайлы.

47. КӨШ ТОҚТАТКАН

Байсерке Құлымұлы
орындаушы Кенен Әзірбаев

Орташа екпінде

mf

f

This page of musical notation consists of ten staves of music. The key signature is G major (one sharp). The time signatures vary throughout the piece: 3/4, 7/8, 9/8, and 3/2. The notation includes a variety of rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are present, including *mf* (mezzo-forte) and *mp* (mezzo-piano). The music is written in a single system with ten staves.

mf

p

ТІЛЕНДІ АТАБАЙҰЛЫ (1858–1930)

Тіленді Атабайұлы 1858 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Әкесі Атабай жыр алыбы Жамбылдың әкесі Жабаймен бірге туған, батыр тұлғалы, өнерпаз, елге сыйлы адам болған екен. Атабай өз заманының озық туған перзенттері аюны ақын Сүйінбаймен, жыр жампазы Жамбылмен, қобызшы-бақсы Түктібаймен қадірлес-сыйлас болып, жақсы қарым-қатынаста өмір сүріпті. Атабайдан бес ұл-қыз тараған. Олар Күленді, Тіленді, Тіленалды, Тілеген, Ноғайбай. (*Е. Тұңғышұлы. Атадан мұра. Алматы.*) Осылардың ішінде Тіленді жасынан домбыраға үйір болып, өнерімен ел аузына іліге бастайды. Сонымен қатар аңшылықпен айналысып, мергендігімен, ұсталығымен аты шығыпты. Ол ұзын бойлы, балуан денелі адам екен. Тіленді есейе келе тек домбыра тартумен ғана шектелмей, өз жанынан күйлер де шығара бастайды. Қазақта киелі саналатын құс төресі «Аққуға» арналған Тілендінің ғажаз туындысы халқымыздың күй өнеріндегі шоқтығы биік күйлердің қатарында тұрады. Оның «Терісқақпай» күйі домбырашылық дәстүрде қалыптасқан белгілі үрдісте шығарылған. Көтеріңкі көңіл күйге құрылған, құйқылжыған саз-сарынымен, шақыпты ырағатымен ерекшеленеді. Күйшінің «Арман» атты туындысы құрылымы күрделі, әуен сазы терең, шертпе күй саласындағы аса көркем шығармалардың бірі. Тілендінің музыкалық мұрасы мен күйшінің өмірбаяны туралы деректерді бізге жеткізуші бел баласы қазақтың шаңдайына біткен біртуар тұлғасы, дәулеткер күйші Нұрғиса Тілендіев.

Арман

Бір ауылда той болып, сол тойға Тілендіұлы Нұрғиса арнайы шақырылыпты. Өзі той болған соң, оған Нұрғиса шақырылған соң, әрине, күй тартылады. Күйді, әрине, Нұрғиса тартады. Елдің де күткені сол, күй тартылған сайын тыңдаушы жұрттың айызы қанып, желпіне түседі. Жұрт желпініп, қошамет көрсеткен сайын Нұрғисаның аркасы қозып, домбырасын қырық құбылтады. Тыңдаушының делебесі одан сайын қозады. Жұрт осылайша маз-мейрам болып жатқанда, бір ақ сақалды қарт күйған мүсіндей болып, шеттеу отырады. Бейне бір тас керен адам секілді, тартылып жатқан күйге селт етпейді. Әрбір күйді тартқан сайын қолнапты қардай боратқан көпшілік Нұрғисаны одан сайын қолқалай түседі. Еті қызып алған Нұрғиса домбыраны төсіне қойып, басына шығарып, шырқ үйіріп тартады. Тыңдаушы көпшіліктің есі шығып, одан сайын үлдіге түседі. Тек, әлгі шеткерірек отырған ақ сақалды қарт сол күйған мүсін сияқты қалпынан селт егер емес. Нұрғиса болса арқаланып алған, домбырасын одан сайын бебеулетіп, одан арман безілдете түседі. Әлден уақытта делебесі қозған бір жас жігіт: «Нұрғиса, сіз күйді башайыңызбен тартады дейді ғой, башайыңызбен тартыңызшы!» деп өзеурейді. Нұрғиса болса сұраушына жалындырмайды, кебісті қағып тастап, домбыраны башайымен қағады. Жұрт қыран-топан, айран-асыр, таң-тамаша. Бірақ, шеткеріде отырған қарт қана, селт етпестен, сол тұңжыраған қалпынан таңбайды. Содан, күйдің неше атасы тартылып, әнінің неше атасы айтылып, тыңдаушының құмары қанып, түнін бір мезгілі болған кезде Нұрғиса тынығып, дем алмақшы болады. Қонақтарды алдың-ала сайланған үйлерге бөліп-бөліп жатқызу үшін тарата бастайды. Нұрғиса болса, бағанағы күйған мүсіндей тұңжыр қарттың үйіне бөлінеді. Үйге келеді. Тап-тұйнақтай қонақ түсетін үй екен. Нұрғисаның көзіне төрде ілулі тұрған қозы қарын қызыл домбыра алдымен шалынады. Домбыра көрсе Нұрғисада тағат қала ма, қызыл домбыраны қолына алып, шертіп көрсе, домбыраның көмейі күмбіраеп, көкірегі өксиді екен. Нұрғиса қызығып кетеді де, үй несіне: «Ақсақал, бір күй тартып берейінші!» дейді. Үй несі самаржау қалпымен Нұрғисаның бетіне барлай қарап алады да: «Тартсаң тарт, шырағым.

Тек, үйдің берекесін алмай, адам құсап тартшы!» – дейді. Қарттың үні мүлде түңілгендей, дені дұрыс күй тыңдаудан күдерін үзгендей болып естіледі.

Нұрғиса болса дүние төңкеріліп түскендей «Ах!» дейді. Күнұзынғы қолпаштың, күнұзынғы марапаттың бәрі желге ұшқандай, бәрі жалған сияқты жаны құлазып сала береді. Ол аздай – ақ, сол сәт әкесі Тіленді марқұмының дал жанағы қарт сияқты «Күйдің берекесін алмай, күйін келтіріп тартар болар» деп отыратын сөзі есіне түсіп, одан сайын құмығыды. Тап бір әке өсиетін аттанғандай, күйші әкесінің арманына қылау түсіріп алғандай, жан-дүниесі әл-сәтте әптер-дәптер болады. Сол сәт көкірігінен «Ах, арман-ай!» деген сөздің қалай лықсып шыққанын өзі де аңғармай қалады. Нұрғиса тұғырдағы қырандай дүр сілкініп, есін жияды. Сол қалпында домбыраны үгітіп жіберердей құшырлана бауырына басып отырып, жөргектен құлағына еінген ескі сарыңды сұңқалдытып қоя береді. Күй қолымен емес, жүрегімен тартылады. Тереңнен тепсініп шыққан шұңғыла сарын гөй – гөйлеп, небір нақышты пірім – қайырымдар өзінен-өзі құйылып арманымен қауышқандай сезіне беріледі. Күй аяқталады. Нұрғиса қарсы алдында қақпнып отырған қартқа қарайды. Қарттың қабағы ашылып, жанары шоқтай жайнап, мүлде басқа күйге түскен. Сол қалпы ботадай елпілдеп: «Ой, бәрекелді, өркенің өссін, қарағым!» дейді. Нұрғиса сонда ғана өзіне өзі келгендей болып, көңілі орнына түседі... Сөйтсе, бұл қарттың соғысқа барғанға дейін тыңдаушысын тәңгі еткен дәулескер домбырашы екен. Соғыстан сол қолы шынтағынан кесіліп оралыпты. Қол кесілгенмен, көкірек сау, күйге ынтық көңілін өзінше аулап, домбырасын баптап қояды екен. Міне, осы қарттың алдында тартқан күйін Нұрғиса кейін «Арман» деп атап жұртқа жайса керек.

А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана, 2002. 702-703 беттер.

48. АРМАН

Тіленді Атабайұлы
орындаушы Нұрғиса Тілендиев

Арман

f *mf* *p*

Musical score consisting of ten staves. The key signature is G major (one sharp) and the time signature is 3/4. The notation includes various rhythmic figures and dynamic markings:

- Staff 3: *scaltrove V*
- Staff 4: *Allegretto con V*
- Staff 5: *V*

The score concludes with a double bar line and repeat dots at the end of the tenth staff.

The image displays a page of musical notation consisting of 12 staves. The first 11 staves are in 2/4 time, and the 12th staff is in 3/4 time. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are some markings above the notes in the 12th staff, possibly indicating vibrato or accents.



КАТШЫБАЙ ТАУБАЕВ (1880–1930)

Қатшыбай Таубаев 1880 жылы Алматы облысының Іле ауданында дүниеге келген. Ол жас кезінен-ақ алсақы жолан-тойларда өзінің өнерімен аузына елді қаратқан екен. Астындағы атын күй ырғағына билетін елді таң-тамаша қалдырғандығы айтылады. Оған бұл өнер Байсерке күйшіден қалған деседі. Қатшыбай Байсеркенің күйлері мен олардың шығу тарихы жайлы аңыз-әңгімелерін кейінгі ұрпаққа жеткізіп, оның ұлттың музыкалық мұраға айналуына өлшеусіз үлес қосқан адам. Қатшыбай «Шернияз», «Терісқақпай» атты күйлерін немересі Темірбек Ахметовке өз қолынан үйретіп қалдырғандығы жөнінде деректер сақталған. Сол сияқты Қатшыбайдың татар әнінің негізінде шыққан «Баламишка» күйі өзінің тосын сарынымен, ойнақы ырғағымен, өзгеше орындаушылық тәсілімен ерекшеленеді. Қатшыбай Таубаев асқан домбырашпалығы мен қатар жетісу өңіріне аты мәлім ақын болған екен. Оның күйлерін орындап жеткізушілер қатарында Темірбек Ахметов, Нұрғиса Тілендиев сынды дарынды домбырашпалардың есімдері құрметпен аталады.

49. ШЕРНИЯЗ

Қатшыбай Таубаев
орындаушы Темірбек Ахметов

Жүрлек, шалқыта

mf

f

mf

f

This page of musical notation consists of ten staves. The first two staves feature complex rhythmic patterns with eighth and sixteenth notes, including some notes with 'V' above them. The third staff begins with a dynamic marking of *mf*. The remaining staves continue with rhythmic patterns, some with *f* markings. The notation is dense and includes various rhythmic values and articulation marks.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single melodic line on a grand staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings include *f* (forte) and *mf* (mezzo-forte). There are also several accents and articulation marks throughout the piece. The notation is presented in a clear, professional layout.

ТЕМІРБЕК АХМЕТОВ
(1919–1952)



Күйші-домбырашы Темірбек Ахметов 1919 жылы Алматы облысының Баканас ауданындағы Маралды ауылында туған. Темірбекті домбырашылық өнерге баулыған – нағашы ағасы Қатшыбай. 1934 жылы музыкалық училище бітірген соң Еңбекшіқазақ аудандық театрында қызмет істейді. 1938 жылы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік ұлт аспаптары оркестріне арнайы шақырылып, өмірінің соңына дейін осы өнер ұжымында еңбек етті. Кейін өнерін дамытып, репертуарын Жетісу күйінің мол қорымен байытқан Темірбектің, әсіресе, Байсерке, Қатшыбай күйлерін бүгінге жеткізудегі еңбегі айрықша. Темірбек Ахметовтың өз жанынан шығарған «Жетім бала» атты туындысы әуен-нәрімге бай бірегей шығарма.

50. ЖЕТІМ БАЛА

Темірбек Ахметов
орындаушы Темірбек Ахметов

Жүрек, толғай

This page of musical notation consists of 12 staves. The notation is as follows:

- Staff 1: Treble clef, quarter notes with accents, dynamic *p*.
- Staff 2: Treble clef, quarter notes, dynamic *p*.
- Staff 3: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 4: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 5: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 6: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 7: Treble clef, quarter notes, dynamic *mf*.
- Staff 8: Treble clef, quarter notes, dynamic *mf*.
- Staff 9: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 10: Treble clef, quarter notes, dynamic *mp*.
- Staff 11: Treble clef, quarter notes, dynamic *mf*.
- Staff 12: Treble clef, quarter notes, dynamic *mf*.

The piece concludes with a 3/4 time signature at the end of the 12th staff.

p

mf

f

mp

f

mf

mf

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in treble clef with a 3/4 time signature. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, often beamed together. Dynamic markings are present throughout: *mp* (mezzo-piano) appears on the second and eighth staves, *mf* (mezzo-forte) on the fifth staff, and *p* (piano) on the tenth staff. There are also several accents (*^*) placed over notes on various staves. The notation includes some complex rhythmic figures, such as triplets and syncopated rhythms. The overall style is that of a classical or romantic-era instrumental piece.

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ (1925–1998)

Композитор, дирижер, домбырашы, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық қаһарманы Н.Тілендиев Алматы облысы Іле ауданы Шілікөмер ауылында дүниеге келген. Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы консерваторияның дирижерлік факультетін (проф. Н.П. Аносовтың класы бойынша) бітірді. Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында (1953-1961), қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінде (1961-1964) және тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрінде (1981-1998) бас дирижер қызметін атқарды. Соңдай ақ, 1968 жылдан «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып істеді.

Нұрғиса Тілендіұлы қазақтың музыкалық мәдениетіне композитор, дирижер, орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер. Ол 500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы. Оның «Алсау», «Ата толғауы», «Әлқисса», «Көш керуені» сияқты күйлері мен «Саржайлау», «Алатау», «Ақжайық», «Ақ құсым», «Өз елім» сияқты әндері халықтық бояу нақышының табықтығымен, өзіндік қолтаңбасының айқындығымен жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын рухани қазынасына айналған. Мұның сыртында қырықтан астам пьесаға және жиырмадан астам фильмге музыка жазған.



51. ӘЛҚИССА

Нұрғиса Тілендиев



The image displays a page of musical notation consisting of 12 staves. The music is written in G major (one sharp) and 3/4 time. The notation includes stems, beams, and various note heads (quarter, eighth, and sixteenth notes). There are several dynamic markings: a forte (*f*) marking appears in the eighth staff, and a piano (*p*) marking appears in the eleventh staff. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The notation includes stems, beams, and various note heads.

f

mf

Musical score consisting of seven staves. The first staff features a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The second staff also has a treble clef and a key signature of one sharp. The third staff includes a dynamic marking *f* (forte) below the first measure. The fourth staff includes a dynamic marking *p* (piano) below the first measure. The fifth staff includes a dynamic marking *mf* (mezzo-forte) below the first measure. The sixth and seventh staves continue the musical notation with treble clefs and a key signature of one sharp. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, and rests.

ЕЛЕМЕС ТАЛАСБАЙ (1926–2000)

Елемес Таласбай 1926 жылы Алматы облысы Райымбек ауданындағы Кеген ауылында дүниеге келген. Атасы Еспембет, өз әкесі Таласбай аймағына әйгілі күйшілер болған. Елемес домбыраны 7 жасында әкесі Таласбайдан үйренген. Ол өмірге келіп, ес біле бастаған күннен тартып, құлағының түбінен қапшалаған күй мен сарын бір сөз те толастамашты. Әкесі Таласбай күйшінің «Жорық», «Қайран шешем» деген туындылары Елемес арқылы бүгінге жетті. Бала кезінде ашаршылық тұлмат кесірінен туған-туыстарымен бірге Қытай жеріне аулды. Оның өз жанынан шығарған тұңғыш туындысы – “Арман-ай” күйі. Шыңжаң өлкесіндегі Гоминдань үстемдігіне қарсы күреске қатысқаны үшін Елемес Таласбай



1966-76 жылдары “мәдениет төңкерісі” науқанының құдалуына ұшырайды. Сол азапты он жылда көрген жапасы оның “Шер тарқатар” күйіне арқау болған.

1996 жылы көптен күткен арманы орындалып, туған Отанына ат басын тіреген күйші, қартайып қалғанын ескеріп, өз күйлерін, әкесінен және бала кезінде ауыл абыздарынан үйренген халық күйлерін, жоғарыда аттары аталған халық күйшілерінің күйлерін Қазақ радиосына жазып қалдыруды басты «мақсатым» деп біледі. Қазақ радиосының Алтын қорына 1998 жылы 25 күйін орындатып, жазып қалдырады. Әрі сол күйлерге негізделіп, «Күй және күйші», «Шанақ шерткен шежіре», «Күйші Елемес Таласбай» атты үш музыкалы хабар жазды. Және кезіндегі қазақ мемлекеттік «Алатау» бағдарламасы «Күйші Елемес Таласбайұлы» атты музыкалы бейне көріністі (1997) жазып қалдырған. Мұнан тыс, 1998 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Жетісу күйлері» атты жинақта күйшінің орындауындағы он күйі нотаға түсіп жарияланған. 1982 жылы Қытайдың Шыңжаң өлкелік «Шыңжаң халық радио станциясына» 17 күйі жазылып алынған. Ол сонда сақтаулы.

Елемес Таласбай Қазақ ғылымнамасының (энциклопедия) 3-ші томына, Жетісу ғылымнамасына енді. 2005 жылы «Мәңгілік сарын» атты қазақ күй антологиясына үш күйі еңсе, мемлекеттік «Қазақстан Ұлттық арнасы» торабынан «Жетісу күйлері – күйші Елемес Таласбай» атты үш музыкалы сыр-сұхбаты аталмыш арнаның «Бейнесорына» алынған. 2009 жылы күйшінің орындауындағы 23 күйі мемлекеттік жобадағы «Қазақтың 1000 күйі» атты көлемді күй антологиясына толығымен енді.

Елемес Таласбай «Мүйізбай», «Қарайт пен Сарыайттың күйі», «Мұңлық-Зарлық», «Кенесары-Наурызбай», «Аққу», «Бұлғын-сусар», «Бозинген», «Сұртеке» секілді халық күйлерін Қожекенің, Бөлтiрiктiң тағы басқа күйші-композиторлардың күйлерін жеткізуші. Елеместің Қазақстанның тәуелсіздік алуына арналған “Атамекен”, сондай-ақ, “Күй шақыртқы”, “Кенес” тағы басқа күйлері бар.

Дарынды күйші,сазгер-домбыраншы Елемес Таласбай 2000 жылы Алматыда дүние салды.

52. КЕҢЕС

Елемес Таласбай
орындаушы Елемес Таласбай

Орғана, сазды

The musical score consists of 12 staves of music. The notation includes various rhythmic values, time signatures (such as 3/4, 7/8, 9/8, and 5/8), and dynamic markings like *mf* (mezzo-forte) and *f* (forte). There are also numerous accents (*v*) throughout the piece. The score is presented in a single system across the page.

A page of musical notation consisting of 14 staves. The notation is complex, featuring many beamed notes and rests. The staves are arranged in a single column. The notation includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings such as 'f' and 'mf'. The staves are arranged in a single column, with each staff containing a line of music. The notation is complex, featuring many beamed notes and rests.

A page of musical notation consisting of ten staves. The notation is complex, featuring many beamed notes and rests. The staves are arranged vertically, with the first staff at the top and the tenth at the bottom. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as 'f' and 'mf'. The staves are arranged vertically, with the first staff at the top and the tenth at the bottom. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as 'f' and 'mf'. The staves are arranged vertically, with the first staff at the top and the tenth at the bottom.

**СӨЙІМБЕК
ҚОЛТЫҚБАЙҰЛЫ
(1938)**

Сөйімбек Қолтықбайұлы 1938 жылы ҚХР ШУАР Іле аймағында дүниеге келген. Қожеке бастаған күйшілер ауылында өскен. Алғаш домбыраны ағалары Алдыбай, Құсайындардан үйренген Сөйімбек есейе келе елге аты шыққан атақты Кеңесбай, Нұрдаулет сынды күйшілерден күй үйреніп, домбырашылық өнерге ден қояды. Ол өзіне аталас туыс болып келетін Қожекенің күйлерін Егінбай Елеусізұлы деген домбырашыдан алады. Репертуарында Қожеке мектебінің күйлері мол сақталған. Әр күйдің шығу себебін, аңыз әңгімесін жатқа білумен қатар, ел тарихын да көкейінде сақтаған ақсақал. Қожеке күйлерінің орындаушысы қазір Алматы облысы Жамбыл ауданы Ақтерек ауылында тұрады.



**САУҚЫМБЕК
ШАХАНҰЛЫ
(1947)**



Сауқымбек Шаханұлы 1947 жылы 27 қытарда Алматы облысы Райымбек ауданы Шалқоде деген жерде дүниеге келген. Домбыраны алғаш әжесінің ағасы Темірханнан үйренеді. Сауқымбек жетісу өңіріне мәлім атақты Мергенбай күйшінің домбырашылық өнерін жалғастырушылардың бірі. Сауқымбек осы Мерген-

бай күйшінің немересі болып келеді. Ол көптеген жылдар ауылшаруашылық саласында жұмыс атқарған. Қазіргі таңда зейнеткер. Өз жанынан шығарған бірнеше күйлері бар. Олардың бірақтары Базаралы Мүптекеев, Сағатбек Медеубекұлының құрасытыруымен жарық көрген «Жетісу күйлері» атты жинаққа енген. Сонымен қатар "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясына Сауқымбек Шаханұлының орындауында жетісу өңірінде өткен күйшілердің бірнеше күйлері және өзінің төл туындылары енген.

БАЗАРАЛЫ МҮНТЕКЕЕВ (1967–2015)

Мүнтөкеев Базаралы Жұмағұлұлы 1967 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының орталығында дүниеге келген. 1986 жылы А.Қ. Жұбанов атындағы арнайы музыка мектебін, 1993 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын бітірді. Студент кезінен бастап ел аралап, халқымыздың төл өнері – ән-күй, жаыр-термелерді ел аузынан жинап, нотаға түсіру ісімен айналысты.

1996–2003 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істей жүріп, консерваторияның фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының қорын әр жылдары ел арасынан фольклорлық экспедициялардан бес мыңнан аса құнды шығармалармен байытуға себепші болды. Осы жинаған құнды әндер мен күйлердің бірқатары 1996 жылы “Жетісудың күйлері”, “Жетісу әуендері” атты музыкалы-этнографиялық жинақ болып “Өнер” баспасынан жарық көрді. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының аспирантурасында оқи жүріп, өнертанушы ретінде қазақтың күйшілік өнерін зерттеп, баяндамалар жасады, баспа беттерінен ғылыми мақалалары да жарық көрді. Халық өнерін ғылыми тұрғыда зерттеп, жинастырумен бірге күйші ретінде қазақтың күйшілік өнерін насихаттауда өз репертуарында сирек орындалатын көне күйлер үлкен орын алған.

Базаралы Мүнтөкеев Қазақ радиосының «Алтын қор» бөлімінде мұрағаттау және өңдеу аға операторы болып көп жылдан бері жемісті еңбек етті. «Алтын қорымыздағы» сандық жүйеге түсірілген фономатериалдарды қалпына келтіріп, жүйеге түскен фономатериалдарды жаңа ұлтаспаларға СД және хард-дискерлерге көшіру үшін алдын-ала даярлау, сандық жүйеге түскен фоно материалдардың сапасын және жүйеленуін өзінің білімділігімен жүзеге асыра отырып, «Алтын қорда» сақталған аудияжазбалардың Мәліметтер Базасын жасауды басқарды. Қазақстанда төл өнерімізге байланысты «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» атты жобаның құрастырушылары болумен қатар, Жетісуда тараған 50-ден аса күйлер өз орындауында осы музыкалық альбомға кірді. Сонымен қатар, осы 2 музыкалық альбомға сирек орындалып жүрген 100-ден аса шығармаларды да өзінің жеке коллекциясынан толықтарды.

2010 жылдан өмірінің соңына дейін Астана қаласында жаңадан ашылған Қазақ Ұлттық өнер университеті «Қорқыт ата» атындағы ГЗИ лаборатория бастығы қызметіне шақырылып, қазақтың дәстүрлі өнерін ары қарай насихаттап қина қоймай, жас жеткіншектерге ұстаздық жасап, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге жолында қажырлы еңбек етті. Университет қабырғасында музыкалы – этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, ел ішінен жиналған құнды материалдарды оқу бағдармаларында, арнайы экспедиция материалдары кітаптарға, музыкалық альбом шығарумен айналысты. 2012 жылдан ЮНЕСКО тарабынан Қазақстан Республикасы рухани мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің мүшесі болды.

Базаралы Мүнтөкеев 2015 жылы Оңтүстік Корея мемлекетіне жұмыс бабымен барған сапарында қатты науқастанып, Алматыға келіп дүниеге салды.



ҚАРАТАУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Еліміздің оңтүстік өңірі – ежелгі тұрмыстық мәдениеттің орталығы әрі қазақтардың көп шоғырланған орны. Орта ғасырлардағы ескі қалалар мен қорғандардың көп сандысы осы өңірде орналасқан. Сонымен қатар бұл өлкеде көне ескерткіштер, кесенелер, қасиетті, әулиелі жерлер көптеп саналады. Ұлы жібек жолы бойында орналасқан қарт Қаратау, көне Отырар, қасиетті Түркістан аймағы – тоғыз жолдың торабы, түрлі мәдениеттің тоғысқан жері. Атақты Әмір Темірдің бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі XIV-XV ғасырлардағы орталық азия мұсылмандарының киелі мекеніне айналған. Әсіресе, Түркістан қаласының қазақ халқы үшін орны бөлек. Түркістан ертеден қазақ мемлекетінің алтын бесігі, қазақ хандығының астанасы және түрік тілдес халықтардың рухани орталығы болып саналған. Қазақтың әйгілі ақыны Мағжан Жұмабаевтың:

*Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой,
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің таңір берген несібі ғой*

– деп жырлауы осыны байқатса керек.

Қаратау – осы еліміздің оңтүстігінде орналасқан, биіктігі орташа және аластау жоталары болып саналады. «Қаратау күйшілік дәстүрі» деп аталатын оқшау домбырашылық мектеп осы аймақта қалыптасқан. Осы өлкенің күйлері өзінің өзгеше саз-сарынымен, әуен-ірімдерімен ерекшеленеді. Қаратау күйшілік дәстүрі қазақтың шертпе күй саласының бір тармағы болып саналады. Осы дара дәстүрдің қалыптасуында Сарыарқа күйшілік мектебінің айшықты әсер еткендігі байқалады. Қаратау күйшілік мектебінің қалыптасуына айрықша ықпал еткен күйшілердің бірі Бапыш Қожамжарұлы болған. Бапыштың «Қарқары», «Қаражорға» сынды күйлері ежелгі аңыз-әңгімелердің желісіне құрылған көне сарыанды күйлер қатарына жатады. Ал, «Ыңғай төкпе» күйі шертпе күй мен төкпе күйдің арасынан шыққан желдірме тартыстан тұрады. Бапыштың шығармашылық мұрасы кейінге толық жетпеген.

Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға – Сүгір Әлиұлы. Оның «Аққу», «Тоғыз тарау», «Кертолғау» (бірінесе тараудан тұрады), «Бес жорға» (бес күйден тұрады), «Ізме», «Шалқыма», «Жолушының жолды қоныры» (екі күйден тұрады), «Бозінген», «Қосбасар», «Қаратау шертпесі» тағы басқа күйлері мазмұны жағынан да, бітімі жағынан да ерекше. Оның туындыларының қай-қайсысын алсақ та, кемеліне келген көркемдік, мүлтіксіз жаңашылдығымен, соны сипатымен оқшау тұрады. Сүгір күйлері терең ойға, философиялық астарға, сырлы сезімге толы болып келеді. Сүгірдің айналасында небір дәулескер күйшілер мен майталман домбырашылардың болғандығы жөнінде деректер сақталған, бір-ақ өкінішке қарай олардың күйлері біздің заманымызға жетпей қалған. Белгілі Созақ шежірешісі, қаламгер Есіркеп Әмірбеков өзінің «Шежірелі өлке» деген кітабында Сүгір күйшімен бір болып, әңгімесін тыңдағанын былайша баяндайды. Сүгір өзінің бір әңгімесінде: «Жоғарғы Сарысу бойында өткен Бағаналы елінің атақты адамы Өтжан деген кісінің баласы Сауқиябектің баласын сүйдеткен тойында атақты бес домбырашыны көрдім. Олар Қыпшақтан шыққан Жұмабай домбырашы, қоныриттан шыққан Есенберлі, Иса деген домбырашылар. Найман елінен шыққан Есжан, алшын Дайрабай деген домбырашылар еді. Бұлардың бәрі

де бірінен-бірі өткен күй тәңірісі болатын. Мен батаны Сыздық төренің қасына ерген Оңлыбай деген домбырашыдан алдым» деген екен. Біз бұдан Сүгірдің айналасында домбырашылық өнердің үлкен арналы мектебінің қалыптасқандығын байқаймыз. Сүгірден кейінгі қаратау күйшілік дәстүрінің арнасын кеңейтіп, өрісін ұзартуға үлес қосқан күйшілердің бірі Төлеген Момбеков. Әйгілі Бапыш күйшінің немересі болып келетін дарабоз домбырашы Төлеген өзіне дейінгі атақты күйші Сүгірдің күй мұрасын біздің заманымызға сынып бұзбай, асқан орындаушылық шеберлікпен жеткізушілердің бірі. Сонымен қатар Төлеген өз жанынан көптеген күйлер шығарған күйші-композитор. Т. Момбековтың күйлері алуан-түрлі тияқырыптардан тұрады. Сүгірден бастау алатын тың сарындар, оқишу орындаушылық әдіс-тәсілдер Төлеген шығармашылығында жалғасын тапты. Төлегеннің кейінгі күйлерінде жаңа заманның лебі сезіледі. Төлегеннің күйлері шертпе күй саласындағы үлдік туындылардың қатарынан орын алады.

Қаратау айымында өмір сүрген Әліпкей, Ақбала сияқты дәулескер күйшілер қазақтың аспаптық музыка тарихындағы өзіндік орыны бар, айшықты тұлғалар болып саналады.

Жашас Қаламбаев, Сейітқан Әлімбаев, Мәді Шаутиев, Боранқұл Қошмағамбетов, Атабек Асылбек, Бексейіт Тұрсынбеков, Файзолла Үрмізов, Генерал Асқаров, Шағдар Ақылбек, Әлімхан Жүзбаев сынды күйші-домбырашылар осынау байтақ күйшілік дәстүрдің көрнекті өкілдері.

Осы орындаушылық дәстүрге алғаш көңіл аударған академик А.Жұбанов болатын. Тереңдете зерттеген ғалым-күйші Уәли Бекенов болды. Сол сияқты Тәкен Әлімқұлов, Рахмишқұл Бердібаев, Акселеу Сейдімбек, Жаулыбай Иманалиев, Өтеш Қарғызбаев, Мәди Байдәулетов тағы басқа жазушы ғалымдар құнды еңбектер жазып, осы орындаушылық дәстүрдің жандануына атсалысты.

БАПЫШ ҚОЖАМЖАРУЛЫ (1860–1928)

Бапыш Қожамажарұлы 1860 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Сыған ауылында туып, 1928 жылы қайтыс болған. Домбырашы ауыл күйшілерінен үйренген Бапыштың орындаушылық қолтаңбасы Сарыарқа, Қаратау өңірінің домбырашылары дәстүрінде қалыптасқан. Кезінде жазылып алынбағандықтан Бапыштың көптеген туындылары ұмытылған. Оның «Қарқара», «Қаражорға», «Ыңғайтөксе» атты күйлерін немересі, белгілі күйші Төлеген Момбеков бүгінге жеткізді.



СҮГІР ӘЛІҰЛЫ (1882–1961)

Сүгір Әліұлы 1882 жылы Шымкент облысының Созақ ауданында дүниеге келіп 1961 жылы ақпан айында туған ауылында өмірден өткен. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет, Тоқа, Ықылас күйлерін жете меңгере отырып, тұр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Сүгір алғаш рет күйлі нағашысы, атақты қобызын Ықыластан үйренеді. Сүгір Ықыластың қобызда тарқан күйлерін домбыраға түсіріп тартқандығы туралы дерек бар. Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен қабыстыра білуі үлкен жанашылдық болды, қобыздағы

мұзды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астасуы күйшілік дәстүрге өзгеше рен берді. Сүгір күйлерінде қобыз сарынының басым болып келуі осыдан болса керек. Сүгірге күйшілік өнер бала кезінде ерекше қасиет болып қонғандығы жөнінде айтылады. Бірде бала Сүгір мыл қарап шығып, далада ұйықтап қалып, түс көреді. Түсінде ақсақалды шал, Қыдыр ата Сүгірге «Саған өнер керек пе, өлең керек пе? Жок көген керек пе?» деп сұраған екен. Көген дегені – байлық, өнер дегені – әртүрлі өнер, өлең дегені – ақындық жол көрінеді. Сонда бала Қыдырдың қолындағы домбырасын көріп, «Домбыраныңды беріңізші» деген көрінеді. Тілегін орындаған абыз «Берлім бағамды, сен күйші боласың» дейді. Сүгірдің Арқаның әйгілі күйшісі Токаның алдына барып, күй тартып бағасын алғандығы жөнінде деректер кездеседі. Сүгір жасынан Тәттімбеттің, Токаның күйлерімен жақсы таныс болған жөнінде мәліметтер бар.

Сүгірдің күйшілік, шығармашылық өнеріне үлкен әсер еткен оқиғалардың бірі 1902 жылы Түркістанда болған қазақ даласының әр түкпірінен келген игі жақсылардың бас қосқан атақты жиыны. Осы жөнінде «Түркістан» газетінің 2002 жылғы 7-қараша күнгі Көлбай Адырбекулының «Бұдан 100 жыл бұрын да» атты көлемді мақаласында айтылады. Қазақтың белгілі діни қайраткері Бөлейт сопы Қажымұратұлы өзінің бласы Қойтас молланың Ташкент медресесін аяқтап елге оралған құрметіне Алаштың игі жақсыларын Түркістанға жонайды. Патшалық Ресейдің бодандығында болған қазақ халқына алғашқы келісім бойынша дін еркіндігі беріледі деген сөз жай үде ретінде қалып, керісінше қазақ даласында піркеулердің көптеп салына бастағандығынан, осы саясаттың ар жағында арам ниет жатқандығынан секемденген игі жақсылар үш жүздің басын қосып, сауын айтып, үлкен ас береді. Аталмыш жиынның басты мақсаты, молданың оқу бітіріп келгенін тойлау емес, христиан миссионерлігіне қарсы қозғалыс ұйымдастыру болған. Келелі мәжілістің ара-арасында қиындық айтулы өнерпаздарының өнер көрсеткені анық. Бұлардың ішінде Қарақалпақстандағы Төрткөлден Әмин бақшы, Бұхарадағы медреседе оқып жүрген Тұрмағамбет шайыр, арқадан келген Баубек бақсы, әнші Қозыке, төре тұқымнан Қаратай сұлтанның ұрпағы Мелет ақсақалдың ұлы Ерғожа күйші, бөкей ордасынан әнші Мұхит Мералыұлы мен Дәулеткерейдің шәкірті күйші Әлікей, Жетісудан Жамбыл ақын және күйші Сүгір болған. Кейін осы жиынға қатысқандардың көбі артынан қудалуға ұшыраған екен. Оң-солан танып білген Сүгірге жан-жақтан келген өнерпаздармен жүздесіп олардың өнерін тамашалауы, күйші-композитор ретінде қолтаңбасының қалыптасуына үлкен септігін тигізген сынайды. Қазақ музыкасындағы озық жетістіктерді бойына жонаған Сүгір шығармаларында Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатай, Батыс әуен-саздарының кездесуі келдейсоқ құбылыс емес сияқты. Сүгір өз күйлерінде қазақ даласында қалыптасқан күйшілік өнердегі барлық озық қасиеттерді сарқа пайдалануы осыдан болса керек. Сүгір өз күйлерінің құрылымында, әуен-сазында, орындаушылық шеберлік әдіс-тәсілдерді мейлінше қолданғандығы белгілі.

Сүгір шығармашылығында үлкен орын алатын Мағфуза қызбен күй тартысуы болып саналады. Сүгірдің «Бес жорға» (5 тараудан тұрады), «Қосбасар» күйлері осы күй тартыс кезінде шыққан.

Сүгір шығармашылығында лирикалық бағыттағы, сырлы сезімге құрылған күйлерде бар. «Жалушының жолды қоңыры» (2 күйден тұрады) Жігіттің тартқаны, қылдың тартқаны болып келеді. Сонымен қатар «Назқоңыр» күйі де махаббат тақырыбындағы айтулы шығармалар.

Сүгір күйлерінің тақырып аясы кең. Оның «Тоғыз тарау», «Кертөлғау», (бірінеше тараудан тұрады), «Шалқыма» атты күйлері қазақ күй дәстүріндегі үлкен үрдіске айналған туындылар болып саналады. XIX-ғасырдың екінші жартысы мен XX-ғасырдың бірінші жартысында қазақ саз өнерінің бағыс өнерімен, әсіресе орыстың музыка мәдениетімен шендескені белгілі. Сүгірдің «Ілме» күйі осындай әсерден шыққан тың туындылардың бірі.

Сүгірдің «Қаратау шертпесі» атты туындысы өскен өлкеге орнатқан мәңгілік ескерткіш, туған жерге деген ерекше сүйіспеншіліктен туындаған бірегей шығарма. Сүгірдің дарын тегеуріні қазақтың шертпе күй өнерін әуендік интонациялық жағынан байытып, күйдің тұр-тұлғасын жаңа биіктерге көтеріп, соны өрістерге алып шықты. Оның күйлері әуендік, бітім-құрылысы мен тазаарыбы тұрғысынан да өзіндік төл сипатымен дараланады. Бұл күйлердің кай-қайсысынан да Сүгірдің орындаушылық қолтанбасы жағалады. Сүгір күйші артына өлмес мол мұра қалдырып, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани асыл қазналарын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан өнерпаз. Сүгір күйлерін алғаш республика жұртшылығына танытқан дарынды өнерпаз, қобызшы әрі домбыраны Жаппас Қаламбаев болды. Сүгірдің «Кертөлғау», «Ілме», «Шалқалма», «Ыңғайтою», «Аққу», т.б. күйлері Ж.Қаламбаевтың орындауында қайталанбас өрнегін тауып, қазақ музыкасының алтын қорында мәңгі сақталып қалды. Сүгірдің «Қосбасар», «Жолшының жолды қоныры» (2 тарау), «Бес жорға», «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Шалқалма», «Бозінген» сияқты күйлерін өзіндік мәнермен, асқан шеберлікпен орындап жеткізуші Т.Мөмбековтың өз жанынан шығарған көптеген күйлері ел ішінде кеңінен танымал.

Сүгір Әлиұлы 1961 жылы, 79 жасында қайтыс болады. Өтінің өтініші бойынша Қарабура әулие зиратына жерленеді.

Қосбасар

Сүгірдің аты шығып, елге танылған жас кезінде Созаққа Арқанды күйші қыз Мақпрузаның данқы жетеді. Бірде Сүгірдің әкесі мен ел ағасы Құлтас би «Сен нағыз күйші болсан, сол қызды барып жөніп келші, шама-шарқанды байқайық» деп талап қояды. Құлтас бидің тапсырмасы бойынша қасына төрт жігіт ертеді. Бес жігіт атқа қонады. Сонда жол-жөнекей «Бесжорға» күйі шығады. Бұлардың келе жатқанын естісе керек, алдарынан бір топ жігіт шығып қарсы алады. Сүгір Мақпрузаның мықты күйші екенін үйіне жақындан барғанды-ақ біледі. Қызбен күй сайысуға келіп-кетушілердің көптігін байқайды. Шынығында, атағы дүрілдеп шығып тұрған күйші екенін түсінеді. Сол елдің азаматтары «Қайдан боласыңдар?» деп жөн сұрасады. Бесеуі «Қарт Қаратаудың бойынан келдік» дейді. Бірақ Сүгірдің атын айтпайды. Өңгіме-дүкен барысында қасындағылар кезек-кезек домбыра тарттады. Сүгір қызды күтеді. Мақпруза кешігіпкіреп келеді. Содан Сүгірге кезек тиенеді. Ол солақай ісі. Домбыраның құлақ күйін өз ыңғайына келтіріп, қалтасына салып барған тиетіні қойған кезде Мақпруза да оның тегін адам емес екенін біледі. Не керек, тартыс басталады. Халық тыңдап отырады. Екеуі де таңға дейін тоқтамайды. Қыз да алғыр күйші екен, бір дегеннен күйлерін қайтып тартып береді. Төкпе күй мен шертпе күй де күй талғамайтын Сүгір өбден сасады. Бір уақытта далаға шығып келуге рұқсат сұрайды. Сыртқа шыққан соң, бала кездегі бір оқиға есіне түседі. «Сүгірге Қыдыр жолығып, бата берген, күйшілік өнер содан кейін қонған» деген аңыз Созақта да айтылады. Қыдыр ата Сүгірге «Саған өнер керек пе, өлең керек пе? Жок көген керек пе?» деп сұраған екен. Көген дегені – байлық, өнер дегені – әртүрлі өнер, өлең дегені – ақындық жол көрінеді. Сонда бала Қыдырдың қолындағы домбырасын көріп, «Домбыраныңды беріңізші» деген көрінеді. Тілегін орындаған абыз «Бердім батамды, сен күйші боласың» дейді. Сүгір далада осы оқиғаны ой елегінен өткізіп, «Апыр-ай, ата мен қатты қобалжулымын. Қыз баладан жеңілетін түрім бар. Не тартарымды білмей, қоналып тұрмын. Маған өнерді қондырғанда қыз баладан жеңілісін деп беріп пе едің?» деп налалды. Өзі «Қосбасарды» бұрыннан тартып, аяғына дейін жеткізе алмай жүреді екен. Тек оқишада тартатын мұзды сарын құлағына әлсін-әлсін келе беріпті. Тіпті төбесінен алдене зу етіп құйылғандай болады. Сол сәтте үйге жүгіріп кіріп, домбыраны қозына алып, «Қосбасарды» егіліп отырып тарттады. Сүгірдің «Қосбасары» – Сүгірдің жан-жарасы. Сүгір «Қосбасарын»

тартканда байдан ерке кызы күрделі, қиыннан қыстырылған сарыанды бірден көңіліне тоқи алмай, тосылыпты. Сөйтіп, Сүтірге «мен сізден күй үйренемін» дейді. «Күй үйренетін болсаң, менің қасыма келіп отыр» деп, қызға домбыраның шаңағын қақтырып, өзі оң қолымен пернелерді басып отырып, бір күйді табан астында шығарады.

53. ҚОСБАСАР

Сүтір Әлиұлы

Орындаушы Төлеген Момбеков

Орташа, толғана

The musical score is written in G major (one sharp) and 2/4 time. It consists of 12 staves of music. The piece is titled 'Қосбасар' (Qosbasar) and is composed by Suter Aliuly. The performer is Tolegen Mombekov. The tempo and mood are indicated as 'Орташа, толғана' (Moderate, thoughtful). The score includes various dynamics such as *mf*, *p*, and *sf*, and features a variety of rhythmic patterns and melodic lines.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in G major (one sharp). The notation includes various time signatures and dynamic markings.

- Staff 1:** Starts with a treble clef and a 3/8 time signature. It features a melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 2:** Continues the melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 3:** Shows a more complex rhythmic pattern with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 4:** Features a melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 5:** Continues the melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 6:** Includes the instruction *esquissare* above the staff, indicating a sketch or light touch.
- Staff 7:** Continues the melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 8:** Includes the instruction *esquissare* above the staff.
- Staff 9:** Continues the melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.
- Staff 10:** Continues the melody with accents (v) and a piano (*p*) dynamic marking.

A page of musical notation for guitar, featuring ten staves of music in a key signature of two flats (B-flat and E-flat). The notation includes various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The piece is marked with 'f' (forte) and 'mf' (mezzo-forte) dynamics. The time signature changes frequently throughout the piece, including 3/4, 2/4, 7/8, 8/8, and 12/8. The notation is arranged in a vertical column of ten staves.

This page of musical notation consists of ten systems, each with two staves. The music is written in a key signature of one flat (B-flat). The time signature is highly variable, changing frequently between systems. The notation includes a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, as well as rests. There are several dynamic markings, including accents (marked with a 'v') and slurs. The piece concludes with a final system of two staves, ending with a double bar line.

МӘДІ ШӘУТНІЕВ (1900–1988)

Домбырашы, күйші Мәді Шәутнєв 1900 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты Коммунар совхозында туған. Ол 6 жасында әке-шешесінен айрылып, Боданов Бегіман деген кісінің отбасында өседі. Домбыраны 7 жасында сол елге аты мәлім Қосқұлақ Пірімбет деген домбырашыдан үйренеді. Пірімбет Мәдіні 18 жасына дейін өнерге баулып, 13 күй үйретеді. Елге енді танылып келе жатқанда шешек ауруына ұшырап, 1927 жылы екі көзінен бірдей айрылған Мәді осы жылдары қапаланып, бірнеше күй шығарады. Солардың ішінде Сарысу төңірегіне кең таралған «Зар Қосбасар», «Желдірме», «Толқыма» күйлері бар. Мәді күйшілікпен қоса суырып салма ақын, көне қиссаларды, дастандарды жатқа айтатын жыршы да болған. Мәдінің репертуарындағы халық күйлері «Қаражорға», «Бозайғыр», «Тепецкөк», «Ақжелек», «Ақсақ қыз», т.б. және Ықылас, Сүтгірдің бірнеше күйлері Қазак радиосының Алтын қорына жазылған.

54. ЗАР ҚОСБАСАР

Мәді Шәутнєв
орындаушы Мәді Шәутнєв

Жүрек, сүйкылдата

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in the key of G major (one sharp). The notation includes various rhythmic patterns and time signature changes. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The second staff continues the melody. The third staff introduces a 3/4 time signature. The fourth staff continues the melody. The fifth staff continues the melody. The sixth staff continues the melody. The seventh staff continues the melody. The eighth staff continues the melody. The ninth staff continues the melody. The tenth staff continues the melody. The notation includes various rhythmic patterns such as eighth notes, sixteenth notes, and quarter notes, as well as rests and accidentals. The time signatures change from 4/4 to 3/4 and back to 4/4.

This page of musical notation consists of 12 staves of music. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, as well as rests. There are several dynamic markings, including 'v' (piano) and 'f' (forte), and some notes are marked with accents. The music is written in a key signature of one sharp (F#) and includes various time signatures, such as 2/4, 3/4, and 4/4. The notation is arranged in a standard Western musical format, with the staves reading from top to bottom.

This page of musical notation consists of 11 staves of music, all in the key of G major (one sharp). The time signatures vary across the staves, including 3/8, 2/4, 3/4, 4/4, 6/8, and 9/8. The notation includes various rhythmic patterns such as eighth notes, sixteenth notes, and triplets, as well as rests and dynamic markings like accents (v) and slurs. The music is arranged in a single system, with each staff containing a different part of the composition. The overall style is that of a classical or romantic-era piece, possibly a study or a short instrumental work.



ЖАППАС ҚАЛАМБАЕВ (1909–1970)

Қобызшы, домбырашы Жаппас Қаламбаев 1909 жылы қазіргі Шымкент облысының Созақ ауданында туы. 7-8 жасынан әкесі Қасымбектен домбыра тартуды үйренген Жаппас қобызды да меңгерелі. Осы өңірде тұратын белгілі күйші-композитор Ықылас күйлерін домбырада өте шебер орындайтын Сүгірден үйренген күйлерін Жаппас қайтадан қобызға салып тартады. 1934 жылы Алматыда өткен өнерпаздардың I слетінде өнерімен көзге түскен Жаппас жаңадан ұйымдастырылып жатқан Қазақтың халық аспаптары оркестріне шақырылып, онда 30 жылдай қызмет істеді. Жаппас Қаламбаев көптеген домбыра және қобыз күйлерін бүгінге жеткізіп, олардың оркестрге лайықталған үлгілерін жасауға көп үлес қосты. Әсіресе, Сүгір күйлерін орындап

жеткізу, насихаттау жолында атқарған еңбегі орасан зор.

1968 – 1970 ж. Алматы мемлекеттік консерваториясында (халық қобыз класы бойынша) ұстаздық етті. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1944).

Жұман

Жаппас жай ғана орындаушы ғана емес, өзіндік қолтаңбасы бар күйші-композитор да. Ол, "Кең өлке", "Күй толғау", "Жұман", "Қазақ маршы", "Еңбек маршы", "Амангелді маршы" сияқты көптеген күйлер мен әндердің авторы. Осылардың ішінде "Жұман" күйінің орны бөлек. Өмір-тіршілік туралы терең толғанысқа толы бұл күй өзінің күрделі бітімімен де, саз-сарының сұңғыла бойлауықтығымен де қазақ күй өнерінің толымды туындыларының бірі ретінде назар аудартады. Бұл күй Жұман деген перзентінің мезгілсіз шетінеуіне байланысты дүниеген келген.

*Ақселеу Сейдімбек "Қазақтың күй өнері"
Астана 2002. 686 бет.*

55. ЖҮМАН

Жаппас Калымбаев
орындаушы Жаппас Қалымбаев

Асықпай, ойлы

The musical score consists of 14 staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 4/4 time signature. The tempo is marked 'Асықпай, ойлы' (Moderato). The score features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several changes in meter throughout the piece, such as 3/4, 2/4, 3/8, and 4/4. Dynamics are marked as *mp* (mezzo-piano) and *mf* (mezzo-forte). The piece concludes with a double bar line.

This page of musical notation consists of 13 staves. The top staff is in treble clef with a key signature of one sharp (F#) and a 3/4 time signature. The second staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The third staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The fourth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The fifth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The sixth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The seventh staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The eighth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The ninth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The tenth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The eleventh staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The twelfth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The thirteenth staff is in treble clef with a 3/4 time signature. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as *mf*, *f*, and *mp*.

This page of musical notation consists of 14 staves, each containing a different rhythmic exercise. The exercises are written in a single melodic line on a five-line staff. The notation includes various rhythmic values such as eighth, sixteenth, and thirty-second notes, as well as rests and dynamic markings like accents and slurs. The exercises are organized into groups, with some groups enclosed in brackets. The first group of three staves (1-3) features eighth-note patterns. The second group of three staves (4-6) includes sixteenth-note patterns. The third group of three staves (7-9) features thirty-second-note patterns. The fourth group of three staves (10-12) includes eighth-note patterns with slurs. The fifth group of two staves (13-14) features eighth-note patterns. The notation is clear and legible, with a focus on rhythmic precision.



ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВ (1919–1998)

Төлеген Момбеков – Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданына қарасты Сызған ауылының Қозымолдақ деген жерінде дүниеге келген. Киселі өнердің бастауы арғы аталарынан басталады. Арғы атасы Қожамжар мен Назар әділ билік айтқан шешен болса, Қайдау атасы бүкіл Орта жүзге әйгілі айтқыскер ақын, ал Бапынш атасы - аң аулап, құс салып, серілік құрумен бірге, асқан күйші болған адам. Төлегеннің Жәнібек деген ағасы, Күнтай деген апасы да керемет ақын болыпты. Төлегеннің өзіне домбыра дарыған. Алғашқы ұстазы – туысқаны атақты күйші Бапынш. Бапынш кішкентай Төлегенге өз қолынан «Ортеке» жасап беріп, оның аяғына

жін байлап күйге қосып тартып баулыған екен. Төлеген атасы Бапынш күйшіні 9-10 жасына дейін көріп, күйлерін тыңдап өседі. Ол Бапынштың «Қарқарау», «Қаражорға», «Ыңғай төкпе» сияқты күйлерін есінде сақтап қалған. Төлеген 1941 жылы соғысқа аттанып 1942 жылы басынан ауыр жарақаттанып елге қайтады. Ол көптеген жылдар бойы туған ауылында автоклуб меңгерушісі болып қызмет атқарған. Оның орындауындағы Сүгір, Бапынш күйлері бірнеше күйтабак болып жарық көрді. Т.Момбековтың өз жанынан шығарған күйлері мол. Жаңа заман тыныс-тіршілігін бейнелейтін төл туындыларының тақырыптары сан-алуан. Оның «Азамат», «Ана зары», «Анама», «Асу», «Бұл қалай?», «Домбыра», «Досыбай», «Ел жаңа», «Ерсұлтан», «Ескерткіш», «Жамбылға арнау», «Көмекей», «Қайдасың?», «Қанағат», «Қат-қабат», «Қоштасу», «Мешін», «Мың жылқы», «Отырар», «Өрлеу», «Сағыныш», «Салтанат», «Сарыарқа сапары», «Толғау», «Толқын», «Інілеріме» сияқты 50-ге тарта күйлері бар. Бұлардың бәрі де өзінің орындауында таспаға жазылып алынған. Төлеген Момбековтың күйлері шертпе күй саласындағы үздік туындылардың қатарына жатады.

Салтанат

Төлегеннің құдай қосқан жары мезгілсіз дүние салып, артында балалары жастай қалады. Қарапайым еңбек адамы болған күйші бірде жұмыстан шаршап-шалдығып келгенде өзінен үлкен балалардан қағажу көрген кішкентай Салтанаттың ағыз-тегіл жылап, уаңбауы жанына қатты батады. Қамыққан күйші "егер анаң тірі болғанда былай жыламас едің ғой" – деп тебіреніп отырып осы бір мұзды күйді орындағанда қызы Салтанат та бір сәт күйге елтіп тыныштанады екен. Бұл күй осылайша "Салтанат" аталыпты.

56. САЛТАНАТ

Толеген Момбекон
орындаушы Толеген Момбекон

Асықпай, толгана

The musical score is written for piano and consists of 12 staves. It features a complex rhythmic pattern with frequent changes in time signature (3/4, 2/4, 3/8, 4/8, 5/8, 6/8, 7/8, 9/8, 10/8, 11/8, 12/8). The key signature is one flat (B-flat). The score includes dynamic markings such as *mp* and *mf*, and various articulation marks like accents and slurs. The piece concludes with a fermata on the final note.

This page of musical notation is for a piece in G minor, indicated by the key signature of two flats. The music is written on twelve staves, with the first four staves containing a complex melodic line and the remaining eight staves providing a rhythmic accompaniment. The piece is characterized by frequent changes in time signature, including 7/8, 3/4, 5/8, and 3/8. The notation includes various rhythmic figures such as eighth-note runs, sixteenth-note patterns, and dotted rhythms. Dynamic markings like *mf* and *f* are used throughout. The piece concludes with a final cadence in G minor.

This page of musical notation consists of 12 staves. The key signature is two flats (B-flat and E-flat). The time signatures vary throughout the piece, including 3/8, 2/4, 3/4, and 4/4. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are used to indicate volume changes: *f* (forte) appears on the second staff, *mf* (mezzo-forte) on the fifth and eighth staves, and *mp* (mezzo-piano) on the fourth and eleventh staves. There are also several accents and slurs used for phrasing. The piece concludes with a final measure on the eleventh staff.



ФАЙЗОЛЛА ҮРМІЗОВ
(1920–2015)

Файзолла Үрмізов – атақты Абылайханның ұрпағы, Кенесарының баласы Әубәкірден тарайды. Домбыра мен кобызды қатар тартатын шебер күйші болған. Әкесі Үрміз Көкшетауда туған, кобызшы болған, атақты күйші Ықыластың қасына еріп жүрген. Сөзақта «Үрміздің шертнесі» деген екі тарауды күй әлі күнге дейін шертіледі. Үрміз ұлын жастайынан өнерге баулыған екен. Нағашысы Бауза да күйшілігімен, ақындығымен елге аты шыққан кісі болатын. Баузаның артында «Жыршылар сарыны» деген күйі қалған. Есейген соң Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Сүгір күйлерін шерте бастайды, Сүгірдің соңынан ерген шәкірті болған. Сүгірмен қатарлас ғұмыр кешкен Арқадағы Сейфолла (Сәкеннің әкесі) мен Мәлік төре сияқты күйшілердің мұрасын халыққа жеткізген. Ол Сүгірдің «Кертолғау», «Телқоныр» сияқты көптеген күйлерін соңынан қалмай жүріп үйренген, шығу тарихын қағазға түсіріп алған. Сүгірдің ізін жалғастырған Қаратаулық дәулескер күйшілер Төлеген Момбеков, Генерал Асқаровтармен бірге жүріп, бауырлық қарым-қатынаста болған. Оның бірнеше төл туындылары бар. Өз күйлері бірнеше кітаптарға, күйтабақтарға кірген. Өмір бойы мектепте ұстаздық қызмет атқарған Файзолла Үрмізов тарихшы, этнограф, шежіреші ретінде да артына бірсыпыра тарихи кітаптар жазып қалдырды. Қазақ радиосының алтын қорында өзі шығарған күйлері, сұхбаттары сақталған.

57. ҚОСБАСАР

Файзолла Үрмізов
орындаушы Файзолла Үрмізов



The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. It consists of ten staves of music, arranged in a single system. The notation is written in a single clef (treble clef) and a single key signature (one flat). The music is characterized by frequent changes in time signature, with measures of 2/4, 3/4, 4/4, and 6/8. The notation includes various rhythmic values, such as eighth and sixteenth notes, and rests. Some notes are marked with a 'V' above them, possibly indicating a specific performance instruction or a breath mark. The music is arranged in a complex, multi-measure format, with frequent bar line changes. The overall style is that of a classical or romantic-era musical score.

The image displays six staves of musical notation in G major (one sharp). The notation includes various rhythmic values and rests:

- Staff 1:** Four measures. Measure 1: eighth notes G4, A4, B4, G4. Measure 2: eighth notes G4, A4, B4, G4. Measure 3: quarter notes G4, A4, B4. Measure 4: eighth notes G4, A4, B4, G4.
- Staff 2:** Four measures. Measure 1: eighth notes G4, A4, B4, G4. Measure 2: eighth notes G4, A4, B4, G4. Measure 3: eighth notes G4, A4, B4, G4. Measure 4: quarter notes G4, A4, B4.
- Staff 3:** Five measures. Measure 1: quarter notes G4, A4, B4. Measure 2: quarter notes G4, A4, B4. Measure 3: quarter notes G4, A4, B4. Measure 4: quarter notes G4, A4, B4. Measure 5: quarter notes G4, A4, B4.
- Staff 4:** Five measures. Measure 1: quarter notes G4, A4, B4. Measure 2: quarter notes G4, A4, B4. Measure 3: quarter notes G4, A4, B4. Measure 4: quarter notes G4, A4, B4. Measure 5: quarter notes G4, A4, B4.
- Staff 5:** Five measures. Measure 1: quarter notes G4, A4, B4. Measure 2: quarter notes G4, A4, B4. Measure 3: quarter notes G4, A4, B4. Measure 4: quarter notes G4, A4, B4. Measure 5: quarter notes G4, A4, B4.
- Staff 6:** Four measures. Measure 1: quarter notes G4, A4, B4. Measure 2: quarter notes G4, A4, B4. Measure 3: quarter notes G4, A4, B4. Measure 4: quarter notes G4, A4, B4.

БОРАНҚҰЛ КӨШМАҒАМБЕТОВ (1922–2007)

Боранқұл Көшмағамбетов 1922 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Мұзлы, Қулы деп аталатын тауларының баурайында туған. Боранқұл бала кезінен ел ішіндегі Асан, Сәдібек, Шәмшілда, Әділ сияқты домбырашылардан тәлім алып өседі. Өсіресе, нағашы ағасы Шәмшілданың өнерпаздық өнегесі Боранқұлға айырықша ықпал еткен. Боранқұл Көшмағамбетұлының жастық шағы ел-жұрттың мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдастыру (коллективизация), отыз екінші жылғы қуғын-сүргін, ашаршылық сияқты саяси-әлеуметтік аласапыран кезеңімен тұспа-тұс келеді. Осындай қиын кезеңде Арқа жұртының қомақты бөлігі жан сауғалап, Қазақстанның оңтүстік өңіріне төңкеріле көшеді. Осы кезден бастап Боранқұл да өзінің ағайын-туыстарымен бірге Шу, Талас өзендерінің бойына қоныс аударады. Боранқұл өзінің барша саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнайды. Ол Жамбыл облысының Сарысу, Талас аудандарында қырық бес жылдай ұстаздық қызмет атқарады. Б. Көшмағамбетовтың табанды еңбегі абырой биігіне көтеріп, Қазақстанның халыққа білім беру және ағарту ісінің озық қызметкері атағына ие болады. Өмірден көріп-білгенін, сезіп-түйгенін күй тіліне түсіріп, ол өнері алдымен ауыл-аймағын баурап, өкіне басар шәкірттеріне үйретіп, бара-бара байтақ жазак даласына танылады. Күйлері Қазақ радиосының алтын қорына жазылады, Қазақтың Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының оқу бағдарламасына енеді. 1987 жылы Самарқан қаласында өткен Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыкасына арналған халықаралық симпозиумға қатысып, лауреат атынады. Боранқұл Көшмағамбетұлының жұртшылыққа кеңінен тараған күйлері: «Ана жүрегі», «Ақ кесене», «Арнау», «Әттең-ай», «Әселдің арманы», «Балдызым», «Боздақтар», «Батыр», «Биле-биле», «Дауылдан кейін», «Даукер», «Жана жыл», «Жолайырық», «Жан сары», «Желтоқсан», «Жер ортасы- Көкөтөбе», «Жолда», «Епкіл таудың етегі», «Кең жайлау», «Көк кесене», «Кербез ақу», «Қайран елім, қазағым», «Қоштасу», «Құлагер», «Майданнан хат», «Мерген», «Не-мере жұбанышы», «Сағыныш», «Толғау», «Тракторшы қарындас», «Ұстаз», «Ықылас туралы толғау» т.б.

А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана. 2002. 815-816 б.

58. КЕҢЖАЙЛАУ

Боранқұл

Ор. Боранқұл Көшмағамбетов,
Талағат Орымтаевтың жеткізуінде

Шалқыта

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in the key of G major (one sharp). The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns and time signatures. The staves are arranged vertically, with the first staff at the top and the tenth at the bottom. The music includes numerous eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. Some staves have a 'V' marking above them, possibly indicating a specific performance technique or a section marker. The time signatures vary throughout the piece, including 3/8, 2/4, 3/4, and 4/4. The overall style is that of a classical or romantic-era instrumental piece, possibly for a piano or violin.



СЕЙІТХАН ӘЛІМБЕКОВ
(1928–1988)



Сейітхан Әлімбекұв Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қарабұлақ ауылында туған. Ықпалас, Сүгір күйлерін тұтас тарта алатын белгілі күйші болған, өзі де бірнеше күй шығарған. Жас кезінде туған ағасы, «Соцаю» совхозының бас есепшісі болып қызмет атқарған Мырзаханның

қолында оқыған, Мырзахан Сүгірмен жақын араласқан кісі екен. Інісінің талабы бар екенін сезген ағасы домбыра сатып алып береді де Сүгірдің күйлерін үйренуіне тікелей себепші болады. Сүгірдің күйлерін сыртынан тыңдап үйреніп жүріп, ақыры бір күні Мырзаханның үйіне қонаққа келген Сүгір Әліұлына өз өнерін көрсетеді. Сүгір разы болып бірсыпыра күйлерін өз қолымен үйреткен екен. «Сүгірдің бағасын алған күйші болды» деп ағайындары той жасап, қатты қуанады. Содан кейін ол теріскейге танымал күйшіге айналады. Сүгірдің көзі кеткен соң Сатыбалды күйшімен де аралас болады, одан да біраз тәлім алады. Сейітхан өзінің інісі Әлімханды да күйге баулаған. Жаулыбай Иманәлиев пен Мұхит Айтқалиевтің 1975 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қартау шертпелері» атты кітабына Сүгірдің күйлерін орындаушы ретінде кірген, өзінің «Сейітханның шертпесі» атты күйі осы кітапта жарияланған.

АТАБЕК АСЫЛБЕКОВ (1922–2005)

Атабек Асылбеков Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылында туылған. Ол атакты Сүгір күйшінің көзін көрген, күйін насихаттаған шәкірті. Соғысқа қатысқан, гвардия лейтенанты шенін алған. Атабек асакал «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, 2-ші және 3-ші дәрежелі «Даню» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен, сондай-ақ 16 медальмен марапатталған. Тәжен Әлімқұлов Атабек күйшінің өнеріне тәнті болып «Кертөлғау» деген хикая жазған. Ол Сүгірдің «Кертөлғауының» барлық тарауын, «Қаратау шертпесінің» екінші тарауын орындап жеткізген. Күйдің соңына түспесе де көпшілік жиналған жерде домбыра шертіп, күйлердің әлжиссасы мен әңгімесін шежірелей алатын біліктілігі мол болған кісі. Атабектің орындауындағы күйлердің бірсыпырасы жазылып алынған, кейбір күйлері нотаға да түскен. Атабектің шертпе мәнерін алып, оның репертуарын білетін өзінің туған келіні – Гүлнар Асылбекова.

ДАБЫЛ АЖАҚАЕВ (1925)

Дабыл Ажақиев 1925 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келген. Домбыраны тоғыз жасынан бастап тартқан. Оның домбырадағы алғашқы ұстазы әкесінің туған інісі Нақып Сенбин болған. Нақып Қаратау өңірінің көптеген күйшілерімен кездескен, әйгілі Сүгір күйшімен жақын араласқан өнерлі жан екен. Дабыл Ажақиев көптеген республикалық, облыстық байқауларға қатысып жеңімпаз атанған күйші. Оның орындауындағы Сүгірдің "Майда қоңыр" атты күйі белгілі күйші, зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновтың "Күй қайнары" (1990) атты жинағында жарияланған.



ӘЛІМХАН ЖҮЗБАЕВ (1938)

Әлімхан Жүзбаев 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Қарабұлақ ауылында туған. Алғаш домбыраны Сүгірмен қорші тұрып, шәкірті болған немере ағасы Сейітханның үйренеді. Әлімхан асакалдың тағыз бір ұстазы – Сүгірмен тұтас өмір сүрген Сатыбалды күйші болған. Көп жылдар бойы қарапайым еңбек адамы болып жұмыс істеген Әлімхан бойға біткен табиғи дарынының арқасында қалың елге күйшілігімен танылды. Сүгірдің, Сатыбалдының күйлерін шебер орындайтын Ә.Жүзбаев – Қаратау күйшілік мектебінің бүгінгі күнгі өкілдерінің бірі. Әлімхан асакал Сүгірдің күйлерін халықаралық, республикалық деңгейдегі түрлі фестивальдер, концерттер арқылы кеңінен насихаттап келе жатқан майталман домбырашы. Оның орындауындағы күйлер Қазақ



Радиосының алтын қорына, «Мәңгілік сарын» (2005), «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» (2009) сияқты жинақтарға енген. Сонымен қатар «Сүгір, Қаратау шертпесі» (2006) күйлер жинағында Ә. Жүзбаевтың орындауындағы бірнеше күйлердің нотасы жарияланған. Осы күні тартылып жүрген Сүгірдің «Кертозғау» (бірнеше тарлауы), «Бес жорға» (бірнеше тарлауы), «Қаратау шертпесі» (2-түрі), «Жолаушының қоныр күйі», сонымен қатар Сатыбалдының күйлері Әлімхан Жүзбаевтың орындауында жеткендігін айта кету абзал. Жалпы Жүзбаевтар әулетіне күйшілік өнер дарыған. Әлімхан ақсақалдың өз кіндігінен өрбіген

ұрпақтары шетінен шебер домбырашылар. Солардың ішінде Жанғали, Сәрсенғали Жүзбаевтардың есімдері бүгінде елімізге белгілі күйшілер.

ГЕНЕРАЛ АСҚАРОВ (1940–1999)

Сүгірдің күйшілік мектебін жалғастырушы домбырашылардың бірі Генерал Асқаров 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында туған. Бала жасынан домбыраға құмар болған Генерал күйші Сүгірдің, қобызшы Жаппастың, Сүгірдің шәкірті Нұртай Жанбыршинның көзін көріп, тәлім алады. Генералдың өнер ұштауына домбырашы, Сүгір шәкірттерінің



бірі Файзолла Үрмізовтың еңбегі зор. Файзолла оның болашағынан үлкен үміт күтіп, Сүгірдің «Кертозғау» күйін үйретеді. Өнер жолына бірыңғай бет бұрған Генерал 1957 жылы орта мектепті үздік бітірген соң, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түседі, алайда нағашы ағасы Елбергеннің «Өнердің жолы ауыр болады, заманға сай кәсіп таңда» – деген бір ауыз сөзін жерге тастай алмай, Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп агроном мамандығын таңдайды. 1963 жылы ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап туған өлкесіне оралды. Сүгірдің алдын көрген күйшілер Төлеген Момбеков, Файзолла Үрмізовтермен етене жақын араласады. Есейе келе Сүгірдің күйлерін жақсы меңгерген Генерал күйші мұрасын күйтабақтарға жаздыртады. 1969 жылы Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан күйшінің жеке граммпластинкасына Сүгірдің сирек орыңдалатын тоғыз күйі жазылады. Елде жүрсе де Алматыға жиі шақыртылып тұрды, үлкен сахналарда

өнер көрсетіп ел ықыласына бөленді. Қаратаудың күйшілік өнерін одан ары қарай насихаттай бастады. Қазақ радиосының күйшінің орындауындағы күйлер үнемі беріліп тұрады. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Ж.Иманәліев пен М.Айтқалиев құрастырған «Қаратау шертпелері» атты кітапқа Генерал Асқаровтың орындауында бірнеше күйдің нотасы енеді. Белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов «Шертпе күйдің шеберлері», «Күй табиғаты» атты кітаптарында Генерал Асқаровтың орындаушылық ерекшеліктеріне жоғары баға береді. Г. Асқаров Алматы консерваториясының арнайы шақыртуымен «Сүгір күйлері» бойынша студенттерге бірнеше рет дәріс жүргізген.

Генерал Асқаров шерткен Сүгірдің «Аққу», «Назқоңыр», «Қосбасар» күйлері қазақ музыкасының алтын қорының інжу-маржандарының қатарынан орын алды. Әсіресе Сүгірдің «Назқоңыр» күйін кейінгі ұрпаққа асқан шеберлікпен орындап жеткізуші Генерал Асқаров.

ЖАНҒАЛИ ЖҮЗБАЙ (1961)

Жанғали Жүзбай 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауылында туылған. Жезқазған музыка училищесін, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Күй тартуды Сейтхан Әлімбаевтен үйренген. Қаратау күйлерінің майталман орындаушысы. Әсіресе Сүгір Әліұлының бізге белгісіз болып келген көптеген күйлерін орындап жеткізу жолында елеулі еңбек етті. Ол «Сүгірдің күйлері» деген жеке күйтабын шығарған. Оның орындауындағы күйлер «Мәңгілік сарын» (2005), «Қазақтың 1000 күйі» (2009) антологияларына енген. Жанғали Жүзбай Қаратау күйлерімен қатар Арқаның күйлерінің де шебер орындаушысы. Ол Қыздарбек, Сембек, Итаяқ, Аққыз, Тоқа күйлерін Дәулетбек Сәдуақасов, Мұхаметжан Тілеуханов, Орал Исатаевтардан үйренген. Сонымен қатар Жанғали Жүзбайдың бірнеше оқу-методикалық еңбектері баспадан жарық көрген. Атап айтқанда "Қазақтың шертпе күйлері" (2007), "Шертпе күйдің төрт мектебі" (2010), "Шертпе күй хрестоматиясы" (2011), "Ұстахдың педагогикалық репертуары" (2012), "Ақсақ құлан. Кетбұға бидің күй мұрасы" (2015), "Назқоңыр". (Г.Асқаровтың орындауындағы күйлер. 2015) . Жанғали Жүзбай қазіргі күні Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.



СЫР БОЙЫ КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ

Қазақ халқының арғы-бергі тарихында Сыр өңірінің орны бөлек. Аумалы-төкпелі, қиын қыстау замандарда халқымыздың басына паша болған құтты өлке. «Сыр алштың анасы» деген, нақыл сөз тегін айтылмаса керек. Әсіресе, жоңғар басқалшыларына қарсы бірнеше ғасырға созылған соғыста арып-аршыған жұртты өз қойнына сыйдырған да Сыр өлкесі болатын. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен тарихта қалған тар жол тайғақ кешулі, ең бір күрделі кезеңде қазақ халқы қасиетті Сырды паналаған. Ақын, философ Шәкәрім Құдайбердиев өзінің әйгілі "Еңлік-Кебек" поэмасында сол кезеңдерді сипаттай келіп «Қазақтың Сыр бойында жүргені анық» деп жырға қосуы осыны байқатса керек.

Сыр бойының күйлері өзінің өзгеше орындаушылық мәнерімен, сарын-салымен көңіл аудартады. Сарыны бөлек, тартысы ерекше Сыр бойының күйлері ұлттық саз өнерінің інжу-маржандары қатарынан айшықты орын алады. Бастауы әріден келе жатқан бұл күйшілік дәстүрдің бүгінгі ұрпаққа жеткен үлгілерінде мазмұндық тереңдік, орындаушылық шеберлік, рухани даралық, көркемдік құндылықтар айқын байқалады. Сыр өлкесінде жыр өнері кең қанат жайып, ерекше дамыған. «Сыр елі-жыр елі» деген мәтел осыдан айтылса керек. Сыр күйлерінің өзгешелігі де осы жыр өнерімен өзектестігінде. Сыр күйлерінде негізгі әуеннің ұдайы бір-бірімен қабысып, үзілмей жалғасып, күрделі нұрымға толы болып, өрнек сазбен көмкеріліп келуінің өзінен жырмен байланысын аңғаруға болады. Сыр өңірінің күйшілік дәстүрі ерте-ерте қалыптасқан. Сырдың бойында өткен Құрманай Төремұрат (шамамен ХҮІІІ ғ.) ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген жырау, күйші Жанқожа батыр қолынан түбегі болған. Төремұраттың «Сыбызғы күйі» деген күйі деген туындысы осы күнге дейін тартылып, жетіп отыр. Кей деректерде «бұл күйді Төремұрат сыбызғымен тартқан» деп айтылады. Сыр бойы күйлерінде «Сыбызғы күйлері» деп аталғанымен домбырада орындалатын күйлерде кездеседі. Сыбызғы аспабы сирек кездесетіндіктен, оңдағы орындалатын күйлер саздарың көнігі күйшілер домбыра салып тарта білгендіктен домбыра аспабына салып та тарта берген. Сыр бойындағы күй өнері өкілдерінің бірі Асан Көнек шамамен ХҮІІІ ғасырда Қазалы өңірінде дүниеге келген. Өкініштісі, ол туралы да дерек өте аз. Өзі Кішкене деген рудың Асан деген атасынан тарғандықтан Асан Көнек атанған. Көнектің «Ілме», «Қара жорға» деген екі күйі ғана белгілі. Күйшінің «Әлім Көнектің күйі» деген туындысы Қарақалпақ өңірінен табылған. Шамамен ХҮІІІ ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Бекпенбет – Сыр бойындағы көне күйшілер көшінің өкілі. Сыр бойының домбырашылық мәнері көршілес Өзбекстан, Қарақалпақ өңірінде өріс алған күйшілік дәстүрлермен тығыз байланысты. Бекпенбеттің «Тыным қыздың жорға күйі» деген күйі Қарақалпақстанға жасалған экспедиция кезінде жазылып алынған. Одан беріректе Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін айрықша атауға болады. Олар Мырза Токтаболатаұлы, Әлшекей Бектібайұлы, Досжан Құрақұлы.

Сыр өңірінің күй мұрасын жеткізген дәулескер домбырашылар Жалдыбай Елеукеев, Нәби Жәлімбетов, Исламбек Ысқақов, Төлеген Қаражанов, Қобылаш Жаймұратов, Тынысбек Дүйсебеков тағы басқалар.

Кейінгі уақытқа дейін Сыр өңірінің күйшілік мұрасы зерттеу нысанынан тыс қалып келді. Осы ғажайып дәстүрдің зерттелуіне, қайта түлеуіне айрықша еңбек сіңірген белгілі жыршы, фольклорист, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов болды. Ол өзінің «Жиделі Байсан күйлері» (2000) атты жинағында Сыр өңірінің күйші-композиторларының өмірі мен шығармашылықтарын зерттеп, алғаш рет толық жинағын баспадан шығарды. Сонымен қатар сыр өңірі күйлеріне көпші аударып, зерттеп зерделегендердің қатарында Әуелбек Қоңыратбаев, Мардан Байділдаев, Манан Көкенов, Акселеу Сейдімбеков, Балтабай Нұржанов, Қарасай Сайжанов, Еркін Нұрымбетов, Гүлнәр Ысқақова, Бақытжан Дүйсенәзиев, Мүсілім Әміз, Аяғол Нұрсұлтановалардың есімдерін айта аламыз.

МЫРЗА ТОҚТАБОЛАТУЛЫ (1850–1934)

Мырза Тоқтаболатулы Қызылорда облысы, Арал ауданы маңындағы Жыланды деген жерінде 1850 жылы дүниеге келіп, Қарақалпақстанның Тактакөпір ауданындағы «Батық юл» деген жерден 1930 жылы топырақ бұйырған. (Б. Жүсіпов. *Жиделі Байсан күйлері. Алматы. 2000. 150 бет*). Ел ішінде күйші Шал Мырза аталады. Оның себебі шыққан тегі - Кіші жүз Төртқара руының Шал аталығынан болып келеді. Ел аузында сақталған әңгімелерге қарағанда Мырзаға күйшілік өнер бес-алты жастар шамасында ерекше қасиет болып көңілдегі туралы айтылады. Домбыраға деген ерекше ықыласын байқасаң әкесі Тоқтаболат Мырзаға кішкене домбыра шуып жасап береді. Бірде осы домбырамен ойып жүрген жас бала Мырза юзді үйдің көленкесінде ұйықтап қалады. Сол кезде үй ішінде көп адамдар болса керек. Кенеттен сырттан домбырадан төгілген бір ғажайып әуезді үн естіледі. «Бұл күйлі тартып жатқан кім болды өкен» деп әкесі Тоқтаболат сыртқа шықса, үйдің көленкесінде қаперсіз ұйықтап жатқан Мырзаның төсіндегі домбырасынан желмен бірге үйдің әсем әуен есіп шығып тұр өкен дейді. Осы тамаша үн Мырза үйінен өнгеніне дейін желмен бірге үйдің таластамай тұрыпты. Осы тылсым құбылғасқа таңырқаған Тоқтаболат кішкентай Мырзаның аман-саулығын, ер жетіп күйші болуын жаратушы құдайдың тілегі берітті. Тоқтаболаттың тілегін тәңір қабыл алып, Мырза жасынан алғаш, зерек болып, тыңдаған күйлерін лезде жанып алып, оны түрлендіріп тартып, ел аузына іліге бастайды.

Мырза Тоқтаболатулының тұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі таңда күйшінің 20-дан астам күйі белгілі.

Солардың бір тобы – күй жанрының ең күрделі түрлерінің бірі тартыс күйлері. Арқасы күйшілердің күй тартысқа түсерде, не болмаса ел алдында өнерін көрсетерде ерекше шабытқа келуі үшін тартатын «Күй шақыру» атты күйлері болған. Ішкерде «Алтыс екі Ақжеленді» тегіс тартатын дәулескер күйшілер осы үрдіске «Күй шақыру» деген өзінің туындысын қосып толықтырып отыраған. Мырза да осынау дара дәстүрге өз үлесін қосып, қалтанбасын салып «Күй шақыру» немесе «Алтыс екі Ақжеленнің бауыр шешпесі» деп аталатын туындысын шығарған. Сол сияқты «Қос қыз», «Терісқақпай», «Ташауыз», «Сыр жапылтып», «Бытпылдақ» күйлері күй тартыс кезінде дүниеге келіп, ел арасына кең тараған.

Мырза күйлерінің тақырыбы сан-алуан болып келеді. Табиғаттың, қоршаған ортаның, жан-жануарлардың тылсым құбылыстарына («Баулы ешкі», «Бұғының күйі»), «Жетіқаракыш», тарихи оқиғаларға арналған «Асанқайғы сарына», «Қайран елім қайтейін», өмір құбылыстарына байланысты «Қоштасу», «Тәнтөн қыз», «Мұңлы қыз», «Мамық», «Раздасу», «Кербез күрен», «Жұма», «Жемнің ағыс күйі», «Бес қалқан бел шешпесі», «Қара жорға» сияқты күйлерін шығарған. Оның қайсыбір шығармасын тыңдап көрсеніңде бітім, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау болып келеді Мырза күйлерінің басты ерекшелігі, көбінесе, транспозициялық формада құрылған. Күйдің өзі шағын 3 бөлімді шығарма іспеттес. Осындай құрылымдағы күйлер, көбіне, сағасыз болып келеді. Яғни,

батыс күйлеріндегідей кіші, үлкен сағаларда үстінгі ішектегі стереотип тартылмайды. Осы әдіс Сыр бойы күйлерінің көбіне тән. Мырза күйлерін, сонымен қатар, Сыр бойында сақталған халық күйлерін, Құрманай Төремұрат, Жалдыбай күйшілер мұрасын шанау шығармай, ерекше нақышпен орындап, насихаттаушы – қазалылық дүлдүл домбырашы Нәби Жәлімбетовтың есімін айрықша айтуға болады. Мырза күйлерін жеткізушілер қатарында Жалдыбай Елеусеев, Қобылан Жаймұратов, Шыналы Шопановтардың есімдері де құрметпен аталады.

Ташауыз

Мырза Ташауыз жерінде базар аралап келе жатады, – деп баян етеді күйдің ұзын-ырта тарихы.

– Халық жиналған жаймада бір түркімен жігіті дутар тартып, өнер көрсетіп отырады. Түркімен жігітінің тартып отырған күйінің аты «Ташауыз» екен. Бұл қандай күй дегендерге: «Мына Ташауыз көпірін салған ерлердің құрметіне арнаған күйім», – деп, дутарын тарта береді. Азғандай уақыттан соң, жігіттің қасына бір қыз келіп, тиісе сөйлейді:

– Аға,күйді жақсы тартады екенсің. Өйткенмен, мына тартқан күйіңнің бір кайырмасы қалыс қалғаны-ай, – деп, түркімен жігіттің тартқанын місе тұтпай, қыз бұл күйді қайта тартады. Күн ұзақ жиналған халық арасында елеусіз тұрып, бір күйге таласқан екі өнерпаздың өнерін тамашалаған Мырза, қызға былай дейді:

– Шырағым-ай, күйді сен де әсерлі шертеді екенсің. Дегенмен, сенің де кайыруың қалыс болды ғой, – деп салалы саусақтарын домбыра шанағына созды. Осы жерде Мырза қыз бен жігіттің күйін қорыта келе өз жанынан жана бір әуен ирғаған төгіште жөнеледі. Кейін бұл күй халық аузында «Ташауыз» атанады.

Берік Жүсіпов "Жиделі Байсын күйлері" 164 бет

59. ТАШАУЫЗ

Мырза Токтаболатұлы

Орындаған Нәби Жәлімбетов

Жүрек

This page of musical notation consists of ten staves. The key signature is one flat (B-flat). The time signature starts with 3/4 and changes to 2/4, 3/8, 2/4, 3/4, 2/4, 3/4, 2/4, 3/4, 2/4, and 3/4. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings such as *f* (forte) and *mf* (mezzo-forte), and articulation marks like accents and slurs. The music is written in a single melodic line.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in a single system. The music is written in a key signature of one flat (B-flat) and a common time signature (C). The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings include *mf* (mezzo-forte) and *f* (forte). Articulation symbols, such as accents and slurs, are used throughout the piece. The notation is complex, with many notes beamed together and some notes marked with accents or slurs. The overall style is that of a classical piano piece.

This page of musical notation consists of eight staves of music. The notation is written in a single melodic line across the staves. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings include *f* (forte) and *mf* (mezzo-forte). Articulation marks, such as accents (*acc*) and breath marks (*v*), are present throughout the piece. The notation is complex, with many notes beamed together and some notes marked with accents or breath marks. The overall style is that of a classical or romantic-era musical score.

ӘЛШЕКЕЙ БЕКТІБАЙҰЛЫ (1848–1932)

Әлшекей Бектібаев 1848 жылы Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы (бұрынғы Ақмешіт уезі Жанакорған болысы) Қожаберген ауылында туған. Әлшекей Қаратау мен Сырға бірдей даңқы шыққан дәулескер күйші-композитор. Әкесі Бектібай елге сыйлы өнерді пір тұтқан адам, орта дәулетті жан болған. Жастайынан өнерге баулыған нағашысы Рүстем атасы қобызшы әрі сабызғышы болған деседі. Рүстемнің сабызғымен тартқан күйлерін күйма құлақ бала қолма-қол домбыраға түсіріп тартқан. Әлшекей шабандоз болған, аттың бауырында кетіп бара жатып күй тартады екен. Сал-сері болып, қасына жыршылар мен күйшілер ертіп жүрген. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, күйшінің көзін көріп, күйлерін тыңдаған қариялардың айтуынша, ол 50-60-тай күй шығарған көрінеді. Әлшекейдің күйлерінің арасында топтама күйлері ерекше орын алады. Ол үлкен жанында Бөпе күйшімен сайласқа түседі. «Бөпемен бес тартыс», «Айшамен алты тартыс» деп аталатын топтама күйлердің бізге жетпеуі өкінішті.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген отызыншы жылдардағы ашаршылықта Сыр бойындағы елдің тәуір кісілері Ауғанстанға қарай ауады. Ауып бара жатқан елден қалмайын деп Әлшекей де осы дүрмекке ереді. Елден ауарда Сырдариямен қоштасып, дарияның ағысы да адамның өмірі іспетті ғой деп толқып, «Толқын» деген толғау күйін шығарады. Ауғанстанға өте алмай, Тәжікстанның Қорғантөбе ауданында шекарашылардың қолына түсіп, сол жерде үш жылдай сонда өмір сүреді. 1932 жылы 85 жасында қайтыс болады.

Оның шәкірттері Ақбила, Мұсабайлардың көзін көргендердің өзі санаулы болған. Әлшекейдің бесінші баласы Зейнебек әке мұрасын түгел білгені мен көптің ортасында көп ашыла қоймаған. Зейнебек 1967 жылы дүниеден өткен. Дәнебектің үлкен ұлы Сейсенбай ғана ата мұрасын көп алдында бар нақыншымен жарқыратып тарта білген. Әйтсе де, ол жастайынан дүние салған. Әлшекей ұрпақтарынан ата мұрасын алтынның сынығындай қастерлеп, шама шарқынша насихаттаған Дәнебектің екінші баласы Жидебай болған. Жидебайдың әкесі Дәнебек әкесінің 90-дай күйін тартқан. Өкінішке қарай, одан кезінде ешкім жазып алып қалмаған. Әлшекейдің «Тоқырау», «Нарсоққан», «Егес», «Терісқақпай», «Толқын», «Ақжу кеткен», «Тепенкөк», «Қара жорға», «Аласқан қаз», «Айрауықтың ашысы», «Айшамен 6 тартыс», «Бөпемен 5 тартыс», «Егілген», «Бәйге», «Тай қуу», «Отарба» сияқты күйлері бар. Белгілі ақын Манап Көкеноұлы осы аталған күйлердің шығу тарихын айтып, таспаға жаздырған. Әлшекейдің күйлерін Әбдіхалықов Әбдіқадір, Өткелбаев Ибаш, Нұрманов Жаманқұл, Дүйсебеков Тынысбек, Тасбергенев Қошқарбек сынды домбырашылар кейінгі ұрпаққа жеткізген.

Терісқақпай

Қоңыраттың Құйысқансыз деген бір ауылында жесір дауы болыпты. Дауды Нұржан деген қызыр би теріс шешеді. Жалықсыз жапа шеккен жесірдің көз жасы елдің сай сүйегін сырқыратады. Сол дауды көзімен көріп, әділетсіз биге налыған Әлшекей топ алдына шығып, ашы ызалы шертіске басады. Сонда әлгі би тұрып: – Бұрауым теріс, шертісін қысық екен, дейді. Әлшекей оған: – Иә, би қысық болғанда, күй қалайша түзу болушы еді, – деп жауап береді.

Халық ақыны Манап Көкеновтың осы күйге байланысты өлеңі бар, бірақ күйдің аңыз бөлек:

*Тартыспақ боп күйші қыз Айшаменен,
Көп жегіт ат сабылтып келе берген,
Жеңілдім деп талайы қайтып кетсе,
Келеді талапкерлер дәмеленген.*

*Әлишкей де келінті тағам татпай,
Қызбенен тартысыпты тамақ татпай.
Енді қайттым дегенде жас қысылып,
Күй туыпты деседі «Терісқақпай».*

Нұрымбетов Е.Ш. "Сыр сүлейі Әлишкей" 8 бет.

60. ТЕРІСҚАҚПАЙ

Жүрек, желдірте

Әлишкей Бектібайұлы
орындаушы Әбісқадыр Әбісқалықов

The image displays a musical score for the piece "Terisqakpai". It consists of 12 staves of music, all written in a single treble clef. The key signature is one sharp (F#), and the time signature is 7/8. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, including accents (marked with a '1' above the notes) and slurs. Some notes are marked with a 'V' above them, likely indicating vibrato. The score is arranged in a traditional Western musical format, with the melody line on top and accompaniment below.

This page of musical notation is for guitar, written in G major (one sharp). It consists of 14 staves of music. The notation includes various rhythmic patterns, chords, and technical markings such as 'V' for vibrato and '1' for first position. The music concludes with a double bar line and a final chord.

ДОСЖАН ҚУРАҚҰЛЫ (1878–1944)



Ә.Тәжібаевтың дерегіне неқ артсақ, Досжан күйші Арқада дүниеге келгенмен, Сыр бойында өскен. Құрақтың Досжаны 1878 жылы Қызылорда облысының, Теренөзек ауданы, қазіргі Нағіз Ильясов атындағы кеншіарда дүниеге келген. Бізге жеткен деректер бойынша бойынша үлкен атасы Құрақ елге танымал батыр болған кісі екен. Досжанның төрт жасынан анасы қайтыс болғаннан кейін атасы Құрақ бауырына басып тәрбиелейді. Бала жасынан өнерге үйір болған Досжан ауыл-аймақтағы той-томалақтарда күй тартып көзге түседі. Ол он бес жасқа шыққанда Сыр бойының күйшілері Мырза, Әлшекей күйлерін шебер орындап, ел аралап серілік құрып дауыс алысқа кете

бастайды. Заманында Досжанның Сыр бойынан ары асып Қостанай, Торғай, Ақтобе өңірлерін аралап, ел ішіндегі күй сарындарын көкірегіне тоқиды. Небір досалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шыңдайды. Досжан сал-сері кірпіз адам, күйшілігімен қатар ат сейісі де болған. Жүйрік атты көрген жерден танытып, бәйге атының сыны мен бабын білетін ерекше қабілеті бар екен. Ат-әбзелін алтын мен күміспен жүретін болған. Сол замандағы ас пен тойда бәйгенің алды бермейтін дақты жүйрік-Ақмошпақ осы Досжанның тақымында болған.

1936 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде қазақтың дарынды өнерпаздары қатарында Досжан күйшінің де есімі ерекше аталады. 1939 жылғы Қазақстанның Мәскеудегі Бүкілодастық ауылшаруашылығы көрмесіне Нартай Бекежанов бастаған он төрт өнерпаздың қатарында Досжан күйшіде қатысқан. (Б. Нұржанов. Құрақтың Досжаны. Алматы 2009. 8-9 бет). Досжанның көзін көргендердің айтуы бойынша сексенге тарта күйлері болған. Өкінішке орай күйлері өзінің орындауында таспаға жазылып алынбаған. Қазіргі кезде оның онға тарта күйлері ғана ел арасында сақталып отыр. Күйшінің соңында қалған мұраларын бүгінгі заманға жеткізуде Исламбек Ысқақов, Рахматулла Сұлтанов, Жұасбек Тілеуов, Шәкі Оспанов, Дүйсен Дастанов, Зарлық Кенжеғұлов, Төлеген Қалиев сияқты дәулескер күйшілер көп үлес қосқан. Досжанның «Бармақ баспай», «Ақбозат», «Жетім қыз», «Бәти қыз», «Шалқым» сияқты күйлері – өзінің өрнегі бар туындылар.

Қаражорға

Досжан күйшіні бала кезінде көзімен көріп күйін тыңдаған қарт журналист Құрманғали Ажаровтың айтуы бойынша былайша баяндалады – Біз “Үш аташ деген жердің жанында “Жылуан” өзеншесінде тұратынбыз. Ел ішінде ештеңе жатпайды ғой, ошақты Нұраш Түркмениядан ат алып келітті, – деген сөз ел арасына тез тарап кетті. Нұраштың үйі бізбен көрші болатын. Бәйгеге Нұраш ағамыз қара көкті қоспақшы болып, атын жаратты. Менің 11–12 жаса кезім, Нұраш ағамыз үйге келіп, осы сенің Құрманың өзі бір ыңғайлы бала екен деп, әкемнен сұрап алды. Сол күннің кешінде Досжан ағамыз келді. Досжан

күйінің келгенін естіген ауыл дамдары тез жиналып қалыпты. Досжан тартқан күй жұрықтықтың ойынан шықты ма, шыбынның ызыны естілмейді. Бір кезде Нұраш: – Досеке, өзіңнің қаражорға атына шығарған күйіңнің шығу тарихын айта отырыңыз, – деді. Сонда Досжан атамыз шешіле сөйлеп, – Бір жол түсіп суымын жаппас Мұңайтпастың ауылына келсем той бітіп, жорға жарыс болайын деп жатыр екен. Аралбайдың Байтілеуі мені көріп қалып: – Ау, Досеке, жорға жарысқа қатысатын шығарсың, – деп көкете сөйледі. Бұлай айтатын да себебі бар еді. – Жаман мұрыны сасық сиыр кімнің атын шығарар дейсің, азамат пен елдің атын шығаратын жақсы ат қой, – деп Байтілеуді бір сөздің ретінде түйреп жіберіп едім. – Иә, жорға жарысқа қатысайын деп келдім, – деп жатырмын, сыр білдірмей. Бұрын соңды жорға жарысқа қатыспаған мен біраз іштей ойланып, толғанып тұрмын. Бірақ қаражорға атымның жақсы сыпырма жорғасы бар екенін білемін. Айтылған сөз атылған өкпен бірдей деген. Намысты қолдан бермеу керек деген оймен тәуекелге бел байлап, жорға жарысқа қосылдым да кеттім. Атыма таң қалғаным кейбір жорғалар шауып кетіп жатқанда, шіркін қаражорға сыпырма жорғасын бір бұзбай бас бөйгені жеңіп алды. Соған шығарған күйім еді деп, домбырасын тарта жөнелді” дейді.

Б. Нұржанов. "Құрақтың Досжаны". Алматы 2009. 16-18 бет.

61. ҚАРАЖОРҒА

Досжан Құрақұлы
орындаушы Исламбек Ысқақов

Жылдам, төгілте

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single system, likely for a piano or similar instrument. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is not explicitly shown but appears to be 4/4 based on the phrasing. The music is characterized by complex rhythmic patterns, including sixteenth-note runs and chordal accompaniment. The first staff features a treble clef and a key signature of one flat. The notation includes various rhythmic textures, such as sixteenth-note runs and chordal accompaniment. There are some markings like 'V' above notes in the first staff and '3' below notes in the third and fourth staves. The notation is dense and detailed.

The image displays ten staves of musical notation. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. The music is composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. Chords are indicated by vertical lines connecting notes across staves. The notation includes various musical symbols such as slurs, accents, and dynamic markings like 'p' (piano) and 'f' (forte). The piece concludes with a double bar line and a final chord.

АКБАЛА ЖАНҒАБЫЛУЛЫ (1894–1945)

Ақбала Жанғабылұлы – 1884–1945 жылы Шымкент облысы, қазіргі Жетісай ауданына қарасты Қараөзек деген жерде, кейін Шардараның арғы жағындағы Қызылқұм деген жерінде өмір сүреді. Ақбаланың арғы аталары Семей өңірінен Түркістан жеріне Қызылқұм елді мекеніне қоныс аударып, көшіп келген. Оның ағасы Қалдарбек, Қуандық қажы, болыс болған адамдар. Ақбала күйші Қуандық қажының інісі Жанқабылдың баласы. Жеткелері еркелетіп «Аппақ бала, ақ бала» деп еркелетумен Ақбала атанып кеткен. Алғашқыда ағасы Жандарбектің ықпалымен қобыз үйренген, кейіннен домбыра, қобыз, шаңқобыз сияқты аспаптарды меңгерген екен. Ақбала он екі, он үш жасында үкілі бас киім киіп, жорғаға мініп елді аралап күй тартып «күйші бала» атанады. Ақбала Арқа мен Қаратаудың қоңыр күйлерін Сыр бойының сырлы сарындарымен ұштастыра отырып өзіндік қолтаңбасын тапқан күйші. Ол Әлшекей, Өззақ, Шолақ, Естан сияқты дәулескер күйшілердің жанына еріп, ұстаздық өнегелерін алған. Әлшекейдің «Терісқақпай» күйін тыңдап, өзі де «Терісқақпай» деген күй шығарған.

Заманында Ақбала Үлмекен, Айжан, Аяқкеш атты күйші қыздармен күй тартысады. Қыздармен күй тартысқанда, олардың тартқан күйін Ақбала шаңқобызбен тартып беретін болған. Ақбаланың әйелдер образына арнап шығарған бірнеше күйлері бар. Солардың бірі «Айжанның жүрісі-ай» атты күйі.

Кеңес өкіметі орнаған 1920 жылдары Ақбала бір топ бандыларды әшкерелуге қатысқан. Оның «Қайран Нақыпбек», «Өкініш» атты күйлері сол кезде болған оқиғаларға байланысты шыққан. Ақбала 1928 жылы кәмпескені, 1930-шы жылдардағы ел басына түскен нәубет ашаршылық заманды көрген. Ақбала «Кертөлғау» атты күйінде сол қиын-қыстау кезеңді толғайды. Ақбала өнерінің толысқан шағында Қызыл отаудың ойын-сауық үйірмесінде қызмет етеді. Қазақ күйінің жаңғыруын тілеген күйші «Қазак бні» деген күй шығарады. Қызыл отау жерінде қобыз, шаңқобыз аспаптарын қосып күй тартады. Бұл күйді Ақбала «Домбыра биті» деп атаған. Ел ішіндегі әңгемеге қарағанда, күйшінің көзін көргендердің айтуы бойынша Ақбала күй тартқанда көзін жұмып тартатын болған екен. Тыңдап отырғандар неге көзін жұмып тартасын дегендерге: «Күй жауатын қар секілді, бұлт сияқты келеді, көзімді жұмбасам болмайды», – дейді екен. Бір күйді бірнеше рет түрлендіріп тартатын болған. Ақбала күй тартқанда бір ерекшелігі оң қолдың тағысын өте жұмсақ алады екен. Ақбала 1944 жылы денсаулығына байланысты қарындасы Шәркүл мен күйеу баласы Ақылбектің қолына келіп тұрады. Ақбала Жанқабылұлының күйшілік өнерін келешек ұрпаққа жеткізген күйші Шағдар Ақылбеков. Ол Ақбала күйшінің осы Шәркүл деген қарындасынан туған жиені болып келеді. Шағдардың ишесі Шәркүл шаңқобызды ойнаған. Ол Ақбаланың күйлерін аузымен ыңылдап тартатын болған.

Ақбаланың күйлерін тартатын шәкірттерінің көбі бірінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болып, елге оралмайды. Күйшінің өнерін жалғастырып, болашақ игілігіне айналуына себепші болған шәкірттері – Қайыпназар Өйтпенов, Рахат Бекетов, Шағдар Ақылбеков сияқты домбырашылар. Ақбала Жанғабылұлының «Ақсақ тоқты», «Аяныш», «Айжан қыздың жүрісі» сияқты күйлері бар.

Ықылас

Ақбала өмірінің соңына қарай қатты науқастанып 1944 жылы Өзбекстанда тұратын қарындасы Шәркүл мен күйеу баласы Ақылбектің қолына барады. Шағдар есімді жиенін бауырына басып, оны өзінің күйшілік ізбасарына балайды. Шағдарға ертеле-кеш домбыра үйретумен болады. Зейінді жиеніне ықыласы ауып, "Ықылас" атты күй арнайды.

А. Сейділбек. Қазақтың күй өнері. Астана 2002. 674-бет.

62. ЫҚЫЛАС

Ақбала Жангабылұлы
орындаушы Шағдар Ақылбекон

Орташа, толғаулы

The musical score is written in G major (one sharp) and 3/4 time. It consists of 12 staves of music. The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, including accents (v) and hairpins (crescendo and decrescendo). The piece concludes with a double bar line.

This image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in 14 horizontal staves, each containing a series of notes and rests. The key signature is two sharps (F# and C#), and the time signature is 3/4. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. The music is written in a style that suggests a folk or traditional genre, with a focus on rhythmic complexity and harmonic structure. The notation is presented in a clear, black-and-white format, typical of a printed musical score.

The image displays a page of musical notation consisting of 14 staves. The music is written in treble clef with a key signature of two sharps (F# and C#). The time signature varies throughout the piece, including 3/8, 3/4, 4/4, and 2/4. The notation features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, as well as rests and chordal structures. The piece concludes with a double bar line and repeat dots on the final staff.



ЖАЛДЫБАЙ ЕЛЕУКЕУЛЫ (1894–1945)

Жалдыбай Елеукеұлы 1894 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Сарытоғай ауылында дүниеге келіп, 1945 жылы атамкөнінен топырақ бұйырған. Жас кезінде Сыр бойына әйгілі Бекменбет, Мырза сынды күйшілерден тәлім алған. Ол Мырзаға ілесіп Ташкент, Ташауыз, Нүкіс базарларында өнер көрсетіп, күй сайыстарына түседі. Өзбектің, қырғыздың, түрікменнің, қарақалпақтың, орыстың әуен-саздарын домбырада шебер орындаған. Қызылордада 1925 жылы қазақ театры ашылғанда Жалдыбай осы театрға қызметке алынады. 1934 жылы Жалдыбай Алматыда

өткен халық аспабында орындаушылардың слетіне қатысып, Дина Нұрпейісовамен бірге күй сайысына түседі. 1940 жылдары Нартай Бекежановтың концерттік бригадасының құрамында өнер көрсеткен.

Ол – Мырза күйлерін біздің заманымызға жеткізуші ғана емес, өзіндік қолтаңбасы бар күйші-композитор. «Жалдыбайдың балбырауыны», «Жеңіс», «Қызыл қыран», «Қара жорға», «Таню», «Сырдың тасуы», «Біза-кек» тәрізді бірнеше күйлердің авторы.

63. ҚАРАЖОРҒА

Жалдыбай Елеусқұлы
орындаушы Нәби Жәлімбетов

Жылдым, төсіте

The musical score is written for a single instrument, likely a piano or guitar, and consists of ten staves of music. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 2/4. The music is characterized by a driving, rhythmic pattern, primarily consisting of eighth and sixteenth notes, often grouped into triplets. The first staff includes fingerings (1-2-3) and accents (V) above the notes. The second staff continues the rhythmic pattern with triplets and fingerings. The third staff shows a change in the rhythmic structure, with some notes beamed together. The fourth staff features a mix of eighth and sixteenth notes with triplets. The fifth staff continues the complex rhythmic texture. The sixth staff shows a change in the rhythmic pattern, with some notes beamed together. The seventh staff features a mix of eighth and sixteenth notes with triplets. The eighth staff continues the rhythmic pattern with triplets and fingerings. The ninth staff shows a change in the rhythmic structure, with some notes beamed together. The tenth staff concludes the piece with a final rhythmic pattern and fingerings.

This page of musical notation consists of 11 staves. The first staff features a melodic line with several accents (marked 'v') over eighth notes. The second staff begins with a complex rhythmic pattern, including a 3/4 time signature and a 7/8 time signature, with triplets and sixteenth notes. The subsequent staves (3-11) are primarily chordal in nature, showing dense textures of eighth and sixteenth notes, often with triplets and various time signatures such as 3/4, 4/4, and 6/8.

This page contains ten staves of musical notation for guitar. The notation is written in a single system with ten staves. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music consists of various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and chord voicings. There are several dynamic markings, including accents (marked with a ^) and slurs (marked with a curved line). The notation is typical of a guitar method book.

The image displays ten staves of musical notation. The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns and rests. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat. The music consists of eighth and sixteenth notes, often grouped with slurs and accents. There are several measures with rests, and the piece concludes with a double bar line. The notation is presented in a clear, black-and-white format, typical of a printed musical score.

The image displays ten staves of musical notation. The notation is written on a single melodic line using a treble clef. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/8. The music consists of various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, rests, and dynamic markings such as accents and slurs. The notation is arranged in a single melodic line across ten staves.

This page contains ten staves of musical notation for guitar. The music is written in a key signature of one flat (B-flat) and a 3/4 time signature. The notation includes various chord voicings, arpeggios, and melodic lines. The music is written in a style typical of guitar tablature, with some notes marked with fingerings (1-5).

НӘБИ ЖӘЛІМБЕТОВ (1907–1988)

Нәби Жәлімбетов Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Ақсаяқ деген жерде туған. Сыр өңірі домбырашылық мектебінің – Мырза, Айсүгір, Жалдыбай дәстүрінің жалғастырушысы. Нәбидің репертуары мейлінше кең болған. Ол ертедегі «Нар идірген», «Ақсақ құлан» сияқты аңыз күйлер мен қатар Сыр бойында ертеректе өткен Құрманғай Төремұрат «Сыбызғы күйі» сынды көне жәдігерлерді орындап жеткізуші. Әсіресе, атақты күйші Мырза Токтаболатұлының күйлерін асқан орындаушылық шеберлікпен жеткізгендігін айрықша айту абзал. Көп жылдар Қызылорда облыстық филармониясында домбырашы болып еңбек еткен Нәби 1988 жылы қайтыс болды.



ҚОБЫЛАШ ЖАЙМҰРАТОВ (1911–1976)

Қобылаш Жаймұратов Қызылордада облысы, Қазалы ауданы Қарашенгел ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Жасынан ән-күйге әуес болып өскен. Қобылаш домбыра тартуды алғаш әкесі Жаймұраттан үйренген. Кейіннен Қобылаш Жалдыбай күйшімен шеберлігін шыңдаған. Мырзаның күйлерін осы Жалдыбайдан үйренген. Ол сонымен қатар Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Қазанғап, Жалдыбай күйлерін өте шебер орындаған. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1944 жылы жараланып, елге оралған күйші көп жылдар мектепте ұстаздық қызмет атқара жүріп, халық арасына тарала қоймаған күйлердің насихаттаушысы болған.



ИСЛАМБЕК ЫСҚАҚОВ
(1930–1982)

Исламбек Ысқақов Қызылорда облысы Терезөзек ауданында дүниеге келген. Исламбек ұстазы Досжан күйшінің шығармаларын жеткізуші ретінде де белгілі. 1962–1977 жылдары оның орындауында Құрақтың Досжанның «Жетім қыз», «Қыпшаң», «Кербез төре» сияқты көптеген күйлері мен аңыздары жазылып алынды. Исламбек Ысқақовтың «Паровоз», «Түркімен сазы», «Тарту» сияқты өз жанынан шығарған күйлері бар. 1978 жылы "Құрақтың Досжаны мен Исламбек Ысқақовтың күйлері" атты күйтабағы жарық көрді.

Исламбек Ысқақов шығармашылығы жөнінде туған қызы Гүлнәр Ысқақова "Ой шақыру", белгілі жыршы, фольклорист Берік Жүсіпов "Жиделібайсың күйлері" атты еңбектерінде жан-жақты жазған.



64. КҮРІШШІЛЕР БИІ

Исламбек Ысқақов
орындаушы Исламбек Ысқақов

Жүрек, ойнақы



This page of musical notation consists of ten staves of music. The key signature is one flat (B-flat) and the time signature is 4/4. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings, and articulation marks.

- Staff 1: Features a series of chords and eighth-note patterns.
- Staff 2: Includes accents (>) over certain notes.
- Staff 3: Continues the rhythmic patterns.
- Staff 4: Shows a change in the rhythmic pattern.
- Staff 5: Includes a dynamic marking of *f* (forte).
- Staff 6: Features a dynamic marking of *mf* (mezzo-forte) and includes slurs and accents.
- Staff 7: Continues the musical development.
- Staff 8: Shows a change in the rhythmic pattern.
- Staff 9: Continues the rhythmic patterns.
- Staff 10: Ends with a double bar line and a repeat sign.

musical score with ten staves, featuring rhythmic patterns and dynamic markings such as *f* and *mf*.

ӘБДІҚАДЫР ӘБДІХАЛЫҚОВ (1934–1996)

Әбдіқадыр Әбдіхалықұлы атықты күйші-композитор Әлшекейдін жиегі болып келеді. Солақай домбырашы Кеңжетайдан Әлшекей күйлерін үйреніп, ұстазының «солақайлығы» өзіне ауысқан. Сонымен қатар ол Әлшекейдін күйлерін оның баласы Дәнебектен тыңдап қалады. Ол Әлшекей күйлерінің аңыз-әңгімелерін жеткізумен бір-ге осы күйлерді күйтабаққа жазып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Ә. Әбдіхалықовтың өз жанынан шығарған күйлері де бар.



ШАҒДАР АҚЫЛБЕКОВ (1939)

Шағдар Ақылбеков 1939 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданында туған. Мамандығы – дәрігер. Бала кезінде домбыра жасап беріп, күйшілікке баулыған – нағашысы Ақбала күйші. Ол туралы Шағдар Ақылбеков былайша еске алады: «Мен нағашымның күй тартуын жақсы көріп өстім. Ол кісі қартайған шағында біздің үйімізде тұрды. Шалқалап жатып сұңқылдатып күй тартатын. Менің домбыра тартуға әуес болып жүргенімді көріп, ол маған «хандым» ағашынан домбыра жасатып берді. Ол қазіргі таңда Жетісай еліндегі «Сырдария» университетінің фольклорлық кабинетінде сақтаулы тұр».

Кейін есейе келе Шағдар сол төңірекке аты мәлім күйші болып таныла бастайды. Ол, 1964 жылы Москва қаласындағы Кремль сахнасында өнер көрсеткен. Шағдар бала күнінен құлағына сіңген Ақбала күйлерімен қатар, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина күйлерінде жасынан шебер тартатын болған. Ақбаланың көптеген күйлерін бүтінге жеткізген Шағдар Ақылбековтың өз жанынан шығарған да көптеген күйлері бар.

ТЫНЫСБЕК ДҮЙСЕБЕКОВ (1940)

Дүйсебеков Тынысбек Танауұлы 1940 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Нағашы ағасы Әбдірейіміұлы Құрманбек сузырыпсалма ақын, шертпе күйдің шебері болған. Сыр бойының дүлдүл күйшісі Әлшекейдің 16 күйін Өткелбаев Ибадулла ақсақалдан үйренеді. Ұзақ жылдар Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығында бас есепші, бас экономист болып табан аудармай еңбек еткен. Бүгінде жетпіс жастың өріне шаққан Тынысбек Дүйсебековтың есімі әйгілі Әлшекей күйлерінің бірден-бір шебер орындаушысы әрі насихаттаушысы ретінде елге белгілі. Орындаған күйлері Қазақ радиосының Алтын қорына, күйтабаққа жазылған. Өзі жанынан шығарған «Өрлеу», «Жайлауды» атты күйлері бар. Бүгінде Қызылорда облысының Шнелі ауданында тұрады.



ҚОШҚАРБЕК ТАСБЕРГЕНОВ (1954–2013)

Домбырашы Қошқарбек Тасбергенов 1954 жылы Қызылорда облысы Шнелі ауданына қарасты Бала би ауылында дүниеге келген. 1981 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітіріп, Құрманғазы атындағы қазақтың ұлт аспиранты оркестріне қабылданады. Қазақтың дүлдүл домбырашылары Рүстембек Омаров, Шамғол Қажығалиев, Нұрғиса Тілендиев, Мағауия Хамзин, Айса Шәріпов, Уәли Бекенов,



Мәлғеждар Әубәкіров сынды дәулескер күйшілердің алдын көріп, тәлім алған. 1983 жылы Құрманғазы атындағы І-ші республикалық конкурсында жүлделі І-ші орынды иемденген. Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық оркестрімен еліміздің барлық аймағында және Австрия, Швеция, Швейцария, Чехословакия, Португалия, Филиппин, Корея, Түркия, Пәкістан сияқты мемлекеттерде болып төл өнерімізді бүкіл дүниежүзіне паш етті. 1972 жылдан 1992 жылға дейін 20 жыл Құрманғазы атындағы оркестрде қызмет етеді. Осы жылдары Қ. Тасбергенов Қазақстан композиторлар одағының пленумдарына жиі қатысып, Дүңгенбай Ботбаев, Кенжебек Күмісбеков, Тілес Қажығалиев, Балнұр Қыдырбекова тәрізді композиторлардың тың туындыларын насихаттауға көп үлес қосты. Композитор Сыдық Мұхамеджановтың жеке домбыра мен оркестрге жазылған тұңғыш концерттің алғашқы орындаушыларының бірі болды. «Ақсақ құлан» атты жеке күй табағы жарық көрді (1988 ж). 1992 жылдан КСРО Нұрғиса Тілендиевтің шаңқаруымен Қазақтың мемлекеттік фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінде концертмейстер болып қызмет істеді. 1992-2013 жылдар аралығында

осы Ж.Елебеков атындағы эстрада-ширк колледжінде ұстаздық қызмет аткарып көптеген шәкірттер тәрбиелен шығарды. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1995) Қ. Тасбергенов күйшілік-орындаушылық өнерімен бірге, көптеген өз жанынан көптеген әндер, күйлер, оркестрлік шығармалар жазған тамаша сазгер де. «Нартай Қосбасар», «Сыр Ақжелең», «Желдірме», «Абайға тағзым» атты күйлер, «Нартай сері» (Нартай Бекежановқа арналған), «Арнау» (Академик Ахмет Жұбановтың туғанына 100 жыл толуына арналған) сынды оркестрге арнап шығармалар жазды. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұстаздық қызмет атқарды.



ЕРБОЛАТ МУСТАФАЕВ (1963)

Мұстафаев Ерболат Жұманұлы 1963 жылы Қызылорда қаласында туған. Ерболат Мұстафаев Сыр бойы күйлерінің бүгінгі күнгі шебер орындаушысы, әрі насихаттаушысы. Алматы Мемлекеттік консерваториясын бітірген (1987). Ерболат жасынан өзінің бойға біткен табиғи талантының, табанды еңбекқорлығының арқасында өнердің біршама белестерін бағындырды. Ол шебер домбырашы ретінде көптеген халықаралық, республикалық конкурстардың жеңімпазы болды. Атап айтқанда І Құрманғазы атындағы Республикалық конкурсында ІІІ орын (1983), У. Ғаджібеков атындағы І Халықаралық конкурсында І орын (1986), Шым-

кент қаласында өткен күйшілер сайысында І орын (2001), Қазанғап күйлерін орындаудан «Ақжелең» атты Республикалық күйшілер конкурсында Бас жүлдені жеңіп алған (2004). Өнердегі еңбек жолын 1986-87 жылдары Құрманғазы атындағы академиялық оркестрден бастаған Ерболат Мұстафаев 1987-92 жылдары арасында жолдама арқылы Қазақтың Мемлекеттік ән-би ансамбліінде жеке домбырашы және оркестр жетекшісі қызметін атқарды. 1992 жылы туған жері Қызылорда қаласына келіп, Қазанғап атындағы музыкалық колледжде орналасады. 1992-2012 жылдары арасында оның класынан 80-нен астам шәкірттер түлеп ұшқан. Шәкірттерінің арасында көптеген Республикалық конкурстың лауреаттары бар. Сонымен қатар ол бірнеше кітаптың авторы. Өнердегі алғашқы ұстазы күйші Тасболат Ысқақов жөнінде «Күйші, композитор, ұлағатты ұстаз» (1993), «Домбыраға арналған ансамбльдер» (1994), «Мақам-мәңгілік мәйегі» (2006) атты музыкалық-этнографиялық жинағы басылып шықты. Ерболат Мұстафаев 25 шет мемлекеттің сахнасында күй өнерін дәріптеген. Мысалы: Африканың 7 мемлекеті (Марокко, Гвинея, Гвинея-Бисау, Конго, Гана, Сьерра-Леона, Ангола) және Венгрия, Ұлыбритания, Біріккен Араб Әміраттарында тағы басқа әлемнің көптеген елдерінде болып өнер көрсетті. Оның орындауындағы күйлер Қазақстан телеарнасына, Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылып алынған. Сонымен қатар «Қазақтың 1000 күйі», «Мәңгілік сарын», «Қайталанбас дауыстар» антологияларына Е. Мұстафаевтың орындауында күйлер енген. «Желмаң» атты жеке CD дискісі жарық көрген (2008). Е. Мұстафаевтың өнер саласындағы еселі еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2012) атағы берілді. Оның репертуарында еліміздің әртүрлі күйшілік мектептерінен 250-ден астам күйлер бар.

II. АРАЛ, АҚТӨБЕ ӨңІРІНІҢ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ



КАЗАНҒАН ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ (1854–1921)

Қазанған Тілепбергенұлы Арал теңізінің батыс жағалауындағы Құланды түбегіндегі Ақбауыр деген жерде дүниеге келген. (Қазіргі Ақтөбе облысы Шалқар ауданына қарасты Құланды деген жердің "Ақбауыр" құмында). Қазанған жастайынан ән-күйге аса құмар, зерек болып өсіпті. Баласының өнерге деген ерекше ықыласын байқаған әкесі Тілепберген оған жиде ағашынан домбыра жасатып береді. Оң-солғын таны бастағанда күйге біржола өмірін арнамақ болып, әке-шешесінен рұқсат алып Доңызтау-Аққолда — Төреп, Бесқалада — Орынбай, Құрманғыз, Орынборда — Үсен төре, Аймағамбет (Қаратөс) сияқты әйгілі домбырашылармен кездеседі. Арал алабын, Үстірт, Маңғыстау аймағын,

Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Троицк, Орынбор төңірегін шарлап, ел ішіндегі күй сарындарын көкірегіне армансыз сіңіреді. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шыңдайды.

Қазанған Тілепбергенұлы күйшілік өнерде өзгеге ұқсамайтын сара жол салып, домбырашылық өнердегі ілме қағыс пен сүйретпе қағыс астастыра отырып өзіндік орындаушылық мектебін қалыптастырғын саншақ күйші. Әсіресе, «Ақжелен» деп аталатын тармақты күйлерді дамытуға айтарлықтай үлес қосып, оны түр және мазмұн жағынан байыта түсті. Қазактың күй өнерін жаңа қырынан дамытушы, дарынды күйші Қазанған жүзден астам күй шығарып, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырды. Қазанған күйлері философиялық терең ойға, сырлы сезімге толы болып келеді.

Төкпе күй дәстүрінде Ақжелен деп аталатын күйлер шығару үлкен үрдіске айналған. «Ақжелен» – нәктікті, сұлулықты, кіршіксіз адалдықты жырлайтын шуақты күйлер тобына жататын ғажай туындылар. Әсіресе әйел затының сұлулығын наш ететін көркем шығармалар болып саналады. Осынау дара дәстүрдің өрісін ұзартып, көкжиегін кеңейтуге Қазанғанның ықпалы зор болған. Оның «Күй шақырғыш Ақжелен», «Күй басы Ақжелен», «Жас Ақжелен «Кербез Ақжелен», «Кәрі Ақжелен», «Домалатпай Ақжелен», «Бұранбел Ақжелен», «Орынбай Ақжелен», «Тентек Ақжелен» сияқты күйлері осынау жарқын айғағы болып саналады.

Қазанған шығарған күйлердің ішінде Балжанға арналған күйлер шикі кен орын алады. «Он сегіз жасар Балжан қыз», «Ұлықат берші Балжан қыз», «Балжан әйел», «Балжан отыз бесте» күйлерінде Балжанға деген ішкі жан толқынысы, көңіл күйі наш етіледі. Қазанғанның адалдық пен сұлулықтың айғағындай Балжан аруды өмір бойы күй арқауы, шабыт тұғыры етіп өткенін байқаймыз.

Қазанған күйлерінің ішінде арнау күйлердің шоғыры мол. Ұстазы Орынбайға арнап «Орынбай Ақжелен», замандасы Қаратөс (Аймағамбет) күйшіге «Үлкен

Қаратөс», баласына арнап «Бала Қаратөс», «Кіші қаратөс», атакты күйші Үсен төремен кездесу сапарында дүниеге келген «Құс қайтару», «Шымыақ тастар», «Өттің дүние», бауыр еті баласының қазасына егіліп шығарған «Көкіл» сынды қайталанбас туындылары күйші өмірінің белгілі кезеңдерінен сыр тартады. Қазанғаштың шығармашылығында табиғат, қоршаған орта, жан-жануарларға арналған туындылары «Кіту-юту, қайт-қайт», «Шымырауыл құс», «Жем суының тасқыны», «Торы ағ», «Торы атпен табақ тарту», «Торы жарғаным бөгелек қағу».

Қазанғаш күйлері жыр сарындас болып келеді. Бұл тиранша Қазанғашты — эпикалық күйші деуге негіз бар. Қазанғаштың ноғайлы дәуірінен сыр тартағын «Ноғайланың босқыны», «Жыр күйі» күйлерінде көне сарындарды өз туындыларына арқау етеді.

Қазанғаш күйлері өзі өмір кешкен заманның неше алуан оқиғаларын, адамгершілік, ізгілік мәселелерін қозғайды. Ол өзі өмір сүрген заманның, қоғамның тынысына өзіндік үн қосып, толғанады. Патшалық Ресейдің озбыр саясатына төзбей қарсы шыққан Ерназар, Бекет сынды батырлардың елі үшін отқа түскен ерліктеріне байланысты "Жұртта қалған", «Шырылдатпа», «Ерназар Бекеттің зар күйі», «Қос қыран», «Бекеттің жыр күйі», он алтыншы жылғы патша жарлығына халықтың наразылығын білдіретін "Оқоп", «Қош бол, балам» туындылары арқылы толғайды. Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірінің түбірлі өзгерістерін ұны көшке теңеп, "Қызыл керуен", "Майда қоңыр", "Учитель", «Өмір жайлау» күйлерін шығарады.

Ол — қазақтың күйшілік өнерін дамытып, халық музыкасын өз шығармашылығымен биік белеске көтерген аса дарынды халық композиторы. Қазанғаштың өмірі мен творчествосын жан-жақты зерттеген Ахмет Жұбанов. Ол өзінің "Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы", "Ғасырлар пернесі" атты көлемді еңбектерінде Қазанғаштың композиторлық, орындаушылық өнер жолы туралы құнды пікірлер айтқан.

Қазанғаш күйлері күйші дәстүрін жалғастырған ізбасарлары Жәлекеш Айнақов пен Кәдірәлі Ержановтың, елге танытып, насихаттауға көп еңбек сіңірген майталман домбырашы Сәдуақас Балмағамбетовпен қатар, Б.Басығараев, Ж.Әлбетов, Қ.Жармағамбетов, І.Лиясов, А.Райымбергенов, Р.Омаров, Н.Жанаманов, Ж.Асылханов сияқты домбырашылардың орындауында ел арасына кең тарап, халық игілігіне айналды деп айтуға болады. Қазанғаштың музыкалық мұрасы бірнеше рет жинақ болып басылып шықты. С. Балмағамбетов «Саз зергері Қазанғаш» (2001), А.Райымбергенов «Қазанғаш. Ақжелкен» (1984).

Он сегіз жасар Балжан қыз

Қазанғаш өзінің күйшілік өнерінің арқасында ел аралап жүріп Қарақалпақ жерінде қоныс тепкен қазақ, түрікпен ағайындардың арасында да көп болған. Осындай бір сапарында Қазанғаш, Қарақалпақ елінде қоныстанған Балжан қыздың да ауылында болып, күй тартыпты. Бұл кезде Қазанғаштың серілік құрып жүрген шағы, ал Балжан қыз бала жасы он бестер шамасындағы жасөспірім қыз екен. Балжанның әкесі өз заманындағы дәулетті адамдардың бірі болған. Балжанның өзінен үлкен алты азамат ағасы бар екен. Барлығы да өз алдарына отау тігіп, шаруалары келіскен кісілер болса керек. Балжан үйдің ең кенжесі. Әке-шешесімен, ағаларының арқасында еш кемшілік көрмей, еркін өскен, бір жағынан ақылды, өнерпаз болып өсіп келе жатқан шағы. Қазанғаш осы үйде қона жатып, күй тартып, үй иелерін, ауыл-аймақты риза еткен. Ерке өскен Балжан қыз алты ағасының үйіне күйшіні кезек-кезек шақыртып қонақ етеді. Біраз күннен кейін күйші жігіт еліне қайтмақ болады. Қазанғашты аттандырып салушылардың арасында қонғасып тұрған Балжан Қазанғашқа: "Күйші аға өнеріңізге тәттіміз, біздерді, елді

ұмытпай жылда келіп тұрыңыз”, – деп, наз айтыпты. “Айналайын Балжан, дәм тартса келерміз, енді қайтып көріскенше күн жақсы” – деп жүріп кетті. Арда 4-5 жыл өткеннен кейін Қазанған осы елге қайта келгенде Балжанның ұзатылу тойының үстінен шығады. Қазанғанның келгеніне Балжан қыз қатты куанады. “Аға, сізді біраз күттім, хабар бермедіңіз, келемін деп келмедіңіз, тағдыр осылай болды, енді осы айыбыңызды менің тойымда өз өнеріңізбен ақтайсыз” – депті. Сонда Қазанған: “Қарындасым айып менен, осы айыбым үшін тойына шашқан шашуым болсын” – деп, Балжан қызға бес күй арнап, өзіне ғашық болған қызды осылай риза еткен екен.

*Күйді орындап жеткізуші, шығу тарихын айтушы
дәмбырашы Сәдуақас Балмағамбетов*

65. ОН СЕГІЗ ЖАСАР БАЛЖАН ҚЫЗ

Қазанған Тіленбергенұлы
орындаушы Сәдуақас Балмағамбетов

Жүрек, шалқыт

The image shows a musical score for a piece titled "65. ОН СЕГІЗ ЖАСАР БАЛЖАН ҚЫЗ". The score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a key signature of one flat (B-flat) and a 2/4 time signature. The music is characterized by a steady eighth-note accompaniment in the lower register, with a more melodic line in the upper register. The piece features several changes in time signature, including 3/4, 2/4, 3/4, 2/4, 3/4, 2/4, and 3/4. There are various musical notations such as slurs, accents, and dynamic markings (mf) throughout the score. The piece concludes with a final cadence in 2/4 time.

This page of musical notation consists of 13 staves. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings. The staves are arranged in a vertical column, with some staves starting with a treble clef and others with a different clef. The music appears to be a complex piece with multiple voices or instruments. Key features include:

- Staff 1: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 2: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 3: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 4: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 5: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 6: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 7: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 8: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 9: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 10: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 11: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 12: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.
- Staff 13: Treble clef, 2/4 time signature, starting with a rest followed by eighth notes.

1*), 2*), 3*) — бул кайталауларды ырындаушының өрніне байланысты кайталамауы да болды.

ҚАДІРӘЛІ ЕРЖАНОВ (1885–1968)

Қадірәлі Ержанұлы Арал теңізінің маңындағы Аякқұм деген жердегі Қанбақты ауылында 1885 жылы туып, 1968 жылы жылы дүние салған. Қадірәлінің ағасы Сапарәлі өйгілі күйші Қазанғаттың тікелей шәкірті атанған. Ағасының осындай өнерін көрген Қадірәлі жасынан домбыраға әуестеніп, өнер жолына талпынады. Сапарәліден көптеген күйлер үйренеді. Жасы он сегізге толғанда өзі де Қазанғаттың қасына еріп, ел аралап, күй үйреніп екі жылдай жүреді. Сол уақытта Қадірәлі Табыннан шыққан Тасыбай, Қонақбай сияқты домбырашылармен тартысып жеңеді.

Бергін келе өз жанынан "Ілме", "Егіз", "Жетім бала", "Ұмытты қалды, ұмытты", "Қасқа-ау, ана арада – қасқа-ау, мына арада" атты күйлерін шығарады.



ЖӘЛЕКЕШ АЙПАҚОВ (1904–1967)

Айпаков 1904 жылы Ақтобе облысының Шалқар ауданында дүниеге келген. Атақты күйші Қазанғат мұрасын республика жұртшылығына алғаш танытқан Жәлекеш Құрманғазы, Дина, Мәмен күйшілердің шығармаларын да шебер орындаған. 1935 жылы ол Алматыға шақырылып, көп жылдар бойы Қазақ мемлекеттік филармониясында домбырашы-солист болып қызмет істеді. Алғаш

халық аспаптары оркестрі құрылғанда да оның жұмысына қызу араласқан домбырашы 1953 жылы Ақтобе облыстық филармониясына қызметке ауысады. Қазақтың дәстүрлі музыкасын насихаттап, жұртшылыққа танытуға үлкен үлес қосқан домбырашы 1967 жылы Ақтобе қаласында өмірден охды. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі (1935).

БАҚЫТ БАСЫҒАРАЕВ (1928–2001)



Бақыт Басығараев 1928 жылы Қызылода облысы Арал ауданындағы Құланды түбегінде балықшының отбасында дүниеге келген. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары аштық пен коллективтендіру кезінде сол жердегі халықтың көбісі Арал теңізінің арғы бетіне, яғни, теңіздің солтүстік-батысын айнала ішке қарай, қарақалпақ жеріне ауысады. Ол жердің табиғаты

жылы, тыныштау, тұрмыс-тіршілікке ыңғайлы болған. Малдарынан айрылған қазақтар балық аулап, бала шағасын асырап қалған. Бақыт 1937–40 жылдары Қарақалпақстанның Үшсай ауылында мектеп қабырғасында оқып жүргенде алғашқы ұстаздары Дәулеткелді, Әбдіғалилардан бірнеше күйлер үйренеді. 1942 жылы күйші Жұмалымен алғаш кездесіп, күйлер үйреніп, оны үлкен ұстаз тұтады. Ал, 1947 жылы туған жері Құланды ауылында Қазанғанның тағы бір шәкірттері күйші Тайпан ата мен Зибирә Әубәкірқызымен кездесіп, ол кісілерден де көптеген күйлер мен орындаушылықтың қыр-сырларын үйренген. 1948 жылы Нөкіс қаласында күйші Биман Кенжебаевпен кездесіп, күй тартысады. Одан кейін әскер қатарына алынып, Түркіменстанның Мары қаласында әскери борышын өтеп жүргенде, сол кездегі Мары облыстық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Келжанов Қосшы деген қазақ азаматының шақыруымен, сол кісінің үйінде айгілі күйші Мұрат Өскенбаевпен кездесіп, күй тартысады. 1953 жылы Аманөткелде күйші Шыналы Шопановпен кездесіп, Қазанғап күйлерін одан әрі пысықтай түседі. Ал 1954 жылы Құландыда Қазанғанның тағы бір тікелей шәкірті, өзінің туған нағашысы, күйші Қадірәлі Ержановпен кездесіп, күйлер үйреніп, батасын алады. Осылайша Қазанғанның күйлерін, олардың ерекшелігі мен әдемі әуенділігін бұлжытпай орындай келе, көзінің қарашығындай сақтап, жинайды.

Бақыт Басығараев Қазанғанның күйлерін 1970 жылдары Ақтөбе облыстық радио, телеарнасынан орындаса, 80-ші жылдардың ортасына таман Қазақ радиосы, Қазақстан телеарналарында хабарға түсіріп, күйтабаққа жазды. Сол кезден бастап өмірінің аяғына дейін Ақтөбеде, Алматыда өткен дәстүрлі музыка өнеріне арналған көптеген фестивальдарға, форумдарға, концерттерге қатысып Қазанғап күйлерін насихаттау жолында көп еңбек етті. Белгілі күйші-зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновтың 1984 жылы жарық көрген «Қазанғап Ақжелен» атты күй жинағында Бақыт Басығараевтың орындауындағы күйлер алғаш рет жарияланған болатын.

Б.Басығараевқа 1998 жыл Ақтөбе облысының мәдениет басқармасының ұсынуымен “Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері” атағы берілді. Ал 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдық мерекесіне арналған Алматыда өткен дәстүрлі музыка фестивалінде оған арнайы тағайындалған Бас жүлде берілді.

АЙСА ШӘРІПОВ (1933–2004)

Домбырашы АЙСА Шәріпов 1933 жылы Ақтөбе облысының Көкжар деген жерінде туған. Ол домбыраны 3-4 жасынан бастап әкесі Шәріптен үйренеді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оны әкесінің ағасы Нұрақан тәрбиесіне алып, домбырашылық шеберлігінің ұшталуына себепші болады. 1946 жылы әнші Әлі Құрманов бастаған концерттік бригада Ойыл ауданында 3-4 күндік концерт қойған. Осы сапарында әнші бала Айсаны байқап, өзімен бірге Алматыға алып кетеді. 1946 жылы ол Қазақ мемлекеттік филармониясының Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің әртісі болып тағайындалады. Оркестр құрамында жүріп көптеген өнер майталмандарымен кездесіп, олардан көп тәлім алады. Солардың бірі Қазанғанның шәкірті Жәлекеш Айнақовтан Қазанғап күйлерін үйренеді. АЙСА Шәріпов – Құрманғазы, Қазанғап, Дәулеткерей, Абыл, Боғда, Тәттімбет, Сүгір, т.б. күйшілердің орындаушылық ерекшеліктерін сақтай отырып, әрбір күйдің аймақтық орындаушылық мәнерін бұзбай тартқан шебер домбырашы болған.

1984 жылы оркестрдің 50 жылдығына байланысты АЙСА Шәріповке «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі» атағы беріледі.



СӘДУАҚАС **БАЛМАҒАМБЕТОВ** (1941–1999)

Садуақас Балмағамбетов 1941 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. Садуақас домбыраны бала кезінен бастап тартқан. Алғашқы ұстазы белгілі күйші Қазанғап шәкірттерінің бірі, нағишасы Мағай Қуантайұлы болды. Әкесі Балмағамбет те белгілі күйші әрі Қазанғаптың таңдаулы шәкірттерінің бірі болған. Бертің келе Қалыралі, Келбет, Жәлекеш, Құрманғали сияқты күйшілерден шеберлігін толықтырды. Садуақас Балмағамбетов халық композиторы Қазанғап Тіленбергеновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге барша өмірін арнап, өз заманының "Тірі Қазанғапы" атанды. 1974 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын профессор Х. Тастановтың класы бойынша бітіріп, 1978 жылдан өмірінің соңына дейін ол осы

жоғарғы оқу орында дәріс беріп Қазанғаптың күйлерін жас буын домбырашыларға үйретуде, оны орындап жеткізу жолында өлшеусіз еңбек етті. С. Балмағамбетов Қазанғап күйлерінің аса көркем, озық нұсқаларын жеткізуші, әрі асқан шебер орындаушысы ретінде де қалың жұртшылыққа кеңінен танылған дархан дарын иесі. Қазанғап күйлерінің қазіргі музыкалық оқу орындарында, концерттерде орындалып жүрген нұсқалары негізінен Садуақас Балмағамбетовтың орындауында жеткен. 1988 жылы С. Балмағамбетовтың орындауында «Қазанғап күйлері» деген атпен күйтабак жарық көрді. 2001 жылы өзі өмірден өтсе де «Саз зергері – Қазанғап» атты күйлер жинағы (А.Тоқтаған, М. Әбугазы редакциялауымен) басып шықты.

С.Балмағамбетов шебер орындаушы болумен қатар өзі де бірнеше күйлер шығарған. "Қыз қуу", "Шашу", "А. Жұбановқа арналған күй", "Менің Ақтөбем", "Жас отау", т.б. күйлері, домбыра мен фортепианоға арналған "Күй дастан", Қазақ ұлт аспаптар оркестріне арналған "Айналайын – Ақтөбем" күй поэмасы арқылы есімі елімізге танымал сазгер. Күйлері Қазақ радиосы мен теледидарының алтын қорына енген.

НҮРБОЛАТ ЖАНАМАНОВ

(1955)

Нұрболат Жанаманов 1955 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Айшуақ ауылында туған. Бала кезінен өнерлі ортада өскен Нұрболат Шалқар өңіріндегі белгілі домбырашылар Исағали Базарбаев, туған ағасы Садуақас Балмағамбетовтерден Қазанғап күйлерін тарту әдістерін меңгерді. Н.Жанаманов Қазанғап күйлерін шебер орындаушы ғана емес, ол әйгілі күйшінің мұрасын зерттеп, насихаттау барысында да еңбек сіңіріп келеді. Қазанғаптың осы кезге дейін белгісіз болып келген «Өмір жайлау», «Бұраңдаған келіншек», «Балжан отыз бес-те» тағы басқа күйлерін орындап жеткізуші. 2004 жылы Ақтөбе қаласында Қазанғап Тілепбергенұлының туғанынан 150 жыл толуына арналған республикалық күйшілер сайысында бас жүлдені жеңіп алған. Алматы, Астана қалаларында өткен «Мәңгілік сарын», «Астана Арқау» сияқты халықаралық, республикалық деңгейдегі түрлі фестивальдерге қатысып Қазанғап күйлерін орындап, насихаттап келеді. 2009 жылы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жинағына Н. Жанамановтың орындауында Қазанғаптың бірнеше күйлері енген.





**АБДУЛХАМИТ
РАЙЫМБЕРГЕНОВ
(1957)**

Абдулхамит Ыскақұлы Райымбергенов 1957 жылы наурыздың 14 күні Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Белгілі домбырашы А.Райымбергенов – күйші Қазанғаштың дәстүрлі мектебінің ізбасары әрі жалғастырушысы. А.Ы.Райымбергенов кәсіби өмір жолын 1981 Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясында ұстаздық қызметінен бастаған. 1984 жылы консерватория қабырғасында

«Мұрагер» фольклор ансамбілін ұйымдастырып, көп жылдар бойы оның көркемдік жетекшісі болды. А.Райымбергенов республикаға танымал күйші, көптеген сайыстардың жеңімпазы: Республикалық жас орындаушыларының “Жігер” конкурсының лауреаты (1985 ж.), Құрманғазы атындағы бірінші Республикалық конкурстың лауреаты (1985 ж.), тележурналистика саласында 1997–1998 жылдары жасалған “Аманат” топтама бағдармалары үшін Республикалық “Алтын жұлдыз” сыйлығының иегері болды. А.Ы.Райымбергенов Еуропаның – Швейцария, Германия, Австрия, Италия, Франция, Бельгия, Кипр, Испания; Азияның – Япония, Қытай, Индия, Цейлон, Марокко, Түркия, Тайвань; АҚШ-тың – Нью-Йорк қалаларында гастрольдік сапармен өнер көрсеткен. 1997 жылы Францияда авторлық CD дискі, ал 2001 жылы деректі DVD фильмі жарық көрген.

1994 жылы – Әміре Қашаубаев атындағы №1 музыка мектебінің директоры, 1996 жылдан бастап «Көңіл» мектеп-колледжінің директоры. А.Ы.Райымбергенов орындаушылық және педагогикалық қызметімен қатар ғылыми жұмыстарға көп көңіл бөледі. Ел арасында көптеген ән-күйлердің жинау барысында екі монографиялық еңбегі жарық көрді – 1) Қазанғаш Ақжелең //Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы: Өнер, 1984. 2) Күй қайнарғы. – Алматы: Өнер, 1990.

А.Ы.Райымбергенов Қазақстан ұлттық телерадиосыни «Домбыра үйренейік» (1993-1996), «Сегіз қырлы» (1999-2001), «Әлі есімде» (2006-2008), «Айгөлек» (2010-2011), «Саз Толғау» (2011-2012) атты авторлық бағдарламаларын жүргізді.

Білім мен өнер саласындағы жетістігі үшін Ы.Алтынсарин атындағы және «Мәдениет қайраткері», «Мәдениет саласының үздігі» белгілерімен марапатталды

III. БЕСҚАЛА АЙМАҒЫНЫҢ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Әлі күнге дейін зерттеу нысанасынан тыс қалып келе жатқан ғажайып күйшілік дәстүрдің бірі еліміздің оңтүстік-батыс аймағындағы Бесқала деп аталатын – Қарақалпақ өңірі болып табылады. Бұл өңірде асқан күйшілігімен, күйлерінің әсемдігімен есімдері ел есінде қалған күйші, домбырашылар аз болмаған. Әйгілі күйші Қазанған Тілепбергеновты арнайы іздеп барып, батасын алған Орынбай осы өңірден еді. Устазына Қазанғанның «Орынбай Ақжелен» күйін шығарғаны мәлім. Қазанған ғашық болып, бірнеше күйлер арнаған Балжан сұлуда осы Қалақалпақ өңірі, Бесқала аймағында өмір сүрген. Бесқалада өмір сүрген белгілі күйшілерді Қазанғанның мектебінің өкілдері деушілер бар, алайда Қазанған тәлім алған Орынбайдың сол аймақтан болуы, күйшілік дәстүрдің Бесқала өңірінде ерте кезден-ақ қалыптасқандығын көрсетеді. Бесқала күйшілік дәстүрінің Қазанған шығармашылығына зор әсері болған сияқты.

Бесқала аймағында қалыптасқан күйшілік дәстүрдің көрнекті өкілдері ретінде Шүйт Орынбай күйші, Тоғайбай Бейсенбайұлы, Биман Кенжебайұлы, Жұмалы Ембергенұлы, Молдағали Балымбетов, мойнақшы Әбдіғали, кожелілік Тұрман қожа сияқты күйшілердің есімдерін атай аламыз. Олардың ұстаз-шәкірттік жолын жалғаған ізбасарлары Өтеу, Бақыт Басықараұлы, Қожахмет Нинзов тағы басқа майталман домбырашылар болатын. Бұл өңірдегі күйшілердің мұралары дер кезінде жиналмағандықтан көп сандысы сақталмаған. Арнайы зерттелмегендіктен, ғылыми айналымға түсуден тыс қалды. Фольклорлық экспедициямен барған зерттеушілер олардардың шығармаларын дыбыс таспасына түсіріп алып кеткенімен, бүгінде ол күйлер жинақтарда жарияланбай келеді. Әсіресе, осы аймақта қазақтың күйшілік өнерінде қалыптасқан “Ақжелен” атты тармақты күйлердің шоғыры мол сақталған. Аңыз бойынша ертеде Жайық өзені бойында Ақжелен атты домбырашы қыз өмір сүрген екен дейді. Қазақ күй өнерінде «Ақжелен»- пәктікті, сұлулықты, кіршіксіз адалдықты жырлайтын шуақты күйлер тобына жататын ғажай туындылар. Әсіресе әйел затының сұлулығын паш ететін көркем шығармалар болып саналады. Алпыс екі тармақты болып келетін осы күй үрдісі кейін келе-келе үлкен дәстүрге айналғандығын көруге болады. Қазақта «Алпыс екі тамырым иді» деп келетін тұрақты сөз тіркесі бар. Яғни «Ақжелендерді» алпыс екі деп қайыруда ең сезімді нәтиген күйлер деген мағынамен астасып жатуы әбден мүмкін. Күйшілерге ең биік баға берілгенде «Ол алпыс екі тармақты Ақжеленді тартады» деп келетін сөз бар. Әрине, дәл алпыс екіден «Ақжелендердің» саны әлдеқайда көп болуы мүмкін. «Ақжелен» атауымен белгілі тармақты күйлер жалпы күй өнеріміздің өрісінің кеңейуіне үлкен ықпал еткенін атап өту қажет.

Осынау байтақ домбырашылық дәстүрдің күй мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуде елеулі еңбек еткен дәулескер домбырашылардың бірі Молдағали Балымбетов. 2009 жылы “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының аясында шыққан “Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі” антологиясына Молдағали Балымбетовтың орындауында осы өңірдің біршама күйлері енген. Атап айтқанда “Күй басы Ақжелен”, “Жолшының кербез Ақжелені”, “Желдіртпе Ақжелен”, “Кәрі Ақжелен”, “Кербез Ақжелен”, “Тентек Ақжелен”, “Көңілдің Қаратөсі”, “Үлкен Қаратөс”, Қазанғанның “Бұлдыратпа Қаратөс”, сонымен қатар осы уақытқа дейін аты белгісіз болып келген күйшілерден “Балмағамбеттің күйі”, “Есқайырдың күйі”, “Таңжарбайдың күйі”, “Бапшайдың күйі” сынды тың туындыларды асқан орындаушылық шеберлікпен жеткізген. Сол сияқты осы жинаққа Молдағали Балымбетовтың төл туындысы ретінде енген “Бөгелек”, “Қаражорға” тәрізді күйлерде өзінің сарын-сазымен ерекшеленетін оқшау шығармалар. Молдағали

Балымбетовтың орындаушылық шеберлігі өз алдына, домбырасының үні де айрықша, ешкімге ұқсамайтын сазымен де ерекше екендігін айта кету ләзім. Молдағалидың орындаған күйлері өнер зерттеушілерінің назарына ілікпей қойған жоқ. Белгілі күйші, зерттеуші, профессор Айтжан Тоқтағанның құрастыруымен жарық көрген "Атыраудың 62 Ақжелені" атты күй жинағында Молдағали Балымбетовтың орындауында бірнеше күйлердің нотасы жарияланды. Бескала күйлерінің тағы майталман орындаушысы Биман Кенжебаев жөнінде айтылып та, жазылып та жүр. Биманның күй қоры өте бай болған, оның орындауындағы күйлердің ұнтаспа, бейнетаспалары кейбір адамдардың жеке архивтерінде әлі бар.

Бескала күйшілері жөнінде деректерді жинастыруға, осы жинақта тұңғыш рет жарияланып отырған Тоғайбай Бейсенбіұлы, Молдағали Балымбетов, Биман Кенжебаев сынды күйшілердің суреттерін ел арасынан сұрастырып тауып әкеліп, үлкен қолғабыс тигізгені үшін Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының, Халық әні кафедрасының түлегі Қайыруллаев Күніккожаға шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Бескала өнерінің күйшілік дәстүрі келешекте түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Әзірше осынау кемел күйшілік мекенті ғылыми-айналымға түсіру ниетінде оқырман назарына қолда бар мәліметтерді ұсынулы жөн көрдік. Алдағы уақыттарда осы күнге дейін ел арасында сақталған күйшілер туралы деректерді жинастырып, кезінде ғылыми-экспедицияларда жазылып алынған, сол сияқты Қазақ радиосының "Алтын қорында", Орталық мемлекеттік мұрағаттарда жатқан күйлердің басын қосып, жинақ етіп шығару, жас ұрпаққа мұра ретінде дәріптеу бабалар алдындағы борышымыз.

ЖУМАЛЫ ЕМБЕРГЕНҰЛЫ (1891–1975)

Жұмалы күйші Бескаланың Қоңырат өңірінде 1891 туып, 1975 жылы 84 жасында сол жерде қайтыс болған. «Қоңл шаттық», «Торы атқа», «Жемнің иығы», «Жекеме-жек» (Жекпе-жек) тағы да басқа күйлері бар. Қ.Сағтаров «Фольклор экспедициясының жемісі» атты мақаласында Жұмалы күйшіге қатысты көптеген деректер келтірген. Белгілі жырау Наурызбек Жұмалының күйлерін жазып, сақтاپ, фольклорлық экспедициямен барған Қ.Сағтаровқа Жұмалының күйлері жазылған дыбыс лентасын тапсырған. Онда жоғарыда келтірілген күйлермен қатар «Күй шақырғыш», «Жұмалатпай», «Ақторғай», «Әлиманың күйі», «Татқарбайдың күйі», т.б. күйлер болған.



ТОҒАЙБАЙ БЕЙСЕНБІҰЛЫ (1904–1976)

Тоғайбай Бейсенбіұлы Бескала өңіріне танымал күйшілердің бірі. Күйшілік өнер Тоғайбайға әкесі Бейсенбіден келген болса керек. Бейсенбі жұртқа танымал болмаса да, күйді бір кісідей тартатын домбырашы болған деседі. Домбыра өнерін әкесінен үйреніп, мұра еткен Тоғайбайдың өзінің орындауында жазылған бірнеше күйлер кәзір сақтаулы тұр. «Күй басы», «Үш төренің тартқан күйі», «Айша қатын күйі», «Нар идірген», «Шалқыма» деген күйлері есімде қалыпты, – дейді туысқан інісі Жарылқасын Оңайбаев. Ол Биман Кенжебайұлы, Молдағали Балымбетов секілді күйшілермен өнер сапарында

бірге жүрген өнерпаз. Тоғайбай халық күйлерін және халық композиторларының шығармаларын тартумен ғана шектелмей, өз жанынан көптеген күй шығарған дарын иесі болған. Соғыстан кейінгі жылдары, нақтырақ айтсақ, 1948 жылдардан бастап қазіргі «Қырантау» аймағында бажбан (тоғай қорықшысы, лесник) болып жұмыс атқарған.

МОЛДАГАЛИ БАЛЫМБЕТОВ (1906–1984)

Молдағали Қадырұлы Балымбетов 1906 жылы дүниеге келген. Ұрпақтарының айтуынша күйшілік өнерді Қонақбай деген нағашысынан үйренген. Ол Нөкіс өңіріндегі Қотанкөл маңында жасап, кейінірек Кегейлі ауданының орталығына көшіп барады. Күйшілік өнерімен Бесқала өңірінен танылған Молдағали күйші 78 жасында 1984 жылдың 24-шілдесінде Кегейлі қаласында қайтыс болған. Ол бүгінгі күнге дейін беймәлім болып келген көптеген күйлерді орындап қалдырған. 1956, 1974 жылдары Алматыдан арнайы келген экспедициялар Молдағалимен кездесіп, көптеген күйлерді жазып алған. Ол күйлер қазақ және қарақалпақ радиоларының эфирлерінен беріліп тұрған. Күйшіден алты ұл, екі қыз өрбіген.



БИМАН КЕНЖЕБАЙҰЛЫ (1916–2003)

Бıман Кенжebайұлы 1916 жылы Қарақалпақстанның Шымбай өңірінде дүниеге келген. Күйші Нөкіс жерінде есейіп, кемелге келген. Бıман Кенжebайұлының күй қоры өте бай болған. Ертедегі халық күйлерінен бастап, Бесқала өңірінде өткен күйшілердің ұмытылуға айналған туындыларын кейінге ұрпаққа жеткізген бірегей домбырашы. Өз жанынан «Балық қырган», «Інім, інім-ай», «Күй шақырғыш», «Қарт қазақ», «Бұлбұл», «Қоңыр қаз», «Күй басы» және т.б. толғума күйлер шығарған. «Інім, інім-ай» атты күйін белгілі ақын Төлеген Айбергеновке арнап шығарған. Күйшінің өмір деректеріне қатысты іздаған мәліметтерді Қ.Жұмажановтың еңбектерінен кездестіреміз. Б.Кенжebайұлының тартқан күйлері дыбыс лентасымен қоса бейнетаспаға да жазылған.

БАТЫС КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі – еліміздің батыс аймағы болып саналады. XVIII-XIX ғасырларда Батыс Қазақстанның Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Бөкей Ордасы — Ресей императорының рұқсатымен құрылып, 1801- 1845 жылдары Еділ мен Жайық өзендері аралығында болған қазақ хандығы. Ішкі орда немесе Бөкей хандығы деп те аталады. Бөкей ордасының күйшілік өнерінің қалыптасуына хан-сұлтандардың да ықпалы зор болған. Арынғазы, Жантөре, Дәулеткерей, Салауаткерей, Түркеш тағы басқа күйшілер аксүйектер әулетінен шыққан. Батыс қазақстан күйшілік дәстүрінің орнауына мұрындық болған Боғда, Баламайсаң, Ұзақ сынды күйшілер болған. Сонымен қатар осы күйшілік мектептің қалыптасуына зор ықпал еткен күйшілердің бірі Махамбет Өтемісұлы. Махамбет күйлері өзінің дауылпаз жырларымен сарындалып келеді. Кейін екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ күй өнерінің классигі, бүкіл түркі дүниесінің мақтанышына айналған, әлемдік өредегі алып композитор Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығы осы орындаушылық дәстүрдің дамушына, қазақ халқының баға жетпес рухани қазынасы болып табылады. Күй атасы Құрманғазы қазақ күйінің сипасын жоғары деңгейге көтеріп, әуен, ырғақ, мағыналарын байытумен қатар өзіндік күй тарту шеберлігін, мектебін қалыптастырды. Оның шығармалары арқылы қазақтың күй өнері жаңа деңгейде дамып, шыңдала түссе, шәкірттері арқылы домбырашылық шеберлігі жалғастық тапты. Құрманғазы және оның шәкірттерінің ең үлдік музыкалық шығармалары дауылдатқан екпінмен, тастай тегеуірінділігімен, орнпал батылдығы, кең тыныстылығымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар батыс күйлерінің бір парасында тартылу мәнеріне және әуендік құрылымына байланысты ел арасында «төре күйлері», «төре тартыс», «төре кагыс» деген ұғым қалыптасқан. Оқшау дәстүр – төре тартысқа жататын күйлер лирикалық әуезділігімен ерекшеленеді, психологиялық терең сезімге құрылып, адамның жан дүниесіне терең бойлайды. Бұл қағыстың тағы бір ерекшелігі, ауқымы, шеңбері қысқа алынғандықтан, биязы, жұмсақ болып келеді. Төре күйлерінің үлкен мектебін қалыптастырған күйші-композитор Дәулеткерей Шығайұлы болып саналады.

Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрін ала шаарушылар қатарында Сейтек Мәмен, Дина, Ергали, Соқыр Есжан, Түркеш, Әлікей сынды күйші-композиторлардың әрқайсысы күй өнеріндегі айтулы тұлғалар болып саналады.

Осы байтақ күйшілік дәстүрді кейінгі ұрпаққа жеткізушілер Оқан Қабінғожин, Қали Жангілеуов, Төлеген Аршанов, Ғылым Қайрошев, Рүстембек Омаров, Әндолла Есқалиев, Рысбай Ғабдиев сынды дәулескер домбырашлар.

Осы өлкенің күйшілік дәстүрін кеңінен зерттеген академик А.Жұбанов. Одан кейінгіде Т.Мерғалиев, К.Ахмедияров, А.Тоқтаған сияқты күйші, зерттеушілер көп үлес қосты. Сонымен қатар Т.Ахтанов, И.Кенжалиев, Т.Әлімқұлов, А.Сейдімбеков сынды жазушы, ғалымдар құнды еңбектер жазып қалдырды.

БАЛАМАЙСАҢ

Баламайсаң – XVIII ғасырдың соңында XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген әйгілі күйші. Сазгерлік өнері Ұзақ, Байжұма, Жантөре, Арынғазы, Боғда сияқты күйшілермен тұстас Баламайсаң шығармашылығында «Кербез Ақжелең», «Ілме Ақжелең», «Қыз Ақжелең» сияқты Ақжелең күйлерінің түрлері кеңінен орын алған. Біздің заманымызға жеткен тек Баламайсаңның «Баламайсаң» кейде «Дүниеғапыл» деп аталады және «Назым» атты күйлерін жеткізген Қали Жантілеуов.

66. ДҮНИЕҒАПЫЛ

Баламайсаң
орындаушы Қали Жантілеуов

Ойлы, терең сезіммен

The musical score is presented in ten staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/8 time signature. The music is marked *mf* and includes fingerings such as *m* and *v*. The score continues with various rhythmic patterns and rests across the remaining staves, ending with a double bar line.

This image shows a page of musical notation consisting of 12 staves. The notation is written in a single system across the page. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, such as accents and hairpins, indicating changes in volume. The notation is presented in a clear, black-and-white format, typical of a printed musical score.

This page of musical notation consists of ten staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a common time signature (C). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The second staff continues with similar rhythmic motifs. The third staff introduces dynamic markings, with 'v' (piano) and 'f' (forte) symbols placed above the notes. The fourth staff shows a change in rhythm with more complex patterns. The fifth staff continues with rhythmic variations. The sixth staff features a change in time signature to 3/4. The seventh staff shows a change to 2/4. The eighth staff features a change to 3/8. The ninth staff shows a change to 6/8. The tenth staff concludes the page with a final rhythmic pattern.

The image displays ten staves of musical notation. The first two staves are in a key with one flat (B-flat major or D minor). The third staff has a key signature change to two sharps (D major or F# minor). The fourth staff has a key signature change to one sharp (F# major or D minor). The remaining staves continue in the one-sharp key. The notation includes various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Some notes are marked with fingerings (1, 2, 3) and articulation marks like accents and slurs.

ЖАНТӨРЕ АЙШУАҚҰЛЫ (XVIII–XIX ғ.)

Әбілқайыр немересі, Айшуақ баласы Жантөре хан күйдегі “Шалқыма” жанрының негізін салушы. Атасы мен әкесінен қолбасшылық қабілет дарыған Жантөре жасында Сырым батыр жасағына ерді. Талай ұрыста ойқастан, талай айқастан аман шықты. 1805 жылы әкесі Айшуақтың орнына таққа отырды.

Жантөре күйшінің өмірі мен шығармашылығы туралы дерек өте аз. С.Толыбековтың «Қазақ шежіресі» атты кітабында Жантөре туралы екі дерек бар. Оның біріншісі бойынша Есімханұлы Қайыптан Жаңгір, Жантөре, Ахметсұлтан...» дейді. Екіншісі: «Сұлтан правитель Арыстан Жантөреұлы Айшуақхан немересін 1855 жылы Есет Көтібарұлының жақын туыстары Ерназар мен Бекет батыр өлтіреді». Мұнда Жантөре Айшуақханның ұлы болып шығады. Айшуақ 1797-1805 жылдары хан болған, сонда Жантөре шамамен XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген болады. Бүгінгі таңда домбырашылардың жеткізуінде Жантөренің «Шалқыма» күйінің әртүрлі нұсқалары бар.

67. ШАЛҚЫМА

Жантөре Айшуақұлы
орындаған Рысбай Габдиев

Тез, екпіндете

The musical score consists of 13 staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. Above the first few notes are four 'v' markings. The first staff includes a dynamic marking of *mf*. The second staff includes a dynamic marking of *f*. The score is characterized by dense, rhythmic patterns with many beamed notes, typical of a 'шалқыма' (a type of instrumental dance or rhythmic piece).

A page of musical notation consisting of 15 staves. The notation includes various rhythmic patterns, including sixteenth-note runs and chords. There are dynamic markings 'p' and 'p' on the 10th and 11th staves respectively. The page number 310 is at the bottom.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in 12 staves, organized into two systems of six staves each. The first system (staves 1-6) features a melodic line with various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. The second system (staves 7-12) features a dense, rhythmic accompaniment, primarily consisting of sixteenth notes. A dynamic marking 'p' (piano) is visible in the seventh staff. The notation includes various musical symbols such as clefs, time signatures, and accidentals.

This page of musical notation consists of 12 staves of music in G major. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 4/4 time signature. The music features a series of chords and eighth-note patterns. A dynamic marking of *p* (piano) is placed below the second measure. The second staff continues with similar chordal textures and includes another *p* marking. The third staff is a dense texture of sixteenth-note chords. The fourth staff continues with sixteenth-note chords. The fifth staff shows a change in texture with more eighth-note patterns. The sixth staff features a melodic line with eighth-note runs. The seventh staff continues with eighth-note patterns. The eighth staff includes a dynamic marking of *v* (accents) and features a melodic line with eighth notes. The ninth staff continues with eighth-note patterns. The tenth staff features a melodic line with eighth notes. The eleventh staff continues with eighth-note patterns. The twelfth staff concludes with a melodic line and a final chord. There are time signature changes from 4/4 to 3/4 in the eighth and eleventh staves.

БОҒДА ҚАРАУЛЫ (1765–1845)

Боғда шамамен 1765–1845 жылдар аралығында өмір сүрген. Негізінен Жылыойдың Желтауында ғұмыр кешкен Абыл күйшінің күйшілік дәстүрінің өкілі, бірақ өз мектебін қалыптастырған. Сонымен қатар Асан Қайғының, Қазтуғанның мұраларын бізге жеткізген бірегей дарын. Бізге жеткен деректерде оны «Алпыс екі Ақжеленді» түгел түрде санап тартқандығы жөнінде айтылады. 1836–1838 жылдары Исатай Таймановтың көтерілісін жақтаушылардың бірі болды. Исатай мен Махамбеттің аға деп сыйлап, ардақтаған жандарының бірі болған. Боғда өз жанынан «Бозтөбе», «Жем суының тасқыны», «Екіндіде ел іздеген», «Бозтөбе», «Қара жаяу», «Кербез Ақжелеу», «Сегіз лаю» «Өтті-кетті» сияқты күйлер шығарған. Бұлардың қай-қайсысы да өзіндік шығу тарихы бар, белгілі оқиға, сюжетке құрылған шығармалар. Оның шығармалары Батыс Қазақстанда, қазіргі Ақтөбе, Орал, Атырау және Ақтөбе облыстарында кеңінен тараған.

Қара жаяу

Бұл күйдің шығу себебін белгілі музыка зерттеушісі Мұстафа Ысмағұловтың айтуы бойынша: «Қарауыл қожаның нөкерлері Боғданы ұстап, байлап» әкетуге келеді. Боғда қашып қутылайын десе атын ұстай алмай қалады. Амалы құрыған Боғда бозтөбенің үңгіріне барып тығылады. Қарауыл Қожаның «сен тұр, мен атайын» дейтін нөкерлері Боғданың атын ұстап, мал-мүлкін, бала-шағасын ұлатып-шулатып айдап әкетеді. Содан күн битып, қас қарайғанда үйіне келсе, төр талқан, есік ойран. Тек іргеле киіз қапты көк домбырасын көреді. Қолына алып сыртқа шыкса бір сабау көзге түседі. Марқұм кемпірімнің көзіндей көрейін деп, сабауды таяқ етіп, домбырасын аркалап, ел жағалай қашады. «Қара жаяу» күйі Боғданың осы азатты сапарында туған екені».

68. ҚАРА ЖАЯУ

Боғда Қарауыл
орындаушы Айтжан Есенұлы

Асықпай, манерлі

The image shows a musical score for the piece 'Qara Jau' (Қара жаяу). It is written in 3/4 time and begins with a piano (mf) dynamic. The score consists of four staves of music. The first staff starts with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several slurs and accents throughout the piece. The second staff continues the melodic line. The third and fourth staves feature more complex rhythmic patterns, including triplets and sixteenth-note runs. The piece concludes with a final cadence.

This page of musical notation consists of 13 staves. The notation is written in a single system with a key signature of one flat (B-flat) and a common time signature (C). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings: 'f' (forte) appears in the third staff, and 'mf' (mezzo-forte) appears in the eleventh staff. The notation includes various rests, such as quarter and eighth rests, and some notes are beamed together. The piece concludes with a double bar line and a repeat sign.

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жанқұс деген жерінде туып, 1846 жылы Қараой өңірінде, қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданында дүние салған. Қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы болған. Махамбет әлеуметтік әділетсіздікке жігерлі күйлерімен, уытты жырларымен қарсы тұрған суреткер. Көнеден тамыр тартқан жыраулық дәстүр өкілі Махамбеттің күйлері айбынды жырларымен сарындас болып келеді. Оның бізге жеткен «Исатайдың Ақтабына-ай», «Қыл қырғаны», «Өкініш», «Жұмыр, Қылыш», «Қайран, Нарын» сияқты күйлерінен сол кездегі көтерілістің оқиғалары көз алдымызға келеді. Ақынның өлең-толғауларымен сабақтас күйлері қазіргі уақытта дарынды домбырашылар репертуарынан берік орын алған.

Жұмыр, Қылыш

1838 жылы шығатын шілде айында Исатай батыр Гекке мен Баймағамбет сұлтанның әскерімен болған соғыста Қырал өзеніне жақын жерде қаза табады. Осы кескілескен шайқастан кейін Махамбет Исатай батырдың баласы Жакия екеуі ойда-қырда кезіп жүріп, жайлаудағы Жұмыр (шын аты Садыр) мен Қылыш батырлардың ауынан шығады. Бұлар Махамбет пен Жакияны танып, зор құрметпен қарсы алады. Ауылдың үлкен-кішісі түгел жиналады. Сонда бір қария: "Арыстан домбырашының үйіндегі Боғда күйшіні шақырыңдар", – дейді. Боғда есімін естігенде Махамбеттің көзі жайнап кетеді. Арнайы шақыртумен келген күйші: "Сөзса қол жетпейтін, ұпса құс жетпейтін Исатайдан айрылып сорпаған екенбіз ғой... Мына Жакия Исатайдың көзі емес, өзі болсын қарағым Махамбет!" – деп күніреніп қоя береді. Махамбет, Жакия, Жұмыр, Қылыш – төртеуі орындарынан тұрып, Боғдамен құшақтасып көрісіп, Арыстан екеуіне төрден орын береді. Сол күннен бастап Байбақты елінде Махамбет, Жакия, Боғда, Жұмыр және Қылыш жұптарын жазбай бірге жүреді. Және сол жылы жазда осы елде өткен үлкен бір аста Махамбет Жұмыр мен Қылыштың азаматтық ісіне әбден риза болады. Жиын үстінде Баймағамбет сұлтанның шаһи ал десе, бас алатын нөкерлері Махамбет пен Жакияға тор құрады. Осы кезде Жұмыр мен Қылыш қорған болып, көп қайрат көрсетеді. Ақын осы тұста арыстай екі азамат туралы ризашылығын күймен толғап беру жайын көңілге түйіп аттанады.... Әр кеш сайын ауыл адамдары Жұмырдың үйіне жиналып, мәжіліс құрады. Сондай бір кешкі мәжіліс үстінде Махамбет қолына домбыра алып, бірде сал бақулата, бірде жоғары көтеріп, бір жаңа әуенді шертіп, терең тебіреністе отырады. – Жакияжан, – дейді ол кенет, – осы бір әуен құлағына қалай естіледі? – Бұрын сонды естімеген күйдің сазы ғой мұнының? – Естімегенің рас. Осы күйдің сазы көптен көңіліңді юлтығып жүр еді. – Боғда ағамы тыңдатып көрмейсіз бе? – Боғдаға да, Арыстанға да тыңдатқаным артық болмас, – деп Махамбет тобылғыдан домбыраға тиік жасап, әлгі күйдің сазын қайта тартыды. Жакия домбыраны елтіп тыңдайды. Тыңдап болып: – Мына күйіңіз барған сайын өршіп, адамды арбап алып барады ғой, аға? Не жайында, кімдер жайында сонда? Аты не? – деп, білмеке асығады. – Бұл күй Жұмыр мен Қылышқа арналады. Бір қалт еткенде өздеріне тартып беремін. Мен үшін бұл екі батыр анадағы аста Баймағамбеттің жауыздығына кеуделерін тосты-ау. Семсерлерін жалтылдатып, екеуі екі қанталымда тұрып алғанда, Исатай ағам мен Барак, Ерсарылар тіріліп келгендей болды ғой, – деп Махамбет домбыраның бұрайын босатады.

Күйді орындап тарихын айтушы Оразғали Сүйінбеков, жазып алған Мұстафа Ысмағұлов.

Қ. Ахмедияров. Шаһақты найза, шаққар күй.

69. ЖҮМЫР, ҚЫЛЫШ

Махамбет Өтемісұлы
орындаушы Оразғали Сүйінбеков

Екпінді, жүрдек

The musical score is written in 3/4 time and consists of ten staves. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The music is characterized by a steady eighth-note accompaniment with various articulations such as accents (v), slurs (c), and dynamic markings like *mp*. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

Musical score consisting of ten staves of music. The notation includes chords and eighth-note patterns. Dynamics include *mp*, *mf*, and *>*.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The key signature is one flat (B-flat major or D minor), and the time signature is 3/4. The music is written in a style typical of a piano accompaniment, featuring chords and melodic lines.

Dynamics and performance markings include:

- mf* (mezzo-forte) at the beginning of the second staff.
- mp* (mezzo-piano) at the beginning of the third staff.
- pp* (pianissimo) at the beginning of the fourth staff.
- f* (forte) at the beginning of the sixth staff.

The instruction "harmoni, tutti tutti" is written below the fifth staff. The piece concludes with a double bar line and repeat dots at the end of the tenth staff.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single melodic line on a grand staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings such as *mf*, *ff*, *pp*, *f*, and *p* are used throughout. There are also articulation marks, including accents and slurs, indicating phrasing and emphasis. The notation is presented in a clear, professional layout.

The image displays a page of musical notation, likely for a piano or organ piece, consisting of ten staves. The notation is written in a single system across ten staves. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, including accents (>) and breath marks (v). The notation is written in a single system across ten staves. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, including accents (>) and breath marks (v). The notation is written in a single system across ten staves.

This musical score is written for guitar and consists of ten staves of music. The notation includes various chords and melodic lines. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. Above the first few notes, there are fingering and breath marks: '1.' above the first note, 'v' above the second, 'c' above the third, 'v' above the fourth, 'v' above the fifth, 'v' above the sixth, 'c' above the seventh, and 'v' above the eighth. A double bar line with repeat dots follows. Above the first note of the second measure, there is a '2' above a 'v' mark. The score continues with several measures of music, including a section with a 3/4 time signature indicated by a '3' above a vertical line. The final staff ends with a double bar line and repeat dots. The music features a mix of chords and single-note lines, with some notes beamed together.



ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ (1818–1889)

Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі Құрманғазы Сағырбайұлының туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жшиққала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Тоғырақ бұйырған орыны – Астрахань (Ресей) облысының бұрынғы «Шайтани батаға», қазіргі «Құрманғазы төбе» деп аталатын жер. Құрманғазы Сағырбайұлы қазақ музыка тарихында ерекше орны бар аса ірі тұлға. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған – әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының алғашқа ұстазы – Ұзақ деген күйші болған. Құрманғазы күйлері өмірбаяндық негізге құрылған. Оның күйлері өз өмірінің шежіресі сияқты. Олар нақты

болған оқиғаларға байланысты шығарылған, әрқайсысының тарихи негізі бар туындылар. Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң солын танып, өмір-тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі кезеңдердің бірі болған. Патшалық Ресейдің отаршыл саясатының ықпалы Құрманғазы тағдырына да әсер етпей қоймаған. 1830 жылы Исатай Тайманұлы және оның жан досы, дауыппаз ақын, дәулескер күйші Махамбет Өтемісұлы бастаған Жәңгір-ханға шаруалар көтерілісінде Құрманғазы да болады. Сол жылдарында «Кішкентай» деген күй шығарады. Осы туындысы арқылы ол халықтың азаттықты көкөсеген арманын, әділетсіздікке қарсылықты, қоғамдық мүдделердің өзара қақтығысын білдіреді. Күйші шығармашылығындағы негізгі тақырып — халықтың азаттығы мен бостандығы. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Саранжап» сияқты күйлерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұлбұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған.

Күйшінің өмірінің көбі қуғын-сүргін, қудалауда өткен. Құрманғазы өз ауылында көп тұрақтамай, ел кезіп, қазақ жерінің барлық түкпірін аралайды. Ел көреді, жер көреді, талай той-думандардың сәні, көркі болады. Жүрген жерлерінің бәрінде халқымыздың өңлес мәдени қазынасына айналған күйлерін шығарады. Құрманғазының күйлері қазақ халқының азаттық жолындағы ұраншысы іспетті. Құрманғазы Сағырбайұлы бірнеше мәрте түрмеге де қамалған, алайда халықтың азаттығы жолындағы күрескер сазгердің рухы ешқашан түспеген. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған. Ол Орал, Орынборда, Үркіт түрмелерінде де отырған. Қуғын-сүргін мен сергелдеңге түскен күйші халықтың тәуелсіздік пен бостандық туралы терең ой-толғамын бейнелеген. 1857 жылы Құрманғазыны түрмеге отырғызады. Сібірге айдапайын деп жатқан жерден ол қашып құтылады. Екінші рет оны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ генерал-губернатор Перовскийдің қолдауымен құтылады. Құрманғазы туындыларында қоғам мен адамның арақатынасындағы айрықша әлеуметтік-психологиялық жағдайлар бейнеленеді. «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Қайран шешем», «Перовский марш», «Қызыл қайың» т.б. күйлер сазгердің өз өміріне қатысты туған, патша үкіметі, билік иелері тарапынан көрген қуғын-сүргінге байланысты шыққан. Құрманғазы күйлері – күйші өмірінің қиын-қыспақ өмірінің баяндамасы болудың сыртында, өз ортасының

қоғамдық саяси сипатын танытатын туындылар болып саналады. Оның күйлері өз заманының болмысын сипаттайтын тарихи мазмұнда, терең ойға жетелейтін саздылық та толы.

Академик А. Жұбановтың дерегіне сүйенетін болсақ күйші өмірінің соңына қарай 1880 жылы Астрахан түбіндегі Сахма елді мекеніне қоныс аударады. Құрманғазы алғашқы кезде Ұзақ күйшіден, кейін Байжұма, Баламайсаң тәрізді күйшілерден білім алып, ұстаз тұтса, өзі де күйшілік өнерде өзіндік мектеп қалыптастырған ұлы ұстазға айналды. Күйші қауым арасында ерекше құрметке бөленген Құрманғазы Дина Нұрпейісова, Ергали Есжанов, Меңдіғали Сүлейменов сынды шәкірттер жинайды. Сол дәуірде әйгілі болған Мәмен, Қоқбала, Менетай, Менқара, Сүгірәлі, Тоғайбай сынды дәулескер домбырашылар да Құрманғазыны ұстаз тұтқан.

Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық нұрімдерінің алуандығымен ерекшеленеді. Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Байжұма», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әрқайсысы – қайталанбас, кесек туындылар.

Құрманғазы күйлерін біздің заманға жеткізген Дина, Ергали, Меңдіғали сияқты әйгілі шәкірттерімен қатар, Оқап, Қали сияқты дарынды күйшілер. Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығын егжей-тегжейлі зерттеген ғалым Ахмет Жұбанов екендігі баршаға аян.

Алматыдағы ұлттық консерваторияға және бір көшеге Құрманғазы есімі берілген. Сондай-ақ Ахмет Жұбанов 1934 жылы ұйымдастырған қазақтың тұңғыш академиялық ұлт аспаптар оркестрі, Атырау облысындағы бір аудан Құрманғазы атымен аталады. Құрманғазының зираты Ресейдің Астрахань облысында жатыр.

70. САРЫАРҚА

Құрманғазы Сағырбайұлы
орындаушы Оқап Қабитқожин

Жылдам, асықтатыл

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation includes various rhythmic patterns, dynamics, and articulations.

- Staff 1:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 2:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 3:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 4:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords with dynamic markings *mf* and *f*.
- Staff 5:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords with dynamic markings *f* and *mf*.
- Staff 6:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 7:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 8:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.
- Staff 9:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords with dynamic markings *f* and *dim.*.
- Staff 10:** Treble clef, 2/4 time signature. Features a sequence of eighth-note chords.

This page of musical notation consists of ten staves. The first two staves feature a melody with eighth-note patterns and dynamic markings of *p* and *f*. The third staff continues with eighth-note patterns. The fourth staff shows a change in time signature to 3/4 and includes a *mf* marking. The fifth staff continues with eighth-note patterns. The sixth staff features a *f* marking and includes a 3/8 time signature. The seventh staff continues with eighth-note patterns. The eighth staff features a *f* marking and includes a 3/4 time signature. The ninth staff continues with eighth-note patterns. The tenth staff concludes with eighth-note patterns and a *p* marking.

The image displays ten staves of musical notation, likely for a piano or guitar. The notation is written in treble clef and includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings. The first staff features a series of eighth-note chords with accents. The second staff shows a sequence of eighth-note chords, some with rests. The third staff continues with eighth-note chords and rests. The fourth staff features a series of eighth-note chords with accents. The fifth staff shows a sequence of eighth-note chords with rests. The sixth staff continues with eighth-note chords and rests. The seventh staff features a series of eighth-note chords with accents. The eighth staff shows a sequence of eighth-note chords with rests. The ninth staff continues with eighth-note chords and rests. The tenth staff features a series of eighth-note chords with accents and a forte 'f' marking at the end.

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1887)



Дәулеткерей 1820 жылы Орал облысы Орда ауданы Қарамола деген жерде туып, 1887 жылы атамекенінде дүниеден озған. Қазақ халқының аспаптық күй өнерін дамытушы. Ел аузында Бапас күйші атанған. Домбыра тартуды жас кезінде Мүсірәлі деген күйшіден үйренген. Дәулеткерей бала кезінде молдадан оқып, мұсылманша хат таныған. Ресейде білім алып, кейін генерал дәрежесіне дейін жеткен хан Жәңгір Ордада балалардың орысша білім алуына да жағдай туғызыпты. Дәулеткерей орысша үйреніп, оқиды, жаза да алатын болған. Кішкентайынан ақ оқымысты бала атанған. Оның үстіне сұлтандардың қысқы мекеніне айналған

Ордада 1840 жылдардың бас кезінде Саратовтан драма және эстрада артистері шақырылады екен. Дәулеткерей орыс және Еуропа музыкасымен жастайынан танысқан деген жорамал бар. 1855 жылы Екінші Александр патшаның таққа отырып, тәж кино салтанатына қатысқан өкілдердің ішінде Дәулеткерей де бар еді. Ол осы сапардан көрмегенін көріп, естімегенін өз құлағымен естіп қайтады. Еуропа сазгерлерінің оркестрде ойнаған шығармаларын тыңдайды.

Дәулеткерей, ұзақ уақыт өмір сүрмесе де артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кеткен ұлы күйшілердің бірі. Орда төңірегінде Баламайсан, Мүсірәлі, Байжұма, Арынғазы сияқты дарынды күйші-домбырашылар болды. Ал, Дәулеткерейдің ізін баса шыққан Әлікей, Түркеш, Салауаткерей, Сейтек сынды дәулеткерей күйшілер Дәулеткерей алтын дінгегі болған осы бір күйшілік мектептің орнығуына өз үлестерін қосты. Батыс өңірінде «қара қызы» немесе «тентек қызы» деп аталған Құрманғазы дәстүріне мүлде ұқсамайтын өзгеше, оқшау мектеп, дара дәстүр қалыптастырып, әуендік тұрғыда сазды, сұлу күйлер қалдырған Дәулеткерейді А.Жұбанов «Төре күйлерінің атасы» – дейді.

Дәулеткерей күйлері негізінен лирикалық тақырыпты арқау еткен. Күйші шығармашылығын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Оның жас кезінде шығарған туындылары жайма-шуақ, романтикалық-лирикалық әуенге бай, жанға жайлы, әсем ырғақты болып келеді. Дәулеткерей өмірінің соңғы жылдарына жататын күйлерінде - терең мазмұн мен күрделі психологизм басым. Олар адамның ішкі ой-сезімін қолғайтын психологиялық толғауларға жатады. Оның «Қыз Ақжелең», «Құдаша», «Ысқырма», «Керілме», «Ақбала қыз», «Бұлбұл», «Көркем ханым» күйлері лирикалық әуені басым, сырлы сезімге толы болып келсе, «Топан», «Салық өлген», «Охота», «Шолтақ», «Жігер» қатарлы туындылары терең ойға, философиялық толғанысқа құрылған. "Жігер" туралы Затаевич "Бұл күй — дыбыстық мүмкіндігі аз домбыраның тар көмегіне сыймай, тасып жатқан терең де мал, көтеріңкі лептегі ман-маңызы зор шығарма" – дейді.

Күйші өміріндегі аса елеулі оқиғаның бірі - ұлы күйші Құрманғазымен кездесуі болды. Дәулеткерей 1861 жылы Қызылқұрт елінің билеушісі боп тағайындалған соң, бір жылдан кейін күй атасы Құрманғазымен кездескен. Қос күйші күй



тілімен табысып, бір-біріне күйшілік өнерімен тікелей әсер етеді. *“Дәулеткерейдің Құрманғазымен әлгімелесіп, халық дәстүрі үлесіндегі басқа да домбырашыларды көріп тануы, оның музыкалық творчествосына қатып әсер етеді”*, – деп жазады академик Ахмет Жұбанов. Дәулеткерейдің «Бұлбұл» күйі де осы кезеңде туған.

Атақты мунықа зерттеушісі, академик Ахмет Жұбановқа Дәулеткерей туралы құнды деректер берген туған жиегі Науша Бөкейханов болды. Науша Дәулеткерейдің елуден аса күйін тартқан екен. Дәулеткерей күйлерінің жеткізушілері – Науша, Махамбет Бөкейхановтар. Ал жеріне жеткізе орындап, жаздырып, насихаттап, кейінгіге мұра қылып қалдырған әйгілі домбырашы Қали Жантілеуов.

Байжұма

Қазақстанның батыс өлкесінде оның ішінде Бөкей өңіріне кең тараған күй үлгілерінің бірі – «Байжұма» болып саналады. Ертеректе еліміздің батыс өңірінде Байжұма деген күйші өткен екен. Өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі болған осы күйшінің құрметіне арнап өз кезегінде дәулескер күйшілер «Байжұма» атты туындыларын шығарып, арнаулы үлкен дәстүрге айналдырған. Бұл жөнінде академик А. Жұбанов *«Қазақ домбырашылары «Байжұма» дегенді күйдің түрі, формасы етіп алып, әрқайсысы өзінің осы аттақ күй шығарып кеткен болу керек»* - дейді А. Жұбанов. «Байжұма» атты күй үрдісіне Бөкей күйшілік дәстүрінде өз үлесін қосқан күйшілер көптеп саналады. Тіпті «Байжұма» күйлері күйшіліктің, домбырашылықтың өлшеміне айналған деп топшылауға болады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Түркеш, Мақаш, Қонарша, Дина, Әлікейлердің «Байжұмалары» бір-бірінен күй мінезі тұрғысынан алшақ тұрғанымен, оларда әуеннің тууы, орбуі, тұрғысынан қарайтын болсақ ортақ бір желі бар.

71. БАЙЖУМА

Дзулеткерей Шыгайұлы
орындаушы Рүстембек Омаров

Орташа, мәнерлі

The musical score is written in a single system with ten staves. The key signature has one flat (B-flat), and the time signature is 2/4. The first staff starts with a dynamic marking of *mf* and features several accents (*v*) over the notes. The melody is primarily composed of eighth and sixteenth notes, with some chords and rests. The piece concludes with a final chord on the tenth staff.

This page of musical notation consists of 13 staves of music in G major (one sharp) and 4/4 time. The notation includes various chords, melodic lines, and dynamic markings such as *mf* and *f*. The music features a mix of block chords and moving lines, with some staves showing complex rhythmic patterns and articulation marks like accents and slurs. The key signature is G major, and the time signature is 4/4. The notation is presented in a standard musical format with a treble clef and a key signature of one sharp.

ТҮРКЕШ ҚАЛҚАУЛЫ (1832–1875)

Түркеш Қалқаулы аса дарынды күйші-композитор Бөкей ордасында «Саралжың» көлінің маңында 1832 жылы дүниеге келіп, 1875 жылы дүние салған. Түркеш төре тұқымынан, әйгілі күйші Дәулеткереймен аталас туыс болып келеді. Ол өзіне дейінгі Баламайсан, Байжұма, Соқыр Есжан, Дәулеткерей күйлерінің шебер орындаушысы болған. Ел аузындағы деректерге қарағанда отаршылдық өктемдігіне қарсы келіп, Орда, Орал, Астрахань түрмелерінде қамауда болған. Түркештің күйлерін алғаш нотаға түсірген – А.В.Затаевич. Қазақ күйлерінің ішіндегі шоқтығы биік туындылардың бірі «Көңлашар» Түркештің есімін жұршылыққа әйгіледі. Сонымен қатар Түркештің «Қарабас», «Байжұма» сынды күйлері бар. Түркештің күйлері Қазақ академия халық аспаптар оркестрінің репертуарынан берік орын алды.

72. КӨҢЛАШАР

Түркеш Қалқаулы
орындаушы Қали Жантөлеуов

Жүзек, шалқыта

mp

mf

mp

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single melodic line on a treble clef staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, often grouped with slurs and accents. Dynamic markings are present throughout the piece, including *f* (forte), *mf* (mezzo-forte), and *mp* (mezzo-piano). The notation includes numerous accents and slurs, indicating phrasing and emphasis. The overall style is characteristic of a classical or romantic-era instrumental piece.

The image displays a page of musical notation for a piano piece, consisting of ten staves of music. The notation is written in a key with one flat (B-flat) and a 3/4 time signature. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are present throughout: *mf* (mezzo-forte) appears on the second staff, *mp* (mezzo-piano) on the third staff, and *f* (forte) on the fifth staff. There are also several accents and slurs used to indicate phrasing and articulation. The overall texture is dense, with many notes beamed together, suggesting a complex and rhythmic composition.

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in a single melodic line across the staves. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are present throughout, including *mf* (mezzo-forte), *f* (forte), and *mp* (mezzo-piano). There are also several accents (*^*) placed over notes. The notation is arranged in a vertical column, with each staff containing a line of music. The overall style is that of a classical or romantic-era musical score.

МӘМЕН ЕРҒАЛУҒЫ (1859–1931)



Мәмен Ерғалуғы 1859 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жанақала ауданына қарасты Қамыссағар деген жерде туған. Мәмен жастайынан тұрмыс тауқыметін көріп өседі. Бала жасынан домбыраға жаны құмар ол ел ішіндегі күйшілерден өз бетінше үйреніп, 14-15 жасқа келгенде ел тыңдайтын дәрежеге жетеді. Құрманғазыға кездесіп, оның көптеген күйлерін үйренген Мәмен күй атасын ұстаз тұтып, тағылым алып, халық арасында оның күйлерін насихаттады. Сол өңірдегі белгілі күйшілер Түркеш, Әлікей, Жақия сияқты домбырашылардың күйлерін үйреніп, өз жанынан да күй шығаруға талпынады. Мәменнің күйлерін ілгері жалғастырған Тоғайбай, Алабастан Қалпы, Менетай,

Жұматай сияқты шәкірттер еді. Бұлардың жолын қуған Охаш Қабигожин, Қали Жантілеуов сынды дәулескер домбырашылар Мәмен күйлерін бізге жеткізді. Мәмен өз жанынан “Ақшопан”, “Қайғылы кара”, “Қаражан ханым”, “Кербез Ақжелен”, тағыда басқа күйлер шығарған. 20 ғасырдың басында қазақ даласында болған аласапыран кезенді меңзейтін «Дүрбелең (1917 жыл) атты күйі бар.

73. ҚАРАЖАН ХАНЫМ

Мәмен Ергалиұлы
орындаушы Қали Жангілеуов

Орташа, сазды

The musical score is written for a saz and consists of ten staves. The key signature has one sharp (F#) and the time signature is 3/4. The piece is marked 'Орташа, сазды' (Moderate, saz). The dynamics are marked as *mp*, *mf*, and *f*. The score includes various musical notations such as trills, slurs, and accents.

This page of musical notation consists of 12 staves. The music is written in a single melodic line across the staves. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings, and articulation marks.

Dynamic markings include *f* (forte), *mf* (mezzo-forte), and *mp* (mezzo-piano). There are also accents and slurs used throughout the piece.

The notation is arranged in a single melodic line across the staves, with various rhythmic patterns and articulation marks.

This page of musical notation consists of 12 staves of music. The notation is written in a single melodic line on a grand staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are present throughout, including *mf* (mezzo-forte) and *mp* (mezzo-piano). There are also several accents and slurs used to indicate phrasing and articulation. The music appears to be a single melodic line, possibly for a piano or violin. The overall style is that of a classical or romantic-era piece.

ЕРҒАЛИ ЕСЖАНОВ (1864–1949)

Құрманғазының алдын көріп өнерінен тағылым алған күйшілер көптеп саналады. Осындай күйшілердің ішінде Құрманғазының күйшілік мектебін ары қарай жалғастырып, өз жанынан бірнеше күйлер шығарған дәулескер күйші Ерғали Есжановтың есімін айрықша айтуға болады. Ерғали жасынан домбыра тартып, атақты күйші Құрманғазының жанына еріп, күй тартуды үйреніп, беріректе ұлы күйшіге де өз көмегін аямаған. Ерғали күйші жөнінде деректер өте аз. Ерғали Есжанов хақында академик А. Жұбановтың: «Ерғали



Есжанов 1864 жылы туған. Құрманғазының төл шәкірті. Ол тек жақсы орындаушы ғана емес, сонымен қатар өзі жанынан күй шығаратын композитор. Оның күйлері де формалық жағынан шыныққан, көлемі ірі, мелодиялық тілі өткір келеді. Туған жерімен қоштасып тартқан «Қоштасу» және «Бозашы», «Маңғыстау» деген күйлері бар. Ерғалидің «Бозашы», «Қоштасу» деген күйлері мазмұны жағынан терең, техникалық жағынан аса жоғарғы дәрежеде тұрған шығармалар деуге болады» – дейді. Күйші өміріне қатысты жазушы Ләтiфолла Қанашев "Күйші Ерғали Есжанов" атты мақаласында: "Ерғали өмірінің көбін Астрахан айналасындағы балық кәсібінде әкесімен бірге өткеріп, қалаға жақын болғандықтан орыс тілін де үйреніп, кезінде Жәңгір оқыған гимназияда дәріс алғанын айтады. Тек өкініштісі жас балалардың арасында болып тұратын төбелестің кесірінен гимназиядағы оқудан шеттетілген. Содан кейін ол әке қасында біржола балық кәсіпшілігінде еңбек етті." – дейді. Ерғали күйшінің мұрасын кейінге жеткізушілердің бірі Есжановтың тағы бір ұлы Үбіштен туған Қайроштың баласы Ғылман Қайрошев екендігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар Ғылман Қайрошев арқылы Ерғали күйші орындаған Құрманғазының көптеген күйлері де біздің заманымызға жеткендігін айту дәлім. Құрманғазының шәкірті Ерғали Есжановтың сүйегі Астрахан облысы, Құмөзек ауданы, Лебжі (Аққулы) ауылында жерленген.

74. БОЗАШЫ

Ергали Есжанов
орындаушы Ғалым Кайрошев

Жүрдек, толғана

mf

f

mf

A page of musical notation consisting of 12 staves. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as *f* and *mf*. The music is written in a single system across the staves.

This image shows a page of musical notation consisting of 13 staves. The notation is written in a standard musical staff format with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, as well as rests. There are several dynamic markings: a forte 'f' marking appears in the third staff, and a mezzo-forte 'mf' marking appears in the eighth staff. The notation includes various rests and articulation marks, such as slurs and accents. The overall style is that of a classical or romantic-era musical score.

**ДИНА
НҮРПЕЙІСОВА**
(1861–1955)



Батыс Қазақстан облысы Жанақала ауданы Бекетай құмы деген жерде 1861 жылы дүниеге келіп, 1955 жылы 94 жасында Алматы қаласында қайтыс болды. Ол 9 жасының өзінде-ақ Дәулеткерей, Мүсірали, Әлікей, Түркенш, Ұзақ, Есжан, Байқұма

күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, «домбырашы қыз» атанған. Динаның даңқын естіп, арнайы іздеп келген Құрманғазы оның болашағынан үзкен үміт күтіп, батасын береді. Академик А. Жұбановтың дерегі бойынша "Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады". Ұлы ұстазы Құрманғазы күйлерін кейінгі ұрпаққа жеткізуші Динаның күйшілік өнері және домбыра тарту шеберлігі – қазақтың музыкалық мәдениетіндегі қайталанбас құбылыс. Ұстазы Құрманғазы: «Егер менің сол қолым, Динаның он қолымен бір адамға берсе, одан асқан домбырашы болмас еді» – деп бағасын беруі Динаның орындаушылық шеберлігінің биіктігін көрсетеді. Дина Нурпейісова Құрманғазы қалыптастырған күйшілік мектептің аса дарынды өкілі XIX ғасыр мен XX ғасыр дәстүрін біріктірген, сондай-ақ, Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің философиясын, аксүйектік іздіктігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты. Оның «Қарақасқа ат», «Он алтыншы жыл», «Жігер», «Бұлбұл», «Әсем қояр», «Байқұма» сынды күйлері – қазақ күйінің әуен-сазы мен композициялық құрылымын байытқан туындылар.

Оның өмірі мен шығармашылығы XIX-XX ғасырдағы музыкалық өнердің дарынды өкілдерінің ішінде ерекше орын алады. Оның есімі халық есінде тек қана дарынды күйші-композитор ғана емес, сонымен бірге сирек кездесетін домбырашы-орындаушы ретінде де сақталған. Дина Нурпейісова халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Мәскеуде өткен Бүкілодастық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады.

Дина Кеңес заманында да өзінің шығармашылығын ары қарай жалғастырды. Жасының ұлғайғанына карамастан Қазақстанның 20 жылдығына орай «Той-бастар», Оған соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлерін шығарды. Бұл күйлері арқылы Дина қазақ күйлерінің өрісін ұзартып, өресін биіктетумен бірге, өзі де ұлы күйшілермен терезесін теңестірді. Динаның ізін жалғастырған күйшілердің ішінде дүлдүл күйшілер Окап Қабноғожин, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Ғылман Әлжанов, Рысбай Ғабдиев, Әзидолла Ескалиев сияқты күйші-орындаушылардың есімдерін атауға болады.

75. БҮЛБҮЛ

Дина Нүрпейісова

орындаушы Мұрат Әбутағы

Жылдам, сайрата

The musical score is written for a single instrument, likely a piano or guitar, in a single system. It consists of 11 staves of music. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music is characterized by a fast tempo and a rhythmic, repetitive pattern. The score includes dynamic markings such as *mp* (mezzo-piano) and *mf* (mezzo-forte), and various articulation marks like accents and slurs. The piece concludes with a final cadence in the 11th staff.

12 staves of musical notation. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings (p, mp, mf, f), and articulation marks (accents, slurs, and 'v' marks). The key signature is one flat, and the time signature is 3/4. The music is arranged in a multi-staff format, likely for a piano or similar instrument.

The image displays a page of musical notation consisting of 12 staves. The notation is written in a single key signature (one flat) and a common time signature (C). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are used throughout, including *f* (forte), *mf* (mezzo-forte), and *mp* (mezzo-piano). There are also several accents and slurs, as well as small 'v' marks above some notes, likely indicating vibrato or a specific articulation. The notation is arranged in a standard Western musical format, with the treble clef on the left of each staff.

This page of musical notation consists of six staves. The first two staves feature rhythmic patterns of eighth and sixteenth notes. The third staff includes dynamic markings *p* and *mp*, and articulation marks such as accents (*^*) and slurs (*~*). The fourth staff continues with rhythmic patterns and includes the *mp* marking. The fifth and sixth staves conclude the piece with final rhythmic figures and a double bar line.

СЕЙТЕК ОРАЗАЛИЕВ (1861–1933)



Сейтек Оразалиев 1861 жылы Орал облысы Орда ауданы Саралжын деген жерде дүниеге келген. Алғаш домбыра тартуды ағасы Сұлтанғалидан, Дәулеткерейдің шәкірттері Әлікей, Мақар, Салсуаткерей, Тұрып сынды өнерпаздардан үйренген. Олар арқылы Дәулеткерей күйлерінің шеберліктерін меңгереді. Сейтек он жасқа келгенде «күйші бала» атанып, халық арасында аты шыққан. Ұлы Құрманғазының алдын көріп батасын алуы Сейтектің өмірінде өшпес із қалдырған оюға болап қалады. Бұл жөнінде күйші-зерттеуші Тымат Мерғалиев «Жаңа дәуір жыршысы» атты кітабында «Осы кездесуде Құрманғазы

күй тартудың небір гажайып үзгілерін көрсетіп, әр шығарманың характеріне қарай орындау ерекшеліктерін Сейтекке уақыттың тығыздығына қарамай үйретуге тырысып бағады. Сол жолы Сейтек Құрманғазының «Қайран иешем», «Сарыарқа», «Қызыл қайың» сияқты күйлерін оның өзінен үйренеді» деп жазған. Еділ-Жайық арасы, Ішкі Бөкей Ордасын аралап, халық арасындағы құндылықтарды бойына сіңірді. Домбыра әуенінің қыр-сырын игере отырып шыңдалып, талай өнер сайлақтарымен сайысқа да түскен. Ордада жылына екі рет болатын Хан базарында Берғали, Мырзақерей сынды күйшілермен өнер жарыстырған.

Сейтек қазақтың күй өнерін мазмұн, түр жағынан байытып, шығармашылық жаңалықтар енгізіп, әуен сазын жаңа биіктерге көтерген аса дарынды композитор. Ол өз шығармаларында қазақтың мұзын мұздап, жоғын жоқтап, өз заманының арман-аңсарын күймен бедерлей білді. Оның әлеуметтік көзқарастары, азаматтық ұстанымдары сол кездің демократтық-ағартушылық озық идеяларымен астасып жатты. Сейтек әділетсіздікке қарсы шыққаны патша өкіметі тарапынан үшін қуғындылып, өмірінің біраз жылын Орда, Үркіт, Астрахань, Мәскеу түрмелерінде өткізеді. Аюыры Сейтек «Патша саясатына наразы адам» деген айып тағылып, саяси тұтқын ретінде 1897 жылы Сібірге, соңынан Сахалинге жер аударылады. Осы кезеңде «Айдау», «Заман-ай», «Түңілдім», «Арман» атты күйлерін шығарды. 1905 жылы түрмеден босап, еліне оралады. Мұнда ол анасы мен баласының қайтыс болғанын естіп, өзінің қайғы-қасіретін бейнелейтін «Жоқтау», «Гәлізі» атты күйлерін шығарады. 1916 жылы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне "16-жыл" күйін арнайды. Ол әлеуметтік өмірдегі әртүрлі мәселелерді тақырып етіп, ел басындағы қысымшылықты көре білді. Ел қайғысы өз қайғысы болып, оған қарсылық білдіріп, наразылық көрсетті.

1917 жылғы Қазан төңкерісі жөніндегі хабарды ол қуана қарсы алады. Оны "Партсъезд", "17-жыл", "Бостандық" күйлерінде сипаттайды. Сейтек Кеңес

үкіметі әкелген жаналықтарға белсене араласты. Орда ауданының Шоная ауылы келерлерінің комитетінде мүше болып, алдыңғы қатарда жүреді. Сөйтөк енді елді-мекендерді аралап, қазақтың I-үлгілі атты әскері қатарына қазақ жастарын тартуға өз үлесін қосады. Ол осы атты әскері полкке арнап өзінің «Марш» күйін шығарады, кейінірек «Сексен ер», «Еркіндік» күйлерін арнаған.

1923 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, «Той бастар» күйін орындайды. Сөйтөктің бұл санары туралы А.Затаевич: *«Сөйтөк Оразалыұлы – Бөкей елінің қарт домбырашысы, Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Қазақ павильонында көрсеткен өнеріне халық өте разы болды»*, – деп жазады.

Сөйтөк Оразалыұлы 1933 жылы Астрахан облысы Харабали ауданы Киров ұжымшарында дүниеден өткен. Сөйтөктің әйгілі «Заман-ай», «Арман», «Айдау», «Сексен ер», «Орпақ», «Бес қыз», «Торы ат», «Жантаза», «Шәриша Ақжелен», «Бұлбұл Айша» тағы басқа күйлері кейінгі ұрпаққа асыл мұра болып қалды. Сөйтөк сонымен бірге ән де шығарған. Композитордың шығармалары «Сөйтөктің әндері» тақырыбымен А.Затаевичтың «1000 ән» жинағына енгізілген. Сөйтөк Оразалыұлы туралы алғаш мәлімет беруші белгілі музыка маманы А.В.Затаевич болатын. Ол өзінің 1925 жылы басылып шыққан белгілі жинағында композитордың «Сөйтөк» атты әнінің нотасын берді. Ал қазақ ғалымдары ішінде Сөйтөктің өмірі мен шығармашылығы туралы жан-жақты зерттеу жүргізген академик А.Жұбанов оның болмысын жан-жақты ашып берді. Кеңес үкіметі тұсында Сөйтөктің өмірі мен шығармашылығын зерделеген күйші-зерттеуші Тымат Мерғалиев болды.

Сөйтөктің күйлерінің сынан бұзбай біздің заманымызға жеткізген күйшілердің бірі, жиені Фазыл Сұлтанов. Сонымен қатар Сөйтөк күйлерінің тамаша орындаушыларының бірі Мұхит Битенов.

Торы ат

«Ердің мінген аты – ұшар қанаты», өзің талай рет қиын-қыспақтан амин алып шыққан ақтабан торы атына Сөйтөк әрдайым сүйсініп разы болатын. Бірде Бота досының үйінде отырып, қуғында жүрген Сөйтөк: «Егер бұлар мені кездейсоқ жерде қақпанына түсірсе, осы торы атым саған аминат» – деп Ботаға талсырып, екеуі үйден шығады. Аулада тұрған торы атының жанына келіп: «шіркін жануарым, сен ат емессің, ұшқан құссың ғой» – деп, домбырасын алып, борандатқан торының шабысын қос ішектің сиқырлы үнімен суреттей «Торы ат» – күйін тартқан екен.

*Тымат Мерғалиев "Жаңа дәуір жыршысы"
Алматы. 1980. 21-бет.*

76. ТОРЫ АТ

Сейтек Оразалыұлы
орындаушы Фазыл Сұлтанов

Жылдам, екпіндете

The musical score is written for a single system with 11 staves. It begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. The tempo and performance instruction are 'Жылдам, екпіндете' (Fast, with vigor). The music is characterized by intricate rhythmic patterns, including sixteenth and thirty-second notes, and frequent use of dynamic markings such as accents (^) and accents with staccato (V). The score includes several changes in time signature, notably to 3/4 and 3/8. The piece concludes with a final cadence in 3/4 time.

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in 12 horizontal staves, each containing a line of music. The music is written in a single system, with various time signatures and key signatures indicated by symbols at the beginning of the staves. The notation includes notes, rests, and other musical symbols. The page is numbered 351 at the bottom center.

This page of musical notation consists of ten staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. It features a sequence of chords and eighth-note patterns. The second staff continues with similar rhythmic motifs, including some sixteenth-note runs. The third and fourth staves show a mix of eighth and sixteenth notes, with some rests. The fifth staff is marked with a 'v' (accents) and a 'p' (piano) dynamic, featuring a dense sixteenth-note texture. The sixth staff has a 'p' dynamic and shows a change in rhythm with more eighth notes. The seventh staff includes a 'p' dynamic and a change to a 3/8 time signature. The eighth staff has a 'p' dynamic and a change to a 2/4 time signature. The ninth staff has a 'p' dynamic and a change to a 3/4 time signature. The tenth staff has a 'p' dynamic and a change to a 3/4 time signature. The notation is complex, with many beamed notes and rests.

The image displays a page of musical notation consisting of seven staves. The notation is written in a single system with a key signature of one flat (B-flat) and a common time signature (C). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings: 'ff' (fortissimo) appears in the second staff, and 'f' (forte) appears in the third staff. The notation includes various rests, such as a half rest in the second staff and a whole rest in the third staff. The music is written in a style that suggests a complex, rhythmic piece, possibly a study or a short composition. The staves are arranged vertically, and the notation is clear and legible.

ЕСЖАН

Есжанның (лақап аты Соқыр Есжан) – өмір сүрген уақыты ХІХ ғасырдың бас кезі. Ол батыс аймағына атағы шыққан күйші. Есжан күйші Атырау өңіріндегі Тайсойған деген жерде дүниеге келген. Күйшінің өмірі жайлы деректер мен мәліметтер сирек кездеседі. Есжан күйлерін әйгілі Құрманғазының өзі сүйіп тартқаны жөнінде дерек бар. (А. Жұбанов. *Құрманғазы. Алматы., 1978, 60-бет*). Оның «Соқыр Есжан» күйімен қатар «Қош-аман бол, Ақбікеш» сияқты тағы да бірнеше күйлері біздің заманымызға жетті.

Белгілі күй зерттеуші, ғалым Ақселеу Сейдімбек: "Есжан бірбет, басынан сөз асырмайтын мінезді адам болған. Осындай мінезімен беттескен бір бай соңына түсіп жүріп, екі жылға соттатқан. «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» дегендей, Есжан жауапты болып жүргенде оның көңіл жарастырған ғашығы, әйгілі күйші-домбырашы Ақбікеш ару ұзатылып кетеді. Кейін Есжан бір жиын-тойда Ақбікешпен ұшырасып, іштегі мұң-сырларын бір-біріне күй арқылы жеткізген. Бүгінгі домбырашылар Ақбікештің сыры деп «Айнама калды» күйін, Есжанның мұңы деп «Қош аман бол, Ақбікеш» күйін шертеді. Есжанның өмірінің шайғымдай болып, керек десеңіз Есжанның өмірге берген бағасындай болып әйгілі «Соқыр Есжан» күйі жетті. Бұл қазақтың күй өңіріне шырай беретін, мәңгі тозбас асыл мұра". (А. Сейдімбек. *«Қазақтың күй өнері». Астана «Күзтегін» 2002ж, 765-766 бет*). «Соқыр Есжан» күйін М.Төлебаев «Біржан - Сара» операсында қолданған.

77. СОҚЫР ЕСЖАН

Есжан
орындаушы Қали Жангілеуов

Жүрек, сазды

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single system with ten staves. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings include *mp* (mezzo-piano) and *mf* (mezzo-forte). There are also several accents (*v*) placed above notes. The notation is arranged in a standard Western musical format, with a treble clef at the beginning of the first staff.

The image displays a page of musical notation consisting of ten staves. The notation is written in treble clef with a key signature of one sharp (F#). The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings are present throughout the piece, including *mf* (mezzo-forte), *f* (forte), and *mp* (mezzo-piano). There are also several accents and slurs used to indicate phrasing and articulation. The notation is arranged in a standard Western musical format, with the staves numbered from 1 to 10 from top to bottom.

mp

mf

mp

The image shows a page of musical notation consisting of eight staves. The notation is written in treble clef. The first staff begins with a melodic line of quarter notes, followed by a dynamic marking of *mp*. The second staff contains a dense texture of sixteenth-note chords. The third staff continues with a melodic line of quarter notes. The fourth staff features a melodic line of quarter notes with a dynamic marking of *mf*. The fifth staff shows a change in time signature to 3/4, with a melodic line of quarter notes. The sixth staff returns to a 4/4 time signature with a dynamic marking of *mp*. The seventh staff contains a dense texture of sixteenth-note chords. The eighth staff concludes with a melodic line of quarter notes and a final chord.

Қош, аман бол, Ақбикеш

Күйші Есжан жас кезінде көрші ауылдағы бір байдың Ақбикеш деген қызына гапшық болады. Ақбикеште Есжанды ұнатпамен екі жастың қосылуына әлеуметтік жағдай кеселін тигізеді. Ақбикеш өнер иесі, өз ауылындағы белгілі домбырашының бірі. Ол Есжанмен ойын-тойда кездескенде бір-біріне домбырамен ғана сыр шертеседі.

Арада екі жыл өтіп, түрменің уақытын бітіріп, еліне қайтқан Есжан жолшабай Ақбикештің ауылына соғады. Онда үлкен той болып жатады. Бұл Ақбикештің ұзатылар тойы екенін Есжан білмейді. Есжан бір үйде жиналып отырған ауыл жастары мен қарттарының үстіне барады. Бұлар «Ақбикеш ауылымыздағы он саусағынан өнері төгілген домбырашымыз еді, ол бізден кетіп, сіздерге барғалы отыр, ең болмаса соңғы рет Ақбикештің тартқан күйін тыңдап қалалық, қызымызға рұқсат етіңіз», – деп құдалардан рұқсат алып, онанша үйде Ақбикешке күй тарттыру үшін жиналып отырғандар екен.

Ақбикеш біраз күй тартып, домбырасын тізесіне сүйеп, қол орамалымен маңдай терін сүртеді. Осы кезде Есжан да үйге кіріп, босағадан отыра кетеді. Ақбикеш тағы да күй тартуға ынғайланып, үйдегілерді көзбен шолып, өткенде есік алдында отырған Есжанға көзі түседі. Есжанның жүдеу сияқына қиналанып, мұнайған Ақбикеш:

– Келесі күй «Айнам қалды» аталады – деп домбырасын тарта берінті. Күйді беріле тыңдап отырғандардың бірі:

– Мына домбыраның үні шынында да «айнам қалды, айнам қалды» – деп қақсап тұрған сияқты. Осыншама көп жасау дайындағанда қол ұшындай айнама сандықтын бұрышына тастай салуға болама екен? – дейді жанында отырған екінші кісінің құлағына сыбырлап. Сонда Ақбикештің әлгіндегі қимылын сезіп қалған екінші қарт:

– Жок, олай болмас. Менімше, осы отырғандардың ішінде Ақбикештің ұнатқан жігіті, айнасы қалып бара жатқан болар. Қыздың соған арнап, домбырамен айтып отырған назы шығар, – дейді.

Шынында да бұл күй Ақбикештің Есжанды көріп мұнайып тартқан, ескерткіш есебінде «Айнам қалды» атты күйі екен дейді халық арасында.

Енді «Қош, аман бол, Ақбикеш» күйінің әңгімесіне келейік.

Күйдің өзіне арналғанын білген Есжан, Ақбикештің домбырасын сұрап алады да, жауап күйін қайтарады. Есжан өз басына түскен ауыртпалықтан құтылып, еркіндікке шықтым ба дегенде, Ақбикештің қайғысына тап болғанын, оны осы жерде құтқарып алуға ешбір мүмкіндіктің жоқ екенін музыка тілімен баяндайды. Сөйтіп, екі жас өз мұздарын домбыраның сырлы үнімен шертіп, отырғандарға сездірмей, бір-бірін көзбен шығарып салды. Есжанның сондағы тартқаны «Қош, аман бол, Ақбикеш» – деген қоштасу күйі екен.

*Т.Мерғалиев
"Домбыра сазы" 296-297 бет*

78. ҚОШ АМАН БОЛ, АҚБИКЕШ

Есжан
орындаушы Зәмзәм Есжанова

Жүрлек, мәнерлен

The musical score is written in 4/4 time and consists of 12 staves. The first staff is the vocal line, starting with a piano (*p*) dynamic. The second and third staves are the piano accompaniment, with the second staff featuring a mezzo-forte (*mf*) dynamic. The score includes various musical notations such as notes, rests, and dynamic markings. The piece concludes with a final cadence on the twelfth staff.

This page of musical notation consists of ten staves. The notation includes various rhythmic values, accidentals, and dynamic markings such as *mp*, *p*, and *mf*. The music is written in a single system across ten staves.

361

АҚБИКЕШ (XIX ғасыр)

Ақбикеш – өткен ғасырда өмір сүрген қазақ халқының күйші қызы. Өйгілі күйші Есжанның (Соқыр Есжан) замандасы, әрі бір-бірінің өнерлерін бағалап құрметтеген, сыйлас құрбылас адамдар болған. Бұрынғы кездегі қазақтың өнерпаз қыздары туралы деректер өте аз. Ақбикеш те солардың бірі. Оның дарынды домбырашы болғанын біздің заманымызға жеткен «Айнам қалды» күйі дәлелдейді. «Айнам қалды» – қазақ күйлерінің ішінде махаббат, сүйіспеншілік, інкәрлік тақырыбын жырлайтын лирикалық күйлердің ең әлемі, сұлуларының бірі.

79. АЙНАМ ҚАЛДЫ

Ақбикеш
орындаушы Тымат Мерғалиев

Асықпай, салмақты

mf

1

2

ЖАҢБЫРБАЙ БЕКМАҒАНБЕТҰЛЫ (1877–1941)

Жаңбырбай Бекмағанбетұлы 1877 жылы Батыс Қазақстанның Нарын өңіріндегі Мыңтобе ауылының шығыс беткейінде «Ақшалақ» деген жерінде дүниеге келген.

Жастайынан өнерге құштар ақандығымен қатар домбыраға бейім әуестігі мол Жаңбырбай елдегі күйшілерге еліктен, күйлер тарта бастайды. Сал-серілікке құмарлығы елдегі түрлі жиын-тойларға қатысып, өнерпаздығы жұрттың қозғайымына айналады. Ол кезде заманы қатар күйшілер аз болмаған. Солардың арасында Ерғали Бекжанұлы, Меңдіғали Сүлейменұлы, Дина Нұрпейісовалар болды. Күйші Меңдіғали Сүлейменұлы Жаңбырбаймен жаңдай құрдас, бір жылдың тумасы. Жаңбырбайдың істі болуы Алматыға Меңдіғалимен бірге бара алмай, өнер жолын қаншалықты кесілгенін байқау юнан емес. Өнерге құмар Жаңбырбайдың күйші Ерғалиды іздеп баруы, оның өнерге деген тың құштарлығын туғызады. Күйші жігіттің өнерін бағалап тұсауын кесіп, ел ішіне ертіп жүріп, күй тартысып, өнерін шыңдап, баулуға да себепкер болған деседі оны жұрт.

Нарын құмында атакты күйшілер кейде кездесіп, өзара күй-тартыс жасап, өнерлерін шыңдай отырып, жастарды ортаға алып, олардың өнеріне қанат бітіретіндей жарыстарды ұйымдастырып келген. Ел аузындағы әңгімеге құлақ түрсек, Жаңбырбай Исатайдың немересі Өтепқали Дінбақтының үйінде Динамен кездеседі. Жиналған халық оларға қошеметпен күй тартқызады. Жаңбырбай алғаш рет «Жалған дүние» күйін тартса, Дина шешеміз өмірінің өтіп бара жатқанына, жас дәуреннің қайтып оралмайтынын меңзеген «Өттің, дәурен» деген күйін тартады. Сол кездесулен кейін Нарынның Қамыссамаарындағы бір жылында Дина мен Жаңбырбай күй-тартыс сынағымен домбыра тартысса керек. Екеуі шеберліктен жеңісе алмай, біраз күй тартылады. Сол кезде Жаңбырбай жаға қалып, домбыраны башайымен шертеді. Жаңбырбайдың күй-тартыс өнеріне тәнті болып, әрі ер-азаматты сыйлау дәстүрінен аттай алмаған Дина аяғымен домбыра шертуді жөн санамай, жолдықты Жаңбырбайға береді. Мұндай аңыз әңгімелер ел ішінде сан түрлендіріліп айтылады. Дина елден Алматыға кетер кезде өмірде тұрмыс қиындығын көріп, ел ішін аралай жүріп, өнерімен күн көреді. Соңдай кездесулердің бірінде Жаңбырбай Динаның юсында болып, халыққа қызықты болуы үшін бірде бірін-бірі жеңіп, бірде жеңіліп, халықты ән-күйге сусындатқан деседі.

Көкірек көзі ояу, жаналықты жаңындай сүйетін, оқымаса да, ойы зерек ақынжанды әрі домбырашы Жаңбырбай Нарынның төкпе ақыны Сүгірұлы Насихатпен туыстығы жағынан жақын, қатар өмір сүрген. Елдің атқа мінерлерімен бұлар бірігіп мектеп салу үшін халықтан мал жинап, мектеп салушыларға еңбексіз төлеуді де ескермей қоймапты. Ол кезде халықта ақша болмаған. Нарын құмы талай ашаршылықта халықты құмаршығымен асырап, сол қызылтаққа (шағыл етек) шыққан құмаршықтың жерін халыққа үлесін бөліп беріп отырған.

Жаңбырбай мен Насихаттың өнерін, серілігін көре алмаушылар «бұлар құмаршық алқабын тең бөлмеді, халықты алалады, ағайындарына болысты, жиналған малдың бір қатары ұрлық деп» оларға нақанстан-нақак тиісіп, ақыры 1934 жылы «халық жауы» болып Жаңбырбайды соттатса, 2-3 жылдан кейін Насихатты соттатып тынады. Жаңбырбайдың қалай ұсталып, сотталуын қызы Сүйінаттың айтуы бойынша, былай болыпты:

Біз отырған жерімізде әкемізді қудалап, маза бермегесін ұстазы Ерғали отырған «Балдадағы» жерге көшіп барды. Қанқу сөз басынан шығар деп, ағайын-туысты сағынып, елге барып көрісіп келуге кеткенде, «Балдадағы» үйіне қайтып оралғанда милиция отряды келіп, «Жаңбырбай қайда кетті, тауып беріңдер?» деп, қыспалап, үйдің астан-кестенін шығарып, әйел, бала-шағасын сабап тіпті жас жарымдағы сәбиді анасының қолынан жұлып алып, «халық жауының баласы» деп лақтырып жібергенде бала сол жерде мерт болады. Отбасының таяқ жеп,

кансырап жаткан түрін көрген Жаңбырбай «Мен бұлай отбасымды ойрандатып, қан жоса қылып сабатқанша, астығымды айтып өзім барайын» деп тергеушілерге өзі келеді. «Жасаған істерің халық жауының ісі, ұрлық жасадың» деген желеумен Жаңбырбай 10 жылға сотталып кете барады. Жазасын Магнитогорскідегі тұтқындар лагерінде өтейді. Кейінірек сол жерде жазасын өтеп елге келген адамдар, Жаңбырбайдың тірі екендігін, Магнитогорск қаласындағы лагерде жақын арада жазасынан қалған бөлігін өтеу үшін сотталығы біраз жеңілдетілді деген хабарды естиді. «Түрме жанындағы оқшауланған тұрақта жүріп- тұруға еркін болғанымен, жазасын толық өтемей, кетуге болмайды, қоршалған тор күзеттің бақылауында болады, құжаттары лагерь мекемесінде сақталады. Жазасын өтеп болғасын аман болса, келер» дейді. Жаңбырбай түрменің азабымен Сибирьдің суығы денсаулығына қатты әсер тигізеді. Ол денсаулығы нашарлағаннан кейін «сүйегім елге жетіп қалсын» деді ме, жылын бітірмей, елге жасырын келсе керек. Жағу-жалпы жүріп, 1940 жылдың қараша айының соңын ала, Мыңтөбедегі жылқы бағып отырған Ильясов Құрманның үйіне түн ортасында жүдеп- жадап, азып-тозып Жаңбырбай кіріп келеді. Құрман отбасы зәре-құты қашып, түрмеден келген «халық жауын» қорқынышпен қарсы алады. Құрманда бұрын осылар тәріздес істі болса керек. Мән-жайді айтып, бар ақша қаражатын Құрманға беріп, «мені қыс бойына жасырып шық, жаз шыға Қалмақ қыр асып кетермін» деп қолқа салады. Жарты күртты жарып жеп, қиындықты бірге көшкен Жаңбырбайдың сөзін жерге тастамай, үйдің ішінен жер төле қазып, Жаңбырбайды күндіз сонда жасырып, түнде ғана ауа жұтуға шығаратын болған.

Жаңбырбайдың әйелі Мәди Қаршығақызы Құрмандар тұрған жерден 3-4 шақырымдай жердегі «Қамысты» фермасында сауыншы болып істейтін екен.

Ал Құрман Жаңбырбайдың әйеліне барып, айтуға қорқалды. Бас көтерген інісі Жауылбай да елде болмайды да, оның үлкен баласы Оғулан және басқа балалары жас еді. Оларға хабарлауға, ел құлақтанып кетсе, «халық жауын» жасырды деп, Құрманның өзі де істі болып сотталатын еді.

Бірде Жаңбырбай менің елмен «Қоштасу» деген күйім бар. Қазір мен көмеймен ғана орындап жүрмін, маған ініңіздің домбырасын әкеліп берші. Домбыраға түсіріп көрейін деп Құрманға қолқа салады. Өлігі күйін домбыраға түсіргеннен соң Құрманға үйретеді де, «күндердің күнінде жарыққа шығарарсың» деп аманат қылады.

Өмірі азаптан өткен есіл ер, туған жерге азып-тозып жетіп отбасына бара алмай, бала-шағасын көрместен, қапаста шынжырлаулы жаралы жолбарыстай аянышты өмір кешеді. Саулығы күрт нашарлаған Жаңбырбай наурыз айының басында дүние салады. Құрман не істерін білмей, үйінен 3-4 шақырымдай тұратын әйеліне хабарлауға қорқыл, түн қараңғысында Жаңбырбайдың аманаты бойынша туған жері Мыңтөбе тауының оңтүстік-шығыс беткейіне, мәйітті түйеге артып, бір жолдасы екеуі жерлейді. «Күндердің күнінде айтармын» деп, ат дорбасымен басына саз төгіп, белгі жасайды.

Бүгінде Исатай ауданы, Жанбай ауылы балалар саз мектебінде шәкірттерге домбыра сыныбынан дәріс беретін Бердібеков Сырым 1974 жылы Құрманға жалғыз бағуға көмекші болады, бұл Сырымның 10 класс бітірген жылы еді. Құрман ешнәрсе айтпастан «Қоштасу» күйін Сырымға үйретеді. Сырым күйді орындау техникасын әбден жете меңгеріп алғаннан кейін Құрман, бұл күй Жаңбырбайдың күйі екендігін және билігін жағдайды түгелдей айтады. Жаңбырбайдың жерленген жерін тұспалап көрсетеді. Бірақ қатан ескертеді, оңтайы келмей бұл туралы мен тірі тұрғанда ешкімге тіс жарушы болма, өте сақ болғайсың, күйді жоғалтып алма, көздің қарашығындай сақта деп аманат етіп, «ант» алады. Сырым осы күйді 35 жылдай сақтап, ақыры 2010 жылы жарыққа шығарады. Жаңбырбайдың ұстазы Ерғалидың да "Қоштасу" атты күйі бар. Ол күйді тартып жеткізуші, майталман домбырашы Ғылман Қайрошев екендігін айта кеткен жөн. Ғылман

Жаңбырбай күйшінің де тәлімін алған шәкірттерінің бірі болып саналады. Ғырманның орындауындағы мемлекеттік, Орталық мұрағатта сақталған күйлерді әлі де болса зерделеу керек. Жаңбырбайдың күйшілік өнерін жалғастырушы, жиектерінен өрбіген атақты күйші Рыспай Ғабдиевтің атағы бүкіл елімізге әйгілі болды. Жаңбырбай күйші жөніндегі жоғарыдағы мәліметтер Атырау облысы, Исатай ауданының тұрғыны, журналист Мұрат Бектемовтың "Нарының дүлдүл күйшісі Жаңбырбай" атты мақаласының қысқартылып алынды.



МЕНДИГАЛИ СҮЛЕЙМЕНОВ (1867–1942)

Мендігали Сүлейменов 1867 жылы туып, 1942 жылы қайтыс болған. Туып өскен жері Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы. Мендігали Сүлейменов Құрманғазының алдын көрген шәкірттерінің бірі болып саналады. Бұл жөнінде А. Жұбанов: "Мендігали Құрманғазының қасында көп болған. 1938 жылы Алматыға келіп, мұнда біраз уақыт болып, еліне қайтып кетті. Ол домбыраны солақай тартатын. Құрманғазының басқа домбырашыларда жоқ күйлерінен біразын беріп кеткен Мендігали болатын" - дейді. (А. Жұбанов. *Ғасырлар пернесі. Дайк-Пресс. 2002. 111-бет*). Сонымен қатар А. Жұбанов Мендігали Сүлейменов туралы өзінің "Ән-күй сипары" еңбегінде Құрманғазының

тікелей шәкірттерінің бірі Мендігали Сүлейменов келді. Ол кезде 74 жаста болатын. М. Сүлейменов Құрманғазының "Бұқтым-бұқтым", "Лаушкен" күйлерін беріп кетті. Ол бір әңгімесінде: "Құрманғазының қолында домбыра ағаш емес, иі түскен қайыстай балбырап кететін еді" - дейді. Ол домбыраны әбден менгеріп, билеп алды деген сөз екен.

НАУША БӨКЕЙХАНОВ (1870–1944)

Науша Мырзакерейұлы Бөкейханов. Науша Бөкейханов 1870 жылы Бөкей хандығына қарасты Шоңай көлі (қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданы) деген жерде дүниеге келген. Бала кезінен домбыраға құмар болып өседі. Бөкей Ордасының атақты домбырашыларының бірі Дәулеткерейдің туған жиегі болған. Науша балалық шағын өнерлі адамдардың ортасында өткізеді. Оған Салауат, Мақар, Тұрын сынды дарынды күйшілер ұстаздық етті. Науша Дәулеткерей күйлерін оның ұлы Салауаттың өзінен үйренген. Сондықтан болар, Наушаның репертуарында Дәулеткерейдің 50-ден астам күйлері болған Бөкейхановтың



шығармашылық өнер жолының қалыптасуына 1927 жылы А.В. Затаевичпен кездесуі зор ықпал етті. Оған “Жігер”, “Керілме”, “Ақсақал”, “Терісқакпай”, “Сыбырлақ”, “Қос ішек”, “Ысқарма”, “Топан”, “Салық өлген” сияқты 20-дан астам күйлер жаздырады.

Ол 1935 жылы Алматыға келіп, сол кезде құрылып жатқан халық аспаптары оркестрінің іргетасын қалаушылардың бірі болды. Наушанын репертуарында тоқсаннан аса күй болған. Оның репертуарынан алынған отыз күй Құрманғалы атындағы халық аспаптары оркестрінің алтын қорына айналды. Оның ұзақ жылдар күй тартқан домбырасы Алматыдағы Ысқалас атындағы халық саз аспаптар мұражайында өзінің мұражайында сақтаулы. Ол 1944 жылы қайтыс болды.



ОРАЗГАЛИ СҮЙІНБЕКОВ (1889–1964)

Сүйінбеков Оразғали (1889–1964) Батыс Қазақстан облысы Тайпак ауданында дүниеге келген. Әкесі Сүйінбек өзінің туған елінде белгілі домбырашы болған. Оразғали домбыраны әкесінен үйренеді. Кейін танымал домбырашыларды тыңдай жүріп, өзінің шеберлігін шыңдап, репертуарын молайтады. Сөйтіп, Оразғали атақшы күйші болады. Оразғали Сүйінбеков өзіне дейінгі атақты күйшілер Еспаидың, Кәуеннің, Арыстанның, Богданың домбырада орындаушылық дәстүрлерін жалғастырды. Оразғали Сүйінбеков халық күйлері мен халық композиторларының шығармаларынан Махамбеттің «Қайран Нарын», «Жұмыр, Қылыш», Богданың «Боз төбе», «Өтті-кетті», «Айдаралының Ақкелені», Есбайдың «Екіндіде ел іздеген» сынды туындыларды орындап жеткізгені.

МАХАМБЕТ БӨКЕЙХАНОВ (1890–1937)

Бөкейханов Махамбет Нұрмұхамбетұлы 1890 жылы Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. А.В. Затаевич, А. Жұбанов, Е.Г. Брусиловскийлерге қазақ күйлерін жаздырушы. 1933–37 жылдары Музыкалық драма техникумының (қазіргі Алматы музыкалық колледжі) жанындағы қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жетілдіру шеберханасында қызмет етті. 1933 жылы студенттердің халық аспаптары оркестрін ұйымдастырды. Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің құрылуына көп еңбек сіңірген. Сонда көркемдік жетекші, дирижер, концертмейстер әрі жеке орындаушы болды. Құрманғалы, Дәулеткерей, Әлікей,



Сейтек, Макар, тағы басқа халық күйшілерінің көптеген күйлері Бөкейханов арқылы біздің заманға жетті. Затаевич Бөкейхановтан “Қазақ халқының 500 әні мен күйі” жинағына кірген “Байтұма”, “Бұлбұл”, “Ойбай, балам”, “Жошы”, “Шора”, т.б. 28 күй жазып алған. Бөкейхановтың өзі де бірнеше күй шығарған дарынды күйші. 1937 жылы 1 желтоқсанда саяси қуғын-сүргінге ілігіп, ату жазасына кесілген. 1957 жылы ақталды. Сүйегі Алматы облысы Талғар ауданы Жанадық ауылындағы бауырластар бейітіне жерленген.



ҚАМБАР МЕДЕТОВ (1901–1938)

Қамбар Ерқожаұлы Медетов 1901 жылы қазіргі Ақтөбе облысының Марток ауданында дүниеге келіп, 1938 жылы Солтүстік Қызыл Шығыста дүние салған. Домбырашылық өнерді әкесі Ерқожа Қаратаевтан үйренеді. 1929 ж. Орынбордағы лицей курсы бітіреді. 1924–34 ж. аралығында заң және сауда орындарында қызмет етті. 1935–36 ж. Қазақ филармониясында әкімшілік қызметкер, директордың орынбасары болды. Н.Бөкейханов, Л.Мұхитов, М.Жаппасбаев, Ж.Айнапов тағы басқа өнер тұлғаларымен бірге қазақтың халық аспаптар оркестрінің негізін қалаушылардың бірі болған. Қамбар Медетовтің репертуарында “Ақсақ құлан”, “Боғда”, “Шалқыма”, “Алтынай”, “Арылғазы”, “Ел айырмалған”, “Қарасай” т.б. күйлер болған. Оның орындауында “Ақсақ

құлан”, “Қара жорға” күйлері пластинкаға жазылып алынды. А.В. Затаевич күйінің орындаушылық шеберлігін жоғары бағалады.

ОҚАП ҚАБИҒОЖИН (1901–1942)

Оқап Қабигөжин 1901 жылы Жинакала ауданында дүниеге келіп, 1942 жылы Алматы қаласында өмірден озған. Оқап күйшілік өнерді Құрманғазының шәкірті Тоғайбайдан үйренеді. Дина, Мәмен, домбырашы Төлеген Аршановтардан тәлім алады. 1934 жылы Алматыдағы халық өнерпаздарының І слетіне қатысып, халық аспаптары оркестріне қызметке қабылданады. Асқан күйші Оқаптың домбыра тарту шеберлігіне Динаның өзі де бас иген. Құрманғазы, Мәмен, Түркеш, Әлікей, Дәулеткерейдің көптеген күйлерінің жеткізушісі. Ол Құрманғазы, Жантөре, Түркеш, Соқыр Есжан, Дәулеткерей, сияқты халық сазгерлерінің баға жетпес күйлерін сақтап, жаңғыртып ұлттың рухани қорына қосумен қатар,



көптеген жастарды домбырашапшылық өнерге баулады. 1939 жылы Мәскеуде өткен халық таланттарының бүкілодақтық байқауына қатысқан. Ол Құрманғазы туралы көптеген деректер, әңгімелер қалдырған. Әсіресе Құрманғазының «Сарыарқа», «Сернер», «Кішкентай», «Байқұма», «Терісқадай», «Алатау» сияқты күйлерінің қазіргі тартылып жүрген нұсқалары Оқаттың тартуында келген. О. Қабиевтің өз жанынан шығарған күйлері де болған. Бүгінде Оқаттың «Адасқан» атты жалғыз туындысы сақталып отыр. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі.



ҚАЛИ ЖАНТІЛЕУОВ (1902–1993)

Қали Жантілеуов 1902 жылы Орал облысының Жанақала ауданындағы Қамыссағар ауылында туды. Бес жасынан домбыраға әуес болған Қалидың алғашқы ұстазы – Төлеш күйші. Нұртазы, Мәмен, Тоғайбай, Жұматай атты күйшілерден шеберлік үйренген ол күй тартумен қатар ән де сынып, «әнші бала» атанады. 1934 жылы Қали халық өнерпаздарының I слетіне қатысып, халық аспаптары оркестрінің құрамына қабылданды. 1944 жылы Алматыда консерватория ашылғанда халық аспаптары факультетіндегі алғашқы ұстаздардың бірі болды. Ол – халық композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Түркеш, Баламайсан, т.б. мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізгені.

МҰХИТ БИТЕНОВ (1912–1983)

Мұхит Битенов 1912 жылы Орал облысы Жәнібек ауданындағы Қамысты ауылында туды. Бала кезінен домбыра тартқан Мұхиттың өнерінің шыңдалуына туысқаны – күйші Дүйсенғали көп ықпал етті. М. Битенов халық күйлерімен қатар Құрманғазы, Соқыр Есжан, Түркеш, Өкібас, Ыбырай сияқты күйші-композиторлардың күйлерін шебер орындаған. 1945 жылы соғыстан оралған Битенов балаларының қайтыс болғанын естіп, «Үш балам» атты жоқтау күйін шығарған. Сөйтестің «Сексен ер» күйі Битеновтің орындауында жеткен.





ЗӘМЗӘМ ЕСЖАНОВА (1913–1992)

Зәмзәм Есжанова 1913 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай ауылында дүниеге келген. Әкесі Хасен сол кездегі әйгілі күйшілер Тазбала, Рысмағамбеттермен кездескен, олардан күй үйренген, шебер домбырашы болған. Хасеннен 8 бала, 5 қыз болған екен. Сонау юный заман кезінде 8 баладан тек 3 қыз қалды. Қайша, Барша, Зәмзә. Үлкен қызы

Қайшаға әкесі Хасен гармонь ойнауды үйретсе, екінші қызы Баршаға домбыра тартуды үйретеді. Әкесіне 9 жасында жетім қалған Зәмзәм домбырашы сол Барша апасынан үйренеді. Барша тұрмыс құрып сәбилі болған кезде қатал тағдыр өмірден ерте алып кетті, ол 32 жасында дүние салады. Артында көзі жаудырап жетім қалып бара жатқан сәбіне қиғастық сезіммен «Айман қалды» күйін шығарып қалдырады. Апасы Баршаның «Ақ бикеш», «Айман қалды», «Ақ ілме» күйлерін Зәмзәм үлкен шеберлікпен орындап келген. Зәмзәм 6 жасар кезінде-ақ «Топан», «Кенес» сияқты күйлерді еркін орындап, «домбырашы қыз» атанды. 1938 жылы Гурьев қаласына қазақ драма театрына жұмысқа шақырылады. Мұнда Зәмзәм өз репертуарын жаңартып, Құрманғазы және Дина күйлерін жаңартып, шебер орындаумен көзге түседі. Бармағынан бал тамған күйші сезімін алғашқы «Каспий толқыны» атты күйін шығарып, көпшілікке таныла бастады. 1953 жылы Алматыда өткен көркемөнерпаздарының байқауына қатысты. «Каспий толқыны» күйін белгілі композитор Сейілхан Құсайыновқа тыңдаттырып, нотаға түсірді. Өнер шебері Шамғол Қажығалиев те бұл күйге жоғары баға берді. Зәмзәм 1958 жылы Москвада өткен Қазақстан өнер шеберлерінің он күндігіне қатысып оркестрде ойнайды. Сондай-ақ 1960 жылы Қазақстанның 40 жылдық тәрқалы тойына байланысты Алматыда өтетін өнер шеберлерінің фестиваліне қатысып, әйгілі композитор Ахмет Жұбановпен дидактрласады. Бұл кездесуде Құрманғазының өмірін, творчествосын зерттеп жүрген композитор Зәмзәмнан «Бұқтым - бұқтым» күйін жазып алып, «Құрманғазы» күйлерінің жинақ кітабына енгізеді. Зәмзәм Есжанова – бармағынан бал тамған шебер домбырашы, өзі сүйген өнерді өзгелерге үйреткен ұстаз болумен бірге өз жанынан бірнеше күйлер шығарған. Зәмзәмнің алтысыншы жылдары шығарған «Ақ Жайық», «Шашу», «Шаттық» секілді күйлері халық арасына кең тараған. Республикаға, обласқа танымал шебер домбырашы, бірнеше күйдің авторы Зәмзәм Есжанова ұзақ науқастан кейін 1992 жылы 10 қыркүйек күні 79 жасында қайтыс болды. З. Есжанова туралы деректі жеткізуді Атырау облысы, Исатай ауданының тұрғыны, журналист Мұрат Бектенов екендігін айта кеткен абзал.

ФАЗЫЛ СҰЛТАНОВ

Бізге Сейтек жайлы көп мағұдмат берген оның жиені Фазыл Сұлтанов. Ол заңдық орта білім алумен қатар, Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген. Ол Алматының Күләш Байсейітова атындағы онжылдық музыка мектебінде домбыра класының педагогі болып қызмет істеді. Сұлтанов

домбыраны жап-жақсы тартады, Сейтек шерткен күйлердің бірнешеуін біледі де. Орындаушылық және педагогтік қызметін былай қойғанда, Сұлтанов қазақ халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы жөнінде талмай материалдар жинай жүретін адам. Ол бізге Құрманғазы, Бапас, Соқыр Есжан және тағы басқалар жөнінде өте құнды деректер берді. Сейтектің «Шарпта», «Айдау», «Балқаймақ», «Бұлбұл Айша», «Он жетінші жыл», «Еркіндік» күйлерін бізге хабарлаған да Фызыл Сұлтанов. Сейтек жайлы деректерді де жинаған.

А. Жұбанов "Ғасырлар пернесі" 201-202 бет

ҒЫЛМАН ҚАЙРОШЕВ

(1914–1989)

Ғылман Қайрошев 1914 жылы Астрахан губерниясы, Краснояр уезі, Бірінші Кастиль маңы округі Новобогат ауданы (Атырау облысы Бақсай ауданы) Забурн деген жерде туған. Атасы Ергалидан келе жатқан дәстүр бойынша Ғылман домбыраны ерте қолға ұстайды. Оны домбырада орындаушылықтың қыр-сырына қанықтырған – Жаңбырбай домбырашы. Ғ.Қайрошев академик Ахмет Жұбановқа жолығып Құрманғазының жұртқа белгісіз көптеген күйлерін орындап, нотаға түсіртті. Мысалы: Құрманғазының "Балқаймақ", "Арба соққан", "Назым", "Айда бұлбұл Айжан-ай", "Манатау", сонымен қатар Ергали Есжановтың "Бозашы", "Қоштасу", "Қосалқа" тағы басқа көптеген тың күйлерді орындап кейінге жеткізу жолында елеулі еңбек сіңірді. Ғылманның орындаушылығы хақында А. Жұбанов "Ғасырлар пернесі" еңбегінде жазған болатын. Ғылман Қайрошевтың орындауындағы бірнеше күйлер Мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарлама аясында 2009 жылы жарық көрген "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі антологиясына" енді.



ЕСЕЛ ҚАЗНЕВ

(1927–1985)

1927 жылы бұрынғы Орда ауданында (Орал облысы), қазіргі Бөкей Орда ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Есел Қазнев күйші, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы. Домбыра тартуды бала шағында Сарыкөнге Сәрсембиевтен үйренген. Репертуарында 100-ден астам күй болған. Соның ішінде ұмытыла бастаған, сирек кездесетін бірнеше күйді

білген. Олардың бірқатары «Асыл мұра» деген кітапшада нотасымен басылып шықты. Орындаушының күйі, «Байқұма», «Орта», «Науай», «Көбік пашқан»,

«Мүсіралі», «Қу жетім», «Құрманғазы», «Бұлбұл», «Итоғ», «Сарықол», «Самар», «Айдау», «Салық өлген», т.б. ескі күйлерді жеткізген. Өзі орындаған күйлердің бәрінің шығу тарихын айтып таратқан. Қазақ радиосының Алтын қорына 28 күй жаздырған.



МҰХИТ АЙТҚАЛИЕВ (1927)

Айтқалиев (Қаласов) Мұхит Өтеуліұлы 1927 жылы Батыс Қазақстан облысына қарасты Орда ауданының Азғыр ауылында дүниеге келген. 1934 жылы әжесі қайтыс болған соң анасы Мұхитты Азғырдағы балалар үйіне тапсырады. Анасының қолында ағасы Мақсат және інісі Мүсітім қалады. 1936 жылы осы балалар үйіндегі тәрбиеленіп жатқан жас жеткіншектердің арасында тараған жұпталы ауру салдарына байланысты қырық шақты баланы Орал қаласындағы балалар үйіне ауыстырады. 1938 жылы осы аурудан әбден жазылып шыққан балаларды Жымпиты ауданындағы балалар үйіне жібереді. 1938–1942 жылдары Мұхит осы Жымпиты ауданындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол 1939 жылы мектепте үздік оқығаны үшін Москвада ашылған Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысады. Ерте жасынан еңбекке араласқан Мұхит 1942–1946 жылдары Жымпиты аудандық театрына жұмысқа орналасады. 1943 жылы осы театрда жұмыс істеп жүрген Мұхитты Айбатыров Айтқали деген азаматтың жұбайы Жұмағыз есімді адам қамқорлығына алып, асырап алғандықтан оның фамилиясы Айтқалиев болып жазылып кеткен. М. Айтқалиев 1946 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар бөліміне оқуға қабылданып, 1951 жылы толық курсын бітіріп шыққаннан соң жолдама бойынша Қарағанды қаласындағы балалар музыка мектебіне жұмысқа орналасады. 1959 жылдан бастап жұмыс бабымен Алматыға келеді. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын жас ұрпақты музыка өнеріне баулуға арнаған Мұхит Айтқалиев артына көптеген шәкірттер тәрбиелеп қалдырды. Оның ғылыми-методикалық ізденісінің нәтижесінде жарық көрген еңбектері сан буын ұрпаққа рухани азық болып келеді. 1975 жылы белгілі журналист Жаудыбай Иманалиевпен бірлесіп жазған "Қаратау шертпелері" жинағы сол кездегі тұтас бір күйшілік-орындаушылық дәстүрдің жандануына үлкен септігін тигізгендігі анық. Оның "Домбыраға арналған хрестоматия" атты еңбегі республика бойынша музыкалық оқу орындарының оқу жүйесінде көп жылдар бойы кеңінен қолданысқа ие болып келеді. М. Айтқалиевтың өзінің жазып қалдырған өмірбаяндық дерегі бойынша көптеген қолжазбалары Алматы мемлекеттік консерваториясының кітапханасында сақтаулы.

ӘЗИДОЛЛА ЕСҚАЛИЕВ (1934)

Әзидолла Есқалиев 1934 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданы Дыңқызыл ауылында туған. Әзидолланың әкесі Есқали мен апасы Әліпті халық «Өнердің шежіресі» деп атаған. Есқали әке бүкіл Батыс Қазақстан аймағына аты өрлеп шыққан Құрманғазының шәкірті, ізбасары Дина Нұрпейісованы әдейі шақыртып, бір апта үйіне қонақ кылып, оның орындауында Құрманғазының «Торемұрат», «Қызыл қайың», Дәулеткерейдің «Топан», Наушаның «Байқұма», өзінің «Әсем қояр», «Бұлбұл» күйлерін тыңдайды. Әзидолланың алғашқы өнерге үйреткен ұстазы Дина болатын. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын 1958 жылы бітіріп, Қазақ филармониясында, «Қазақконцерт» бірлестігінде 1955–62 жылдары домбырашы болған. Әзидолла Есқалиев қазақтың байтақ даласына танымал домбырашыға айналды. Бұл жылдарда ол тек қана Қазақстан жұртыналығын сусындатып, тамсандырып қана қоймай, Германия, Франция, Чехословакия, АҚШ, Алжир, Қытай, Монғолия тағы да басқа көптеген шет мемлекеттердің сахна төрінде қазақтың күй өнерінің құдіретін жая түсті.

1962 жылдан бері Құрманғазы атындағы консерваторияда ұстаз, 1998 жылдан бастап профессор. Ол көптеген шәкірттер тәрбиеледі, өнер жолына жолдама берді.

Әзидолла Есқалиевтың музыка өнеріндегі өнегелі, жемісті еңбегі үшін 1993 жылы ҚР еңбек сіңірген әртісі, ал 1990 жылы ҚР халық әртісі атағы беріліп, «Озық еңбегі үшін», «Аса үздік еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Аса үздік еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдармен марапатталды.



РЫСБАЙ ГАБДИЕВ (1936–2004)

Рысбай Габдиев 1936 жылы Ресейдің Астрахань облысындағы Қызылжар ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алматы музыкалық училищесін, 1979 жылы Шымкент өнер институтын бітірген. Алматыдағы Құрманғазы атындағы қазақтың мемлекеттік халық аспаптары оркестрінде әртіс, Атырау музыкалық училищесінде оқытушы, Доссор музыка мектебінде директор, Атырау педагогикалық институтының музыка факультетінің деканы болып қызмет істеді. 1990 жылдан Атырау облысы халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері. Рысбай Габдиев 1994 ж. Анталия (Түркия) қаласында өткен дүниежүзілік өнер фестивалінің, 1998 жылы Алматыда өткен "Құрманғазы және ұлы дала музыкасы"

халықаралық фестивалінің бас жүдделеріні жеңіп алды. РФ Абдиевтің репертуарында Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Сейтек, Есбай, Ергали, сондай-ақ Қазанған, Абылдың күйлері бар. Орындауындағы күйлер 3 күйтабаққа және «Байжұма» деген атпен үнтаспаға жазылып алынған. Қазақстанның халық әртісі (1996).

БАҚЫТ ҚАРАБАЛИНА (1939–1991)

Бақыт Қарабалина Атырау облысы Теніз ауданы Қошалақ ауылында туған 1965 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірді. 1960 жылдан бастап, Құрманғазы атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің домбырашы-солісі. Оркестрдің құрамында ол әлемге қазақтың домбыра музыкасының сұлулығын танытты, көптеген елдерде өнерлік іссапарларда болды. Ол қазақтың халық композиторлары: Құрманғазының, Сейтектің, Дәулеткерейдің, Мәменнің күйлерін орындаушы. Бақыт Қарабалинаның орындауында күйлер ерекше тереңдігімен айрықшалаынады. Оның репертуарында қазақ және шетелдік композиторлардың шығармалары бар. Қазақстанның халық әртісі. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры болып қызмет атқарды.



ҚАРШЫҒА АХМЕДИЯРОВ (1946–2010)



Күйші-композитор, домбырашы Қаршыға Ахмедияров Атырау облысы Махамбет ауданы Таңдай ауылында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Қазақтың Ұлттық консерваториясын К.Мұхитовтың класы бойынша бітірген (1972ж). 1967–91жылдары Қазақтың академиялық Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде домбырашы, концертмейстер, жеке домбырашы, дирижер қызметтерін атқарды. 1974 жылдан Алматы мемлекеттік консерваториясында педагогтік қызметпен шұғылданып, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады. Қаршыға Ахмедияров гастрольдік сапармен дүниежүзінің көптеген елдерінде болып, қазақтың қара домбырасын әлемге танытты. Қазақ музыка өнерін дамытудағы жоғары шығармашылық жетістіктері үшін Қ.Ахмедияровка 1982 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, 1992 жылы Қазақстан Республикасының халық әртісі атақтары берілді. 2000 жылы «Парасат» ордені мен марапатталды.

Қ.Ахмедияров шебер орындаушылығымен қатар өз жанынан көптеген күйлер шығарған тамаша сазгер. Оның «Нарын», «Қуаныш», «Сағыныш», «Нұрғиса», «Атырау», «Ақсайып», «Желдірме», «Алтын ұя», т.б. 100-ден астам күйлері

бар. Сонымен қатар, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина сынды атакты күйшілердің жинағын жарыққа шығарды. «Сарыарқа», «Жігер», «Әсем қоңыр», «Шынар», «Табыну» атты күйлер жинағы жарық көрді. 500-ден аса күйлері радио, теледидар мұрағаттарында сақтаулы.



АЙТЖАН ТОКТАҒАН (1946)

Күйші-домбырашы, фольклортанушы, ұстаз, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Айтжан Токтаған 1946 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Айтжан Есенұлы Токтаған Батыс Қазақстан облысында Құрманғазы, Дәулеткерей, Мәмен, Түркеш, Дина, Сейтек, Оқап, Қали сияқты әйгілі күйшілер туған өлкеде дүниеге келіп, жастайынан күй өнерін бойына сіңіріп өскен. 1967–1972 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін домбыра класынан бітірді. Консерватория қабырғасында ҚР еңбек сіңірген

әртісі, профессор Бақыт Қарабалының класында дәріс ала жүріп Құрманғазы атындағы мемлекеттік, академиялық ұлт аспаптар оркестрінде қызмет атқарды. Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Шамғол Қажғалиев, Самғолла Аңдарбаев, Бахтияр Қубайжанов, Айсә Шәріпов сынды майталман домбырашылар мен білікті мамандардан тәжірибе жинақтап кәсіби тұрғыда шеберлігін шыңдай түсті. Оркестр құрамында республикамыздың барлық аймағында, ТМД мемлекеттерінде және Финляндия, Польша, Венгрия, Чехословакия, Монғолия, Сирия, Франция, Италия, Түркия, Жапония, Америка, Қытай сияқты шетелдерде өнер көрсетті.

Оркестрде қызмет атқарып елге таныла бастаған домбырашы Айтжан ұстаздық жұмысқа бет бұра бастайды. 1972 жылы П.И. Чайковский атындағы Алматы музыка училищесіне, 1977 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына ұстаздық қызметке келеді. Саналы тұмырын жас ұрпақты дайындауға арнаған Айтжан Токтаған бүгінде тамаша орындаушы домбырашылардың тұтас бір легінің ианы мәніндегі ұстазына айналды. Профессор Айтжан Есенұлы Токтағанның класынан түлеп ұшқан түлектер республикамыздың төрт тарабында, қазақ музыка мәдениетінің түрлі саласында жемісті еңбек етіп келе жатыр. А. Токтаған «Күй тәңірдің күбірі» (1996 ж.), «Күй керуені» (1997 ж.), «Күй қастерлі әуес» (1998 ж.), «Атыраудың 62 Ақжелені» тағы басқа көптеген зерттеу еңбектер жазған.

ЕРМЕК ҚАЗНЕВ
(1947)



Күйші, домбырашы Ермек Қазиев 1947 жылы Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Орда ауылында дүниеге келген. Ермек Қазиев Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Сейтек және тағы басқа да халық күйшілерінің күйлерін қаз қалпында орындап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан бірден-бір күйші. Ол домбырашылық өнердің Батыс Қазақстанда қалыптасқан Құрманғазы, Дәулеткерей және Динанын орындаушылық стилдерін жетік меңгерген. Ермек Қазиев Ақтобе мәдени ағарту училищесін және Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. 1976 жылдан 2001 жылға дейін Орда селолық мәдениет үйінің директоры

болып қызмет атқарды. 2001 жылдан бері Г.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясының жеке солисі болып жұмыс істеп келеді. Қазиев Ермек Еселұлы – халық шығармашылығының ІІ,ІІІ Бүкілодақтық фестивалдерінің лауреаты атанды. 1980 жылы Москвадағы халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен, 1983 жылы КСРО Мәдениет Министрлігінің медалімен марапатталған. 1985 жылы Республикалық телевизиялық конкурстың, 3 рет республикалық конкурстың және Москвада өткен Бүкілодақтық конкурстың лауреаты атанды. Ташкенттегі М.Ташмұхамедов атындағы Бүкілодақтық дыбыс жазу фирмасынан Ермек Қазиевтің орындауындағы күйлер жазылған 3 күйтабақ жарық көрді. (1979, 1985, 1989.) Ол сирек орындалатын Орыншаның «Байжұма», Науандың «Көбік шашқан», Сейтектің «Белпешпе», «Орпа», Құрманғазының «Бұлбұл», «Сарыкөл Самар», «Салық өлген», «Охота», «Итог» күйлерін орындап, оны ел игілігіне айналдыру жолында елеулі еңбек етті. 2009 жылы жарық көрген «Қазақтың 1000 күйі» жинағында Ермек Қазиевтің орындауындағы күйлер бар.

1992 жылы Ермек Қазиевке көркемөнерпаздық шығармашылықты дамытуға сіңірген еңбегі және халыққа мәдени қызмет көрсетуге белсене қатысқаны үшін Республика Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. 2014 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды.

ШӘМІЛ ӘБІЛТАЙ (1948)

Шәміл Әбілтай 1948 жылы Гурьев облысының Индер ауданындағы Тобыбай құмы деген жерде дүниеге келген. Домбыраны төрт жасынан бастап тартқан. Алғашқы ұстазы – әкесі Бисенғали. Шәмілдің күйшілік өнеріне сол өңірге атағы шыққан Қошәлі, Қамеш, Серкебай атты күйшілер үлкен әсер еткен. Шәміл 1966 жылы Гурьев музыкалық училищесін, одан кейін Алматы консерваториясын бітірді. Консерваторияда оқып жүргенде Қали Жантілеуов пен Құбыш Мұхитовтен дәріс алды. Ол 1974 жылы Воронеж қаласында өткен халық орындаушыларының конкурсына қатысып, лауреат атанды. Консерваторияны бітірген соң, өнердегі еңбек жолын сол кездегі директор – көркемдік жетекші Мәмбет Бестібаевтың шаңқаруымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында күйші-лектор болып бастайды. 1980 жылы Қазақстан Ленин Комсомолы сыйлығының лауреаты атанады.

1985 – 1988 жылдар аралығында Қазақ ССР-нің Радио және телевизия хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Камал Смайыловтың шешімімен Қазақ радиосы музыка редакциясының Бас редакторы қызметін атқарады. 1998 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды.

1979 жылы «Жалын» баспасынан «Ұлытау» атты күй кітабы жарық көрді. Шәміл Құрманғазы, Дина, Абыл, Мәмен күйлерін шебер орындаумен қатар өзі де ән-күй шығарумен айналысады.



ТҮЯҚБЕРДІ ШӘМЕЛОВ (1951–2012)

Тұяқберді Шәмелов 1951 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданына қарасты Саратқын ауылында дүниеге келген. Тұяқберді Алматы музыкалық училищесін, Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Ол 1970 жылдан бастап Құрманғазы атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі құрамында қатардағы

домбырашылықтан бастап концертмейстер, жеке орындаушыға дейін көтерілді. Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров сынды дәулескер күйшілерден тәлім алады. Ол 1983 жылы Алматы қаласында өткен Құрманғазы атындағы 1-республикалық орындаушылар байқауының лауреаты атанады. Т. Шәмелов Құрманғазы атындағы оркестрде қырық жылдан астам уақыт қызмет етті. Оркестр құрамында әлемнің көптеген елдерінде өнер көрсеткен. Франция, Италия, Қытай, Ауғанстан сынды

шет елдерде қазақ халқының музыка өнерін әлем жұртшылығына таныстырды. Тұяқберді өмірінің соңғы жылдары Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық қазақ ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарды. Оның орындаушылық репертуарында қазақ халық композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абыл, Сейтек, Мәменнің күйлері кеңінен орын алды. Тұяқберді Шәмелов күйшілік-орындаушылық өнерімен қатар бірнеше ән-күйлердің авторы. Қазақстанның халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Тұяқберді Шәмелов 2012 жылы Орал қаласында дүниеден өтті.



АЙГҮЛ ҮЛКЕНБАЕВА (1962)

Айгүл Үлкенбаева 1962 жылы Атырау облысы Исатай ауданы Чапаев аулында дүниеге келген. Өнерлі отбасында дүниеге келген Айгүл күйшілік өнерге жастайынан бейім болып өседі. 1981 жылы Алматы қаласындағы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесін Т.Бөділовтың класы бойынша, одан кейін Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетін 1986 жылы профессор А.Т. Жайымовтың жетекшілігімен бітірген. 1989–1991 жылдары осы консерваторияның ассистентура-

стажировкасында оқыған. Шығармашылық еңбек жолын оқып жүрген кезінен Қазақтың академиялық халық аспаптар оркестрі құрамында (1979 – 1989) домбыраны болумен бастаған. Айгүл халықаралық, республикалық талай додалы күйшілер сайысында топ жарып, жүлделі орындар иемденді. Атап айтқанда: 1981 жылы 3-ші Республикалық Жас орындаушылар байқауында 1-ші орын, 1983 жылы Құрманғазы атындағы 1-Республикалық орындаушылар байқауында 3-ші орын, 1986 жылы Баку қаласында өткен У.Гаджибеков атындағы халық аспаптарында орындаушыларының Халықаралық байқауында 3-ші орын, 1985 жылы Республикалық “Жігер” фестивалінің жүлдегері 1-ші орын иегері. 1992 жылы Қазақстанның “Дарын” Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. 1998 жылы Республикалық күйшілер сайысында Бас жүлде жеңіп алған. 1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атанды. Оның күйшілік-орындаушылық репертуарында қазақтың халық композиторлары Махамбет, Құрманғазы, Төттімбет, Дәулеткерей, Қазанған, Дина Нұрпейісова, сондай-ақ манғыстаулық күйшілер: Есбай, Есір, Құлшар, Өскенбай, осы заманғы композиторлар Н.Тілендиев, Қ.Ахмедияров, А.Жайымовтың күйлері мен орыс, шетел классикалық туындылары мол орын алған. 1993 жылдан бері Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұстаздық қызмет атқарып келеді.

МАҢҒЫСТАУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Маңғыстау – еліміздің оңтүстік батысында орналасқан құба шөлді, көр жазықты мекен. Каспий теңізінің маңында орналасқан осынау үстіртті аймақтың шекарасы Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттерімен шектеседі. Сондықтан Маңғыстау түбегі деп аталады. Бұл өңірде қалыптасқан күйшілік мектеп оқшау ыңғайда дамыған орындаушылық және шығармашылық әдістерінің ерекшелігімен көзге түседі. Батыс күйшілік дәстүріне жататын Маңғыстау күйлері қағыс, тартысымен айрықшаланып, өз алдына бір мектеп болып қалыптасып кетті. Оң қолдағы қағыстың алуан-түрлі болып келуі мен қатар түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қолды ойнатып тарту осы өңірдің күйшілік мектебінің бір ерекшелігі болып табылады. Маңғыстау өлкесінде аңыз-әңгімелерімен байдалатын көне күй үлгілері, айтыс-тартыс, тармақты, тізбекті, тарихи күйлер мол сақталған. Өрден келе жатқан ескі күйлермен қатар, «Қазақ пен ноғайдың айырылысуы», «Ноғай сазы», «Бала ноғай сазы», «Алтыс тараулы Науан» сияқты халықтық мұраға айналған дөмбара күйлері де аз емес. Осындай авторы белгісіз көне күйлердің бір шоғыры – «Науайы». Әйгілі күйші Өскенбайдың орындауында «Науайы» алтыс тараудан тұрады екен. Ал бізге Өскенбайдың өз баласы Мұраттың орындауында жеткені – «Қарт Науайы», «Бала Науайы», «Тел Науайы», «Шар Науайы», «Тамшы Науайы», «Қақпалы Науайы» деп аталатын алты күй. Ерте замандардан тамыр тартқан көне күйлердің бірі – Кетбұғаның «Ақсақ құлан, Жошы хан» күйі. Бұл күй Мұрат Өскенбаевтың орындауында «Құлан сарыны», «Естірту», «Айлаһармен арбасу» деп салаланып келеді. Сол сияқты аңыз-әңгімесімен жеткен халық күйлерінің бірі – «Нар идірген». Шалдың жігіттің, баланың тартқаны болып келетін осы үш күй «Өрелі мая» деп те аталады.

Маңғыстау күйшілік дәстүрінің басында тұрған, тұтас бір орындаушылық мектепке мұрындық болған күйші Абыл Тарауқылы. Абылдың бізге жеткен «Абыл», «Нараду» күйлері – қазақ күйі өнеріндегі шоқтығы биік, философиялық мәні терең, эпикалық сарыны басым кемел туындылар.

Маңғыстау күйшілік дәстүрінде тармақты болып келетін топтама күйлер кең орын алады. Осы өңірде өмір сүрген айтулы күйшілердің бірі Есір Айшуақылы шығармашылығында қомақты орын алатын «Қос айырған», «Тоғыз түйеші» «Көкөтөбе», «Ақжарма», «Манатау» атты үшкәді күйлерінде ел тарихының елеулі кезеңдерін күй тілінде сөйлеткен.

Маңғыстау өңірінің күйшілік өнерінің ерекше бір қыры айтыс-тартыс күйлер болып келеді. Маңғыстау өңірінде өткен Есбай Балұстаулының «Үш шаның айтысы» деп аталатын Тоғызбай, Науша қызбен күй тартысы, Құлшар Басқығалиұлының кемпір мен қызбен күй тартысы, Өскенбай Қалмамбетұлының түркіменнің Құлбай бапшысымен күй тартыстары өзінің қызықты аңыз-әңгімесімен байдалып, шағын театрлық қойылымға ұқсайды.

Маңғыстау түбегінен шыққан Қартбай, Қоңыр сияқты дүлдүл күйшілердің есімдері қазақтың аспаптық музыка әлеміне әйгілі.

Маңғыстау күйлерін орындап жеткізушілер қатарында - Мұрат Өскімбаев, Шамгүл Ыбырайымұлы, Саминғолла Андарбаев, Мырзагүл Панаев, Қарагүл Қонаршиев, Ізбасар Шыртанов, Алым Жаңбыршини, Сержан Шәкіратов сынды дәулескер домбырашылардың есімдері құрметпен аталады.

Маңғыстау күйшілік дәстүрін зерттеуші ғалымдардың алдында А.В. Затаевичті айтуға болады. Ол Есбай күйлерін алғаш тыңдағанда «Қазақ музыкасындағы шоктығы биіктердің бірі. Бұл биік симфонизмнің үлгісі» деп жазып кеткен. А.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде Маңғыстау күйшілерінің өмірінен құнды деректер жазып қалдырды. Ал күйлерді нотаға түсіру барысында профессор Т.Мерғалиев, А. Токтағин, А.Жаңбыршы сынды күйші-зерттеушілердің еңбектері зор.

АБЫЛ ТАРАҚҰЛЫ (1820–1892)

Абыл (шын аты – Абылай) Тарақұлы 1820 жылы Оймауыт-Желтау мекенінде туып, 1892 жылы сол жерде дүние салған. Маңғыстау домбырашылық мектебінің негізін салушы. Абыл жастайынан ән мен күйді серік етіп, Боғда, Қоңқар сынды күйшілерді өзіне ұстаз тұтқан. Олардың күйлерін үйреніп қана қоймай, бергін келе өзі де күй шығарып, орындаушылық-күйшілік өнерімен танылған. Абылдың алғашқы ұстаздарының бірі елге аты шыққан Қоңқар күйші «Ақжелен» күйлерінің бірнеше тарауын, «Нар идіргенін» барлық тоғыз тарауын, ондаған көне күйлерді нақышына келтіре тартқан. Осындай ұстаздардың алдын көрген Абылдың да 62 тармақты «Ақжеленді» толық білген деген сөз бар. Абыл Қазақстанның батыс аймағын, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Хиуа аумағын аралап, сән рет күйшілер өнерінің сайысына түскен. Есбай (Тазбала), Алтынай, Сәулебай, Өскенбай, Арал, Құлшар, Қауен, Есір, т.б. күйшілер өздерін Абылдың шәкірті санаған әрі оның күйшілік өнерін, орындаушылық дәстүрін жылғастырып, кейінгі ұрпаққа жеткізген. Біздің заманымызға жеткен Абылдың «Абыл», «Нараду» атты күйлері құлашы кең, эпикалық сарыны басым, кемел туындылар болып саналады.

АБЫЛ

Абылдың елінде 1858–1859 жылдар тарихта «жыл ауа» аттанған уақиғалар болды. Билеушілер салған ауыр салықпен халық юндалды. Ел ішінде ірілі-ұсақты көтерілістер болады. Халыққа ауырлық түседі. Осы уақиғаларды көріп-біліп отырған Абыл билеуші топтың бұл ісіне ашулы, ыза мен ауыр салықтан юндалған жарлыларға жан ашу ретінде күй шығарады. Автор өзі ол күйіне ат бермеген. Ел ішінде «Абыл» атымен жайылған бұл күй Абыл шығармашылығының шыңы және ақырғысы болып есептеледі.

А. Жұбанов "Ғасырлар пернесі" 268–296 бет

80. АБЫЛ

Абыл Тарасұлы
орындаушы Лұспан Мұхитов

Орташа екпінде

The musical score is written for a single instrument in 3/8 time. It begins with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat). The tempo is marked 'Орташа екпінде' (Moderato). The score consists of ten staves of music. The first six staves feature a rhythmic pattern of eighth notes, often grouped in pairs with accents. The seventh staff introduces a more complex rhythmic pattern with eighth notes and rests, and includes a 'mf' dynamic marking. The eighth staff continues with eighth-note patterns and includes a 'p' dynamic marking. The final two staves conclude the piece with eighth-note patterns.

This page of musical notation consists of ten staves of music. The notation is written in a single melodic line on a grand staff. The music features various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. Dynamic markings such as *mf*, *f*, and *p* are used throughout. The notation includes many slurs and accents, indicating phrasing and emphasis. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 4/4. The music is arranged in a single melodic line, with some staves containing multiple measures of music.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all in G major (one sharp) and 3/8 time. The music is characterized by a steady eighth-note accompaniment in the right hand and a more melodic line in the left hand. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth-note runs, triplets, and dynamic markings like *mf* and *f*. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

Musical score in G major, 3/8 time. The score consists of eight staves. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The music is primarily composed of eighth notes. The second staff introduces triplets. The third and fourth staves continue the rhythmic pattern with some rests. The fifth and sixth staves feature a series of chords, with a *p* (piano) dynamic marking under the fifth staff. The seventh staff continues the chordal texture. The eighth staff concludes with a *f* (forte) dynamic marking and a final chord.

ЕСІР АЙШУАҚҰЛЫ (1840–1904)

Есір Айшуақұлы 1840 жылы Маңғыстау түбегіндегі Жыңғылды деген жерде дүниеге келіп, 1904 жылы қайтыс болған. Жас кезінен Абылды ұстаз тұтқан. Белгілі ғалым А.Сейдімбек: “Есір күйлерінің көп сандысы нақтылы өмірде болған оқиғалардың желісіне құрылады. Ол «Әлди бөлем» күйі Ырыс есімді қызын жұбату үшін тартса, ал «Күнтай» күйін немере ағасы Сам Даңдұланнан келіншегі Күнтай жеңгесінің қылық-қасиетіне арнаған. Сондай-ақ, «Шоқай төре» күйі өзінің бірге өскен құрдасы әрі ағайыны Назарға қатысты дүниеге келген. Бірде таудан ешкі бағып жүріп Назар аяғын сымдырып алады да, содан шойтып басатын сымтыма болады. Шертіп қағу арқылы тартылатын ырғақты күйдің сарынынан құрдасқа деген бағынаны аңғару қиын емес. Есірдің «Шалқыман» күйі сахара жұртының ит жүгіртін, құс салатын, ат қосып бойге алатын сері салтына арналған.” – дейді. 1873 жылы Ресей империясының Форт Александровскіден (қазіргі Форт-Шевченко) Хиуаға аттанған жуалаушы әскері қару-жарақ тиеу үшін осы сапарға Маңғыстау елінен тоқсан түйе мен тоғыз түйеші алады. Қатерлі сапарға түйеші болып еріксіз аттанған Есір елімен қоштасып, “Қос айырған” күйін шығарады. Сол жолы көрген азап-бейнетін ол “Тоғыз түйеші” күйінде бейнелеген. Ресей әскері түйешілерді “Теок-Тепе” (Көктөбе) деген жерден қайтарып, елге аман оралған Есір қуаныш, сағыныш сезімін “Ақжарма” күйін шығарады. “Көктөбе”, “Манатау” күйлері де сол сапарда туындаған. Есірдің осы инхлді болып келетін күйлері ұлы даланың симфониясындай сол дәуірдегі ел басынан өткен тарихи оқиғаларды сипаттайды. Есірдің бұлардан басқа “Жалдығара”, “Әлди бөлем”, Күнтай”, “Шоқай төре”, “Ақжелен”, “Сайға бұхтым” т.б. күйлері бар. Есірден күй үйреніп, ұстаз тұтқан шәкірттері Жылгелді, Арал, Өскенбай, Қартбай, Бокбала, Көпен, Байшағыр күйшілер. Есір күйлері Алым Жанбыршин, Шамғұл Ыбырайымов, Мұрат Өскенбаев, Сержан Шәкірат, Роза Айдарбаева сияқты белгілі өнер шеберлер орындауында күйтабақтарға жазылған.

Ақжарма

1870 жылдардың шамасында Қазақтардың Россияға қосылған уақыты Түрікмен елі әлі орыстарға берілмей, патша әскерінің бірнеше жасағын жорықтары сәтсіз аяқталған. Патша армиясының әскерлері Астрахан арқылы келіп Форт-Александровск (қазіргі Форт-Шевченко) қаласынан әскер шығарып, Хиуаға аттанбақшы болған. Хиуаға бару үшін Үстірт арқылы жүру керек. Патша әскері қазіргі Құрық ауданына қарасты Кеңдірлі, Ақсу деген жерге желкенді қайықпен келіп бас қосады. Азық-түлік, жем, қару-жарақ артатын күш-көлік керек болады. Соған байланысты Маңғыстау уезінен 3000-дай түйе және әскерге ат жинаған. Сол жинап жүрген уақытта осы Маңғыстау, Қаратау болысынан 90 түйе, 9 түйеші алатын болған. Сол түйешілікке 90 бойдаққа жарлы ештеңесі жоқ Есір домбырашы жалданған. Сол уақытта осы Қаратау өңірінде Құлыш дейтін би (болыс болған), қай күні, қайда баратынын Есірге айтқан. Бұл әскерді полковник Ломакин деген кісі басқарған. Есір ауылымен қоштасарда ағайын-туыстарына бір мал садақа жасаған. Елден уақытша кетіп бара жігірмын. Аман келеміз бе, жоқ па оны бір Құдай біледі. Дегенмен мына балалар тартып жүрер деп «Қос айырған» күйін аманат қылып тартып кеткен екен. Межелі уақытында Кеңдірліге жетіп, әскермен бірге Хиуаға аттанады. Жолда «Оба» деген ауру шығып, тоғыз түйешінің бірі ауырады. Бірақ орыс дәрігерінің күшімен жазылады. Тоғыз түйешінің жолдағы

ауыр күйін көрген Есір – «Тоғыз түйеңі» деп күй шығарады. Патша әскері Ашхабаттың бер жағындағы «Көктөбе» бекінісіне жақындағасын әскерін жиып, беріліңдер деп түрікмендерге елшілік жібереді. Түрікмендер бұған берілмегеннен кейін қырғын соғыс басталады. Екі жақтан да адам шығыны болады. Түрікмендер беріспейді. Бекініске тығылып атысады. Ағылшындармен байланысып тұрған түрікмендер, ағылшын қаруымен қаруланған екен. Көп күнге созылған қиян-кескі ұрыста орыстар жеңеді. Қазақтарды жинап алып, өлістерді көмдіреді. Есір жақындап барса бір түрікмен жігіт аласұрып жатады. Есір аузына су тамызады, бірақ жантәсілім болады. Көз алдында жанын қия алмай жатқанын көріп көзіне жас алады. Содан көсқа келгеннен кейін «Көктөбе» деп күй шығарады. Орыс әскері Хиуаны өзіне қаратып келісімге келіп, қазақ түйеңілерді кейін қайтарады. Қарақалпақтың Бесқала, Қоңыратымен кейін қайтатын болады. Орыстардың сырт жаудан қорғануға берген қарулары бар. Манғыстауға жақындап, Маната тауынан айнылып, Қармыс атамыздың басына барып түнейік деп «Қыземшек» деген судың басына келіп жатқанда қасындағы ауылдардан әжесінің ағасы Манатау әл үстінде жатыр деген хабар жетеді. Тездетіп елге жүрмек болады. Келе жатып «Мәлібек» деген судың басында отырған бір ауылға келіп қонғаннан кейін, ал Есір домбыра тарт дегенде, бұрын естімеген күй тартады. Бұл «Манатау» күйі еді. Бұл күй Манатау атама арналады. Мені әкем өлгенде осындай адам қатарына қосып тәрбиелеген, үйлендірген Манатау атам еді, мен елден кеткенде 86 жаста еді. Біруыс топырақ сала алмай қалдым-ау. Сол атама арналған бойтұмарым болсын дейді. Содан аман-есен ауылға келгеннен кейін көрші-көлем, ағайын-тума жиналып, «алыстан алты жасар бала келсе, алыстағы шал келіп сәлем береді» дейді. Ал Есір ауылға аман-есен келдің, хабарыңды айт дегенде, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген. Біз кереметтей соғысқа қатыспағанмен, әртүрлі қияншылықтар көрдік. Ауру болдық, не де болса аман келдік. Ақ түйеңің қиры жарылды. Сол аман-саулыққа арнап «Ақжарма» деген күй тартам деген екен.

*Айтберген Жаңбырның "Нарату".
Алматы. Нұрлы әлем. 2005. 49-50 бет.*

81. АҚЖАРМА

Есір Айшуақұлы
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүзлек, сазы



This page of musical notation is for guitar and consists of ten staves. The notation is as follows:

- Staff 1:** Contains a melodic line with eighth notes and quarter notes, including accents and slurs. It ends with a double bar line.
- Staff 2:** Features a rhythmic pattern of eighth notes with various fingerings (1, 2, 3, 4) and accents. It includes a measure with a 5/8 time signature.
- Staff 3:** Shows a series of block chords, primarily triads, with fingerings indicated below the notes.
- Staff 4:** Continues the sequence of block chords from the previous staff.
- Staff 5:** Further continues the block chord progression.
- Staff 6:** Contains a block chord progression that includes a measure with a 7/8 time signature.
- Staff 7:** Features a melodic line with eighth notes and quarter notes, including slurs and accents.
- Staff 8:** Shows a melodic line with eighth notes and quarter notes, including slurs and accents.
- Staff 9:** Continues the melodic line with eighth notes and quarter notes, including slurs and accents.
- Staff 10:** Features a rhythmic pattern of eighth notes with various fingerings and accents.



This page contains ten staves of musical notation, likely for guitar. The notation is written in a single system and includes various musical elements:

- Staff 1 (Measures 77-80):** Features a melodic line with a trill-like figure and a bass line with chords. A 'V' marking is present above the first measure.
- Staff 2 (Measures 81-84):** Continues the melodic and harmonic patterns from the first staff.
- Staff 3 (Measures 85-88):** Shows a consistent rhythmic pattern in the bass line.
- Staff 4 (Measures 89-92):** Includes a melodic line with a trill-like figure and a bass line. Markings 'V', 'B', and 'C' are visible above the notes.
- Staff 5 (Measures 93-96):** Features a melodic line with a trill-like figure and a bass line. A 'V' marking is present above the first measure.
- Staff 6 (Measures 97-100):** Shows a consistent rhythmic pattern in the bass line.
- Staff 7 (Measures 101-104):** Continues the rhythmic pattern in the bass line.
- Staff 8 (Measures 105-108):** Shows a consistent rhythmic pattern in the bass line.
- Staff 9 (Measures 109-112):** Includes a melodic line with a trill-like figure and a bass line. Markings 'V', 'B', and 'C' are visible above the notes.

112

116

119

122

125

128

131

134

137

140

161

162

163

164

165

166

167

168

169

170

171

172

173

174

Kultura

al tempo

ЕСБАЙ БАЛУСТАУЛЫ (шамамен 1852–1910)

Есбай Балұстаұлы (ел аузында Тазбала атанған) 1852 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сарықол көлінің маңында туылып, сол өңірде – 1910 жылы өмірден озған. Әкесі Балұста он саусағынан өнер тамған зергер, дәулескер домбырашы болған. 11 жасында әке-шешесінен жетім қалған Есбайды атасы Ернұр қолына алады. Баланың ерекше дарыны мен талабын байқаған атасы бағасын беріп, ел аралап күй тартуға рұқсат етеді. Халық арасына “Тазбала” деген есімімен белгілі болған. Белгілі күйші Абыл Тарақұлы Есбайға ерекше ықпал еткен. Абылды ол өзіне ұстаз тұтқан. Есбай Еділ — Жайық, Ойыл, Жем, Сияз бойын, Маңғыстау мен Үстірт алабын, Орынбор, Саратов, Самара, Астрахан қалаларын аралап күй тартып, көптің алғысына бөленген. Өнер зерттеуші Т.Мерғалиевтің айтуынша, Есбай Жайық өзенін жағалай күй тартып, алайдың Арал, Көпен, Айжан сияқты домбырашыларын күй тартыста жеңіп шыққан. Есбай домбырашылық өнерді жеріне жеткізе меңгергенімен қоймай, қазақтың күйшілік дәстүріне тың ырақ қосып, өзі де көптеген күйлер шығарды. Ел арасында «Абылдан сөз қалмаған, Есбайдан күй қалмаған» деген мәтел сөз қалған. Есбай заманында алтыс екі тармақты «Ақжеленді» түгелдей тартқан деседі. Ол «Ақжелен», «Түйдек Ақжелен», «Ләме Ақжелен», «Шидемелі Ақжелен», «Шілтерлі Ақжелен», «Кербез Ақжелен», «Қыз Ақжелен», «Сылаң Ақжелен», «Бұлбұл Ақжелен» деген күйлері арқалы осынау ұлы дәстүрге өзінің айшықты үлесін қосып әрі қарай дамыта түскен.

Есбай шығармашылығының айшықты бөлігі - «Үш ананың айтысы» деп аталатын циклді күйлерден тұрады. Есбайдың «Өтті-кетті» күйін тұңғыш нотаға түсірген музыка зерттеуші А.В.Затаевич Есбайдың домбыра тарту мәнеріндегі кейбір адис-тәсілдерді айгілі инанист А.Рубинштейн мәнерімен теңестіреді. Есбайдың күйшілігін А.В. Затаевич аса жоғары бағалаған. Есбайдың өмірі мен шығармашылығына ден қойған ғалым А. Сейдімбек: “Бүгінгі күнімізге Есбайдың көңілдей болып оның домбырасы жетті. Балұстаның кенжесі, Есбайдың туған інісі Ізбасар — үш ұл, үш қыз сүйген адам. Сол Ізбасардың кіші қызы Кенже (Қайырыш) Есбайдың домбырасын бойтұмардай сақтап келген. Музыкалық фольклор зерттеуші, білікті азамат Қажымұрат Қыдырбайұлы 1985 жылы Есбайдың домбырасын қалап алып, 1989 жылы Алматыдағы Қазақтың республикалық халық саз аспаптары музейіне тапсырды” - дейді. Есбай күйлерін біздің заманға жеткізген маңғыстаулық домбырашылар Назар, Арал, Сәулебай, Қисық, Кәуен және кейінгі орындаушылардан Л.Мұхитов, М.Өскенбәев, К.Қонаршинев, Ш.Ибрагимов, Б.Атанқұлов, С.Жалмышев, Қ.Шыртанов сынды домбырашылар. Есбай шығармашылығын зерделеп, күйлерін жинақтап, орындап әрі нотаға хаттап түсірген белгілі күйші, зерттеуші, профессор А. Төктаған.

Үш ананың айтысы

Кіші жүзге мәлім Қаналы деген төре 1903 жылы күзге қарай әкесіне ас береді. Кезек үш ана домбырашыларының күй сайысына жетеді. Нәзігалап күйшілер Қаналы төренің он екі қанат ордасына шақыртылады. Байұлынан 61 мүшеліндегі Балұстаұлы Есбай келеді. Өлімнен 40 жастығы Тоғызбай күйші көрінеді. Ең соңында жетірудан айгілі Алғаныш күйшінің шәкірті 18 жасар Науша қыз жетеді. Күйшілерге Қаналы төренің өзі сарапшы болады.

«Уа, ағайын! — деп, Қаналы төре сөз бастайды. — Үш ананың бетке шығар күйшілері алдымызда отыр. Бұрынғы-соңғының дәстүрімен бұларды кара тартысқа, қала берді, түре тартысқа салсақ, онда аңғалап тыңдауға тура келеді. Сондықтан, бір-бірден күйлерін тыңдап, «Теңіз дәмі тамшыдан белгілі» дегендей, төрелігімізді айтайық». Отырғандар Қаналы төренің ұзжін қабыл алады. Сол жерде, «жолы жінішке» деп, бірінші күй тарту кезегі Науша қызға беріледі. Ол кезге тартар күйінің бөгөрнайын танытып, мән-жайын айтып алатын дәстүр бар. «Бұл күйдің

шығуына себепші оюңға өз басымнан өтпін еді, – дейді Науша қыз. – Бірде, айлы түнде ауылдың қыз-бозбаласымен бірге ақсүйек ойып жүріп, егітімнің өкшесін тайдырып алдым. Сонда ақсүйекті бірге іздесіп жүрген жанымдағы жігіт егітімнің өкшесін ай жарығына қаратып отырып, шимен шегелеп бергені. Сол жігіттің өнеріне риза болғаннан шығарған күйім еді». Науша қыз осылай дейді де, «Шилеме-шегелеме» деген күйін тартып шығады. Келесі кезекті «атаасының жолы үлкен» деп, Тоғызбайға береді. «Менің күйіме де өз басымнан өткен бір оюңға себепші болып еді, – дейді Тоғызбай. — Жапсар ауылда Мамыт деген қыз болды. Өзіліміз жарасып, сөзіміз үйлескен жандар едік, ертеле-кеш бара калсам, Қызылқайың деген итті күрпілден үріп алдымнан шығады. Қабаған ит қызды ауылға жолатпай дінкемді құртты. Содан бір күні қолыма таяқ ұстап, сайланып шықтым. Әдеттегідей алдымнан үріп шыққан итті қыты жасықп едім, жайына кетті. Мен мұратыма жеттім. Сонда қонілім өсіп қайтқан соң шығарған күйім еді». Тоғызбай жорғадай сыдыртып күйін тартып шығады. Мұнан әрі күйдің кезегі Есбайға тиеді. Сонда Есбай: «Бұлар күйді оң қакты ғой, қайталау болмасын, мен теріс қағайын» деп, сол жерде «Терісқакпай» деген күйді шығарып тартады. Күй біткен кезде тыңдаушылар ду ете қалады: «Ойырмай-ай, бұл Есбайға дауа жоқ екен... Түрткені де, шерткені де күй ғой... Табан астында тыннан шығарып тартты-ау» деседі. Көңілін қолдауына Қаналы төре де қосылып, «Бөйгенің несі Есбай» деп айтып салады. Сол жерде Науша қыз үзк айтады: «Қадірлі ағалар, – дейді, – кезек тосын тиген соң, қолым үйренген күйді тартқаным рас еді. Болмаса, шығарып тарту біздің де қолымыздан келеді. Маған бөйгенің де, байрақтың да керегі жоқ. Осынау асқа құрқол келмейін деп, құлағын шығарып келген жана күйім бар еді. Өзіммен бірге кетпесін, рұқсат болса, сол күйімді тартып берейін». Науша қыздың үзгін Қаналы төре бастаған жұрт қабыл алды. Іле Науша сарыны тың қағысы бір күйді лекілдеге жөнеледі. Отырғандар жана күйге сүттой ұйып, құлақ түреді. Әсіресе, Қаналы төренің Күнтай атты бөйбінесі ұмысына түсіп, құлақ түргенде жаулығы сырылып, шашының көрініп қалғанын аңғармайды. Күй делбебе қолдыра құлдырандап барып бітеледі. Күнтай бөйбіше ағыл-құзыл жаулығын түзейді. Мұны байқап қалған Науша қыз күліп: «Менің күйіме ең беріліп тыңдаған адам Күнтай апамыз сияқты, сондықтан, бұл күйдің аты «Күнтай» болсын» – дейді. Ақылды қыздың қылығына риза болған Қаналы төре қабақ серініп, Науша қыздың алдына «ер бұйымыңды салып жүр» деп күміс сандықна қойдыртады. Осы кезде Есбай отырып тіл қатады: «Апыр-ай, менен кейін күй тартылмаушы еді, дәуренім өтейін деген екен-ау!» деп, сол жерде «Өттің, дүние!» деген күйін тартады. Күй тереңнен толған, күңірене дөңбекшіп, отырғандардың ойып сан-сақса жүгіртеді. Сонда Тоғызбай күйші: «Сабыр, Есаға, сабыр! Өлмейтін өнердің алды-артында дүбірі қалың болмайтын ба еді. Мұндайда шүкірлік еткен жарасар» – деп, сол жерде «Әлэйлім жалған» деген күйін шертеді. Күй біткен кезде аңғарылған жұрттың ішінен біреу сөз бастайды: «Ау, ағайын, осы біз мана Байқұлының қолын олай-бұлай сермегеніне алданып қалған жоқпыз ба?» дейді. Бірінен-бірі өткен күйдің әсері суымай отырған жұрт дабыр-дұбыр болып қалады. Бірі — «Наушаның қолы шебер екен», келесісі – «Жоқ, Тоғызбайдың сарыны сұңғыла болды» деседі. Өршіп бара жатқан дауға Қаналы төре басу айтады: «Жә, ағайын, – дейді, – бұл бір айта жүретін өнер сайысы болды. Осы жерде тегін тартылған күй жоқ, бәрі де күсіліктің сойылып соғып, жон-жобасымен тартылды. Олжаның үлкені сол болса керек. Дегенмен, кесім айтылып қойды. Енді мені екі сөйлетпей-ақ қойыңдар. Женіс Есбайдікі, құрмет туын көтеріндер! Ал, Науша мен Тоғызбай болса, олар да сый-құрметке әлден лайық екен. Риза етіп аттандыру мойнамызда болсын». Кейін осынау күй сайысында тартылған күйлер ел ішінде «Үш ағаның күйі» деген атпен тарайды. Қазіргі домбырашылар «Күнтай» күйін «Бұлбұл» деп, «Өттің, дүние!» күйін «Өтті-кетті» деп тартып жүр. Бұл да уақыттың өз дегенін болдыртпай қоймайтын бір «өктемдігі» болса керек.

*Ақселу Сейдімбек "Қазақтың күй өнері"
Астана. Күзетсін 2002.539-541 бет.*

82. ШИЛЕМЕ, ШЕГЕЛЕМЕ

Науша
орындаушы Сержан Шакират

Жеңіл, ойнақсы

The image shows a musical score for the piece 'Шилеме, Шегелеме' (Shileme, Shegeleme) by Nausha, performed by Serzhan Shakirat. The score is written in a single system with eight staves. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music is characterized by a light, rhythmic feel, as indicated by the tempo marking 'Жеңіл, ойнақсы' (Light, playful). The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and rests. There are several measures with accidentals (sharps and flats) and dynamic markings (e.g., 'f', 'mf'). The score concludes with a double bar line and repeat dots.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piano or guitar. It consists of eight staves of music, all written in a single system. The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns, including sixteenth and thirty-second notes, as well as chords and rests. A 'C' time signature is visible on the second staff. The music is written in a key signature of one flat (B-flat major or D minor). The notation is arranged in a standard Western musical format, with the staves reading from top to bottom.

83. ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ МАМЫТ

Тоғызбай
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүрек, толғана

The image shows a musical score for the piece "Қызыл Қайың Мамыт" (Red Willow Mamyt). The score is written for a single melodic line on a treble clef staff, with a key signature of one flat (B-flat) and a 2/4 time signature. The music is characterized by a steady, rhythmic accompaniment of eighth notes, often in a chordal texture. The melody consists of eighth-note runs and some longer notes with accents. Above the first staff, there are performance markings: "m m v m b c". Above the seventh staff, there are markings: "v m v m b c". Above the tenth staff, there are markings: "m v m v m b c". The score consists of ten staves of music.

This page of musical notation is arranged in 12 staves, all within a single system. The music is written in a key signature of one flat (B-flat) and a 12/8 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, chords, and articulation marks such as accents (v), slurs, and breath marks (b, c).

This page of musical notation consists of 12 staves of music. The notation is written in a single melodic line on a treble clef staff. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings and performance instructions:

- Staff 3:** Includes markings *m v m B C* above the staff.
- Staff 6:** Includes markings *m v m B C* above the staff.
- Staff 7:** Includes markings *v v m B C* above the staff.
- Staff 10:** Includes markings *rit* above the staff.
- Staff 11:** Includes markings *rit* below the staff and *a tempo* above the staff.

The notation is complex, with many notes beamed together, suggesting a fast or intricate piece of music. The page concludes with a final measure on the 12th staff.

84. ТЕРІСҚАҚПАЙ

Есбай

орындаушы Сержан Шәкірат

Жылдам, екпінсізге

The musical score is written for a single instrument, likely a piano or guitar, and consists of ten staves. The key signature is one flat (B-flat) and the time signature is common time (C). The tempo is marked 'Жылдам, екпінсізге' (Fast, without haste). The music is characterized by a fast tempo and a steady, rhythmic accompaniment. The first staff features a series of chords with a melodic line above. The second staff has a more active melodic line with some grace notes. The third staff continues the melodic development with various rhythmic patterns. The fourth staff shows a return to a more chordal texture. The fifth staff has a melodic line with some grace notes. The sixth staff features a melodic line with a steady accompaniment. The seventh staff has a melodic line with a steady accompaniment. The eighth staff has a melodic line with a steady accompaniment. The ninth staff has a melodic line with a steady accompaniment. The tenth staff has a melodic line with a steady accompaniment.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in ten staves, each containing a series of notes and rests. The key signature is one flat (B-flat). The time signature is common time (C) at the beginning, changes to 3/4 in the third staff, and returns to common time in the fourth staff. The music features complex rhythmic patterns, including many sixteenth and thirty-second notes, and rests. The notation is written in a standard musical staff format with a treble clef.

The image displays ten staves of musical notation. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 3/4 time signature. The music consists of eighth and sixteenth notes, often beamed together. The second staff continues the melody and includes a change to a 3/8 time signature. The third staff returns to a 3/4 time signature. The fourth staff features a melodic line with a fermata over a note. The fifth staff has a 3/8 time signature and includes a fermata. The sixth staff returns to a 3/4 time signature. The seventh staff has a 3/8 time signature. The eighth staff has a 3/4 time signature. The ninth staff has a 3/8 time signature. The tenth staff has a 3/4 time signature and ends with a double bar line.

85. БҮЛБҮЛ

Науша
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүрек, шалкыта

The musical score is written for a single instrument, likely a piano or guitar, and consists of ten staves. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is common time (C). The music is characterized by dense, repetitive rhythmic patterns, often with triplets and sixteenth-note figures. Various performance markings such as accents (V), slurs, and dynamic markings are present throughout the score.

This page of musical notation consists of ten staves. The notation is written in a single system with various time signatures and rhythmic values. Key features include:

- Staff 1:** A melodic line with eighth-note patterns and a key signature of one flat.
- Staff 2:** A melodic line with eighth-note patterns, ending with a fermata.
- Staff 3:** A complex rhythmic pattern with eighth notes and accents, starting with a 3/4 time signature and changing to common time.
- Staff 4:** A rhythmic pattern of eighth notes, starting with a 3/4 time signature and changing to common time.
- Staff 5:** A melodic line with eighth-note patterns and a fermata.
- Staff 6:** A rhythmic pattern of eighth notes with slurs and accents, starting with common time and changing to 3/4.
- Staff 7:** A melodic line with eighth-note patterns and a fermata.
- Staff 8:** A rhythmic pattern of eighth notes, starting with a 3/4 time signature and changing to common time.
- Staff 9:** A melodic line with eighth-note patterns and a fermata.
- Staff 10:** A rhythmic pattern of eighth notes with slurs and accents, starting with a 3/4 time signature and changing to common time.

8

86. ӨТТИҢ ДҮНИЕ

Есбай
орындаушы Сергей Шәкірат

Орташа, толғина

The musical score is written for a single melodic line in G major (one sharp) and 2/4 time. It consists of ten staves. The piece begins with a rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes, often with rests. There are several instances of sixteenth-note runs. The notation includes various accidentals (sharps, naturals, flats) and slurs. Dynamic markings 'p' (piano) and 'f' (forte) are used throughout. The piece concludes with a final cadence on the tenth staff.

This page of musical notation consists of ten staves. The notation is complex, featuring a variety of rhythmic patterns and rests. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The notation includes eighth and sixteenth notes, as well as rests. The second staff features a series of sixteenth-note chords, with dynamic markings 'V' and 'f' above the notes. The third staff continues with similar rhythmic patterns. The fourth staff shows a sequence of eighth-note chords. The fifth staff features a mix of eighth and sixteenth notes. The sixth staff has a dense pattern of sixteenth-note chords. The seventh staff continues with similar rhythmic patterns. The eighth staff features a sequence of eighth-note chords. The ninth staff has a mix of eighth and sixteenth notes. The tenth staff features a series of sixteenth-note chords, with dynamic markings 'V' and 'f' above the notes.

This page of musical notation consists of ten staves. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat. The second staff includes dynamic markings 'v' and 'f'. The third staff features a series of eighth notes. The fourth staff has a series of sixteenth notes. The fifth staff has a series of eighth notes. The sixth staff has a series of eighth notes. The seventh staff has a series of eighth notes. The eighth staff has a series of eighth notes. The ninth staff has a series of eighth notes. The tenth staff has a series of eighth notes.

This page of musical notation consists of ten staves, each containing a different rhythmic exercise. The exercises are written in various time signatures, including 2/4, 3/4, 4/4, 5/4, 6/8, 7/8, and 9/8. The notation includes a variety of rhythmic figures such as eighth notes, sixteenth notes, and dotted rhythms, often grouped with beams and slurs. Some staves feature complex patterns with multiple beams and slurs, while others are simpler. The exercises are separated by double bar lines, and some include repeat signs. The overall style is that of a technical or rhythmic study book.

87. ӘЛӘЙІМ ЖАЛҒАН

Тоғызбай
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүрлек, ойлы

This page contains ten staves of musical notation. The notation is written in a single system with ten staves. The key signature is one flat (B-flat). The time signatures vary across the staves: 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, and 3/4. The music consists of various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several measures with complex rhythmic figures, such as a 3/4 measure with a dotted quarter note followed by an eighth note, and a 3/4 measure with a dotted quarter note followed by an eighth note. The notation is clear and legible, with a consistent layout.

The image displays a page of musical notation consisting of eight staves. The notation is written in a single system with a key signature of one flat (B-flat). The staves contain a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, rests, and dynamic markings such as accents and slurs. The notation is arranged in a standard musical format, with a treble clef and a common time signature (C) at the beginning of the first staff. The piece concludes with a final measure on the eighth staff, marked with a double bar line and a repeat sign.

ҚАРТБАЙ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (1876–1936)

Қартбай Қалқаманұлы 1876 жылы туылып, 1936 жылы Адай уезіне қарасты Қоңырат елді мекені маңындағы Үштөбе зиратында жерленген. Қартбай күйші туралы деректер өте аз. Өкінішке қарай, күйшінің көптеген туындылары да бүгінге жетпеген. Ел аузындағы аңыз бойынша, замандас күйшілерінің бәрі алқалы жын, арқалы сайыстарды Қартбайдың «Күй басымен» бастайды екен. Оның одан басқа «Қыранның балапанын биілу», тағы басқа бірнеше күйлері болған. Қартбай көбінесе жаң-жаңуарлардың жымыл-әрекетін, дауыс-үнін күй тілімен беруге күш салған анималист ретінде танылған. Хиуаның бес қаласында күй сайыстарына қатысып, түрікмен бақшыларын өзінің домбырашылық шеберлігімен тәпті етіп, бірнеше рет бас бөйгені жеңіп алған. Қартбай – құдықымы, әрі сақтымы болған. 1931 жылы күнкөріс қамымен Қоңыратқа барған.

88. КҮЙ БАСЫ

Қартбай Қалқаманұлы
орындаушы Сержан Шәкірат

Орташа, ойлы

This page contains ten staves of musical notation. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, rests, and chord symbols. The symbols used include 'm', 'V', 'G', 'C', and 'm'. Some notes are marked with accents or slurs. The notation is arranged in a vertical column, with each staff containing a sequence of notes and rests.

This page contains ten staves of musical notation. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, chord structures, and fingerings. The first staff begins with a treble clef and a 3/4 time signature. The second staff uses a bass clef and a 3/4 time signature. The remaining staves use a treble clef and a 3/4 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, chord structures, and fingerings.

ҚҰЛШАР БАҚТЫҒАЛУЛЫ (XIX–XX ғ.)

Құлшар Бақтығалулы Маңғыстау аймағында XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген күйші. Айтыс күйлерінің ірі өкілі. Атақонысы Сам, Ақжігіт, Сынғырау деп аталатын жерлер. Құлшар әсіресе айтыс күйлерімен тарихта қалған. Құлшар күйлері әдетте өз басынан өткен қыздықты оқиғаға орай туындап отырады. Айтыс, тартыс күйлерімен аты белгілі Құлшардың «Қыз қамаған», «Кербез керію», «Ат жортақ», «Сық-сақ», «Кебіс қалған» деп аталатын циклді күйлері қызғалықты әңгімесімен тартымды баяндалады. Сондай-ақ әзілге құрылған «Жат та, қымта», «Бес қыздың бел шешпесі» атты күйлері кең таралған. Ондай оқиғалар әдетте күймен жауаптасу, күй өрелестіру, күймен емеурін ету немесе сол оқиғаны күйге салу түрінде көрініс тауып отырады. Құлшардан күй үйренген шәкірттері: Атажан, Қожахмет, Тенел, Тәжік, Қалдықара, Карасай. Осы күйшілерден Арал, Шамғұлға жеткен Құлшар күйлері Өскенбай, оның баласы Мұрат арқылы бүгінге жетті. Құлшар күйлерін орындаушылар қатарында Мырзақұл Панаев, Қарағұл Қонаршев, Ізбасар Шырғанов, Сержан Шәкіратов сынды домбырашылардың есімдері ерекше аталады.

Маңғыстау өңіріндегі бұл тізбекті күйлер туралы зерттеуші Т. Мерғалиевтың 1972 жылғы шығаны «Домбыра сазы» атты кітабында домбырашы Ш.Ыбыраһымовтың айтуында төмендегідей аңыз-әңгіме келтірілген.

...Өткен заманда адайдың Құлшар деген домбырашысы мал қарап жүріп Тас астау-қайнар деген жердегі Табын ауылына барады. Қоғалға атын шідерлен, шандықтан шеткері тігілген ақ отауға кіріп келсе, үйде бойжеткен қыз кесте тігіп отыр екен. Қызбен амандасып төрге шығып отырғанның кейін Құлшар:

– Мен бір мал қарап жүрген алаймын, ұзақ жол жүріп шөліркеп, ауыл болған соң бір шаны шай ішкелі келдім, қарындасым, – дегті. Сонда қыз:

– Ей, жігіт! Мен жол бойы мал іздеп, түйе қарағандарға шай қайнатып беретін қыз емеспін, көзінді ашып кара. Егер өнерлі ауылдың жігіті болсаң, әуелі өзін менімен таныс, сөйлес, содан шай ішетін-ішпейтінін білерміз. Әйтпесе, кез келген адайға шай қайнатуда ерінемін, – дейді әзілдеп. Мұны естіген Құлшар:

– Жақсы, тек қадірлі, өнерлі кісіге беретін шайын болса, онда ол мен үшін арзан шай екен. Олай болса, шырағым, жаныңда тұрған домбыраңды алып бере ғой, мен саған бір күй тартып берейін, – дегті қызға. Қыз домбырасын Құлшарға ұсынады. Құлшар домбыраны қолына алып:

– Елде жүргенімде домбыра тартсам болды, қыздар айнала қоршап орталарынан шығармай мазамды кетіретін еді. Соларға арнап «Қыз қамаған» деп күй тартып едім, сен жалғыз болсаң да сол күйімді тартайын, – деп «Қыз қамаған» күйін орындайды.

Құлшар домбыраны тартып отырғанда, қолында ұршығы бар қыздың шешесі үйге кіреді де күйді тыңдаған бойы босағаға отыра кетеді. Күй аяқталғанда кемпір Құлшарға қарап:

– Е, шырағым аманбысың? Өзің ілу көрмеген бала екенсің, домбыраның бір ішегін басып, бір ішегін ашық тартасың, үстіңгі ішекте көп сыр болушы еді, оны айтпадың, домбыраңды бері бер, мынау менің қыз күнімде өз жүрісімнің кербездігіне арнап тартқан «Кербез» («Кербез керію») деген күйім еді, – деп, домбырасын қаға берітті.

Жігіт пен кемпірдің тартқан күйлерін зер сала тыңдап отырған қыз, шешесі күйін аяқтай бергенде:

– Ойпырмай, апа! Мен байқамай жүрген екенмін ғой. Қолыңыз шалдыққан ба, қалай өзі. Тігіті, кібіріткен, жалтқып, домбыраның сағасынан жоғары қарай шығып болмадыңыз ғой. Маған берінізші домбыраныңызды, бұл жігіттің сазасын мен берейін, — деп домбыраны алып:

– Ей, құрбым, құлағыңды сал! Сен сияқты бір нашарлау құрдасым, астында тор жорға аты бар күнде кешкісін ауылға қонақтап келе беретін болған соң, осының өне бойы келуі жұртқа күдік бола ма, неғизады. Өзін қайта келмейтіндей етіп қояйыншы деген оймен келеке етіп, астындағы атының жүрісіне ариап, «Торы жорға ат» («Ат жорға») күйін шығарып едім. Сол күйді тартқаннан кейін жұрттың «ойшырмай, атының жүрісін айыптай салдың-ау» деген сөзінен қысылып, әлгі құрдасым қарасын көрсетпей кетіп еді, сол сияқты сен де көзден ғайып болмасаң болар еді. Дегенмен, жүрегің жарылып кетпес сол күйді тартайын – деп қыз Құлшарды қызғытып, «Торы жорға ат» («Ат жорға») күйін орындайды.

Қызының айтқан әңгімесімен тартқан күйін тыңдап отырған кемпір:

– Ей, жігіт пен қызым! Сен өз балам болсаң да екеуіңнің менімен тартыспақ ойларың бар екен ғой. Сендей жас қыз күнімде осындай сықсыңдап келе беретін жігіттерге ариап, келемеш қылып тартқан «Келеке күй» («Түт шіркі») деген күйім бар еді, енді соны тартайын, – деп қыздың шешесі домбыраны шала беріпті.

Күйін тартып болған соң кемпір домбырасын Құлшарға ұсынып:

– Шырағым, қонақ бала! Күй тартамын деп домбырамызды бұзып тастапсың, зорға түзеп алдық, қонақшалығыңды ескеріп бір жолға кешірдік. Тағы күй тартуына болады, бірақ домбыраны бұзсаң, айыбына астындағы атыңды алып аламыз, – дегіті. Кемпірдің мына сөзінен қатты қысылған Құлшар ішінен:

– Қой, құрысын, бұлармен домбыра тартысып жеңіп, шай шемін дегенімнен ештеме шықпас. Айыпқа атымды беріп, елге жауу қайтып, жұртқа күлкі болғанша, аман тұрғанымда кетейін», – деп Құлшар үйден шыға жөнеліпті. Маңғыстаулық домбырашы С.Шәкіратовтың айтуы және тартуы бойынша Құлшар жұртына жеткен соң «Кебіс қалған» деп күй шығарған.

89. ҚЫЗ ҚАМАҒАН

Құлшар
орындаушы Сержан Шәкірат

Жеңіл, ойнақы

The musical score is written in 3/8 time and consists of five staves. The first four staves show a melodic line with various ornaments (accents, slurs, and grace notes) above the notes. The fifth staff shows a bass line with chords and some ornaments. The key signature has one flat (B-flat), and the piece ends with a double bar line and repeat signs.

The image displays a page of musical notation, likely for guitar or piano, consisting of ten staves of music. The notation is written in a single system and includes various rhythmic patterns, chord structures, and dynamic markings. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat. The music features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. There are several instances of the marking "6 6 c" above the notes, which typically indicates a specific fingering or technique. The notation is dense and complex, suggesting a piece of music with intricate harmonic and rhythmic details.

This page of musical notation consists of ten staves of music, all within a single system. The music is written in a key with one flat (B-flat) and a 3/4 time signature. The notation includes various rhythmic patterns, chords, and technical markings such as 'V', 'C', and 'M' above notes. The music is written in a key with one flat and a 3/4 time signature.

90. КЕРБЕЗ КЕРІК

Құлшар
орындаушы Сержан Шәзірат

Жүрдек, ойнақы

The image displays a musical score for the piece 'Кербез Керік' (Kerbez Kerik), arranged by Serjan Shazirat. The score is written for a single melodic line on a treble clef staff, with a key signature of one flat (B-flat) and a 2/4 time signature. The piece is titled 'Жүрдек, ойнақы' (Zhurdek, oynaki), which translates to 'Dance, play'. The score consists of ten staves of music. The first staff includes performance markings: 'm' above the first measure, '6' above the second measure, and 'c' above the third measure. The music features a rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several dynamic markings, including 'V' (fortissimo) and 'v' (piano), scattered throughout the score. The piece concludes with a final cadence on the tenth staff.

The image displays a page of musical notation, likely a score for a piano or guitar. It consists of ten staves of music, arranged in a single system. The notation is written in a single clef (treble clef) and a single key signature (one flat, B-flat). The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and chords. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one flat. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and chords. The second staff continues the piece with similar rhythmic patterns. The third staff features a more complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes. The fourth staff has a similar pattern to the third. The fifth staff continues the piece with similar rhythmic patterns. The sixth staff features a more complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes. The seventh staff has a similar pattern to the sixth. The eighth staff continues the piece with similar rhythmic patterns. The ninth staff features a more complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes. The tenth staff has a similar pattern to the ninth. The notation includes various rhythmic patterns, such as eighth and sixteenth notes, and chords. The piece concludes with a double bar line.

This image shows a page of musical notation, likely a score for a piece of music. The notation is arranged in ten staves, each containing a different part of the music. The notation includes various rhythmic patterns, chords, and melodic lines. The first staff features a complex rhythmic pattern with eighth and sixteenth notes. The second staff continues with similar rhythmic patterns. The third staff shows a melodic line with eighth notes. The fourth staff features a rhythmic pattern with eighth notes. The fifth staff continues with similar rhythmic patterns. The sixth staff shows a melodic line with eighth notes. The seventh staff features a rhythmic pattern with eighth notes. The eighth staff continues with similar rhythmic patterns. The ninth staff shows a melodic line with eighth notes. The tenth staff features a rhythmic pattern with eighth notes. The notation is written in a standard musical notation style, with a treble clef and a key signature of one flat (B-flat).

91. АТ ЖОРТАК

Құлшир
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүрдек, есіңізге

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a key signature of one sharp (F#) and a 3/4 time signature. The piece is characterized by a steady, rhythmic accompaniment of eighth notes, often in pairs. The melody consists of eighth-note runs and short phrases. There are two dynamic markings, 'v', placed above the first and second measures. The score includes a repeat sign with first and second endings. The key signature changes to one flat (Bb) in the final section of the piece. The notation includes various note values, rests, and articulation marks.

The image displays ten staves of musical notation. The first five staves feature a consistent rhythmic pattern of eighth notes in pairs, often with a dotted eighth note preceding them. The sixth staff includes a trill marking ('tr') above a note. The seventh staff shows a key signature change to one flat (B-flat) and a change in the rhythmic pattern to eighth notes. The eighth staff continues with eighth notes and includes a repeat sign. The ninth and tenth staves return to the initial rhythmic pattern of eighth notes in pairs.

The image displays ten staves of musical notation. The first two staves are in treble clef and feature a rhythmic pattern of eighth notes with stems pointing down. The third staff is in bass clef and contains a series of chords. The fourth staff begins with a melodic line in treble clef, marked with a fermata and an accent, followed by a series of chords. The fifth staff continues with a rhythmic pattern of chords. The sixth staff shows a change in time signature to 3/4 and features a melodic line with eighth notes. The seventh staff continues with a rhythmic pattern of chords. The eighth staff shows a change in time signature to 3/8 and features a melodic line with eighth notes. The ninth staff continues with a rhythmic pattern of chords. The tenth staff concludes with a final chord and a double bar line.

92. ТҮТ ШІРКІН

Құлашар
орындаушы Сержан Шәкірат

Жүрлек, жеңіл

The image shows a musical score for the piece 'Түт Шіркін' (Tut Shirkin). The score is written in a single system with eight staves. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 3/4. The music is characterized by a steady, rhythmic accompaniment consisting of eighth and sixteenth notes, often beamed together. The melody is primarily composed of quarter and eighth notes. There are several dynamic markings, including 'p' (piano) and 'f' (forte), and some phrasing slurs. A specific performance instruction, 'жылдам' (allegro), is written above the fourth staff. The score concludes with a double bar line and repeat dots.

Musical score for guitar, consisting of ten staves of music. The key signature has two flats (B-flat and E-flat), and the time signature is 3/4. The score includes various musical notations such as chords, arpeggios, and melodic lines. The first staff begins with a treble clef and a key signature of two flats. The second staff has a key signature change to one flat (B-flat). The third staff has a key signature change to two flats. The fourth staff has a key signature change to one flat. The fifth staff has a key signature change to two flats and includes the instruction *rit. rall.* above the staff. The sixth staff has a key signature change to one flat. The seventh staff has a key signature change to two flats. The eighth staff has a key signature change to one flat and includes the instruction *rit. rall.* above the staff. The ninth staff has a key signature change to two flats. The tenth staff has a key signature change to one flat.

427

93. КЕБІС ҚАЛҒАН

Құлшир
орындаушы Сержан Шәкірат

Орташа, сазлы

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef staff in a 2/4 time signature. The key signature has one flat (B-flat). The score consists of ten staves of music. Above the first staff, the notes are labeled with letters: m, 6, c, m, m, V. Above the second staff, the notes are labeled: m, m, m, m, 6, c, m, m, V. Above the third staff, there are numerical fingering indicators: 6, 4, 3, 2, 1, and m, 6, c. The music features a mix of eighth and sixteenth notes, often beamed together, and rests. The piece concludes with a double bar line and a final chord.

This page contains ten staves of musical notation for guitar. The notation is written in a single system and includes various musical elements:

- Staff 1:** Starts with a treble clef and a key signature of one flat. It features a series of chords and arpeggios. A capo position of 6 is indicated above the staff.
- Staff 2:** Continues the sequence of chords and arpeggios.
- Staff 3:** Shows a change in the rhythmic pattern of the chords.
- Staff 4:** Includes a measure with a 3/4 time signature change.
- Staff 5:** Features a dense texture of chords and arpeggios.
- Staff 6:** Continues with complex chordal patterns.
- Staff 7:** Shows a return to a simpler chordal structure.
- Staff 8:** Continues the sequence of chords and arpeggios.
- Staff 9:** Shows a change in the rhythmic pattern of the chords.
- Staff 10:** Ends with a final chord and a whole rest.

Fingering numbers (1, 2, 3, 4) are placed above notes to indicate fingerings. A capo position of 6 is indicated above the first staff. The key signature has one flat (B-flat).

ӨСКЕНБАЙ ҚАЛМАНБЕТҰЛЫ (1860–1925)

Өскенбай Қалманбетұлы 1860 жылы Маңғыстау түбегі, Жетібай елді мекенінде туып, 1925 жылы дүние салып, сол маңдағы «Қырғыз» әулие қорымына жерленген. Адайдың «жеті қайқысы» атанған өнерпаздар қатарында Маңғыстау күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі Өскенбай Қалманбетұлының есімі ерекше аталады. Ол сегіз жасынан қолына домбыра ұстап, елдегі күйшілер Есір, Жолман, Лекер, Мылқайдардан өнер үйреніп, он жасында «домбыраны бала» атанады. Өскенбай дәулескер күйші, ақын-жыршы, мергендік, аңшы-саятшылық және атбегілік өнерлерімен де айналысқан. Түркіменнің атақты дутаршысы Құлбаймен күй тартысып, битасын алған. Өйгілі «Жаналтпаш» күйі – Өскенбайдың Құлбай бақшы деген түрікпен күйшісімен сайысқа түскенде шығарған күйі. Өскенбай туралы А.Жұбанов: «Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын, творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрде де өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізгі қорыан бір басына жинаған Өскенбайдың біздің халықтың аспап музыкасында алатын орны ерекше», – дейді. Өзінің туып-өскен ортасындағы күйшілік-домбыранылық өнерді Өскенбай жеріне жеткізе менгерген. Өзі сияқты өнерпаз баласы Мұраттың айтуында Өскенбайдың репертуарында екі жүздей күй болған. Өскенбайдың «Жаналтпаш», «Шокай», «Кербез Айша», «Жирен жорға», «Жеті бұлбұл», сияқты күйлері де дәл осындай оқиғалы сәттерде туған. Мәселен, Өскенбайдың домбыра тартысына елтіген қыз қолындағы ыдысын түсіріп алғанда шығарған күй «Шөлмек сынған» деп аталған. Ұлақұмды ең жайлаған Сәнік бай өрмектің тұсынан өтіп бара жатқан Өскенбайды сынап: «Мына өрмек тоқыған қыздарымды күйге қосшы», – дегенде «Ұрышак төкте» күйімен бідің ырғығына қосылса керек. Сондай-ақ, алайдың өйгілі «Жеті қайқысы» атанып, сал-серілік құрған қызық күндерінің бір белгісі ретінде «Жеті бұлбұл» (Бұлбұл Ақжелен) күйін шығарған. Өскенбай күйшінің мұрасы, негізінен, бел баласы Мұрат Өскенбаев арқылы жетіп отыр. Өскенбайдың бізге жеткен «Бұлбұл Ақжелен», «Шөлмек сынған», «Ыңғайтөк», «Шокай төре», «Кербез Айша», «Жирен жорға», т.б. күйлері бар.

94. БҮЛБҮЛ АҚЖЕЛЕН

Өскенбай Қалманбетұлы
орындаушы Мұрат Өскенбаев

Жүрдек, шалқыта

The image shows a musical score for the piece "Bulbul Akzelen" in 3/4 time. It consists of three staves of music. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. The music is marked with a dynamic of *mf* (mezzo-forte). The notation includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, and rests. The second and third staves continue the melody and accompaniment. The score is presented in a clear, legible format suitable for a printed music book.

mp

mf

mp

mf

mp

432

mf

mp

mp

mf

The image shows a page of musical notation consisting of ten staves. The music is written in a single system with a key signature of one flat and a common time signature. The notation includes various rhythmic patterns, dynamic markings, and articulation marks.

Staff 1: *mp* (mezzo-piano) dynamic marking. Features a steady eighth-note accompaniment.

Staff 2: Continues the eighth-note accompaniment.

Staff 3: Features a melodic line with accents and slurs, moving from eighth notes to quarter notes.

Staff 4: *mf* (mezzo-forte) dynamic marking. Continues the eighth-note accompaniment.

Staff 5: *mp* (mezzo-piano) dynamic marking. Features a melodic line with accents and slurs, including a double bar line.

Staff 6: Continues the melodic line with accents and slurs.

Staff 7: Continues the melodic line with accents and slurs.

Staff 8: Continues the melodic line with accents and slurs.

Staff 9: Continues the melodic line with accents and slurs.

Staff 10: Continues the eighth-note accompaniment, ending with a double bar line.

ШАМГҮЛ ЫБЫРАЙМУЛЫ (1891–1967)

Шамгүл Ыбырайымұлы 1891 жылы Маңғыстау аймағындағы Жыңғылды ауылында дүниеге келген. Өзі туып өскен өлкенің он-күй, жыр дәстүрінен көп өнеге алған. Шамгүл Ыбырайымұлы Есір, Арал дәстүрін жалғастырушы дәулескер домбырашы. Ол Есірдің, Есбайдың, Құлшардың, Қартбайдың небір жауһар күйлерін кейінге жеткізген. 1934 жылдан ақын Сәттігүл Жанғабыловпен, Мұрат Өскембаевпен бірге мәдени-үгіт бригадасы құрамында халыққа өнерімен қызмет етіп, 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеу қаласында өткен онкүндігіне қатысады. Шамгүлдың шәкірттері – Әлқуат Қожабергенов, Алым Жаңбыршин пен Сержан Шәкіратов. Ш.Ыбырайымұлы күйші-домбырашылығымен қатар, Абыл, Нұрым, Өскінбай, Сүгір, Сәттігүлдың туындыларын халық арасына насихаттаушы болған. Шамгүлдың өз жанынан өмір мен заман жайында шығарған бірнеше күйлері бар.



ЛУҚПАН МҰХИТОВ (1894–1957)

Домбырашы, Қазақстанның Халық әртісі Лұқпан Мұхитов 1894 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында туған. Домбыра мен скрипкада шебер орындаушы әкесі Мұхаметжан ерте қайтыс болып, жастайынан жетім қалған Лұқпанды атасы Мұхит қамқорлығына алып, өнерге баулиды. Ол Мұхиттың баласы Шайхмолан Құрманғазының, Абылдың күйлерін үйренеді. Сәулебай, Қауен сынды домбырашылармен кездесіп, олардың күйлерін және Есбай шығармаларын репертуарына енгізеді. Алматы музыка мектебінде, Қазақ халық аспаптары оркестрінде қызметін атқарған Л.Мұхитов 1945 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ

ұлттық консерваториясында ұстаздық етті. Лұқпан Мұхитов – халықтың күй мұрасын молайтып, оны насихаттауға үлес қосқан өнерпаздардың бірі.

МУРАТ ӨСКЕНБАЕВ
(1904–1982)



Мұрат Өскенбаев – күйші-композитор, домбырашы, сазгер, ақын. Ол 1904 жылы қазіргі Маңғыстау облысы, Ергалиев ауданы, Қаракия деген жерде туып, 1979 жылы Жаңаөзен ауданына қарасты Тенге ауылында қайтыс болған. Жеті жасынан әкесі Өскенбайдан домбыра тартуды үйренген. Белгілі күйшілер Есбай, Абыл, Сәулебай күйлерін жетік меңгерген. Жастайынан домбыраға жаны құмар болып

өскен Мұрат әкесі Өскенбаймен еріп жүріп, домбыра тартыстың небір үлкен орталарын көреді. Түркімен күйлерін үйреніп, дутаршылармен талай сайысқа қатысып жүреді. 1954–1960 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясында, 1960–1965 жылы Қазақконцертте домбырашы-солист қызметін атқарған. 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігіне қатысты. Өскенбаевтың репертуарында түрлі тақырыпта 300-ге жуық күй болған. Ол қазақ күйлерімен қатар түркімен, қарақалпақ, әзірбайжан, ноғай халықтарының музыкалық мұрасын меңгерген. Сондай-ақ көне түрік тайпаларының Алпыс тарау Науайы атты күйлер топтамасынан: "Қарт Науайы", "Бала Науайы", "Шәһәр Науайы", "Тамшы Науайы", "Қақпалы Науайы", "Тел Науайы" деп аталатын үлгілерін, ежелгі халық саздарынан "Ел айрылған" сияқты күйлерді шебер орындаған. Маңғыстау күйшілік дәстүрі өкілдерінің бірі Мұрат өз жанынан да көптеген күй шығарған. Олар "Қоңғасу", "Халық сәлемі", "Жетіс", "Кең жайлау", "Қазақстан", "Көктем", "Ана даңқы", "Өрлеу", "Маңғыстау", т.б. Оның "Оркестр", "Күй", "Домбыра", "Республика тойына", "Қара алтынды Маңғыстау", т.б. толғаулары бар. Өскенбай Қашаған, Өскенбай, Аралбай, Елбай ақындардың толғауларын халық арасына таратты. Өскенбай репертуарындағы күйлердің біркелкі күйтабақтарына жазылған.

ҚАРАҒҰЛ ҚОНАРШИНЕВ
(1905–1982)

Қарағұл Қонаршыұлы 1905 жылы Атырау облысы, Ақпелек елді мекенінде дүниеге келген. Қарағұлдың әкесі Қонаршы және Назар, Өтеу деген інілері шетінен өнерлі жандар екен. Осылардың ішінде Назардың қарым-қабілеті ерекше болыпты. Ол атақты Есентемір Есбай күйшінің қасына еріп, күй үйреніп, шәкірті атанады.

Сол сияқты Маңғыстау өлкесіндегі Арал, Өскенбай, Тәңірберген, Қартбай сынды әйгілі күйшілермен достық қарым-қатынаста болған екен. Назар бойына жанып-терген өнерін немере інісі кішкентай Қарағұлға үйретеді. Оның өзіндік себебі де бар еді. Қарағұлдың қаршадайынан домбыраға деген ықыласы ерекше



болыпты. Осыны байқаған ағасы Назар Қарағұлды өнерге баулиды. Жастайынан домбыраның құлағында ойынаған бала Қарағұлдың атақ- дүңі қалың елге ерте жайылады. 12 жасында Жем, Сағыз бойын жайлаған Сағызбай деген байдың асында Қарағұл күйшілігімен көзге түсіп, елдің негі жақсыларының батасын алыпты. Жас домбырашының күйшілік шеберлігін адай жұртының арысы Тобанияз Әлибағұлы жоғары бағалаған екен. Қарағұлдың бойында дәулескер күйшілігімен қатар тамаша әншілік, жыршылық өнері де болған. Маңғыстаудың "жеті қайқысы" атанған өнерпаздардың әндерін нақышына келтіріп орындайтын Қаржы Шеруен деген кісінің Қарағұл шәкірті, әрі сыйлас інісі болады. Сол сияқты Кеңже Өздің көзін көріп, одан көптеген ән-жыр үйренеді. Ол тек қана Адай қайқыларының ән-жырларын ғана емес, сол сияқты әйгілі әнші-композитор Мұхит Мералыұлының әндерінде тамаша орындаған екен. Мұхиттай санлақ өнерпаздың алдын көріп, одан тәлім алған Шаухан Салтайұлы деген әншіден тағылым алады. Соңдай-ақ Жазмағанбет Есжанұлы, Шадыман Үсенбайұлы деген қарттардан Абыл, Нұрым, Аралбай, Қашаған, Ақтан сынды арқалы жыршылардың жырларын меңгереді. Ол тіршілігінде Сәттігүл ақынмен сыйлас іні, сырлас дос болды.

1937 жылы жаңадан ашылған Жылой аудандық театрына шақырту алып, ерекше өнерімен көзге түседі. 1939 жылы Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігінде өнер көрсетті.

ӘЛҚУАТ ҚОЖАБЕРГЕНОВ (1911–1980)

Әлқуат Қожаберген 1911 жылы Маңғыстаудың Сығынды ауылы Тортының ойы деген жерде дүниеге келген. Әкесі Қожаберген, нағашысы Артықбай да жыршы болған. Жастай ән-күйге құмарқан Әлқуат жыршылардың, күшілердің қасына ереді. 15 жасында Қашаған ақынды көреді, қасында Сүгір жырау, Шамгүл күйші бар. Осыларды тыңдағаннан кейін жыр мен күйге ынталы болады. Әлқуат – Бөлекбайдың Әмірханы, Бөкбаланың Бозайылы, Қартбайдың Айтуары сияқты әнші, күйшілермен жастық шағын бірге өткізеді. 1930 жылдары түрікмен жерінде жеті жылдай, Мұрат Өскенбаевтың қасында болып, сол тұста ашылған Бегданы, Шағадамда ашылған қазақ театрында жұмыс жасайды. Отан соғысына қатысады. Келгеннен кейін де жыр мен күйлі қалдырмайды. Ақшұқыр ауылында әртүрлі қызмет атқарады. 1954 жылдан бастап аудандық, облыстық фестивальдарға, 1956–1957 жылдардағы Шевченко аудандық оркестрінің мүшесі, жеке орындаушы болып Атырау қаласында өтетін есептік концерттерге қатысады.

Әлқуат–Абыл, Есір, Өскенбай, Мұрат күйлерін, жеті қайқы әндерін, Абыл, Нұрым, Ақтан, Өскенбай, Қашаған, Сәттігүл, Аралбай, Түмен, Елбай, Мұрат, Есенғали терме, жырларын орындап елге таратады. Бір кездерде ат жаратып бәйгеге қосып отырған. 1963 жылы колхоз бағында бағбан болып зейнеткерлікке шығады. 1980 жылы қайтыс болады. Зираты Қошқар-Ата қорымында жерленеді.





АЛЫМ ЖАҢБЫРШИН
(1926–1978)

Маңғыстау күй өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі – Алым Жаңбыршин 1926 жылы Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Ақшымырау ауылында дүниеге келген. Алым – Есір, Арал дәстүріндегі күйшілік мектептің біздің дәуірімізге сынан бұзбай асқан шеберлікпен орындап жеткізушілердің бірі болды. Сонымен қатар Алым Жаңбыршин Кербұға, Абыл, Өскенбай, Есбай, Мұрат күйлерінің және «Үш ағаның айтысы», Құлшардың айтыс-тартыс күйлерінің де майталман орындаушысы болған.

А.Жаңбыршинның «Ағам», «Шалқыма» атты өз жанынан шығарған күйлері де бар.

МЫРЗАГҰЛ ПАНАЕВ
(1929-1998)

Мырзагүл Панаев 1929 жылы Маңғыстаудың Тұңқараған ауданы, Бөрліген қонысында туып, 1998 жылы Алматы қаласында қайтыс болған. Жас кезінен домбыра тартуға әуестенген. Домбырамен күй тартуды ағасы Қалдаяқ Панаевтан үйренеді. Күйшілер М.Өскенбаев пен Ш.Ыбырайымұлын өзіне ұстаз тұтып, көптеген күйлерді үйренеді. Зауытта жұмыс істеп жүрген кезінде мәдени вагондар мен қызыл отаулардағы көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады, басқалармен бірге теміржол бойындағы еңбеккерлерге барып, концерт беріп, ойын-сауық кештерін ұйымдастыру ісіне ат салады. 1954 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында, кейінірек Қазақконцертте жеке домбырашы болып жұмыс жасады. Ол концерттік бригадалар құрамымен Қазақстанның барлық дерлік өңірінде өнер көрсетті. Күйші-композиторлар Есірдің, Өскенбайдың, Мұраттың, Қоңырдың, сонымен қатар Құрманғазы, Дәулеткерей мен Динаның күйлерін насихаттады.



СЕРЖАН ШӘКІРАТ (1939)



Маңғыстау күйлерінің майталман орындаушысы Сержан Шәкірат 1939 жылы Маңғыстау жерінде дүниеге келген. Мамандығы журналист болса да, бала кезінен қасиетті қара домбыраға құмар болып, Алым Жазбыршин, Шамғұл Ыбырайымов, Мұрат Өскенбаев сынды домбырашылар тартқан күйлерді бойын сіңіріп өскен

Ол Абыл, Есбай, Есір, Қартбай, Өскінбай, Құлшар, Мұрат тағы басқа күйшілердің шығармаларын және 6 күйден тұратын «Үш ана күйшілерінің өнер сайысы», «Өскінбай мен Құлбай бақшының күймен айтысы», «Қазақ-ноғайдың айырылысы», «Ақсақ құлан мен Жошы хан» сияқты күйлерді, Қашаған, Дүйсенбай, Ақтан, Нұрым, Түмен, Өрншан, Қарабай бақшының жыр-күйлерін маңғыстаулық мәнермен орындайды. Сержан Ысқақұлы Қазақ Мемлекеттік университетін 1961 жылы бітірген, мамандығы журналист.

Ол халықаралық дәстүрлі музыка фестивальдеріне тұрақты шақыртылып жүрген ең үздік орындаушылардың бірі. 1985 жылы Ленинград этнографиялық институтының шақыруымен осы институтта Черкасов атындағы театр, кино, музыка институтында лекция – концерттер берді. 1987 жылы Самарқанда өткен халықаралық музыка симпозиумына қатысты. 1989 жылы «Азия даусы» фестивалінің ең алғаш ашылуына қатысты. 1990 жылы маусым айында Киевте өткен 2-халықаралық фольклор фестивалінің лауреаты атанды.

Ол екі рет «Күй керуен» фестиваліне қатысып, «Алтын домбыра», «Алтын кобыз» сыйлықтарын алды. Және екі рет «Мәңгілік сарын» күй мерекесіне қатысып, соңғысында (2008) «Дәулескер» атағын иеленді.

«Шәкірат Сержан Ысқақұлы күй тартады» атты телефильм түсірілді және ол «Прикосновение» деген деректі киноның бір кейіпкері. 2008 жылы «Ел» продюсерлік орталығы осы төкпе күй шебері туралы «Телігіс» телефильмін түсірді. 1985 жылы оның орындауында «Маңғыстау күйлері» атты үлкен күйтабақ, 2001 жылы осы аттас аудиокасета, ал 2002 жылы «Ақжарма» атты, 2007 жылы «Мұра – Домбыра» атты және 2009 жылы «Дәулескерлік дәстүр» атты дискілері (CD, DVD) шықты. Оның әсерлі де өрнекті оң қол кимыларымен орындалатын «Кербез керік», «Бөгелек», «Терісқартай», «Жаңалтпаш» т.б. күйлері жас домбырашылардың құмартып үйренетін ерекше шығармаларына айналды.

Ол Маңғыстау облыстық филармониясының «Ақжарма» атты фольклорлық этнографиялық ансамблінің домбырашысы, осы ансамбльмен Түркия, Франция сияқты шет мемлекеттерде өнер көрсеткен. Сол сияқты 1989–2002 ж.ж Францияда (Зрет), Италияда, Швейцарияда, Бельгияда, Испанияда, Америкада арнайы шақыртумен фестивальдарда өнер көрсетті.

С.Шәкірат қазір Маңғыстау күй дәстүрін насихаттаумен қатар өнер оқу орындарында ұстаздық етеді. 1993 жылы ашылған Маңғыстау өнер колледжінде арнайы енгізілген «Маңғыстау саздары» класын жүргізеді. Маңғыстау күйлерін жинақтап, реттеп бір жүйеге келтіру бағытында да үлкен еңбек етуде.

Оған 1995 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері», 1999 жылы Құрманғзы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры атағы берілді. Ол – Ақтау қаласының, Маңғыстау облысының Құрметті азаматы. «Құрмет» орденінің иегері (2009).



«Күй керуені» фестивалі, Алматы қаласы, Қызылорда, 2006 ж.

Бірінші қатар солдан оңға қарай, *отырғандар*: М.Әбугазы, Е.Мұстафаев, Т.Мұрышев, Б.Мүттекеев, Ж.Жұзбаев, Ә.Жұзбаев; *екінші қатар, тұрған турғандар*: Қ.Тасбергенов, М.Танғыт, Ж.Асылханов, К.Құрмақайұлы, Ж.Шәкәрім, М.Тілеуханов, К.Ахмерұлы, А.Райымбергенов, Д.Сәдуақасов, А.Үлкенбаев, Е.Қазиев, Ш.Әбілтай, Р.Оразбаева, К.Ахмедияров, С.Шәкірат, Н.Үлкенбаев, А.Тоқтаған, А.Батырқайыроп, А.Байбосытов.

Бірінші тарау

ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ ЖАЙЫНДА

ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Ата-бабаларымыз ежелден домбыра үнінің таза, құлаққа жағымды, әуезді болып шығуына аса мән берген. Қазақта жақсы аспапқа «шешен домбыра», «сөйлейтін домбыра» екен деп баға берілуі тегін емес. Домбыра қарапайым болып келгендігімен жақсы дыбыс алу өте қиын. Сондықтан домбыраны сойлетіп шығару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Шешен домбыраны жасап шығару оңай іс емес екендігі анық. Осы жерде шебердің ісмерлігі, тәжірибесі маңызды рөл атқарады. Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады. Осы күні домбыра жасауға қарағай, үйеңкі, тұт, емен, қайың, терек, жеміс ағаштарынан (жаңғақ, алма, алмұрт, жиде, өрік т.б.) сияқты ағаштың неше алуан түрлері пайдаланылып жүр. Сонымен қатар кейінгі уақытта шет мемлекеттерде өсетін қызыл ағаш, қара ағаш, палисандра тағы да басқа ағаштарды қолданып жатады.

Ертеректе домбыра жасауға көбінесе қарағай ағашын пайдаланғандығы жөнінде ел арасындағы әңгімелерден, жазба деректерден кездестіреміз. Қарағай ағашы жұмсақ, қоңыр үн беретіндігі анық. Атақты күйші Тәттімбетке домбыраны Қарқаралы тауының басындағы найзағай жарып өткен қарағайдан жасағандығы жайында ел арасында әңгіме сакталған. Ол жөнінде күйші, жазушы Таласбек Әсемқұлов «Тәттімбет сері» романында былайша суреттейді: «Сол күні Әли кішкентай жиегі Тәттімбетті Қарқаралының қалың жыныс орманына ертін шаарды. Ағаш кесетін бірнеше шебер бірге жүрген. Таудың шыңына шыққанда шағын алаңқайдың шетінде, төбесінен төмен қарай қак айрылып, желдің ығымен тербеліп тұрған қарағайға жолыққан.

– Жолымыз болды, Әли, – делі шеберлердің бірі қуанып, – Өткенде қалың жауын болып найзағай жарқ еткенде осы тұста бір нәрсе тарс ете қалып еді. Әй, дәу де болса, жайдың оғы тасқа емес, қарағайға түскен-ау деп жорамалдап едім. Жорамалым дұрыс болып шықты. Құдай берем десе оң-оңай ғой.

– Міне, құлыным, – деді Әли жиенің ағаштың жанына ертіп келіп, – Ең шешен ағаш осы. Бұл саған бірінші дәріс. Күй домбырадан емес, күйшінің саусағынан емес, ең әуелі осылайша жерден өсіп шығады. Ең алдымен өзінің қарымына лайықтап домбыра шабамыз. Шеберлер бір аптадан кейін күмбірлеп тұрған кішкентай домбыраны әкеліп Тәттімбеттің қолына ыяқ ұстатқан» - дейді.

Ертеректе Ерсекабырғаны мекен еткен, өзі домбырашы, ағаштан түйін түйетін Шотайбай деген адам өткен екен. Ол домбыраны таудың жал-қыраттарына біткен қызыл қарағайдың ұшынан жасайтындықтан домбырасы өте шешен болып шығады екен.

Осындай қызықты әңгімелердің бірі Жетісу өңірінде өткен дәулескер күйші Қожекке Назарұлының «Бұлбұл торғай» күйінің шығу тарихымен байланысты болып келеді. «1866 жылдары Қожекке Мұқыр, Жырғалан деген жерлердің мекендеп жүрген екен. Бір күні Қасымбай деген ұстамен бірге Мұқырдың қалың орманынан отын алуға барады. Таңертеңгілік мезгіл болса керек. Ағаш бұтағына қонып отырған бұлбұл торғай құйқылжытып сайрай жөнеледі. Бұлбұлдың сан құбылтып сайраған әсем үніне еліткен бұлар алатын отындарын ұмытып, әуенте қызыға тыңдап отырып қалады. Өлден уақытта Қасымбай:

- Шіркін, мына бұлбұл даусының жағымдысын-ай. Үнін домбыраға салып алар ма еді? – деп сұрайды Қожекелең.

- Домбыра болғанда, түсірмей несі бар? – дейді Қожекке.

- Ондай болса, домбыраны мен жасап берейін, – деп, Қасымбай орманнан қураған қарағай ала қайтады да, үйіне келген соң домбыра шауып жасайды. Қураған қарағайдан қақпақ салады. Тау ешкісінің ішегінен ішек есіп тағады. Қожекке сол домбыраны қолына алғанда, көкейіне таңдағы сайраған бұлбұл торғайдың құйқылжыған үні оралыпты».

Қарағай ағашының жақсы үн беру қасиеті жөнінде атақты колонер шебері Дәркембай Шоқпаров былай дейді: "Ағаштардың ішіндегі ең "шешен" сөйлегіші қарағай деп санайды музыка аспабын жасаушы шеберлер. Қарағайдан домбыраны тұтас шауып та жасайды, немесе басқа ағаштан шабылған домбыраның қақпағын міндетті түрде қарағайдан салады. Шеберлер сан жылдаған тәжірибенің нәтижесінде қарағайдан тербеліс арқылы дыбыс шығару (резонатор) қабілеті өте жоғары екендігін дөп басып таба білген. Әдетте халық шеберлері домбыра жасау үшін "ұрғаны қарағайды" таңдап алады. "Ұрғаны қарағай" – дегеніміз таудың теріскей беткейіне (жапталына) өскен қарағай діңінің солтүстік жағындағы жартысы. Ұрғаны қарағайда яғни ағаш діңінің солтүстік бағыттағы жартысында бұтақ болмайды, жылдық сақиналары жиі, әрі шайыры аз болғандықтан дыбыс шығару қасиеті жоғары болады" (*Д. Шоқпарұлы. Қазақтың қал өнері. Алматы., Өнер, 2005. 60-бет*). Жалпы қарағай ағашының бірнеше түрі болады. Олар: Май қарағай (лиственница), балқарағай (кедр), сарықарағай (сосна), шыршақарағай (ель) деп бөлінеді. Домбыра аспабын жасағанда ең бастысы ағашты таңдай білу шарт. Халық мәтелінде "Домбыраның сөйлеуі ағашынан, жігіттің жақсы болуы нағашыдан" деуі жай айтылмаған сөз болса керек. Дәркембай Шоқпарұлы саз аспаптарын жасауға байланысты қолдануға болатын ағаш түрлеріне және оны баптап өңдеуге қатысты мынандай анықтама береді: "**Тұт ағашы.** Тұт ағашы негізінен жібек құртың өсіруге пайдаланады. Орта Азияның шеберлері музыка аспаптарын әзірлеуге ең тиімді тұт ағашын өте жоғары бағалайды. Одан музыка аспаптарын тұтас шауып та, құрап та жасауға болады. Дыбыс қасиеті өте жоғары болады. **Үйеңкі.** Үйеңкі-қатты әрі тығыз ағаш. Сүрегі біртекті ақ сарғыш түсті

болып келеді. Домбыраны үйенкіден тұтас шауып немесе құрап әзірлеуге де болады. Үйенкі Кавказда, Қарпат тауларында, Қазақстанның таулы аймақтарында көптеп кездеседі. Музыка аспаптарын әзірлеуге өте қолайлы ағаш. **Емен.** Емен өте қатты, тығыз берік ағаш. Ағаш сүрегінің түсі сарғыш қоңыр болып келеді. Емен ағашынан музыка аспаптарын жасағанда өте абай болу керек. Себебі емен өте жарылғыш келеді, сақтықпен кептірмесе, өзегін қуалай шытынап жарылып кетеді. Еменнен жасалған музыка аспабы өте әдемі болады, ұстала келе табиғи орнектері ашылып жылтырай береді. **Қайың.** Қайың сүрегі біркелкі ақ түсті қатты ағаш. Музыка аспаптарын жасауға көбінесе қайыңның түбір безін пайдаланады. Қайыңның безінен жасалған бұйым әдемілігімен, беріктігімен ұтымды. Ол күнге қансымайды, ыстық-суыққа төзімді болады. Қайыңның тозын музыка аспаптарына қап жасауға пайдаланады. **Терек.** Терек-сүрегі ақ түсті жұмсақ ағаш. Бабымен кепкен терек көп жарылмайды, кепкен сайын кнзденіп қатай түседі. Теректен көбінесе музыка аспаптарын тұтас шабады. Теректі зімпарамен өңдесе түті шығып тұрады. Сондықтан шеберлер теректен бұйым жасағанда өткір сайманмен өңдеп қана қояды. **Тал.** Тал-нілгіш, сүрегі ақ жұмсақ ағаш. Кебе келе қаттайып кетеді, кепкен тал өте жеңіл болып келеді. Талды көбінесе домбыраны құрап жасағанда иін болып келетін жерлеріне қолданады. Өрімталды домбыраның сыртын әшекейлеуге пайдаланады. Талды су кезінде неді. Сондықтан шеберлер «Тал шағында бүкпесен, Таяқ шағында нілмес» – дейді. **Жеміс ағаштары.** Жоғарыда қазақ топырағында көп кездесетін ағаш түрлерімен таныстырып өттік. Солармен қатар шеберлер музыка аспаптарын жасау үшін жеміс ағаштарының бәрін жарамды деп санайды. Олар: алма, апорт, алхоры, жінде, шие, долана, өрік т.б. Барлық жеміс ағаштарына тән қасиет-қатты, тығыз, жылтыр болып келеді.

Қазақтың домбырасы бұрында тұтас ағаштан шыуып жасалған. Екі ішекті, тоғыз пернелі болған. Домбыралардың жасалуы, пішіні әртүрлі болған. Бұны еліміздің әр аймақтарында сақталған домбыралардан көруге болды. Қазақтарда домбыраның ең кең тараған екі түрі бар. Батыс Қазақстандық домбыра үлгісі төкпе күйлер тартуға еліміздің батыс аймағына кең тараған болса, Шығыс Қазақстандық домбыра үлгісі көбінесе шертпе күй тартуға арналған. Батыс домбырасының негізгі өзгешелігі, шанағы үлкендеу, мойны жіңішке, тұрқы ұзындау келсе, керісінше шығыс домбырасының мойны жуанды, әрі қысқарық болады. Домбыраның осы екі түрі де күй орындаудағы ерекшеліктерге, дыбыс шығару сапасына байланысты және музыкалық қажеттіліктен туған.

Бүгінгі күнгі кең қолданысқа енген он тоғыз пернелік құрама шанақты домбыра. Құрама шанақты домбыра жасау академик А. Жұбановтың қазақ ұлт аспаптар оркестрін құруымен тікелей байланысты болды. Себебі оркестрдің негізгі тірегі домбыра аспабы болғандықтан, әрі біркелкі үн беру үшін қалыпты өлшемге келтірілген стандартты үлгідегі домбыралар керек болды. Осыған орай 1932 – 1934 жылдары домбыра аспабын жетілдіру бағытында А. Жұбановтың ұйымдастыруымен музыкалық аспап жасайтын тәжірибелік зертхананың нәтижесінде белгілі аспап жасаушы шеберлер Қамар Қасымов, Арыстан Ермеков, ағайынды Эмануэл және Борис Романенколар жұмыс жасай бастады. Бұл жөнінде А. Жұбанов: "Мұның көптеген ізгі нәтижелерінің бірі музыка техникумы жанынан ашылған халық аспаптарын дамыту жолында жұмыс істейтін ұстахана болды. Орыс, еуропалық халық аспаптарын жасауда өздерінің шеберліктерін көрсеткен ағайынды Эмануэл және Борис Романенколар келіп, аз уақыт ішінде бірнеше домбыра жасап шығарды. Домбыраның бірінші даналарының өзі-ақ

алынған бағыттың дұрыс екенін дәлелдеді. Көп ұзамай он шақты адамнан қазақ халқының тарихында бірінші рет домбыра ансамблі жарыққа шықты. Оның ұйтқысы, ағалары болып атақты домбырашылар Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Қамбар Медетов белгіленді. Таңдаулы ағаштан жасалып, белгілі профессионал шебердің қолынан өткен домбыраның бұрынғы кез келген материалдан, көрінген адам жасай салған домбырадан, айта қалғандай, айырмасы болды. Тіпті домбыраның өзінің жасалуына былай қойғанда оның футлярға (қапқа) салынуының өзі де жаңалық болды. Қанша қатты қақса да алқа-қотан отырған жұрттан дыбысы аспаған домбырада тынысы тарылып келген күйлердің шоктықтары енді шықты. Құрамында аз ғана адамы бар шағын ансамбль орындағанның өзінде қазақ күйлері халық арасынан жаңа туғандай болды. Жаңа аспаптардан құралған домбырашылар ансамблі енді күйлердің бұрынғыдан да гөрі құлшыра түсуіне бірден-ақ жағдай туырды. Алғашқы кезде Алматының радиосы арқылы оқу орындары студенттерінің алдына шығып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеген осы ансамбль бір жылдан кейін қатары өсіп, күшейіп, көркейіп сала берді. 1934 жылы болған бірінші Бүкіл қазақстандық халық өнерпаздары слетінен кейін Қазақстан Үкіметінің қаулысы бойынша оркестр ұйымдастыр – дейді.

Қ.Қасымов, А.Ермеков, ағайынды Э. және Б.Романенколардың жасаған домбыраларын сол кездегі Ә. Хасенов, Д. Нүрпейісова, Қ. Жангілеуов, Қ. Медетов, Р. Омаров сынды дәулескер домбырашылардың ұстағандығы мәлім. Осы домбыралардың үні сол заманда жазылған ұнтаспалардан тыңдағанда домбыралардың үні қоңыр, әрі мол, таза, ашық болып келетіндігін тыңдап, естуте болады. Э. Романенконың жасаған домбыралары қиына жылдар өтсе де әлі күнге дейін өзінің бағасын, құнын жоймай келуі көп нәрсені байқатса керек. Атақты скрипка аспабын жасаушы шебер А. Страдеваридің жасаған скрипкалары сияқты Э. Романенконың қолынан шыққан домбыралар да осы күні аңызға айналып отыр. Қ. Қасымовтың жасаған әйгілі күйші Әбікен Хасеновтың домбырасының сырлы сазды қоңыр үні бүгінде кездесе бермейді. Сол сияқты өткен ғасырдың 70–80 жылдары жасалған шебер Гинолла Ысмағұловтың домбыралары еліміздің атақты домбырашылары Р. Ғабдиев, Қ. Ахмедияров, Қ. Тасбергенов, Т. Шәмелов сынды майталман домбырашылардың талай үлкен сахналардан күйлерді төгіпте орындағандығы елдің есінен кете қойған жоқ. 1990 жылдан бері аспап жасаушы-көпөнерші шеберлердің республикалық «Үкілі домбыра» сайыстары өткізіліп, соның ықпалымен домбыра аспабы жаңаша дамыту, жетілдіру бағытына бет түзеді. Мұса Әділов, Ақылбек Ержанов, Жақсылық Оспанов, Сапар Ділманов, Хангелді Жақыпов, Жалаушы Тұрдығұлов, Айтмұханбет Тежекенов, Нарбек Оханов, Сұлтан Мұсаев т.б. домбыра жасаушы шеберлер шоғыры пайда болды.

Бүгінгі домбыралардың жасалуы, сырт пішіні, ою-өрнектен әдемі көмкерілген әсем болып келеді. Бір-ақ үніне келгенде бұрынғы домбыраларға жетпей жататындығы ойландыратын мәселе. Бұрынғы домбыралар мен салыстырғанда қазіргі домбыралардың дауысы жіңішке шінілтір, бояуы сұйықтау болып келеді. Осыған байланысты айта кететін жағдайлардың бірі домбыра жасаушы шеберлерге көп ізденіс керек екендігі байқалады. Сонымен қатар мемлекеттік тұрғыда шеберлерге қолдаудың да қажет екендігі анық. Ғылыми-тәжірибелік шеберханалар қажет. Домбыра жасаушы шеберлерді арнайы музыкалық оқу орындарында оқыту қажет. Домбыраның қақтағын күйге келтіру керек. Ол үшін музыкадан сауаты бар адам болуы керек. Шебердің музыкалық сауатының болуы, нота тануы, музыкалық есту қабілетінің жоғары болуы маңызды. Домбыраны күйге келтіру,

интервалдарды есті білу, аспапта орындай білсе нұр үстіне нұр болар еді Қазіргі кезде домбыра жасаушы шеберлердің дені суретшілер. Сондықтан домбыраның түр-түсі әдемі болып келгенімен дыбыс сапасы төмен болып отырғандығының бір себебі осыдан болса керек.

Қазіргі кезде ағаштың көптеген түрлері қолданылып жүр. Әсіресе шетелдерден әкелінген ағаштарды да шеберлер кеңінен қолданып келеді. Оның барлығы домбыра асабабының табиғатына келе бермейтіндігі кейде ескеріле бермейді. Домбыраның екі түрлі мәселесіне шеберлердің көңіл аударғаны жөн. Бірінші қақпағы дыбыс өткізгіштігі жоғары жақсы ағаш болуы керек. Негізгі дыбыс беретін домбыраның қақпағы болып саналады. Осы орайда беттақтайды дұрыс таңдай білу маңызды нәрсе. Екіншісі домбыраның мойны. Дыбыстың майда, жұмсақ әрі тербеліс беретін мойыны болып саналады. Сондықтан мойын шығаруда аса мұқият болған жөн. Домбыраның мойыны неғұрлым тұзу жағуы керек. Сонда домбыраны тартқанда бауыры жұмсақ, орындаушыға ыңғайлы болады. Көп жағдайда дыбыс шырылдап қалады деген сылтаумен домбыраның мойынын алдыға қарай еңкейтпін жібереді. Бұл орындаушыға ыңғайсыз және дыбысты қатқыл қылып жібереді. Қазіргі домбыралар сахналық орындауға лайықталған бұрынғы домбыралардан көлемі жағынан үлкендеу болып келеді. Сондықтан домбыраның қақпағының ішіне көлденең белағаш салу керек. Егер ол болмаған жағдайда домбыраның интервалдары анық күйге келмейді және дыбыс шашырап кетеді. Ал белағаш салғанда көп жағдайда дыбыс қатайып, орындауға жайсыз болып кетеді. Бұл да ойланатын мәселелердің бірі. Сол сияқты домбыраға жағылатын бояуды, лакты да дұрыс қолдана білу керек. Көп жағдайда лак пен бояу домбыраның дыбысын еркін шығармай, тұтқыр қылып ұстап, мойны домбырашының саусақтарының жылдам қозғалуына келергі келтіреді.

Осы орайда тағы бір айта кететін мәселе домбыраның ішегіне қатысты. Ертеде домбыраға малдың ішегін иіріп таққан. Көбінесе ешкінің ішегін, кейбір өңірлерде қойдың ішегінде пайдаланған. Қазіргі күні домбыраға балық аулауға арналған лесканы қолданып жүрміз. Әрине бүгінгі таңда қалалық өмір жағдайында малдың ішегі табыла қоймайды, екіншіден малдың ішегі қатты бұрауға тартуға келмейді, әрі тез тозып қалады. Сондықтан ата-бабаларымыздың тәжірибесіне сүйене отырып, заманауи техникалардың мүмкіндігін пайдалана отырып малдың ішегіне басқа да қоспалар қосу арқылы шыдамды етін ішек жасауды қолға алу керек. Домбыраның қоныр үнінен айрылып қалуының бір себебі осыған да байланысты болса керек.

Шешен домбыраға қойылатын талаптар мынандай:

1. Домбыраның үні таза, қоныр, тембрі жұмсақ, құлаққа жағымды болуы қажет.
2. Ішектің тербелісі (вибрация) жиі болуы керек.
3. Дыбыс неғұрлым алысқа ұшуы шарт.
4. Бет қақпақтың жаңғырығы (резонатор) мол болғаны дұрыс.
5. Домбыраның басы мен аяғы бірдей сөйлеуі керек
6. Домбыраның бауыры жұмсақ, мойны ыңғайлы келуі тиіс.
7. Домбыраның сырт пішіні қарапайым, эстетикалық тұрғыда әсем, үйлесімді болғаны абзал.

ДОМБЫРА АСПАБЫН ЖАСАУШЫ ӘЙГІЛІ ШЕБЕРЛЕР



ҚАМАР ҚАСЫМОВ
(1893–1966)

Қамар Қасымов Павлодар облысы Баянсуыл ауданында туған. Музыка аспабын жасаушы шебер, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері. Негізінен домбыра, қобыз, сыбызғы, т.б. музыкалық аспаптарды жаңартып, жетілдірумен шұғылданды. Оның басшылығымен Қазақтың аспаптар оркестрі үшін көптеген музыкалық аспаптар жасалды. Қ. Қасымовтың әшекейлеп, өрнектеп, жасаған музыкалық аспаптары Москва, Ленинград, Алматы, Семей, музейлерінде сақтаулы.

ЭМАНУЭЛЬ РОМАНЕНКО
(1903–1970)

Эмануэль Романенко музыка аспабын жасаушы шебер. 1932 жылы Алматы музыкалық драма техникумының (қазіргі П. И. Чайковский атындағы музыка колледжі) шеберханасында қазақтың музыкалық аспаптарының алғашқы үлгілерін жасады. 1942 жылы Қазақ филармониясының шеберханасына ауысады. Мұнда ол Қазақтың халық аспаптар оркестрі үшін домбыра мен қобыздың түрлерін (пикколо, прима, альт, тенор, бас, т.б.) жасап шығарды. 1952 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы консерваториясының музыкалық-эксперименталдық шеберханасында еңбек етті. Э. Романенко домбыра мен қобызды жетілдіруге мол үлес қосты.





ГИНОЛЛА ЫСМАҒУЛОВ (1925–1982)

ҚР еңбек сіңірген әртісі
Ғ. Ысмағұлов 1925 жылы Атырау
облысы Мақат ауданының Мақат
кентінде туған. Мектеп бітірген
соң мұнайшы болып жұмыс істеген.
1945 жылы музыка училищесіне
оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін
Алматы Мемлекеттік консерва-
ториясына қабылданады. 1958

жылдан қазақтың мемлекеттік
Құрманғазы атындағы оркестрде әртіс және ҚазПИ-де оқытушы болып қызмет
етеді. Ғ. Ысмағұлов 1965 жылдан өмірлен озғанша домбыра аспабын жасаумен
шұғылданған.

МҰСА ӘДІЛОВ (1940)

ҚР еңбек сіңірген қайраткері Мұса Әділұлы Әділов
1940 жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласында
дүниеге келген. 1962 жылы Гурьев музыка училищесін
бітірген. 1970 жылы Құрманғазы атындағы Алматы
мемлекеттік консерваториясын қобыз мамандығы
бойынша тәмамдаған. 1970 жылдан бері консервато-
рия жанындағы қазақтың ұлттық музыка аспаптарын
жасайтын ғылыми-тәжірибелі шеберханасында ше-
бер, ғылыми жетекшілік жұмыстарын атқарған. 1987
жылдан Қазақстан Республикасының Дизайнерлер
одағының мүшесі. 1992 жылы өткен республикалық
«Үкілі домбыра» конкурсының 1-орын жүлдегері, 1998 жылы Атырау қаласында
өткен халықаралық домбыра жасаушы шеберлердің конкурсында 1-орын нем-
денген. Мұса Әділов қазақтың домбыра, қобыз аспаптарын жасау мен қатар
скрипка, гитара аспаптарын жасаушы шебер ретінде де елге танымал.



НҮРБЕК ӘДІЛБЕКОВ (1946)

Нұрбек Әділбеков 1946 жылы 17 қаңтарда қазіргі
Алматы облысы, Алақөл ауданы, Жауынгер ауылында
туған. Нұрбек Әділбеков әйгілі әнші Жүсіпбек
Елебековтың алдынан дәріс алған тікелей шәкірттерінің
бірі болып саналады. Сонымен қатар музыкалық аспап-
тар жасаушы шебер. Н. Әділбеков 1980–1982 жылдары
Алматы облыстық филармониясында, 1982–1984
“Отырар сазы” фольклорлық оркестрінде, 1984–1986
Талдықорған облыстық филармониясында әншілік
қызмет атқарды. 1986–2001 Құрманғазы атындағы Қазақ



Ұлттық консерваториясының жанындағы музыкалық шеберханасында шебер болып жұмыс жасаған. 2001 жылдан бастап Павлодар облысы С.М. Торайғыров атындағы университетінің ректоры Е.М Арының шақыртуыменен музыкалық шеберханасының меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Қазақстанның "Мәдениет қайраткері", Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы алтын медаль иегері.

ЖОЛАУШЫ ТҰРДЫҒҰЛОВ (1951)

Жолаушы Тұрдығұлов 1951 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Теректі ауылында дүниеге келген. Алматы көркем-сурет училищесін және Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің көркем-сурет-графика факультетін бітірген. Қазіргі күні осы оқу орында ұстаздық қызмет атқарады. 1996 жылы өткен ІІІ Республикалық "Үкілі домбыра" байқау-бөйгесінде бірінші орын жүлдесін жеңіп алды. 2005 жылы Қазақстан Республикасының "Мәдениет қайраткері" атағы берілді. Қазақстан суретшілер одағының мүшесі. Ж. Тұрдығұлов "Қазақ домбырасының құрылымы және жасалу технологиясы" (2013) атты домбыра аспабының жасалуына байланысты көлемді еңбек жазған.



АЙМУХАМБЕТ ТЕЖЕКЕНОВ (1959)



Айтмұхамбет Тежекенов 1959 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында дүниеге келген. 1988–2005 жылдары Республикалық ұлттық саз аспаптар мұражайында суретші-реставратор, 2005–2008 жылдары К.Байсейітова атындағы республикалық арнаулы музыка мектебінде музыкалық аспаптар жасаушы шебер ретінде қызметтер атқарған. 2008 жылы еліміздің бас қаласы Астананың он жылдығына арналған Республикалық «Үкілі домбыра» атты домбыра аспабын жасаушы шеберлер арасындағы байқау-бөйгесінде Бас жүлдені иемденген. 2008 жылдан бастап А. Жұбанов атындағы республикалық арнаулы музыка мектебінде музыкалық аспаптар жасаушы шебер болып жұмыс атқарған. Қазіргі күні Ықылас Дүкенұлы атындағы халық саз аспаптар мұражайында музыкалық аспаптарды жасаушы шебер, реставратор болып қызмет істейді.

ЖАҚСЫЛЫҚ ОСПАНОВ
(1957–2009)

Жақсылық Оспанов 1957 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. Алматы көркем-сурет училищесін, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің көркем-сурет графика факультетін бітірген. 1992 жылы өткен І Республикалық «Үкілі домбыра» атты домбыра аспабын жасаушы шеберлердің байқау-бәйгесінде Бас жүлдені жеңіп алған. 1995 жылдан Қазақстан суретшілер одағының мүшесі болды.



СҮЛТАН МҮСАЕВ
(1961)

Сұлтан Мұсаев 1961 жылы 7-ші қарашада Жамбыл облысында туған. Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының домбыра класын бітірген. II Республикалық «Үкілі домбыра» атты домбыра аспабын жасаушы шеберлердің байқау-бәйгесінде Бас жүлдені жеңіп алған. 2005 жылы Қазақстан Республикасының "Мәдениет қайраткері" атағы берілді.

НАРБЕК ОХАНОВ
(1961)

1961 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Бесоба ауылында туған. 1990 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің көркем-сурет графика факультетін бітірген. Домбыра аспабын жасаумен 1985 жылдан бері шұғылданып келеді. 1998 жылы өткен IV Республикалық «Үкілі домбыра» атты домбыра аспабын жасаушы шеберлердің байқау-бәйгесінде Бас жүлдені жеңіп алған. 1994 жылдан Қазақстан Дизайнерлер Одағының мүшесі.



ДОМБЫРАШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДІ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАР

Александр ЗАТАЕВИЧ

Александр Затаевич (1869–1936) музыкант, этнограф, композитор, Қазақ ССР-нің халық әртісі. 1920 жылы қызмет бабымен Орынборға келген ол қазақтың халық әндері мен күйлерін тұңғыш рет естиді. Алғашқыда бұл музыканттың жаңаға қызығушылығы ғана еді. Мұнан соң әндердің әуендік байлығы мен олардың кәсіби ортада беймәлімдігі Затаевичті халықтық творчествоны оны терең зерттеуге алып келеді. Ол Қазақстанның 2300-ден аса музыкалық фольклорлық шығармаларын жазып алады. Оның “Қырғыз халқының 1000 әні” және “500 қазақ әні мен күйі” жарияланған екі томы қазақ фольклористикасындағы толыққанды жұмыстар болып табылады. Мазмұны бойынша Затаевичтің жинамалары ерте кезден бастап, біздің ғасырымыздың 30 жылдарына дейінгі қазақтың халықтық музыка мәдениетінің антологиясы болып табылады. Затаевич қазақтың халық музыкасын тақырып бойынша аңыздық, тарихи, тұрмыстық, жарыстық, сықақтық және әзілдік әндер ретінде бөлген. Затаевич қазақ музыкасының тарихында тұңғыш рет Абай Құнанбаев, Құрманғазы, Жаяу Мұса, Біржан сал, Мұхит, Дәулеткерей, Ыбырай атына халық композиторлары ретінде сипаттама беріп, олар туралы бірнеше биографиялық мәліметтер келтіреді. Затаевич белгілі орындаушылар Әміре Қашаубасстың, Габбас Айтбасстың, Қали Байжановтың және тағы басқалардың орындау шеберлігіне терең сипаттама береді, оның танымдық маңызы зор. Затаевичтің жинақтарының этнографиялық маңызы жоғары, мұнда қазақ халқының дәстүрі, тұрмыс сипаты туралы мәліметтер жинақталған. Затаевич – қазақтың кәсіби фортепианолық музыкасының негізін салушылардың бірі. Ол – “Фортепианоға арналған миниатюр түріндегі қазақ әндері”, “Қазақтың аспаптық пьесалары мен әуендері” атты музыкалық жинақтардың авторы болып табылады.



Ахмет ЖҰБАНОВ



Ахмет Жұбанов (1906–1968) қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі (1944), опертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948), академик.

Ол Ақтөбе облысы Темір ауданында 1906 жылы 29 сәуірде өмірге келген. Жасынан музыка өнеріне бейімділігін байқатып, домбыра, скрипка аспаптарында ойнауды меңгереді. Жас кезінде ауылдасы Талым күйшіден, ауыл мұғалімі К. Ашғалиевтен, әжесі Қуанның, ағасы Құдайбергеннен тәлім алып, музыка өнеріне ден қояды. Темірде орыс халық аспаптар әуесқойлары оркестріне жетекшілік ететін (П. Черняктың сольфеджио, скрипка, музыка теориясы бойынша) сабақ алады.

1929 жылы Ленинградтың М.И. Глинка атындағы техникумында (А.А. Этигонның скрипка класы бойынша), консерваторияда (профессор Ф.А. Ниманнның гобой класы бойынша, кейіннен музыка тарихы мен теориясы факультетінде) оқыған. 1932 жылы Ленинградтағы актер шеберлігі мектебінің аспирантурасына түседі. 1933 жылы Алматыда ашылған музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке шақырылады.

1930 жылы Ленинградтағы «Рабочий и театр» журналында жарияланған мақаласынан бастап, өмірінің соңына дейін қазақ музыкасының тарихы мен теориясын зерттеумен айналысты. 1936 жылы «Музыка әліппесі» атты тырнақалды кітапшасы жарық көрген. 1934 жылы А. К. Жұбанов алғаш 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі негізінде Қазақ ұлттық халық оркестрін ұйымдастырды. Осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыка туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсірген. 1945–1951 жылдары Алматы консерваториясының ректоры, 1954–1961 жылдары осы консерваториядағы өзі ішкі халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптанудан сабақ берді.

Жұбановтың қазақ халқының ән-күй шығармаларының табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанған туралы монографиялық ғылыми-зерттеу еңбектері – қазақ музыкасының ғылыми тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды.

А. К. Жұбанов – қазақ халқының кәзіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Композитор ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне өзіндік мелодиялық өрнек қосқан ондаған ән мен күйдің, романстар мен хорлардың, аспаптық симфониялық және вокальдық шығармалардың авторы. А. Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Л. Хамидимен бірлесіп жазған «Абай» (1944) және «Төлеген Тоғтаров» (1947) опералары, қызы Ф. Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1970) операсы.

А. К. Жұбановтың мұрындық болуымен қырықшы жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедиция сексенінші жылдарға дейін Қазақстанның түкпір түкпірінен 10 мыңдай ән, күй нұсқаларын жинаған.

А. К. Жұбановтың ғалым, педагог, композитор, орындаушы және ұйымдастырушы ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне сіңірген еңбегі ұлттың мәдени рухани шежіресіндегі ең көрнекті белестердің бірі болып қалады.

А. К. Жұбановқа қазақтың ұлттық өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын берді. Ленин орденімен, тағы басқа ордендермен, медальдармен марапатталған.



Борис ЕРЗАКОВИЧ

Борис Ерзакович (1908–1997) композитор, өнертану ғылымының докторы, профессор, ҚазССР-нің еңбегі сіңірген өнер қайраткері. Омбы музыкалық техникумдан, сонан соң Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Ерзакович творчестволық және ғылыми жұмысын пианист және Алматыдағы Қазақ радиокомитеті жанындағы қазақ музыкалық редакциясының музыкалық редакторы болып бастаған. Бірнеше жыл бойына ол радиодан берілген әншілер мен аспапшылар музыкасын жазып алады, Қазақстан облыстары бойынша ол екі мың жарым халықтық ән мен күйлерді жазып алып, оларға толық ғылыми төлқұжат берді. Жиналған материалдар мен оларды

жүйелеу негізінде Ерзакович этнографиялық бірнеше жинақ шығарды. Қазақтың халық музыкасы Ерзаковичтің ғылыми-зерттеуінің негізгі тақырыбы болды. Ол қазақтың халық музыкасының тарихы мен теориясы жөніндегі бірнеше еңбектің авторы, мұнда ол қазақтың ән шығармашылығының жанрын жіктеп көрсетеді, музыкаға эпикалық және тарихи баяндамалар, қазақтың ән әуенінің ұлттық ерекшелігі теоретикалық негізделген, халық композиторларының көбінің шығармашылығына сипаттама берілген. Қазақтың кәсіби музыкасы туралы оның еңбектерінің маңызы аса зор.

Борис Гиршевич – Қазақстанның музыкалық өнерінің тарихы жөніндегі сүбелі еңбектердің авторы, олардың ішінде – “Қазақ халқының музыкалық мұрасы”, “Қазақ музыкатануымының бастауында” монографиялары, музыкалық-этнографиялық жинақтар Абай, Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Мұхит, Жау Мұса және басқалар шығармаларына арналған. Борис Гиршевич ғылыми-зерттеу жұмысын композиторлық шығармашылықпен қатар алып келе жатқан тұлға. Оның симфониялық және камералық шығармалары, оның өңдеуіндегі қазақтың халық әндері, спектакльдерге жазылған музыкалары көпшілікке жақсы танымал.



Петр АРАВИН

Петр Аравин (1908–1979) Пенза облысы Бекоев ауданы Нарышкино ауылында 1908 жылы дүниеге келіп, 1979 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. П.В. Аравин – музыка зерттеушісі, профессор (1977). Мәскеу консерваториясының музыка тарихы және теориясы факультетін бітірген (1938). 1938–1940 жылдары Архангельск қаласындағы музыкалық училищесінде және филармонияның халық шығармашылығы бөлімінде жұмыс істеді. 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. 1946–1946 жылдары Кншнев консерваториясының директоры болды. 1948 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы консерваториясында ұстаздық етті. “М.П. Мусоргский. А. Голенищев

– Кутузовка хат, П.Аравиннің түсіндірмесі” деген алғашқы теориялық еңбегі 1939 жылы жарық көрді. Аравин қазақ музыкасын зерттеуде, оның ерекшелігін теориялық тұрғыдан талдауда мол мұра қалдырды. Оның мерзімді баспасөз құралдары мен әртүрлі музыкалық жинақтарда жарияланған “Дәулеткерейдің 3 портреті”, “Дәулеткерей күйлері”, “Ұлы күйші Дәулеткерейдің өмірі мен шығармалары”, “Домбыра құрылысының үндік жүйесі”, “Қазақ күйлерінің

шырақтау құрылысы”, “Қазақ аспаптық музыка жанрлары”, “Құрманғазының музыкалық стилі мәселесі”, “Құрманғазы шығармаларындағы коңгтасу жанры”, “Қазақ музыкалық фольклорындағы коңгтасу жанрының әлеуметтік-эстетикалық табиғаты”, “Орыс ғалымдары XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың 1-жартысындағы қазақ музыкасы туралы”, “Батыс пен Шығыс музыкалық жүйесінің қарым-қатынас мәселесі”, “Қазақ әндерінің ырғақтық құрылысы”, “Шантемір мен Мақтымсұлу жайлы аңыз”, т.б. еңбектері қазақ музыкасын зерттеудегі өте қадды еңбектер болды.

Талиға БЕКХОЖИНА

Талиға Бекхожина (1919–1995) – музыкатанушы, әнші. 1919 жылы 11 желтоқсан күні Семей қаласында дүниеге келген. 1963 жылы Алматы консерваториясын бітірген. Шығармашылығын әнші болудан бастаған. 1941–1958 жылдары Қазақ филармониясының әншісі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында концерттік бригада құрамында жауынгерлерге өнер көрсетті. 1962–1980 жылдары Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеді. Көп жылдар бойы фольклорлық экспедиция құрамында болған ол Қазақстанның және Өзбекстанның жергілікті тұрғындары арасынан бұрын белгісіз болып келген көптеген әндерді (1500-ден астам) нотаға түсіріп жазып алды; халық шығармашылығының орындаушылары жайында деректер жинады. Бекхожина ақын әрі композитор Ш.Құдайбердіевтің әндерін («Аманат», А., 1989) жинап құрастырды, өзі алғы сөзін жазды. 1995 жылы 17 қыркүйекте Алматыда қайтыс болды.



Бисенғали ГИЗАТОВ

Бисенғали Гизатов (1925–2005) – музыка зерттеуші, педагог, халық мұраларын жинаушы, опертану ғылымының кандидаты. 1953 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының музыка теориясы мен тарихы факультетін бітірген соң Қазақ КСР-і Мәдениет министрлігі кеңесі жанындағы Көркемөнер басқармасында және Алматы музыка училищесінде (1953–1957) музыка сарапшысы, музыка пәнінің оқытушысы, “Жазушы” баспасында (1957–1963) музыкалық редактор, Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде (1966–1991) кіші, аға ғылыми қызметкер

болып қызметтер атқарған. Ғылыми-зерттеулерінің негізгі бағыты – ұлттық музыкалық аспапта орындаушылықты оқыту, қазақтың ұлттық музыкалық оқу орындары мен музыкалық мекемелерінің қалыптасу тарихы, Абай, А. Жұбанов, Л. Хамиди, т.б. халық және Кеңес композиторларының өмірі мен шығармашылықтары және олардың өзіндік ерекшеліктері мәселелеріне арналған. Осы салада оның “Казахский Государственный оркестр народных инструментов имени Курмангазы” (1957), “Латыф Хамиди” (1966), “Академик Ахмет Жұбанов” (1972), “Музыкальное образование в Казахстане” (1975), “От кроя до симфоний” (1976), “Казахский оркестр имени Курмангазы” (1994), және “Абай и музыка” (1995) атты зерттеулері, монографиялары, музыкалық очерктері және “Мектеп әндері: қазақ мектептерінің 1–6 кл. үшін” (1959), “Домбыра үйрену мектебі” (Л. А. Хамидимен бірлесіп. 1983), “Мектепте ән-музыка сабағы” (1994) т.б. оқулықтары, оқу құралдары мен мақалалары жарық көрген. Ол композитор Л. Хамиди өңдеген

"Қазақтың халық әндері" (1958), және өзі "Қазақтың халық әндері" (1960) атты музыкалық жинақтарын шығарды. Қазақ тілінде алғаш "Музыкалық терминдер сөздігі" оқу құралын жазған.



Болат САРЫБАЕВ

Болат Сарыбаев (1927–1984) – музыкатанушы, өнертану кандидаты 1927 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының негізін салушылардың бірі белгілі ұстаз Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың отбасында дүниеге келді. Қазақстанның музыкалық мәдениеті саласындағы Б.Ш.Сарыбаевтың өмірі мен сан-салалы қызметі ХХ ғасырда елеулі орын алады. Көне музыкалық аспаптар мен дәстүрлі қазақ музыкасының жаңдауы, қайта даму кезеңі оның есімімен тығыз байланысты. Ол жоғала бастаған көне музыкалық аспаптарды іздестіріп, қалпына келтіріп, зерттеу жүргізіп, бүгінгі ұрпақ қалдесіне ұсынып, ұлттық мәдениетіміздің өткен тамаша тарихымен таныстырды. Болат Шамғалиұлы

Алматы консерваториясының түлегі, оны бітірген соң осы оқу орнында қалды. 50-жылдардың аяғынан оның қазақтың ұлттық аспаптарын зерттеу саласындағы тер төгіп еңбектенген ідену жұмыстары басталады. Бұған дейін қазақтарда тек екі аспап – домбыра мен қобыз болған деген пікір қалыптасқан болатын Сондықтан зерттеу жұмыстарын қайта жаңғыртуға тура келді. Осының нәтижесінде Болат Шамғалиұлы жиырмадан аса қазақтың музыкалық аспаптарын тапты. Олар: шаңқобыз, сыбызғы, саз-сырнай, үскірік, шертер, жетіген, т.б.

Б.Сарыбаев "Қазақтың халық аспаптары" монографиясында табылған аспаптардың түрін, қатарын, дыбыстық берілімін, ойнау тәсіліне ғылыми сипаттама бере отырып, жіктейді. Бұл зерттеуге бағалы қосымша ретінде Сарыбаевтың көмегімен "Қазақтың музыкалық аспаптары" атты альбомы жарық көрді. Б. Сарыбаев музыка тануда ежелгі аспаптарды біліп, тауып, мәдениеттің материалдық игілігі ретінде ғана бағалап қана қойған жоқ, сондай-ақ, бұл ескі аспаптарды халықтың рухани өміріне ендірілді.



Зәли БЕКЕНОВ

Зәли Бекенов 1934 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, Үрімжі ауданы, Еренқабырғанның Сарышоқы өңірі Ақтерек аулында дүниеге келген. 1951 жылы Үрімжідегі мұғалімдер гимназиясын бітірген. 1955–1956 жылдары Семейдің М. Төлебаев атындағы музыка училищесінде оқыған. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. 1970–76 жылдары консерваторияда тұңғыш шертіне күй класын ашып, дәріс берген. Тәттімбет, Тоқа, Әбді, Өшімтай, Аққыз, Раздық, Сүгір, Төлеген т.б. күйшілердің шертіне күйлерін шәкірттерге үйретіп, насихаттайды. 1981 жылдан өмірінің соңына

дейін Күләш Байсейтова атындағы республикалық арнайы музыка мектебінде ұстаздық еткен. Еңбектену нәтижесінде «Күй көгерер күнілдің көкжиегін» (1975ж), «Шертіне күй шеберлері» (1977ж), «Өркен жайған қобыз өнері» (1980ж), «Күй

табиғаты» (1981ж), «Аспаптану» (1989ж), «Күй күмбезі - Тәтімбет» (2002ж), «Күй керуені» (2002ж) кітаптарын жарыққа шығарады. Қазақтың күй өнеріне оның ішінде шерпе күй саласына сіңірген еңбегі орасан зор. Уәли күйші-композитор ретінде «Жеңем сүйер», «Ерен толғау», «Күй аңсаған», «Боздағым» атты күйлердің авторы.

ТыMAT МЕРҒАЛНЕВ



ТыMAT Мерғалиев (1936–2007) фольклортанушы, күйші-домбырашы, ұстаз ТыMAT Мерғалиев 1936 жылы Атырау облысы Баксай ауданы Жаңажол ауылында туған. Бала жасынан ән-күйге құмар болған ТыMAT мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде Мұқан, Бөшір деген домбырашы ұстаздардан "Кенес", "Арынғазы", "Айжан қыз", "Қарасай" сияқты күйлерді үйренеді. 1952 жылы Алматыға көшіп келгеннен соң № 12 қазақ орта мектебінде оқып жүргенде пионерлер сарайындағы домбыра үйірмесіне қатысып, онда атақты күйші-композитор Сейтектің күйлерін жеткізуші, әрі жиегі болып келетін майталман домбырашы Фазыл Сұлтановтан көптеген күйлер үйренеді. 1955 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін

сол жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға қабылданады. Консерватория қабырғасында А. Жұбанов, Л. Хамиди, X. Тастанов, Қ. Мұхитов, М. Әубәкіров сынды білікті ұстаздардан тәлім алады. 1960 жылы консерваторияны бітіргеннен екі жылдай Құрманғазы атындағы оркестрде жұмыс істейді, 1962–1980 жылдары Қазақстан Ғылым академиясы, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде кіші ғылыми қызметкер болып қызмет жасайды. Ғылым академиясында істеген жылдары қазақтың кең байтақ елін аралап, халқымыздың ән-күйлерін, халық композиторларының мұраларын, олар туралы ел аузындағы құнды деректерді жинап, жазып алады. Осы ізденістің нәтижесінде 1972 жылы "Домбыра сазы" (Музыкалық-этнографиялық жинақ), 1980 жылы "Жаңа дәуір жыршысы" (халық композиторы Сейтек Оразаленің өмірі мен шығармашылығы жайлы), 1982 жылы "Қазақтың музыкалық фольклоры" (біріккен авторлармен) көлемді еңбектерін баспадан шығарды. ТыMAT Мерғалиев өзінің саналы ғұмырын қазақтың күй өнерін жинақтауға, оны зерттеуге, шәкірт тәрбиелеуге арнады. 1960 жылдан өмірінің соңына дейін консерваторияның халық аспаптары бөлімінде ұстаздық қызмет саласында жемісті еңбектер атқарды. Ол көп жылдар бойы студенттерге "Домбырада орындаушылық шеберліктің тарихы" пәні бойынша дәрістер оқып, оқулықтар жазды. 2000 жылы "Қазақ күйлерінің тарихы" атты сүбелі ғылыми-зерттеу еңбегі жарық көрді. ТыMAT Мерғалиев шебер домбырашылығымен қатар, өз жанынан "Еңбек майданы", "Толқым", "Жарыс", "Шаттық күйі", "Толқын" сияқты күйлер шығарған.

Мұхтар МАҒАУИН

Мұхтар Мағауин (1940) – тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Мемлекет сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның халық жазушысы (1996). Мұхтар Мұқанұлы Мағауин – 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында туған.



1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы оның аспирантурасын бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы бастады. "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі, 1967–1971 жылдары "Жазушы" баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген, Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді. 1983–1984 жылдары еркін шығармашылық қызметте, 1984–1986 жылдары "Жазушы" баспасының бас редакторы, 1987 жылы еркін шығармашылық қызметте, 1988 жылдан бері "Жұлдыз" журналының бас редакторы.

Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген "Аласапыран" тарихи романы 1981–83 ж. жарық көрді. "Қобыз сарыны" (1968) монографиясында хандық дәуірге өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларын (15–18 ғ-лар) жүйелі түрде талдады. "Алдастан", "Бес ғасыр жырайды", "Ай, заман-ай, заман-ай" атты ақын-жыраулар шығармаларының антологиясын құрастырып, жарыққа шығарды. "Ғасырлар белері", "Қазақ тарихының аліппесі" зерттеу еңбектері қазақ тарихының 500 жылдық кезеңін қамтиды. Мағауин "Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет" (1992) оқулығы мен хрестоматиясының (1993), т.б. оқу құралдарының авторы. Қаламгер шығармалары бірнеше шет тілдерге аударылған. Ол "Түркі дүниесіне қызмет" халықаралық сыйлық лауреаты (1997).

Шығармалары баспасөз бетінде алғаш рет 1959 жылы көрінді. 60-жылдары негізінен әдебиет зерттеушісі ретінде танылды. "Қобыз сарыны" атты ғылыми монографиясы жарық көрген (1968). Бұдан соңғы кезеңде көркем прозаға көбірек ден қойды. "Көкмұнар" (роман, 1972), "Бір атаның балалары" (новелестер мен өңгімелер), "Аласапыран" (тарихи роман-дилогия, 1980–1982), "Шақан Шері" (роман), "Мен" (ғұмырбаяндық роман-хазма), "Құмырсқа-қарғын" (өңгімелер), "Ұлтсыздану ұраны" (мақалалар) және тағы басқа кітаптары жарық көрген.

Серік ХАРЕСОВ



Күйші-домбырашы, дирижер, өнер зерттеуші. Серік Нығметұлы Харесов 1941 жылы бұрынғы Гурьев облысының Новобогат ауданы, Нарын құмы өңіріндегі Бегайдар ауылында (қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданы, Нарын құмы өңірі) туып-өскен. С. Харесов 1963 жылы Ақтобе мәдени-ағарту училищесінің мәдени-ағарту қызметі және көркемөнерпаздар оркестрі дирижерлерін дайындайтын бөлімін тәмамдаған. 1969 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Серік Нығметұлы 1963 жылдан Атырау, Маңғыстау облыстарының мектептері мен аудан, қала орталықтарында құрылған көркемөнерпаздар мүшелерінің ұлт-аспаптар оркестрлерін ұйымдастырып жетекшілік етеді. Ол жетекшілік еткен Атырау облысы Индер аудандық көркемөнерпаздарының ұлт-аспаптар оркестрі 1966 жылы Қазақстан композиторларының шығармаларын орындаудағы шеберлігімен

көзге түсіп, академик Ахмет Жұбановтың көңілінен шығып, композитордың 60 жылдық мерейтойына байланысты және қалың көпшіліктің өтініші бойынша оркестрге Ақан өзі дирижерлік жасап, көрермен халқын бір серпілтіп, шынайы ризашылық сезімге бөлейді. Ол 1980-2004 жылдары Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық көркемөнерпаздар ұлт-аспаптар оркестрі мен ансамблінің жетекшісі, әрі дирижері болды. Оркестр халық композиторлары мен Қазақстан композиторларының төл туындыларын шебер орындап, 1981 жылы әйгілі жазушы Ілия Есенберлин мен Маңғыстау өңірінің атақты күйшісі Мұрат Өскембаевтың жылы лебізді алғыстарын тыңдап, баталарын алады. Осы оркестрді 1983 жылы халық композиторлары мен Қазақстан композиторларының төл шығармаларын үздік орындағандары үшін КСРО композиторлар одағының бірінші хатшысы, композитор Т. Хреников дипломмен марапаттайды. С.Харесов Атырау, Маңғыстау өңірінде қалыптасқан күйшілік дәстүрді барынша жаңдандыруға атсалысқан өнерпаздардың бірі. 1986 жылы оның орындауындағы Маңғыстау күйшілік мектебінің көрікті өкілдері Абыл, Есір, Өскембай, Мұрат, Қоңыр тәрізді күйшілердің мұралары Ташкенттегі "Мелодия" фирмасында күйтабаққа жазылып, жарық көрді. 1995 жылы "Мұрат Өскембаевтың күйлері" атты зерттеу еңбегі баспадан шықты. Серік Харесов тек қана орындаушы ғана емес, сонымен қатар өз жанынан көптеген туындылар шығарған сазгер де. Оның "Жеңіс дыңы", "Сағыныш", "Күй толғау", "Той шашу", "Жаңа заман бейнесі", "Аңсау", "Арнау" атты төл күйлері бар. Серік Нығыметұлы Харесов ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай арнайы медальмен, 2011 жылы ҚР "Мәдениет қайраткері" атағымен марапатталған.

Акселеу СЕЙДІМБЕК



Акселеу Сланұлы Сейдімбек 1942 жылғы желтоқсанның 12-сі күні Қарағанды облысы Жаңаларқа ауданындағы Байдалы би ауылында дүниеге келді. Қазіргі Қазік ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң «Жас Алаш», «Орталық Қазақстан», «Егемен Қазақстан» газеттерінде меншікті тілші, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, «Зерде» журналы мен «Әлем» альманағында бас редактор болды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Қолжазба бөлімінің меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемалары институтының директоры, Қазақ Білім академиясының тұңғыш президенті, ҚР

Президенттің Мәдени орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Көз жұмығына дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры болып істеді.

Филология ғылымының докторы (1997). "Ақжық" атты алғашқы әңгімелер жинағы 1972 жылы жарық көрді. Ксіін "Қыр хикаялары" (1977), «Тауға біткен жалбыз» (1979), "Ақжық" (1991) атты повестер мен әңгімелер, қазақтың өмір салты, әдет-ғұрпы, табиғат тіршілігінен мол хабар беретін «Кеңеш» (1979), «Серпер» (1982), «Күңгір-күңгір күмбездер» (1983), әңгіме, повестері, сондай-ақ, қазақтың дәстүрлі поэзиясындағы қара өлең жанрына арнаған «Мың бір маржан» (1989), күй мен күй аңақтарының, күйшілер өмірінен қызықты да тың деректер келтіре отырып, онда күй аңызының құрылымы мен деректілігін, оның арақатынасын зерттеп, тұңғыш рет күй аңызының оқшау жанр екенін дәлелдейтін "Күй шежіре" (1992), Ұлы дала тарихына шолу жасап, тарихи тұлғаларға сипаттама берген "Балталы, Бағианалы ел аман бол" (1993), түркі тектес халықтардың тарихынан,

археологиясынан және этнографиясынан мол деректер қамтылған “Көшпелілер тарихы” (1995), халық тарихы мен мәдениетінің көкейкесті мәселелер туралы ой-толғаныстары мен тебіреністері сипатталған “Ойтолғақ” (1997), қазақ тарихы мен этномәдениетіне қатысты ой-пікірлері жинақталған “Қазақ әлемі” (1997) атты ғылыми еңбектері басылып шықты. Сейдімбеков Гомердің “Илиада”, “Одиссея” (1974) эпостарын, И. Можейконың әлемнің “7 және 37 кереметі” (1988) атты кітабын қазақ тіліне аударды. Жазушының шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылған. “Құрмет” орденімен марапатталған (1998). Акселеу ағамыз 2009 жылдың Рамазан айының Кадір түнінде, яғни Қыркүйектің 19-ы күні 67 жасқа қараған шағында өмірден озды. Жанаарқа ауданында “Акселеу төбе” атанып кеткен төбеде жатыр.



Жаулыбай ИМАНӨЛІЕВ

Иманоліев Жаулыбай – 1942 жылдың 16 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысы (Бұрынғы Шаян ауданы) «Ақбастау» елді мекенінде дүниеге келген. Жаулыбайдың әкесі – Жанәлі Барқиев 1907 жылы дүниеге келіп, 1950 жылдары Қарғанды түрмесінде саяси тұтқын ретінде о дүниелік болған. Жаулыбайдың әпкесі – Рахия (1922 жылғы), ағасы – Жанәлі «Халық жауы» болып ұсталған соң Барқиева деген фамилиясын Тасболатова деп өзгертіп, журналист Иманәлі Ырсымбетов деген жігітке тұрмысқа шығалды.

Барқы мен Тасболит ағайынды кісілер. Бөле-жаладан аман сақтау үшін Жаулыбайдың фамилиясын жезде-сі – Иманәлінің атын берген.

Жаулыбай Иманоліев бала кезінде көбіне ағасы – Төлебай Тасболатовтың тәрбиесінде болған. Төлебай (1917 жылғы) Тасболиттан калған жалғыз тұяқ-тын. Төлебай Ұлы Отан соғысынан аман-есен келген соң, Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне үш жыл оқып, білім алған соң Созақ аудандық партия комитетіне қызмет етіп, екінші хатшалыққа дейін көтерілген. Жаулыбай 1959 жылы Созақ ауданының орталығы, Шолаққорған елді мекенінде қазақ орта мектебін бітіреді. Сол жылы Шымкенттегі химия-технологиялық институттың құрылыс инженерін даярлайтын факультетіне оқуға түскен. Онда жарты жылдай оқыған соң, ол оқу орнын тастап, Алматыға келеді. Ондағы мақсаты әке жолын қуып журналист болу еді. Екі жыл Алматыдағы С.М.Киров атындағы университетте емтихан тапсырып, конкурстан өте алмай қалады. 1960–1961 жылдары Жаулыбай Алматы қаласындағы №2 қазақ мектеп-интернатында аға пионер вожатый болып қызмет еткен. Ал, 1961–1962 оқу жылында (Бұрынғы Шаян Ауданы) қазіргі Шымкент облысының Алғабас ауданында («Алғабас» ұжымпарында) «Майбұлақ» сегізжылдық мектебінде (екінші сыналқа) бастауыш сыныптардың мұғалімі болып қызмет істеген. 1962 жылы жазда Алматыға келіп, С.М.Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің филология факультетінің «Журналистика» бөліміне оқуға түседі. 1963 жылы Қазақ университетіндегі әскери кафедра уақытша жабылып, жұмысын тоқтатқан болатын. Оның негізгі себебі – Ұлы Отан соғысы жылдары (1942–43,44 жылдары) туылған ұрпақтың алдығынан азаматтық әскери борышты өтеуге осы ұрпақтарды жаппай әскерге алды. Сөйтіп Жаулыбай бірінші курсты бітірген жылы, 1963 жылы қазан айында, әскери борышын өтеу үшін Иркутск қаласынан бірақ шыққан жайы бар. Сол Иркутск қаласының «Қызыл казармасында» ракеташы болып екі жыл әскери қызметте болады. 1965 жылы әскери борышын мезгілінен бір жыл бұрын өтеп,

денсаулыққа байланысты Алматыға қайтып келген. Сөйтіп аман-есен баяғы оқуын әрі қарай (екінші курстан) жалғастырады. Жаулыбай осы студенттік шақтарында университеттің ұлттық домбырашпалар оркестірінің мүшесі бола жүріп, өзінің күйшілік өнерін Республикалық радио-теледидар арқылы көрсете білді. Ол сонау мектеп жасында-ақ аудандық көркем өнерпаздар ұйымына ат салысты. Жер-жерлерге барып, ойын-сауықтар қоюға қазу араласқан жайы бар. Сөйтіп жүріп, 1958–1959 жылдары Созақтағы болған бір ойын-сауықта саяхнаға шығып күй тартқан жас бала Жаулыбай Сүгір күйшінің көзіне түсіп үлгергенді. 1968 жылы Жаулыбай «Студенттің өз творчествосы» деген тақырыпта диплом қорғап, университеті жақсы бітіріп шығады. 1966-67-68 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде өндірістік практикада болған студент – Жаулыбай өзінің алғырлығын, өнерлі қабілетін, журналистік шеберлігін газет бетінде көрсетіп үлгерді. С.М.Киров атындағы университетті бітірген соң ол Орталық Комитеттің жолдамасымен Шымкенттің облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне қызметке тұрады. Жаулыбай бұл газетте алты жыл екі қызметті бірдей алып жүрді. Әдеби қызметкерлік әрі фототүшілік қызметті атқарған. Осы жылдар аралығында (1966–1974 жылдар) Жаулыбай өзінің қызмет бабын пайдалана жүріп, ел арасындағы халық күйлерін, өлең-жырларын жинастырған. 1970 жылы «Жазушы» баспасына жинаған күйлерін кітап етіп шығару үшін қолжазбасын өткізеді. Қолжазбада 37 күйдің ноталары бар болатын. Күйлердің нотасын жазған сол кездегі жанидан ашылған әл-Фараби атындағы Шымкенттің педагогикалық институтының аға оқытушысы, қазақтың белгілі домбырашысы – Мұхит Айтқалиев еді. Жаулыбай күйлері ел арасынан мигнитофон арқылы жинап Мұхитқа беретін, ал Мұхит күйші ол күйлердің нотасын қағазға түсіретін.

Журналист-Жаулыбай Иманалиев 1974 жылы Шымкенттен Алматыға көшіп келеді. Өзі Қазақтың Мемлекеттік Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі комитетке редактор болып қызметке тұрады. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан журналист – Жаулыбай Иманалиев пен күйші – Мұхит Айтқалиевтің «Қаратау шертпелері» деген күйлер жинағы жарық көріп күйшілер қауымына үлкен базарлық сыйлаған еді.

Содан бері отыз жыл өтсе де, «Қартау шертпелері» деген күйлер жинағын Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясында, әрі өнер колледждерінде, музыкалық мектептерде бұл кітапты оқулық ретінде пайдаланып келеді.

Жаулыбай Иманалиев журналистика саласында отыз жылдан астам уақыт қызмет істеп, қазақтың күйшілік және жыраулық өнерін тұрақты насихаттаушысы болды.

Ол Қазақ теледидарында (1978–1979 жылдар) «Терме» және «Домбыра-дастан» циклдерін ашып, қазақтың халық күйші-композиторларының шығармаларын әрі орындаушыларын және жыраулық өнердің әр қилы сырларын мадақтап, көп жұмыстар атқарды. Жаулыбай Иманалиев 2005 жылы зейнеткерлікке шықты. Ол соңғы жылдары Қазақ Радиосының «Шалқар» ұлттық арнасында қызмет етіп, онда "Жыраулар мектебі", «Күй шежіре», «Ел іші-өнер кеніші» деген циклдер бойынша бойынша тұрақты музыкалық хабарлар ұйымдастырып тұрды.

Балтабай НҰРЖАНОВ

Қазақстан Композиторлар және Журналистер одағының мүшесі, өнер зерттеушісі, ұстаз, күйші, композитор, доцент Нұржанов Балтабай Сәрсенбайұлы 1945 жылы І-ші маусымда Қызылорда обласы, Сырдария ауданы «Комсомол» кеңшарының қазіргі «Талсуат» бөлімшесінде дүниеге келген. 1966 жылы Ақтобе қаласындағы Республикалық мәдени-ағарту училищесінің қазақ халық ұлт-аспаптар бөлімін, 1985 жылы әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика



мадениет институтын бітірген. Ол музыка маманы, өнер зерттеушісі ретінде Сыр өңірінің күйшілері Құрақтың Досжаны, Әлшекей сынды дүлдүл күйшілердің күйлерін нотаға түсіріп, шығу тарихын жазып, кітап етіп баспадан шығарып халық игілігіне ұсынды. Оның «Сыр сазы», «Сырдың сырлы саздары», «Құрақтың Досжаны», «Әлшекей», «Домбыраға арналған хрестоматия», «Аңсау», «Домбыра ойнау өнерін дамытудағы этюдтер», «Фольклор ансамбліне түсірілген әндер мен күйлердің партитуралары», «Қорқыт сарыны» (Әлем халқына күй күдіретін насихаттау мақсатында қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде жазылып, күйлері жаңа технологиялық әдіспен компакт дискіге түсіріліп кітапқа қосымша берілген), «Сыр бойы күйлері» және әр тақырыпта жазылған туындыларынан жинақталған «Ой толғанысы» тағы басқа кітаптары баспадан жарыққа шығып, музыка оқу орындарында кеңінен қолданылып жүр.



Айтжан ТОҚТАҒАН

Күйші-домбырашы, фольклортанушы, ұстаз, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері Айтжан Тоқтаған 1946 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық аспаптары факультетін бітірген (1972ж.). Консерваторияны тәмамдағаннан кейін сонда көптеген жылдар халық аспаптары бөлімінде ұстаздық етіп, көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Айтжан Тоқтаған ұстаздық қызметін методикалық, ғылыми-зерттеушілік жұмыстармен тығыз байланыстырып келеді. Айтжанның тынбай еткен еңбегі мен ізденісінің арқасында қазақтың домбыра өнерінде қаншама жаңа өсімдер, бағыттар, стильдер, күйшілік

мектептер халыққа танылды. Сонымен қатар шәкірттеріне тек орындаушылық шеберлікті ғана үйретіп қоймай ғылыми тәжірибесін де ментертіп жүр. А. Тоқтаған осы қасиетті ісін, қазақтың күй өнерін зерттеу жөніндегі сан-салалы қызметін өзінің шәкірттері, ізбасарлары арқылы әрі қарай жалғастыруға мұрындық болып келеді. Тынымсыз еңбектенудің нәтижесінде біршама оқулық кітаптар жарық көріп олар бүгінде музыкалық оқу орындарында үлкен қолданысқа ие болып отыр. Атап айтқанда «Домбыраға арналған шығармалар» (1990 ж.), «Домбыраға арналған хрестоматия» (1995 ж.), «Күй тәңірдің күбірі» (1996 ж.), «Күй керуені» (1997 ж.), «Күй кастерлі әуез» (1998 ж.), «Атыраудың 62 Ақжелені» (2000 ж.), «Құрманғазы» (2005 ж. 3 компакт дискімен, Мұрат Әбугазымен бірігіп жазған), «Тәттімбет және Арқа күйлері» (2005 ж. Мұрат Әбугазымен бірігіп жазған), «Қаратау шертісесі» (2006 ж.), «Алтыс екі Ақжелені» электронды кітап CD-мен (2010ж. Айтолықан Тоқтағанмен), ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастама-сымен қабылданған «Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында жарыққа шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000-күйі» (2010 ж.) антологиясының редакция алқасының және жұмыс тобының мүшесі, Күйші Дина «Тарту сәлемдеме» CD-мен (2011 ж.). Бұл аталған оқулық құралдары қазақ музыка мәдениетіне қосылған сүбелі ғылыми еңбектер деп айтуға болады.

Айтжан ұстаздық, зерттеушілік, ғылыми жұмыстармен қатар дәстүрлі орындаушылық өнерін де шет қалдырған жоқ. Халқымыздан байырғы күйшілік мұрасын сол калпында өзгертпей радио, теледидар арқылы республика жұртшылығына үздіксіз насихаттап келеді. А. Тоқтағанның әр жылдары орындап жазған күйтабақтарындағы күйлері Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Дәстүрлі орындаушылықтың білгірі Тоқтағанның репертуарында сирек орындалатын фольклорлық күйлер көптеп кездеседі. Оның орындауында шетелдік жетекші ғалымдардың ұсынысы бойынша жазылған (И. Земцовский – ЮНЕСКО мүшесі, К. Дитрих – Германия, Ю. Шамиль - Оғлы-АҚШ) бірнеше лазерлік дисктер шықты (Жапония – 1991, Германия – 1995, Қазақстан – 1998).

Қазақ радиосында А. Тоқтағанның орындауында көптеген күйлер жазылған және 1989 ж. түсірілген ол туралы телефильм бар (режиссері – Сон и Сон).

А. Тоқтаған баспасөз беттерінде ұлттық дәстүрлі музыка өнері жайлы бірқатар мақалалар жариялады. Ұлт өнерінің шынайы жанашыры ретінде көптеген көкейкесті мәселелерді қозғаған мақалалар өзінің өзектілігімен де, мәнділігімен де жұртшылықтың назарын аудартып отырды.

Осынша істелген еңбек мемлекет тарапынан ескерусіз қалмады. А. Тоқтаған – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының және Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, ҚР білім және ғылым министрлігінің құрметті қызметкері, жас ұрпақты дайындаудағы қол жеткізген ұстаздық еңбектері үшін президенттің екі рет «Алғас хатын» алған, ҚР Президентінің «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл мерекелік медалімен» марапатталды. Айтжан Тоқтаған ұлағатты ұстаз, домбырашылық өнерде өзінің мектебін қалыптастырған білікті маман.



Айтберген ЖАНБЫРШЫ

Айтберген Жанбыршы 1948 жылы 13 қазанда Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келді. 1955 жылы Киров атындағы орта мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 1966 жылы бітіріп шықты. 1967 жылы Алматы қаласындағы Луыл шаруашылық институтының топырақ зерттеу кафедрасын студенті болып оқыды. 1968 жылы Форт-Шевченко қаласындағы мәдениет үйінде оркестр жетекшісі болып қызмет істеді. 1969 жылы Чайковский атындағы Алматы музыка училищесіне оқуға түсіп, профессор Тастановтың класына қабылданады. Екінші курсынан бастап, Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестріне әртіс болып жұмысқа қабылданады. Училищені 1973

жылы бітірісімен Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, 1978 жылы профессор Тастановтың класынан бітіріп шықты. Құрманғазы оркестрінде жемісті еңбегін жалғастырып жүргенінде жаңа жағдайымен 1974 жылы Форт-Шевченко қаласына келіп, ұстаздық және мәдениет үйі жанындағы ұлт-аспаптар оркестрін басқарды. «Көңілшар» ансамбліні құрды. Республика көлеміне белгілі болып, жүздеген орындарға ие болды. 1976–77 оқу жылында жаңадан ашылған музыка мектебінде директор болып қызмет істеді. 1977 жылы жаңадан ашылған Қызылорда музыка училищесіне шақырылып біраз жыл соңда табысты еңбек етті. Бірнеше шәкірттері музыка училищесі аралық Республикалық конкурстардың лауреаты болды. 1980 жылы Алматы қаласында Мұстафаев Ерболат, Рысдаuletov Рыспанбет, 1987 жылы Алматы қаласында Әлімжан Абсадықов, 1989

жылы Павлодар қаласында Еркін Жүсіпов, 1991 жылы Қарағанды қаласында Еркін Нұрымбетов.

1992 жылы туған топырағына оралып, түбектің мәдениеті мен өнеріне белсене араласты. Абыл атындағы өнер мектебінде оқытушы. 1993 жылы ашылған Маңғыстау өнер колледжінде бөлім меңгерушісі болып, 1994 жылы ашылған «Абыл Тарақұлы» атындағы қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің әртісі болып жұмыс істеді. 2004–2005 жылдары Форт-Шевченко қаласында мәдениет бөлімін басқарды. 2005 жылдан Маңғыстау өнер колледжімен, «Абыл Тарақұлы» оркестрінде жұмыс жасап келеді.

Жанбыршы Айтберген сазгерлікпен де айналысады. Өзі шығарған «Арнау», «Шашу», «Сержан аға» атты күйлері, «Ақтауым ақ қалам», «Сенесің бе» атты әндердің авторы.

Бірнеше облыстық мәдениет басқармасының, оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 2005 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет Ақпарат және Спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталады. 2008 жылы Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ол Мұрат Өскінбаев пен Сержан Шәкіраттың орындауындағы күйлерді, жыр-саздарды, әндерді және терме-жырларды нотаға түсіріп, оларды келешек ұрпаққа мирас етті, бұл еңбегі болашақ үшін аса бағалы.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Нұрлы әлем» баспасынан 2005 жылы «Нарату» атты Маңғыстау күйлер жинағы «Адайдың ырғамасы» әндер жыр-күйлер жинағы «Мен қашанғы жүйрігің» атты жыр-терме кітаптары, 2008 жылы «Нұрлы әлем» баспасынан «Нарату-2» Маңғыстау күйлер жинағы, «Мен қашанғы жүйрігің-2» атты жыр-топтаулары, «Қарасай Қазин» атты жыр-дастандары баспадан шықты.



Зәбира ЖӘКШЕВА

Зәбира Жәкішева Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңірі, Абай ауданы, «Құндызды» ауылында 1948 жылы дүниеге келген. 1980 ж. Қазақтың Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің музыка факультетін бітірген. Б.Кылас Дүкенұлы атындағы қазақтың халық музыкалық аспаптар музейінің негізін қалаушылардың бірі және «Сазгер» фольклорлы-этнографиялық ансамбльдің алғашқы сырнайшы-концертмейстрі болды (1980).

З.С. Жәкішева – сырнайшы-сазгер, аспаптанушы-ғалым, этнолог, тарих ғылымдарының кандидаты (2015). Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік ХІІ фестивалінің дипломанты (1985), КСРО Мәдениет министрлігінің «Үздік мәдениет қызметкері» (1987), ҚР Мәдениет министрлігінің «Құрмет Грамотасына» иегері (1998), Қазақстанның Мәдениет қайраткері (2000), ИКОМ Қазақстанның үздігі номинациясының Дипломанты (2014). Музейде әр жылдары ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі, директордың орынбасары, аға ғылыми қызметкер міндеттерін атқарып, рухани-мәдени мұралар мен аспапты-музыка өнерін насихаттауға және қазақ аспаптану ғылымын зерттеп-орнықтыруға үлес қосып келеді.

Елімізде және Дели, Югославия, Түркімения, Марий АССР-і, Москва, С-Петербург т.б. секілді шетел қалаларында өткен Халықаралық көрме-жәрменкелердің жұмыстарына қатысып, қазақ музыкасы мен ұлт аспаптарын насихаттауда зор еңбек сіңірді. Музейдің құрылу, қалыптасу және даму тарихына,

мұраларының жинақталуы, экспонаттардың зерттелу жай-күйі, т.б. мәселелер қамтылған жүзден аса мақалалары республикалық басылымдарда, ғылыми жинақтар мен журналдарда жарияланған.

Оның зерттеуімен: «Қазақтың музыкалық аспаптар әлемі». Анықтамалық (Әуен, 2003), «Қазақтың халық музыка аспаптары музейі». Жол сілтер (Алматы, 2004), «Қамар Қасымұлы» (Павлодар. – «ЭКО», 2004), «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» (Алматыкітап, 2009), «Қазақтың аспапты-музыкалық фольклоры (педагогика ғылымдарының кандидаты Н. Атамқұловпен бірге)» (Алматы: Өлке, 2010), «Өзбекәлі Жәнібек тағылымы» (Алматы, 2011), «Аспаптану, археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеу». Монография (Қазақ тарихы, 2012) сияқты кітаптары жарық көрді. Сонымен қоса, «Жастық шақ әуендері» атты екі томдық ұжымдық әндер жинағына бірқатар әндері енгізілген (Алматы: Өнер, 1987, 1993). Жазушы, филология ғылымдарының докторы Т. Жұртбаевтың алғы сөзімен «Шыңғыстаудың ән самалы» атты жеке әндер жинағы жарық көрді (Алматы: «Көкіл», 1998).

2015 жылы «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары (тарихи-этнографиялық зерттеу) аталатын диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша Қырғыз Республикасының Ұлттық Ғылымдар академиясына қарасты Тарих және мәдени мұра институты мен Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің біріккен Диссертациялық Кеңесінде тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап шықты.

Оның зерттеуімен құс сайрауық, керуіш, барбыт секілді көне музыкалық аспаптар анықталып, «сақ жыраулары» аталатын ескерткіш мұралардың атаулары орнықтырылууда.

Қазіргі кезде де Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде табысты еңбек етіп, жастарға жол көрсетіп, тәрбиелік жұмыстар атқаруда.

Күйлерге қысқаша түсініктемелер

1. **"Таукүдірет"**. Бұл күйді орындаған Бағаналы Саятөлеков. 1983 жылы бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданына қарасты Екпін ауылында Бағаналы күйшіден Семей қаласының тұрғыны, тарихшы Амантай Исин жазып алған. Күйді нотаға түсірген Мұрат Әбугазы. М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполитграф) жинағында жарияланған.

2. **"Шыңырау"** – күйін орындаған Бағаналы Саятөлеков. Жазып алған Амантай Исин. Нотаға түсірген Мұрат Әбугазы. М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполитграф баспасы) жинағында жарияланған.

3. **"Ақсақ марал"** – күйін орындаған белгілі күйші Габдылхак Барлықов. Нотаға түсірген Мұрат Әбугазы. М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығыс политграф) жинағында жарияланған.

4. **"Нар идірген"** – күйін орындаған Сыр өңірінің майталман күйшісі Нәби Жәлімбетов. Нотаға түсірген белгілі домбырашы, зерттеуші Абдулхамит Райымбергенов. А. Райымбергенов, С. Аманова "Күй қайнары" (Алматы.1990.) жинағында жарияланған.

5. **"Салкүрен"** – күйін орындаған белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов. Нотаға түсірген Мұрат Әбугазы. М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполитграф) жинағында жарияланған.

6. **"Қарт Науайы"** – күйін орындаған атақты күйші Қали Жигітлеуов. Нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусізқызы "Күй кастерлі әуез"(Алматы. Өлке баспасы.1998) жинағында жарияланған.

7. **"Ақсақ құлан"** – күйінің түпнұсқасын орындаған әйгілі күйші Камбар Медетов. Күйді орындап, нотаға түсірген Мұрат Әбугазы

8. **"Ноғайлының зары"** – күйін орындаған майталман күйші Бакыт Басығараев. Нотаға түсірген белгілі домбырашы, зерттеуші Абдулхамит Райымбергенов. А. Райымбергенов, С. Аманова "Күй қайнары" (Алматы.1990) жинағында жарияланған.

9. **Ел айрылған.** Асанқайғының күйі. Күйдің түпнұсқасын орындаған Құсайынов Мұқас. Белгілі өнер зерттеуші, күйші Тымат Мерғалиевтың орындауында нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусізқызы "Күй кастерлі әуез"(Алматы. "Өлке" баспасы.1998) жинағында жарияланған.

10. **"Сағыныш"**. Қалтұғанның күйі. Күйді орындаған Қадырәлі Ержанов, нотаға түсірген белгілі зерттеуші Тымат Мерғалиев, Т. Мерғалиев, С. Бүркітов, О. Дүйсен. "Қазақ күйлерінің тарихы" (Алматы.2000) жинағында жарияланған.

11. **"Ел айрылған"** – күйін орындаған майталман күйші Айса Шәріпов. Нотаға түсірген белгілі домбырашы, зерттеуші Абдулхамит Райымбергенов. А. Райымбергенов, С. Аманова "Күй қайнары" (Алматы.1990) жинағында жарияланған.

12. **"Қайың сауған"**. Байжігіттің күйі. Орындаған белгілі күйші Таласбек Әсемқұлов. Нотаға түсірген Мұрат Әбугазы. М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполитграф) жинағында жарияланған.

13. **"Қаражорға"**. Абылайханның күйі. Асылбек Майтасовтың орындауында нотаға түсірген А. В. Затаевич. А. Затаевич "Қазақтың 500 ән-күйі" жинағында жарияланған. Нотаның тональдігі домбыра бұрауына лайықталды.

14. **"Көкбалак"**. Байжігіттің күйі. Орындаған белгілі күйші Таласбек Әсемқұлов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

15. **"Қосқомей-Терісқаспай"**. Қызылмойын Қуандықтың күйі. Орындаған Жүнісбай Стамбаев. Үйтаспасы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық кабинетінде сақтаулы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф) жинағында жарияланған.

16. **"Кенес"**. Бейсенбі бидің күйі. Орындаған белгілі күйші Уәли Бекенов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығыс полиграф баспасы) жинағында жарияланған.

17. **"Молқоныр"**. Қайрақбайдың күйі. Орындаған Мұқаш Танғыт. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

18. **"Май түні"**. Абай Құнанбаевтың күйі. Ғайса Сармурзиннің орындауынан 1983 жылы Уәли Бекенов нотаға түсірген. Абай Құнанбаев «Айттым сәлем Қаламқас» (Алматы «Өнер» 1986) жинағында жарияланған.

19. **"Жолаушы"**. Бәзғаламның күйі. Орындаған майталман күйші Қызат Сейітқалин. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

20. **"Қосбасқан"**. Мүкейдің күйі. Орындаған, нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Нотасы алғаш рет жарияланып отыр.

21. **"Зар"**. Заманбектің күйі. Орындаған Шығыс Қазақстан обласы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылының тұрғыны Айтқали Нұрмолдаұлы. Жазып алған, нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Алғаш рет жарияланып отыр.

22. **"Кенес"**. Өшім Душпіұлының күйі. Орындаған майталман күйші Камал Мақайұлы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған. Осы жинақтағы Өшімнің суреті де Ардаби Мәулетұлының жеке қорынан алынды. Алғаш рет жарияланып отыр.

23. **"Әсем толғау"**. Мәткәрім Есенқұловтың күйі. Орындаған белгілі күйші Біләл Ысқақов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр.

24. **"Шыңырау"**. Бейісбай Шабанбайұлының күйі. Орындаған Айтыкен Бейісбайұлы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

25. **"Бесқарағай"**. Өтіхан Исаұлының күйі. Орындаған Қытай Халық республикасы, Іле аймағының күйшісі, Өтіханның немересі Ғымынәлі Бекдәулетұлы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр. Өтіханның суреті Ардаби Мәулетұлының жеке қорынан алынды. Алғаш рет жарияланып отыр.

26. **"Аншының зары"**. Рахымның күйі. Кейде халық күйі ретінде де айтылады. Орындаған белгілі күйші Уәли Бекенов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

27. **"Қосбасар"**. Мәсігүт Тәтеновтың күйі. Орындаған белгілі күйші Уәли Бекенов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

Мәсіғұттың осы жинақта берілген суреті ұлы Адамбек Тәтеновтен алынды. Алғаш жарияланып отыр.

28. "Күй ансаған". Уәли Бекеновтың күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығысполиграф баспасы) жинағында жарияланған.

29. "Жалғыз аққу". Қазен Әбуғазыұлының күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. М. Әбуғазы "Шығыстың шыңырау күйлері" (Өскемен. 2009. Шығыс полиграф баспасы) жинағында жарияланған.

30. "Қосбасар" Тәттімбет Қазанғапұлының күйі. Орындаған әйгілі күйші Әбікен Хасенов. Орталық, Мемлекеттік фото-кино құжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатында сақталған. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Нотасы алғаш рет жарияланып отыр.

31. "Қоңырақаз". Әңімтайдың күйі. Орындаған әйгілі күйші Мағания Хамзин. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

32. "Төрт толғау" (Естірту). Тоқа Шоңманұлының күйі. Орындаған жанарқалық күйші Мұхамеджан Тілеуханов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

33. "Төрт толғау" (Арнау) Тоқа Шоңманұлының күйі. Орындаған Мұхамеджан Тілеуханов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

34. "Төрт толғау" (Зарнау) Тоқа Шоңманұлының күйі. Орындаған Мұхамеджан Тілеуханов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

35. "Төрт толғау" (Жоқтау) Тоқа Шоңманұлының күйі. Орындаған Мұхамеджан Тілеуханов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

36. "Сылуым қыз". Қыздарбек Төрөбайұлының күйі. Орындаған белгілі күйші Жанғали Жүзбай. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

37. "Дайрабай". Дайрабай Ерназарұлының күйі. Құрманғазы оркестрінің репертуарына еніп, ел арасына кең тараған нұсқасы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

38. "Қосбасар". Сейфолланың күйі. Түпнұсқасын жеткізген Созақтық күйші Файзолла Үрмізов. Орындаған Жанғали Жүзбай. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр.

39. "Наз Қосбасар". Сембек Айдосұлының күйі. Орындаған белгілі күйші Дәулетбек Сәдуақасұлы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

40. "Қосбасар". Әбди Рысбекұлының күйі. Орындаған белгілі күйші Әпике Әбенова. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Токтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы. 2006) жинағында жарияланған.

41. "Елу сегіз". Ахметжан Сармантайұлының күйі. Орындаған белгілі домбырашы Базаралы Мүңтекеев. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр.

42. **"Қоңыр"**. Әбікен Хасеновтың күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Тоқтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы, 2006) жинағында жарияланған.
43. **"Қосбасар"**. Ақжылың күйі. Орындаған белгілі күйші Әпике Әбенова. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Тоқтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы, 2006) жинағында жарияланған.
44. **"Мұңды қыз"**. Әпике Әбенованың күйі. Орындаған Әпике Әбенова. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр.
45. **"Жайлау"**. Мағауия Хамзиннің күйі. Орындаған Мағауия Хамзин. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Тоқтаған, М. Әбуғазы "Тәттімбет және Арқа күйлері" (Алматы, 2006) жинағында жарияланған.
46. **"Күй шақыртқы"**. Қожеке Назарұлының күйі. Орындаған Омархан Керімқұлов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Нотасы алғаш жарияланып отыр.
47. **"Көш Токтатқан"**. Байсерке Құлышұлының күйі. Орындаған Кенен Әзірбаев. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Төрткен Кененқызының жеке қорынан алынды. Алғаш рет жарияланып отыр.
48. **"Арман"**. Тіленді Атабайұлының күйі. Орындаған, нотаға түсірген Нұрғиса Тілендиев. Қ. Тасбергенов "Жаксыдан шапағат" жинағында жарияланған.
49. **"Шернияз"**. Қатшыбай Таубаевтың күйі. Осы уақытқа дейін халық күйі ретінде айтылып келеді. Уәли Бекеновтың "Күй табиғаты" кітабында Темірбек Ахметовке Қатшыбай өзінің "Шернияз", "Терісқақпай" күйлерін үйреткендігі жөнінде дерек бар. Орындаған Темірбек Ахметов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
50. **"Жетім бала"**. Темірбек Ахметовтың күйі. Кейде халық күйі ретінде айтылып жүр. Орындаған Темірбек Ахметов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
51. **"Әлжисса «Нұрғиса Тілендиевтің күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Қошқарбек Тасбергенов. Қ. Тасбергенов «Жаксыдан шапағат» жинағында жарияланған.**
52. **"Кенес"**. Елемес Таласбайдың күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
53. **"Қосбасар"**. Сүгір Әліұлының күйі. Орындаған майталман күйші Төлеген Момбеков. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. А. Тоқтаған, М. Әбуғазы "Сүгір. Қаратау шертпесі" (Алматы, 2006) жинағында жарияланған.
54. **"Зар Қосбасар"**. Маді Шаутиевтің күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
55. **"Жұман"**. Жаппас Қаламбасовтың күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
56. **"Салтанат"**. Төлеген Момбековтың күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.
57. **"Қосбасар"**. Файзолла Урмізовтің күйі. Орындаған автор. Нотаға түсірген Жанғали Жүзбай. Файзолла Урмізовтың суреті Жаулыбай Иманалиевтің жеке қорынан алынды. Алғаш жарияланып отыр.
58. **"Кең жайлау"**. Боранқұл Қошмағамбетовтың күйі. Орындаған Талғат Орынтаев. Нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусізқызы "Күй кастерлі әуезі" (Алматы. Өлке баспасы. 1998) жинағында жарияланған.

59. **"Ташауыз"**. Мырза Токтаболатұлының күйі. Түпнұсқасын жеткізген Нәби Жәлімбетов. Орындаған, нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы.

60. **"Терісқаканай"**. Әлшекей Бектібайұлының күйі. Орындаған Әбдіқалдыр Әбдіхалықұлы. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Б. Жүсіпов "Жиделі Байсын күйлері" (Алматы, 2001) жинағында жарияланған.

61. **"Қаражорға"**. Досжан Құрықұлының күйі. Орындаған Исламбек Ысқақов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

62. **"Ықылас"**. Ақбаланың күйі. Орындаған Шағдар Ақылбеков. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

63. **"Қаражорға"**. Жалдыбай Елеукеұлының күйі. Орындаған Нәби Жәлімбетов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

64. **"Күрішшілер бні"**. Исламбек Ысқақовтың күйі. Орындаған Исламбек Ысқақов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

65. **"Он сегіз жасар Балжан қыз"**. Қазанғанның күйі. Орындаған, нотаға түсірген Сәдуақас Балмағамбетов. С. Балмағамбетов "Сіз зергері Қазанған" (2001) жинағында жарияланған.

66. **"Дүниеғаныш"**. Баламайсаңның күйі. Орындаған Қали Жангілеуов. Нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусіңқызы "Күй керуені" (Алматы, Өлке баспасы, 1997.) жинағында жарияланған.

67. **"Шалқыма"**. Жантөренің күйі. Орындаған Рысбай Ғабдиев. Нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусіңқызы "Күй керуені" (Алматы, Өлке баспасы, 1997.) жинағында жарияланған.

68. **"Қара жаяу"**. Богданың күйі. Күйдің түпнұсқасын жеткізген Оразғали Сүйінбеков. Орындаған, нотаға түсірген Айтжан Тоқтаған. А. Есенұлы, Г. Елеусіңқызы "Күй керуені" (Алматы, "Өлке" баспасы, 1997.) жинағында жарияланған.

69. **"Жұмыр, Қылыш"**. Махамбеттің күйі. Күйдің түпнұсқасын жеткізген Оразғали Сүйінбеков. Нотаға түсірген белгілі домбырашы Қаршыға Ахмедияров. А. Райымбергенов, С. Аманова "Күй қайнары" (Алматы, 1990) жинағында жарияланған.

70. **"Сарыарқа"**. Құрманғазы Сағырбайұлының күйі. Орындаған Оқан Қабигөжин. Нотаға түсірген А. Жұбанов.

71. **"Байжұма"**. Дәулеткерей Шығайұлының күйі. Орындаған Рүстембек Омаров. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

72. **"Көңілашар"**. Түркештің күйі. Орындаған Қали Жангілеуов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

73. **"Қаражан ханым"**. Мәменің күйі. Орындаған Қали Жангілеуов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

74. **"Бозашы"**. Ерғали Есжановтың күйі. Орындаған Ғылман Қайрошев. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды. Күйдің осы нұсқасы алғаш рет жарияланып отыр.

75. **"Бұлбұл"**. Дина Нұрпейісоваң күйі. Динаның өз орындауында састалған нұсқасы бар. "Бұлбұл" күйінің осы нұсқасын кезінде майталман күйші Рүстембек Омаров Дина әжемідің қолынан үйреніп қалған екен. Жаппас Қаламбаевтың

нотаға түсіруімен жарияланған болатын. Осы жинаққа кәсіби домбырашылар арасында кең тараған осы нұсқасы беруді жөн көрдік. Орындаған, нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы.

76. **"Торы ат"**. Сейтек Оразалиевтың күйі. Орындаған Фазыл Сұлтанов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. Қазақ радиосының алтын қорынан алынды. Алғаш рет жарияланып отыр.

77. **"Соқыр Есжан"**. Есжанның күйі. Орындаған Қали Жангілеуов. Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясынан алынды.

78. **"Қош аман бол Ақбикеш"**. Есжанның күйі. Орындаған Зәмзәм Есжанова. Нотаға түсірген Тымат Мерғалиев. Т. Мерғалиев "Домбыра сазы" (Алматы, 1972) кітабында жарияланған.

79. **"Айнам қалды"**. Ақбикештің күйі. Орындаған Зәмзәм Есжанова. Нотаға түсірген Тымат Мерғалиев. Т. Мерғалиев "Домбыра сазы" (Алматы, 1972) кітабында жарияланған.

80. **"Абыл"**. Абыл Тарақұлының күйі. Орындаған Лұқпан Мұхитов. Нотаға түсірген Абдулхамит Райымбергенов. А. Райымбергенов, С. Аманова "Күй қайнары" (Алматы, 1990) жинағында жарияланған.

81. **"Асқарма"**. Есір Айшуақұлының күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

82. **"Шилеме, шегелеме"**. Наушаның күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

83. **"Қызыл қайың мамығ"**. Тоғызбайдың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

84. **"Терісқақпай"**. Есбайдың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

85. **"Бұлбұл"**. Наушаның күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

86. **"Өттің дүние"**. Есбайдың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

87. **"Әлэйім жалған"**. Тоғызбайдың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

88. **"Күй басм"**. Қартбайдың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

89. **"Қыз қамаған"**. Құлшардың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

90. **"Кербез керік"**. Құлшардың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

91. **"Ат жортақ"**. Құлшардың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

92. **"Түт шіркін"**. Құлшардың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

93. **"Көбіс қалған"**. Құлшардың күйі. Орындаған Сержан Шәкірат. Нотаға түсірген Айтберген Жаңбыршы.

94. **"Бұлбұл Асжелен"**. Өскенбай Қалманбетұлының күйі. Орындаған Мұрат Өскенбаев. А. Токтаған "Атыраудың 62 Асжелені" жинағында жарық көрген.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Затаевич, А. В. 1000 песен и кюев казахского народа. Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
- Затаевич, А. В. 500 казахских песен и кюев. Алма-Ата, 1931.-331б.: 2-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
- Жұбанов К. Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы. // Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. - А.:Өнер,
- Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Очерктер. - А.: Жазушы, 1975.
- Жұбанов А. Қазақтың халық композиторлары – А.: Әдебиет, 1962.
- Жұбанов А.Қ. Өн-күй сапары. – А.: Ғылым, 1976
- Абай Құнанбаев .Айттым сәлем Қаламқас. Алматы .Өнер. 1986.
- Аравин П. Жанры казахской инструментальной музыки. Вып.1.- А.: Жазушы, 1970.
- Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. – А.:Жалын, 1978.
- Бекенов Уали. Шертпе күй шеберлері. - А.: Жалын, 1977.
- Бекенов У. Күй табиғаты – А.:Өнер, 1981.
- Бекхожина Талига. Даламың назды саздары. – А.:Өнер, 1996.
- С. Балмағамбетов .Саз зергері Қазанғап. Алматы. 2001.
- Есенұлы Айтжан. Күй – Тәңірдің күбірі. – А.:Дайк-Пресс, 1996.
- А. Есенұлы, Г. Елеусізқызы. Күй кастерлі әуез.Алматы. Өлке баспасы.1998.
- А. Есенұлы, Г. Елеусізқызы .Күй керуені .Алматы. Өлке.1997.
- А. Токтаған, М. Әбугазы .Құрманғазы күйлері. Алматы. Білім. 2005.
- А. Токтаған, М. Әбугазы .Тәттімбет және Арқа күйлері. Алматы. Білім. 2006.
- А. Токтаған, М. Әбугазы .Сүгір. Қаратау шертпесі. Алматы.Білім. 2006.
- М. Әбугазы "Шығыстың шыңырау күйлері" Өскемен. Шығысполитграф. 2009.
- М. Әбугазы, А. Мәулетұлы "Әшім және Іле аймағының күйлері. Алматы. 2008.
- Аманов Б. Композиционные терминология домбровых кюев //инструментальная музыка казахского народа. - А.:Өнер, 1985.
- Аманов Б. Ж., Мухамбетова А. И. Казахская традиционная музыка и XX век – А.:Дайк-Пресс, 2002.
- Сейдімбек Акселее. Қазақтың күй өнері. Монография.- – Астана: Күлтегін, 2002.
- Қабікей Ахмерұлы. Баян-Өлгііі қазақтарының домбыра және сыбызғыға арналған күйлер. – Баянөлгііі, 1977
- Қазанғап. Ақжелкен (күйлерді жинап, нотаға түсірген А.Райымбергенов) - А.:Өнер, 1984.
- Райымбергенов А. Аманова С. Күй қайнары. - А.: Өнер, 1990
- Т. Мерғалиев "Домбыра сазы". Алматы.1972.
- Т. Мерғалиев, С. Бүркітов, О. Дүйсен. "Қазақ күйлерінің тарихы". Алматы.2000.
- Мунтеков Б, Медеубекұлы С. Жетісудың күйлері. – А.: Өнер, 1998.
- Тұңғышұлы Ербол. Атадан мұра. – А.: Санат, 1999.
- Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005
- Жаулыбай Иманалин, Мұхит Айтқалиев . Қаратау шертпелері – А.: Өнер, 1975.
- Жанбыршы. А. Нарату. Алматы. Нұлы әлем. 2005.

- Б. Жүсіпов "Жиделібайсын күйлері". Алматы. 2001.
- Бекенов Дархан. Іле қазақтарының күйлері. – А.: Өнер, 1998.
- Әсемқұлов Т. Домбыраға тіл бітсе. /Жұлдыз, №5, 1989
- Жанмов А., Бүркітбаев С., Ысаяқов Б. Домбыра үйрену мектебі. - А., 1992.
- «Қазақ Совет энциклопедиясы» (12 томдық), Алматы, 1972 – 1978;
- Манғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;
- «Атырау» энциклопедиясы, Алматы, 2000;
- «Қазақ өнері» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
- «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
- «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы (10 томдық), Алматы, 1998 – 2007.
- «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы (10 томдық), Алматы, 1998 – 2007.
- Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002
- Дәркембай Шөкпарұлы. Қазақтың қол өнері. Алматы, Өнер, 2005.
- К. Тасбергенов . Жақсыдан шапағат. Алматы. Агроуниверситет.2005.
- Ө. Махмут. Ұлы дала сазы. Алматы. 2006.
- Нұрымбетов Е.Ш. Сыр сүлейі Әлшекей. Алматы. Исламнұр.2005.
- С. Тұрысбеков. Жазғы қар. Астана. Фоллиант.2010.
- Б. Нұржанов. Әлшекей. Қызылорда. 2004.
- Б. Нұржанов. Құрақтың Досжаны. Алматы. Полиграф Сервис и К. 2008.
- Б. Нұржанов. Сыр бойы күйлері. Қызылорда. Жиенай.2016.

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ	3
Бірінші тарау. ДОМБЫРАШЫЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ПАЙДА БӨЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ	3
Домбыра аспабының шығу тегі.....	3
Домбыра аспабының құрылысы, түрлері және орындаушылық әдіс-тәсілдері.....	8
Екінші тарау. АҢЫЗ КҮЙЛЕР	20
1. Тауқұдірет	21
2. Шығырау	23
3. Ақсақ марал	26
Үшінші тарау. ХАЛЫҚ КҮЙЛЕРІ	29
4. Нар идірген	29
5. Салқурен	36
6. Қарт Науайы	39
Төртінші тарау. КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ	43
<i>Күй атасы- Кетбұға</i>	<i>43</i>
7. Ақсақ құлан	47
<i>Ноғайлы дәуіріндегі күйлер</i>	<i>54</i>
8. Ноғайлының зары	55
<i>Асанқайғы</i>	<i>57</i>
9. Ел айрылған	57
<i>Қазтуған</i>	<i>59</i>
10. Сағыныш	60
<i>Қазақ хандығы кезеңіндегі күйлер</i>	<i>62</i>
11. Ел айрылған	63
<i>Байжәсіт</i>	<i>65</i>
12. Қайың сауған	67
<i>Абылайхан</i>	<i>69</i>
13. Қаражорға	71
2-БӨЛІМ	72
ДӘСТҮРЛІ ДОМБЫРАШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕР	72
Бірінші тарау. ШЫҒЫС КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ	73

<i>Байжігіт</i>	74
14. Көкбалақ	76
<i>Қызылмайын Қуандық</i>	79
15. Қоскөмей-Терісқакпай	79
<i>Бейсембі Дөненбайұлы</i>	82
16. Кеңес	83
<i>Қайрақбай Шәлекенұлы</i>	85
17. Молқоңыр	85
<i>Абай Құнанбайұлы</i>	89
18. Май түні	89
<i>Бәзғалам Айқынбайұлы</i>	91
19. Жолаушы	92
<i>Мүкей</i>	97
20. Қосбасқан	98
<i>Заманбек Әнжанұлы</i>	101
21. Зар	101
<i>Әсім Дүңшіұлы</i>	104
22. Кеңес	105
<i>Мәткерім Есенқұлов</i>	109
23. Әсем толғау	110
<i>Бейісбай Шабанбайұлы</i>	113
24. Шыңырау	113
<i>Жүнісбай Стамбаев</i>	117
<i>Бағаналы Саятөлеков</i>	118
<i>Шайхы Құсайынов</i>	118
<i>Шәкір Әбенев</i>	119
<i>Әтіхан Исаұлы</i>	120
25. Бесқарағай	121
<i>Раздық Ахметжанұлы</i>	123
26. Аңшының зары	124
<i>Мәсігут Тәтенов</i>	127
27. Қосбасар	128
<i>Қамал Мақайұлы</i>	130
<i>Уәли Бекенов</i>	131
28. Күй аңсаған	132
<i>Қазен Әбугәліұлы</i>	136
29. Жалғыз ақу	137

<i>Ғабдылхақ Барлықов</i>	139
<i>Қызат Сейітқалин</i>	140
<i>Сапаржан Торсықбаев</i>	140
<i>Жарқын Шәкәрім</i>	141
<i>Біләл Ысқақов</i>	142
<i>Таласбек Әсемқұлов</i>	143
Екінші тарау. АРҚА КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ	144
<i>Тәттімбет Қазанғанұлы</i>	145
30. Қосбасар	148
<i>Әшімтай Қарымсақұлы</i>	151
31. Қоңырақаз	151
<i>Тоқа Шоңманұлы</i>	154
32. Төрт толғау (Естірту)	156
33. Төрт толғау (Арнау)	159
34. Төрт толғау (Зарлау)	161
35. Төрт толғау (Жоктау)	163
<i>Қыздарбек Төрөбайұлы</i>	165
36. Сылқым қыз	166
<i>Дайрабай Ерназарұлы</i>	167
37. Дайрабай	168
<i>Сейфолла</i>	171
38. Қосбасар	172
<i>Сембек Айдосұлы</i>	173
39. Наз Қосбасар	174
<i>Әбди Рысбекұлы</i>	175
40. Қосбасар	176
<i>Ахметжан Сармантайұлы</i>	178
41. Елу сегіз	179
<i>Әбікен Хасенов</i>	182
42. Қоңыр	183
<i>Аққыз Ахметова</i>	187
43. Қосбасар	187
<i>Бегімсал Орынбекұлы</i>	190
<i>Әнике Әбенова</i>	190
44. Мұңды қыз	191
<i>Мағауия Хамзин</i>	193
45. Жайлау	194

<i>Ералы Тоқанұлы</i>	196
<i>Орал Исатаев</i>	196
<i>Дәулетбек Сәдуақасұлы</i>	196
<i>Фазыл Тұтқабеков</i>	197
<i>Мұхамәтжан Тілеухан</i>	198
Үшінші тарау. ЖЕТІСУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ	199
<i>Қожасеке Назарұлы</i>	200
46. Күй шақыртқы	202
<i>Байсерке Құлмиңұлы</i>	204
47. Көш тоқтатқан	205
<i>Тіленді Атабайұлы</i>	208
48. Арман	209
<i>Қатшыбай Таубаев</i>	212
49. Шернияз	213
<i>Темірбек Ахметов</i>	216
50. Жетім бала	216
<i>Нұргиса Тілендиев</i>	220
51. Әліясса	220
<i>Елемес Таласбай</i>	224
52. Кеңес	225
<i>Сөйімбаек Қолтықбайұлы</i>	228
<i>Сауқымбек Шаханұлы</i>	228
<i>Базаралы Мүптекеев</i>	229
Төртінші тарау. ҚАРАТАУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ	230
<i>Бағыш Қожамажарұлы</i>	231
<i>Сүгір Әлиұлы</i>	231
53. Қосбасар	234
<i>Мәді Шәутиев</i>	238
54. Зар Қосбасар	238
<i>Жаппас Қаламбаев</i>	242
55. Жұман	243
<i>Төлеген Мамбеков</i>	246
56. Салтанат	247
<i>Файзалла Үрмізов</i>	250
57. Қосбасар	250
<i>Боранкүл Қошмағамбетов</i>	253
58. Кең жайлау	253

<i>Сейітхан Әлімбаев</i>	255
<i>Атабек Асылбеков</i>	256
<i>Дабыл Ажсақая</i>	256
<i>Әлімхан Жүзбай</i>	256
<i>Генерал Асқаров</i>	257
<i>Жанғали Жүзбай</i>	258

Бесінші тарау. I. СЫР БОЙЫ КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ 259

<i>Мырза Тоқтабалатулы</i>	260
59. Тапшауыз	261

<i>Әшекей Бектібайтулы</i>	265
60. Терісқалапай	266

<i>Досжан Құрақұлы</i>	268
61. Қаражорға	269

<i>Ақбала Жанғабылдулы</i>	272
62. Ысылас	273

<i>Жалдыбай Елеукеулы</i>	276
63. Қаражорға	277

<i>Нәби Жәлімбетов</i>	283
<i>Қобылаш Жаймұратов</i>	283

<i>Исламбек Ысқақов</i>	284
64. Күрішшілер бні	284

<i>Әбдіқадыр Әбдісәлімов</i>	287
<i>Шағдар Ақылбеков</i>	287

<i>Тынысбек Дүйсебеков</i>	288
<i>Қошқарбек Тасбергенов</i>	288

<i>Ерболат Мұстафаев</i>	289
--------------------------------	-----

II. АҚТӨБЕ, АРАЛ КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ 290

<i>Қазанғап Тілепбергеноулы</i>	290
65. Он сегіз жасар Балқан қыз	292

<i>Қадыралы Ержанов</i>	295
<i>Жәлекеш Айнақов</i>	295

<i>Бақыт Басызғарая</i>	296
<i>Айса Шәріпов</i>	297

<i>Сәдуақас Балмағамбетов</i>	297
<i>Нұрболат Жанаманов</i>	298

<i>Абдулхамит Райымбергенов</i>	299
---------------------------------------	-----

III. БЕСҚАЛА КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ 300

<i>Жұмалы Ембергеноулы</i>	301
<i>Тоғайбай Бейсенбіулы</i>	301

<i>Молдағали Балымбетов</i>	302
<i>Биман Кенжебайулы</i>	302

Алтыншы тарау. БАТЫС КҮЙШЛІК ДӘСТҮРІ	303
<i>Баламайсаң</i>	304
66. Дүниегапыл	304
<i>Жантөре Айшуақұлы</i>	308
67. Шалқыма	309
<i>Богда Қараұлы</i>	313
68. Қара жаяу	313
<i>Махамбет Өтемісұлы</i>	315
69. Жұмыр, Қылыш	316
<i>Құрманғазы Сағырбайұлы</i>	322
70. Сарыарқа	323
<i>Дәулеткерей Шығайұлы</i>	327
71. Байжұма	329
<i>Түркеш Қалқаұлы</i>	331
72. Көңілаңар	331
<i>Мәмен Ереалиұлы</i>	335
73. Қаражан ханым	336
<i>Ергали Есжанов</i>	339
74. Бозашы	340
<i>Дина Нұрпейісова</i>	343
75. Бұлбұл	344
<i>Сейтек Оразалыұлы</i>	348
76. Торы ат	350
<i>Есжан</i>	354
77. Соқыр Есжан	354
78. Қош аман бол Ақбикеш	359
<i>Ақбикеш</i>	362
79. Айнам қалды	362
<i>Жаңбырбай Бекмағанбетұлы</i>	364
<i>Меңдіғали Сүлейменов</i>	366
<i>Науша Бөкейханов</i>	366
<i>Оразғали Сүйімбеков</i>	367
<i>Махамбет Бөкейханов</i>	367
<i>Қамбар Медетов</i>	368
<i>Оқан Қабигәжип</i>	368
<i>Қали Жантілеуов</i>	369
<i>Мұхит Битенов</i>	369
<i>Зәмзәм Есжанова</i>	370
<i>Фазыл Сұлтанов</i>	370

<i>Гылман Қайрошев</i>	371
<i>Есел Қазиев</i>	371
<i>Мұхит Айтқалиев</i>	372
<i>Әлидәлла Есқалиев</i>	373
<i>Рысбай Габдиев</i>	373
<i>Бақыт Қарабалина</i>	374
<i>Қарымға Ахмедияров</i>	374
<i>Айтжан Тоқтаған</i>	375
<i>Ермек Қазиев</i>	376
<i>Шәміл Әбілтай</i>	377
<i>Тұяқ Шәмелов</i>	377
<i>Айгүл Үлкенбаева</i>	378
Жетінші тарау. МАҢҒЫСТАУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ	379
<i>Абыл Тарақұлы</i>	380
80. Абыл	381
<i>Есір Айшуақұлы</i>	385
81. Ақжарма	386
<i>Есбай Балұстаұлы</i>	392
Үш ананың айтысы	392
82. Шилеме, шегелеме	394
83. Қызыл қайың мамыт	396
84. Терісқақпай	399
85. Бұлбұл	402
86. Өттің дүние	405
87. Әлэйім жалған	409
<i>Қартбай Қалқаманұлы</i>	412
88. Күй басы	412
<i>Құлшар Бақтығалиұлы</i>	415
89. Қыз қамаған	416
90. Кербез керік	419
91. Ат жортық	422
92. Түт шіркін	425
93. Кебіс қалған	428
<i>Өскенбай Қалмамбетұлы</i>	430
94. Бұлбұл Ақжелең	430
<i>Шамгүл Ыбырайымұлы</i>	435
<i>Лұқпан Мұхитов</i>	435
<i>Мұрат Өскенбаев</i>	436
<i>Қарагүл Қонаришев</i>	436
<i>Әлқуат Қожабергенов</i>	437
<i>Алым Жаңбырыш</i>	438
<i>Мырзагүл Панаев</i>	438
<i>Сержан Шәкірат</i>	439

3-БӨЛІМ	441
Бірінші тарау. ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ ЖАЙЫНДА	441
Домбыра аспабының жасалу жолдары	441
Екінші тарау. ДОМБЫРА ЖАСАУШЫ ӘЙГЛІ ШЕБЕРЛЕР	446
Қамар Қасымов	446
Эмануил Романенко	446
Гинолла Смағұлов	447
Мұса Әділов	447
Нұрбек Әділбеков	447
Жолаушы Тұдығұлов	448
Айтмұханбет Тежекенов	448
Жақсылық Оспанов	449
Сұлтан Мұсаев	449
Нарбек Оханов	449
Үшінші тарау. ДОМБЫРАШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДІ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАР	450
Александр Затаевич	450
Ахмет Жұбанов	451
Борис Ерзакович	452
Петр Аравин	452
Талғат Бекхожина	453
Бисенғали Ғизатов	453
Болат Сарыбаев	454
Уали Бекенов	454
Тымат Мерғалиев	455
Мұхтар Мағауин	455
Серік Харесов	456
Ақселеу Сейдімбек	457
Жаулыбай Иманәлиев	458
Балтабай Нұржанов	459
Айтжан Тоқтаған	460
Айтберген Жанбыршы	461
Зәбира Жәкішева	462
Күйлерге қысқаша түсініктемелер	464
Пайдаланылған әдебиеттер	470

Мұрат ӘБУҒАЗЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРА ӨНЕРІ

Редакторы Өлсейіт ОСПАН
Қате түзеуші Қанжол БЕКЕНҚЫЗЫ
Беттеуші дизайнер Ерлан БЕРДІБАЕВ
Тех. редактор Нұркен СҮЙЕНБЕК



ИБ №819

Басуға 02.12.2016 ж. қол қойылды.
Шірімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 30,0 шартты баспа табақ.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 819/2066.

Байланыс үшін:
murat.aburgazy@mail.ru

8 777 393 15 17

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы



Мұрат ӘБУҒАЗЫ

Әуелгі Мұрат Қазіретті күйші-домбырашы, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, «Тастар» музыкалық өнер кафедрасының доценті. 1974 жылы 3-көктемдегі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келеді. 1990-1994 жылдары И.И.Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінде, 1994-1999 жылдары Құрманғали атындағы қазақ ұлттық консерваториясында оқыды. 1999 жылдан Құрманғали атындағы қазақ ұлттық консерваториясының «Ұлттық ән» кафедрасында домбыра классы оқытушысы, сонымен қатар кафедра жетекшісі мәртебесі атқарушы қызметінде істейді. Бірнеше оқу-методикалық кітаптары бар. «Құрманғали» (2005ж., профессор А. Тоқталаймен бірге), «Тәттініндет және Арқа күйлері» (2005ж., профессор А. Тоқталаймен бірге), «Сүй, Қарамағ мөршісі!» (2006ж., профессор А. Тоқталаймен бірге), «Жетісу аңыздарының жер сарындары» (2008ж., А. Әбілділімен бірге), «Әннің және Іле айымағының күйлері» (2008ж., А. Мәулетқызымен бірге), «Сарыарқа әндері» (2009ж., К. Байбосынов, К. Тасбергенмен бірге), «Шығыстың таңырық күйлері» (2010ж.), «Нақтар» (2010ж., Р. Сәтжановпен бірге), «С. Балшынтаевтың Құй дыбысы» (2010ж.) ж.б. Сонымен қатар «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» (2009), «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» (2010) альбомдарымен құрастырыла қатысты және мақалаларының бірі ретінде еңбек. Ғылыми-педагогикалық конференцияларға қатысып, күй өнері мәнінде оқылым бағдарламалары көмегімен ғылыми мақалалар жинағында жария етіледі. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталды.